



Гүлзия ПІРӘЛІ

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ**



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



Гүлзия ПІРӘЛІ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Алматы
«Елтаным баспасы»
2014

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

П 95

Пікір жазғандар:

Д.ЫСҚАҚҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Қ.МӘДІБАЙ, филология ғылымдарының докторы, профессор

Пірәлі. Г.

П 95 Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея / Г.Пірәлі. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 240 бет.

ISBN 978-601-7348-74-8

Халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихы бір тұтастық мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіре алатын алтын қазық – ұлттық идея.

Ұлттық идея арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды, тарихымызды танып білеміз. Халық рухының сарқылмас бастауы да, әдеби, мәдени құндылықтарымыздың мәңгілік мәйегі де сонда жатыр. Бұл монографиялық еңбекте қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның жазылуы мен әдебиеттану ғылымындағы зерттелу жайы қарастырылады.

Кітап қалың оқырманға, жоғары оқу орындарының студент-магистранттарына, әдебиетші мамандарға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 73

ISBN 978-601-7348-74-8

© Пірәлі Г., 2014

МАЗМҰНЫ

I-ТАРАУ. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның зерттелуі	4
II-ТАРАУ. Қазіргі әдебиеттанудағы тәуелсіздік идеясы	89
III-ТАРАУ. Бүгінгі тақырып – ұлт тәуелсіздігі.....	129
«Боранды бекет» романындағы қайталаулардың көркемдік қызметі	129
Есмағанбет Ысмайылов және жамбылтану	141
Драма әлеміндегі диалогтар философиясы	155
Академик С.Қасқабасовтың ғылыми-педагогтық мектебі.....	165
С.Мақыров және әдебиет теориясын оқыту әдістемесі	172
Т.Есембеков және мәтінтану мәселелері.....	178
Жетім қыран	185
С.Бердіқұлов – сирек ұстаздың бірі	192
Қожадай арманшылдар қайда?	198
Бақытжан Момышұлы романындағы диалог поэтикасы	201
Мәдениеттанушы – Мұрат Әуезов	205
Алтынбек Сәрсенбаев – нағыз ұлтжанды азамат еді.....	213
Картограф	217
Өзі кішкентай болғанымен үлкен жүректі жан еді.....	223
Соңғы репрессия	228

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ – ежелден бостандыққа, азаттыққа құштар халық. Ұлттық тәуелсіздік үшін күрескен қазақтың ұлан-байтақ даласына жан-жағынан анталап, көз тіккен жауы көп болған. Күні кешегі алып империяның шеңгелінен шығып, өз бетімен өркениет өлкесіне өршілдікпен, өрлікпен араласып, батыл қадамдар жасаған жана тұрпатты қазақ елінің Азаттығы – мемлекет ретінде әлемге мойындалғаны. Тәуелсіздік – ұлттың ұзақ жылдар сарыла күткен арманының ақиқатқа айналуы. Ал, азаттық пен тәуелсіздік – халқымыздың қасиетті қос тұмары. «Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды», – деген Төле би бабамыздың даналығы ұлт мүддесін мұрат тұтады. Ұлт – басқаларға тәуелді болмаған, өз мемлекетіне ие және өзінің бірыңғай мүддесі бар халықтар жиынтығы десек, халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халықтың бұқарасын біріктіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттердің маңызды бір бөлігі зиялыларға жүктелетіні аян. Қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, рухани, мәдени өзегінің тамыры тереңде екендігі бірнеше ғасырлар бойы жарты әлемді билеген көне түркі өркениетінен өріс алатыны егемендікке ие болғалы батыл айтылып та жазылып та жүр. Әсіресе ұлттың қаны бүлкілдеп жатқан сөз өнері, әдебиеттің тарихы сонау көне дәуірден өзек алатынын қазақтың ұлтжанды ғалымдары табанды түрде зерттеп, өздерінің ғылыми ұстанымдарын ұлттың рухани құндылықтарымен сабақтастыра зерттеп келеді. Бүкіл әлемдік өркениет (жазу, сызу т.б.) түркілерден басталғанын, біздің эрамызға дейінгі II ғасырдың өзінде-ақ Бағдатта Академия болғандығын бүкіл еуропалық ғалымдар мен саяхатшылар мойындап жазғандығы тарихи құжаттар мен ғылыми деректермен дәлелденген. Ал, сол көне заманнан бергі түркі жұртының бүкіл мәдениетін, тілін, рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын сақтап, қастерлеген қазақ әдебиеті мен тілі сөз жоқ, ұлттық идеяның басты көзі болып табылады.

Еліміз егемендікке ие болған 1991 жылдан бері кеңестік кезеңде тұтқын салынған көне түркі әдебиеті мен ежелгі дәуір мұраларын зерттеп, жариялау ісі қолға алынды. Соның нәтижесінде бұрындары беймәлім болып келген қаншама құнды әдеби-мәдени жәдігерлер қазақ әдебиеті тарихына қосылып, ұлттық руханиятымыздың қоры молайып, кеңістігі кеңейді. Ұлттық сөз өнеріміздің тарихы ғылыми тұрғыда нақтыланып, ондағы ұлттық идея концептісі тұңғыш рет арнайы тақырып деңгейінде іргелі зерттеулерге ұласты. Қазақ әдебиеті тарихын көне дәуірден бастап, ежелгі түркі жазба ескерткіштерін ғылыми айналымға ендіру мәселесін алғашқылардың бірі болып қолға алып, оны ғылыми мектепке айналдырған көрнекті ғалым Бейсембай Кенжебаев болды. Зерттеушінің «Қазақ совет әдебиеті тарихының қысқаша нұсқасы» (1949), «Қазақ баспасөзі тарихынан деректер» (1956), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (октябрь алдындағы кезең)» (1970), «Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері» (1973), «Әдебиет белестері» (1986) атты еңбектері қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу жағдайын айқындап берді.

Ұлы ұстаз ұлттық әдебиетіміздің тарихын көне дәуірден бастап, ғылыми айналымға енгізуді шәкірттері Немат Келімбетовке, Мырзатай Жолдасбековке, Алма Қыраубаеваға, Мұхтар Мағауинге нақты тақырыптар беру арқылы негізін қалаған-ды.

Әдебиет тарихын зерттеудегі ұлттық сана бастаулары. Ұлттық идея жайы көне дәуір әдебиетінде арнайы қарастырылмаса да ежелден-ақ егемендікке ие, төрткүл дүниені билеген түркі қағанатының жерін қызғыштай қорып, күндіз күлмеген, түнде ұйықтамаған, кең байтақ жерін аттан түспей, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, азаттықты аңсаған армандарын алғашқы жазбаларында-ақ жүрекжарды жырларымен жазып, ұрпақтарына аманат етіп кеткені белгілі. Мұны оқырман қауым көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор *Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның* «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегінен жақсы біледі.

Зерттеуші өз еңбектерінде түркі тектес халықтардың бұдан 2500 жыл бұрын 26 әріптен тұратын өз әліпбиі мен түркілердің V-VIII ғасырларда «Түрік қағанаты» деген мемлекеті болғанын, сол кезеңде өмір сүрген Білге қаған мен Тоныкөк бабамыздың: – «Еліміз, қайтсе тәуелсіз болады деп, күндіз отырмағанын, түнде ұйықтамағанын», – мақтанышпен айтып, дәріптеп отырған.

«XIII-XIV ғасырларда қазіргі Қазақстан, Орта Азия жерлерінде, Еділ бойында түркі тілінде сөйлейтін көптеген ежелгі тайпалар аралас өмір сүрді. Бұл кездерде түркі тайпалары әлі де жеке-жеке халық болып қалыптаспағандықтан, сол кезде олар жазып қалдырған әдеби ескерткіштер қазіргі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып есептеледі», – дейді ғалым «Ғасырлар мұрасының» «Алғы сөзінде» /3 бет/.

«Көне дүние қандай жағдайда болмасын, келешек ұрпақтар үшін аса қызықты дәуір болып қала береді, өйткені, ол барлық кейінгі жетістіктердің негізін жасаған», – деген Ф.Энгельстің сөзіне сүйенсек, шынында да қай ұлттың болмасын тарихы кешеден емес, көнеден басталатыны ақиқат. Алайда, біз кеңестік кезеңде соны батыл айта алмадық. Тек ежелгі дәуір әдебиетін зерттеп, тарихтың беттерін ашқан санаулы ғалымдарымыз ғана қазақтың тарихы кешегі кеңестік дәуірден емес көне дәуірден басталатынын нақты әдеби жәдігерлер арқылы дәлелдеді. Олар Бейсембай Кенжебаевтың ғылыми жобасын жалғастырушы шәкірттері, ұлтжанды ғалымдар Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева, Немат Келімбетов болды.

«Ғасырлар мұрасының» бірінші тарауы – «Уақыт бедері» деп аталады. Мұнда Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, төменгі Еділ жағалауында ежелден өмір сүріп келген түркі халықтарының қоғамдық тіршілігінде, тарихында XIII-XIV ғасырда үлкен әлеуметтік өзгеріс болғаны, оларды Шыңғысхан басқарған татар-монғол шапқыншылары билегені жөнінде «Құпия шежіреде» айтылатынын нақты деректер арқылы жазады.

Дешті Қыпшақтың қалаларында сауда, өнеркәсіп, олардың өнімдерін өңдеуге арналған құралдар мен металл өнімдерін жасайтын шеберханалар болғанын, тігіншілік бұйымдар, жібек мата, алтын-күміс, ыдыс-аяқтар сатылғанын, тері өңдеп, қару-жарак дайындалғанын да аса бір мақтаньш сезіммен тізбелеп айтады:

«...Бұрын бұл – бейбіт, еркін ел еді,
Білімділер мекен еткен жер еді.
Мұнан «Нығаяны» жазған ақын шыққан,
Мұнан «Қидаяны» жеңілдеткен ғалым шыққан,
Егер бізге қайта туған нәсіп болса,
Біз осы Сығанақта ғана туар едік...»

Сол кезеңнің тарихи оқиғаларын нанымды бейнелеген көне жазбалардағы әдеби мәтіндер тарихымызды тереңдете түседі. Алтын Орданың батыс өлкесі мен Қытай, Монғолия арасында созылып жатқан сауда керуендерінің жолында салынған Сайрам, Сүткент, Үлкент, Жент, Баршынкент қалалары болғанын, Отырарда керамика, колөнер бұйымдары жасалғанын, қазба кезінде табылған 16 түрлі қолдан жасалған ыдыстардың ою-өрнегі таза, сапасы жоғары болып шыққанын баяндай келе автор: «... Жаңа құрылыс, мешіт-медреселер салынған. Археологиялық зерттеу кезінде әдемі үйлердің қалдығы табылған», – дейді. Ғалым әрбір тарихи деректі дәріптеп, ұлттың ұлылығын ұлықтайды, ұрпақ санасына отансүйгіштік, ұлттық идеяның дәнін себеді.

Алма Қараубаеваның осынау ғылыми ұстанымдарын академик, ұлттық археология ғылымының негізін салушы ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде: «...Тарихтың көрсетуі бойынша, оғыздардың ең көркем қаласының біреуі – Баршынкент. Бұл қалада данқты Алпамыс батырдың жұбайы Баршын сұлу (Гүлбаршын), XIII ғасырдың орта кезінде жасаған атақты ғалым, әрі ақын Хисам-ед-дин Баршынлығы тұрған. Бұл – Қорқыт пен Әбунасыр әл-Фарабидің соңын ала Сыр бойынан шыққан атақты даналардың бірі. Ол өзінің тамаша шығармаларын үш тілде (түрік, араб, парсы) жазып, кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырды», – деп нақтылай түседі. Оғыз тайпаларынан қалған қалалардың әлеуметтік, тарихи, мәдени маңызын Баласағұн, Алмалық, Қашғар, Самарканд, Ташкент қалаларымен салыстырады (А., 1985, 190 б.). Кеңестік кезеңде кеңінен таралмаған бұл құнды еңбектермен сол ежелгі дәуір әдебиетін, көне тарихи, мәдени мұраларды зерттеп жүрген азғана шоғыр ғалымдар таныс болғаны белгілі. Қазақ елі егемендікке ие болғалы «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылған археологиялық қазбалар нәтижесінде қаншама көне қалалар мен тарихи жәдігерлер табылуда.

Олай болса тағы да тарихқа жүгінейік. Пейілі мен жері кең, дархан даладағы байлық кезінде тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті. Сол ұлтарактай жер үшін қаншама қаһарман ұлқыздарымыздың қаны төгілді. Қазақтың қазба байлықтары, қолөнерлері, асыл бұйымдары Ұлы Жібек жолындағы елдердің көпестерінде кеткені де аян. Өйткені, Алтын Орда мемлекетінің эко-

номикалық мәдени дәрежесі, ең алдымен саудаға байланысты болды. Осы орайда орта ғасыр мұраларын зерттеуші ғалым, атакты түркітанушы В.В.Бартольд: «Монғолия империясының құрылуына Монғолия мен Қытай арасындағы сауда қатынасын қол астында ұстаған мұсылман саудагерлерінің қызметі әсер етті», – деген болатын (Бартольд В.В Сочинения. Том III. М., 1965, стр. 230).

Шындығында, сауда сол кезеңдегі барлық қарым-қатынастың, мәдени өрлеудің, экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық өсудің, өркендеудің дәнекері болды. Мәселен, Орта Азия тарихы үшін таптырмайтын естелік жазбалар қалдырған 1246 жылы Қарақорымдағы Күйік ханға барған папа Иннокентий IV-нің елшісі Плато Карпини, 1255 жылы Монғолияда болған Людовиктің елшісі Рубрук, сондай-ақ Ибн Батута, Цегалотти және өзге саяхатшылардың Алтын Ордаға келгендегі жазбалары талай ғалымдарды тамсандырған. Солардың естеліктері арқылы қазақ даласында қаншама тарихи қалалар болғандығын, өркениет өріс алғандығын көзі қарақты елдер мойындай бастады.

Орта Азияны мекендеген халықтар ертеден-ақ көршілес елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасап тұрған. Бұл байланыс Алтын Орда дәуірінде одан да әрмен дамып, Византия, Иран, Русь, Египет, Персия, т.б. елдермен сауда, мәдени-әдеби алмасуларды нығайтқан. Бұл кезең әлемдік мәдениетте Қайта өрлеу (Ренессанс) бағыты үстемдік алып, елдер арасындағы байланыстар нығайған сәт болды. Оған XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиетінің өсуі, оның ірі өкілдері әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуф Хас Хаджип, Ахмед Яссауи сынды дәуір ғұламаларының еңбектері куә.

X ғасырдағы Шығыс Ренессансы Орта Азиядағы Қайта өрлеуге бетбұрыс жасап, әл-Фарабидей дананы дайындады. Әл-Фараби көне грек философтары мен математиктерінің еңбектерін аударып отырып, қазақ даласына даналықтың дәнін шашты, ғылым әкелді, өнерді өрістетуге өріс ашты, барлық ғылым саласына жарқын жол салды. Атап айтар болсақ, араб, парсы, грек тілдерін еркін меңгерген ол Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», «Аналитика», Евклидтің 1 және 5-ші кітаптарына, Порфирийдің «Философияға кіріспе» атты еңбегіне, Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме жазып, грек ойшылдарының философиялық пікірлерін дамытып, Орта Азияға таратты. Алма

Қыраубаева осы ұлы тұлғаларының әрбір ғылыми жетістіктерінің астарында еліміз еркін болу үшін әрбір ұрпағымыз білімді болуы керек» деген ұлы мұрат жатқанын айқын байқайды. Ұлттық рухты ұрпаққа есейгенде емес, бесігінде беру керек екендігін Ана ретінде, ғалым ретінде де жақсы сезінген оның кезінде балабақшадағы бүлдіршіндерге арнап тәрбиелік-танымдық кітап жазуы, арнайы гуманитарлық білім беретін мектеп ашуы (Қаскелеңнен), сөйтіп өзінің жобасын ұсынып, тәрбиенің, білімнің ұлттық құндылықтарын насихаттап, санаулы өмірін осы бағытқа арнағаны мәлім. Қыраубаеваның әрбір еңбегінің кез-келген жолынан ұлттық идеологияның иісі аңқып тұратын еді.

Әл-Фарабидің философия, музыка, астрономия, математика, лингвистика, поэзия жайлы еңбектерінің Ренессанстың дәуірлеген кезінде рухани құбылыс болғанын, батысқа бет алғанын кәсіби маман ретінде айқындап береді. Осы ойды айтудың өзі ол кезде қаншама батылдықты керек еткені аян.

Тағы бір жерде: «Ол да (Фарабидің ізбасар шәкірті – Әбу Әли ибн Синаны айтып отыр – Г.П.) Евклид, Птоломей шығармалары арқылы геометрияны, астрономияны оқып, грек дәрігерлері Гиппократ, Галендер арқылы медицина сырына үңіледі. Фараби түсініктемелері бойынша Аристотельді талдайды.

Ибн Сина еңбектері Шығыс пен Батысқа түгел жайылып, ғылым тарихына үлкен үлес қосқан» /13 б./, – деп түркіден шыққан тұңғыш ғұламалардың әр саладағы еңбектерін талдау арқылы ұлттық ғылымның бастауларына барып, дала өркениетінің еш елден кем емес, керісінше ілгері екендігін қайталап, еске салып отырады. Шығыс Ренессансының XV ғасырдағы көрнекті өкілдері, Әлішер Науаи, Әбурайхан Бируни шығармаларын талдай отырып, түркінің мәдени дүниесі туралы тың ойлар, жаңа пайымдаулар, ғылыми тұжырымдарды алға тартады. Мәселен, «Ренессанс мәдениетінің негізгі сипаты: адам ақыл-ойының діни догмадан қашып, еркіндікке ұмтылуы, гуманистік көзқарасқа келуі, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты түсінуге ұмтылыс, ғылым мен өнердің дамуы, қарапайым халық тілін құрметтеу, оларға түсінікті тілде шығармалар жазу еді. Италияда Данте, шығыста – Науаи халықтың қарапайым тілінде трактаттар жазып, өздері сол тілде әдеби мұралар қалдырған», – деген сөздерінде аса құнды ой, пара-

сатты пайымдау, ұлтжандылық сезім жатыр. Шынында да, сіздің жазғаныңыз өз ұлтыңызға қызмет етпесе, халқыңызға түсінікті болмаса, оның рухани дүниесіне айналмаса ондай еңбектен елге келіп-кетер не бар дейсіз?!

Италия Ренессансын зерттеген ғалым А.К.Дживгеловтің: «Қайта өрлеу мәдениетінің лабораториясы – қала... Қайта өрлеу идеясына қала мәдениеті ғана тұғыр бола алады. Сондықтан, қайта өрлеуді өзі өскен ортасынан, қаладан бөліп алуға, қайта өрлеуді тек қана идеялардың эволюциясымен тексеріп, ал оны тудырған қоғамдық себеп-салдарды қалдырып қоюға болмайды», – деген сөзіне сүйенсек, дала өркениетін дамытуда қала мәдениетінің алар орны ерекше (Дживгелов А.К. Начало Итальянского Возрождения. К.М., 1925, стр. 7). Сол қала мәдениетінің XIV ғасырда Алтын Орда мемлекетінде болғандығын, оның әдебиет, сәулет, өнер салаларының жан-жақты дамуына, түркі халықтарының өзінше өркениетті тигеріп, өсіп-жетілуіне жағдай жасағанын айта келіп, ғалым: «Мәдениет пен әдебиет те сол, мемлекеттік тілде жасалды. Оны жасаушылар – ежелден сол жерді мекендеген түркі халықтары», – деп өз түйінін жасайды (16 бет).

Ал, «Аударма – нәзира әдебиет» деген екінші тарауында «Рабғузи киссаларына» тоқталып, XIII-XIV ғасырда туған шығармалардың бірқатары аудармаға жақындау болса, бір парасы нәзираға жақын деген ойды білдіреді. Және сол ғасырдағы түркі тектес халықтардың әдебиетіндегі негізгі бағыттың басты мақсаты – «...өткенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз тілінде қайта сөйлетуге ұмтылыс, кейде одан да асырып жазып, айрықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді» (А.Қыраубаева. 17 б.).

Зерттеуші сол кездің өзінде-ақ Шығыс мәдениетінің биік болғанын, оның ірі өкілдерінің еңбектері тек түркі тектес халықтардың ғана емес бүкіл Батыс, әлем өркениетіне өзіндік үлес қосып, ортақ рухани жетістіктерге жеткендігін үлкен құрмет, ұлттық құндылық ретінде қарап, дәріптей білген. Бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, бір ұлттың, түркітөктес халықтардың рухани мұрасы,

әмбебап құндылығы бола білген «Рабғузи қиссаларын» жанрлық, көркемдік, мағыналық тұрғыдан талдай отырып, бірнеше ұлттың ұрпақтарын талай ғасырлар бойы рухани байлыққа баулып, әсемдікке, адалдыққа, тазалыққа, білімге құштарлыққа тәрбиелей білген мұра ретінде марапаттайды. Бұл мұраның ескі көшірме қолжазбалары талай ғалымдардың назарын аударып, ғылыми дерек ретінде қызығушылығын тудырған туынды ретінде талай ізденістерге түрткі болғанын, оның Лондондағы Британия музейінің кітапханасында, Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталғанын, оны 1859 жылы белгілі түркітанушы Н.И.Ильминский тауып, Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан шығарып, ғылыми айналымға ендіргенінен ғылыми мәлімет береді. Өзі миссионерлік пиғылдағы ғалым болса да мұндай әлемге әйгілі әдеби құндылықтың тарихи мәнін ол жоғары бағалауға, мойындауға тура келді. Ғылыми дерек ретінде осыларды негізге алған зерттеуші Алма Мүтәліпқызы бұл ескерткіштің қазақ әдебиеттану ғылымында бірінші рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналып шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматиясына енгізілгенін, оның кейін Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) деген оқулықтарда жалғасын тауып, ескерткіштің жазылу тарихы, әртүрлі көшірмелері жайында бірқатар ақпараттар берілгенін мәлімдейді.

Рабғузидың «Қиссалар жинағындағы» әрбір діни әңгімелердің сюжетіне тоқталып, оларды баяндау арқылы көркемдігіне, жазылу стиліне талдау жасаған ғалым түп тамыры Қорқыт, Асан қайғы заманында жатқан шежіре – шешендік мектебі, жыраулық өнер, сонау V-VIII ғасырлардағы айшықты ажарлы сөздер, образды бейнелеулердің бастауы деп осы көне дәуір жәдігерлерін жатқызады. Нақты шығармадағы әдеби мәтіндер арқылы ғылыми ойларын талдап, дәлелдейді.

Ежелгі дәуірде де көзі ашық, сауатты кісілер көне кітаптарды, естіген әңгімелерін насихаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды міндеті санаған. Осы реттегі ойларын ғалым: «Халық көзі, халық даналығы әр уақытта асылды ғана таңдап ала біледі. Көңілге қонбайтын, бұл дүниенің шындығынан көңілді адастырып, дүниеуи шын рахат, шын қызықтан безіндіретін нәрселер толқын бетіндегі

әлсіз көпіршіктер тәрізді қалып қойса, жаркыраған асыл меруеттер тұңғық түбіне шөгіп, мың құбылған күйінде көз жауын тартып, халық кәдесіне жарамақ», – деп келтіреді /57 б./.

Шындығында да нағыз ұлттық идея, ұлттық мүдде мен мақсат – осы сөз өнері, рухани құндылықтар арқылы ұрпаққа жетпек. Азаттық идеясы қашанда құнды.

Екі-үш тілді білу – XII-XIV ғасыр ақындарының көпшілігіне ортақ қасиет болғанымен олар түркі тектес халықтарға ортақ – түркі тілдерінде сөйлеп, туынды жазуға дағдыланған. Оны белгілі ғалым Е.Э.Бертельстің мына пікірі дәлелдесе керек: «IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып, XI ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал көркем әдебиетте үшінші тіл – түркі тілдері қосылды. Бірақ бұлар – үш түрлі әдебиет те емес, үш түрлі тіл байлығын пайдаланған бір ғана әдебиет» («Новый мир», 1939, № 7). Олай болса әр ұлттың өз ана тілі – мемлекеттік тілі мәртебесін атқарып, сол ұлттың ұлы құндылықтары сақталар, марапатталар тілі болып қалары хақ.

Ғалым А.Қыраубаева осы орайдағы ойын: «...XV ғасырға дейін басқа да түркі тектес ру-тайпалардың ортақ ошағында болған ежелгі жазба әдебиетіміздің дәстүрі XV ғасырдан кейін қайда кетті, сақталды ма, болмаса алыстағы архаизмге айналып, кейінгі ұлттық төл әдебиетімізге өгей болып қалды ма? Бұл мәселелердің егжей-тегжейлі зерттелуі түркі әдебиетінің қазақтың төл әдебиетімен дәстүрлі тамырластығын дәлелдей түспек», – деп жеткізеді /76 б./.

Осы мақсатты мұрат тұтқан зерттеуші өз тақырыбына деген адалдықпен алға ұмтылып, ешкім оқи алмайтын бөгде тілдерді үйренуге, тылсым бейтаныс жәдігерлермен танысып, талдауда қыруар қызмет атқарады. Ғылымдағы төңкерісшіл идея кеңестік кезеңдегі сыңаржақ пікірлерге өжет тойтарыс берді. Б.Кенжебаев бастаған ғылыми топтың зерттеулері бұл салада шешуші шара болып, қазақ әдебиетінің тарихын көне дәуірден бастап оқыту қолға алынды. Зерттеушінің «Ғасырлар мұрасы» ғылыми айналымға еніп, жалған ғылыми тұжырымдарды бұзып, ұлттық ғылымға тың түрен салуға түрткі болды.

Көрнекті ғалым Алма Қыраубаеваның ежелгі әдебиет үлгілерін зерттеу еңбектерінде ұлттық идеяны нысанаға алғанын, соны

ұлықтағанын осы ізденістерінен толық түсінеміз. Өз ұлтының тарихын, ондағы ақыл-ойының небір інжу-маржандары түзілген әдеби туындыларын зерттеп, сан ұрпақтың санасына ұлттық мақтаныш сезімдерін сыйлап, ұлттық идеяны ұлықтай білген ұлтжанды ғалымның еңбегі қашанда құрметті. Ұлт мүддесіне қорған болатын да осы ұлтшылдық. Ал оның тұғыры – жер, тіл, білім. Алма Қыраубаева өз шәкірттеріне осы тұжырымдарды тағылым еткен ұстаз, ғалым.

Әдебиеттанушы ғалым *Немат Келімбетов* «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген еңбегінде (А.: Атамұра, 2005. – 336 б.) сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық дастандардан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ежелгі түркі әдеби жәдігерліктеріне жан-жақты талдау жасаған. Ежелгі түркі қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұндық, тілдік, модельдік, стильдік ұқсастықтар бар екендігін айта келіп, қазақтың көркем сөз өнерінде сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын арнайы жеке тақырып етіп алып, саралай зерттейді.

Н.Келімбетов қазақ әдебиетінің түп тамыры болып табылатын VIII ғасырдағы Түрік қағанаты тұсындағы «Күлтегін», «Тонькөк» жырларына сақтар мен ғұндар дәуіріндегі «Алып Ер Тоңға», «Шу батыр», «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекон» атты дастандарды, оның кейбірінің жекелеген фрагменттерін, үзінділерін, сюжеттік оқиғаларындағы жаңашылдық пен дәстүр мәселелерін ұзақ жылдар бойы зерттеп, ғылыми айналымға ендірді. Академик Д.С.Лихачев айтқандай: «...Ғалымның қиял көзімен өткенді елестету арқылы, яғни реконструкция тәсілімен көп жайттардың құпиясын ашуға болады. Ғылымда тек сирек кездесетін деректермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Өйткені, тарихи өмірдің өзі деректерден гөрі әлдеқайда бай, әрі сан қырлы болып келеді». Автор неше түрлі аңыздарға құрылған ежелгі сақтардың ерлік тарихтарын, салт-санасын, дүниетанымын, өмір көріністерін бейнелейтін көне дастандардың халықтық эпикалық мұраны жеткізуші әрі сол дәстүрге мираскер екеніне баса назар аударады. Бұл ғалымның зерттеушілік ізденісіне тән ерекшелік. Ежелгі ғұламалар жазбаларындағы ерлікке толы елдікті танытатын сан түрлі эмоционалдық сәттерді, шабытты мезеттерді ырғақ, буын, дыбыс үйлесіміндегі келісімді көркемдік деталь-

дар арқылы көрсетеді. Әсіресе, зерттеуші «Томирис» дастаны туралы тараушасында әйгілі тарихшы Геродоттың «Тарих» атты көп томдық кітабы арқылы сюжеті жеткен туындының қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын ерекше бағалайды. Парсы елінің патшасы Кирдің б.з.б. 539 жылы Вавилонды жаулап алысымен сақтарға жорық жасап, сақ патшайымы Тұмардың жалғыз ұлы Спаргаписті айлакерлікпен мас болған сәтінде қолға түсіретінін, есін жиған ержүрек Спаргапис өзіне-өзі қанжар салып өлетін оқиға желісі зерттеушіге сақтардың, ежелгі түркі жұртының ержүректілігін, тәкаппар табиғатын ұлықтауға мүмкіндік береді. Шығармаға қуатты көрік берген көне түркі халқының өзге де тарихи тұлғаларының ерлік қасиеттері зерттеуші баяндауында көркейіп, оқырмандарына рух бере сараланады. Біздің дәуірімізге дейінгі VI-ғасырда өмір сүрген, сақтан тараған массагет тайпасының тұңғыш әйел патшасы Томирисінің парсылар державасының негізін қалаған Камбистің ұлы Кир патшаны өлтіргені туралы деректі баяндаған дастанның көркемдігінен гөрі тарихи құндылығы үстем екендігіне ерекше көңіл бөледі. Тұңғыш қолбасшы әйел Тұмар (Томирис) бейнесі ұлтын сүйіп, бейбіт өмірді аңсаған Әйел-Ананың үздік үлгісі ретінде зерттеліп, зерделенеді. Кирдің өзіне үйленгісі келген ұсынысын қабылдамаған Тұмар баласының арамзалықпен өлтірілгенін естіген бойда-ақ қырғын салған оқиға желісінен ой тартқан зерттеуші сол кезеңде өріс алған ұлттық идеяның, тәуелсіздік сарынның бастаулары туралы ғылыми пайымдаулар жасайды. Тарихшы Геродоттың: «Бұл шайқас – мен білетін шайқастардың ішіндегі ең қатыгезі, ең аяусызы, ең адам көп құрбан болғаны еді» деген сөзіне сүйенген зерттеуші дастандағы сюжетті сабақтастыра, салыстыра отырып, ғылыми ой-түйеді. Көне дәуір дастандарының тарихи мираскерлік ұлағатын бүгінгі тәуелсіздік идеясымен тікелей байланыстырып қарастырады. Бұл жәдігерлердің мазмұндық, пішіндік қасиеттері туралы теориялық талдауларға мүмкіндік береді.

Тұмар ханымның Кирге жазған хатындағы: «...Ей, қанқұмар. Өмір бойы қанға тоймай, адам қанын суша шашып келіп едің. Бұл жарық дүниеде сен ашкөз қанға тоймадың ғой. Ал енді о дүниеде қанға тоятын боласың. Сені қанға тойдырамын деп уәде берген едім. Міне, сол уәдемді орындадым», – деген мәтінді келтіре отырып, сол кезеңдердегі эпистолярлық жанрда көрінген әдеби мұраның

барлығынан да ғылыми ақпарат береді. Томирис патшайымның ерлігі бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ ерлік, елін, жерін жадан қорғаудың үлгісін танытып, азаттық пен тәуелсіздікті асқақ шабытпен жырлағанын зерттеуші көркем мәтіндерден мысалдар келтіре отырып дастанның көркемдік бағдарын да айқындап береді. Кеңестік кезеңдерде көзден де көңілден де таса болған әдеби жәдігердегі ұлттық рух Тұмар ханым ерлігі арқылы қайта ғылыми айналымға еніп, ұлттық құндылықтар қатарына қосылды.

«Шырақ батыр» дастанының сюжеті осы оқиғаның заңды жалғасы іспеттес. Кирден кейінгі парсы патшасы Дарий 1700 мың нөкерімен тағы да «өздігінен ешкімге тиіспейтін, тиіссе ешкімнен иілмейтін» қайсар да ержүрек түркі жұрты сақтарды бағындыру жорығын жасайды. Дастанның өзі сақталмағанмен грек тарихшысы Полиэннің (б.з.б. II ғасыр) «Соғыс тактикасы» деген еңбегінде баяндалған Шырақ батырдың соғыс әдісі арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Ұлты үшін өзін саналы түрде құрбандыққа шалған Шырақ батыр Дарий патшаның жер қайысқан әскерін құм сахарасының қалың ортасына апарып, елін аман алып қалады. «Бір адамның өмірі бүкіл сақтар елін аман алып калса, сондай адам да арман бар ма, әміршім. Сіздерден жалғыз ғана өтінішім бар. Балаларым жетімдік көрмесін. Жоқшылықты білмесін. Басқа өтінішім жоқ», – деген жылқышы жігіт Шырақтың ерлігі бүгінгі ұрпақтың бойына ұлтын сүюдің озық үлгісін көрсетеді. Отаншылдық сезімді, ұлттық идеяны арқау еткен әдеби туындыдағы оқиға желісі мен ондағы бас кейіпкер Шырақ батыр образы оның Дарий патша қылышының астында тұрып: – Мен жеңдім. Біз жеңдік. Сақтар жеңді. Енді сендер мына шексіз жатқан құм ішінен шығып кете алмайсыңдар. Бәрің жат жерде қырыласыңдар. Ал, мен өз елімде, өз жерімде өлем. Отан үшін жан пида. Мақсатыма жеттім. Енді мені өлтіре беріңдер. Мен өлімнен қорықпаймын», – деген сөздері арқылы ашылады. Зерттеуші де осы мәтінге терең мән беріп бүкіл туындының түпқазығы болған ойды ұлттық идея, тәуелсіздік тақырыбымен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлтын сүйген ұл ғана осындай ерлікке, өлімге бара алады. Ұлттық идея дегеніміздің өзі осы емес пе? Зерттеушінің де пікірі осыған саяды.

«Алып Ер Тонға» дастанын XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан ойшылы Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн түпнұсқадан оқып,

өзінің атакты «Құтты білік» дастанында оның жеке-жеке үзінділерін пайдалағаны байқалады», – дейді зерттеуші /33 б./.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының 277-286-шы бәйіттерін түгелдей Алып Ер Тоңғаны мадақтауға арналғандығын, оның білімі мен парасатын паш еткеніне терең мән берген ғалым ұрпаққа үлгі боларлық көркем бейнесін кескіндеген:

Білімі – даңқы ұлы, көптін сарасы,

Білімді, ойлы әрі халық ағасы,

Зерек, дана көңілі сара, сері еді.

Жұтты жалған, елге тұтқа ер еді» /34 б./, –

деген өлең жолдарын тарихи дерек ретінде ұсынады. Өзі зерек, өзі батыр алып Ер Тоңғаның дастандағы бейнесі, дастанның негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі ынтымақ, бірлікке үндеу, туған жердің абырой-данқын арттыру деген ойлары ұлт-азаттықтың да негізгі нысанасы екендігі аяң.

Әсіресе, түрік қағанатының негізін қалаушылардың бірі – Бумын қаған мен оның інісі Істемі қаған тұсында түрік қағандығы мейлінше күшейіп, төрткүл дүниені билейді. Бумын қағанның тарихтағы орны оның тоз-тоз болған қандастарын қосып, ірі мемлекетке айналдыруы еді. Ал, оның ісін жалғастырған Істемі қаған бейнесі «Күлтегін» жырында:

Биікте – Көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

Адам баласы үстіне ататегім

Бумын қаған,

Істемі қаған отырған

Отырып түркі халқының

Ел-жұртын қалыптастырған,

Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен

Сарбаздарымен атанып,

Төрт бұрыштағы халықты

Көп алған, бәрін бейбіт еткен.

Бастыны еңкейткен,

Тізеліні бүктірген

Білге қағандар екен,

Алып қағандар екен, –

деген жолдарда суреттеліп, жырланады.

Ғалымдардың зерттеуінше түркі жұртының тарихы біздің эрамызға дейінгі 542-558 жылдарға дейін (осы еңбек негізінде айтып отырмыз – Г.П) түрік елінің қағаны болған. Ол әлгі жырда айтылған төрткүл дүниені билеп, «бастыларды еңкейтіп, тізелілерді бүктіріпті». Түрік қағанатын құрған Бумын мен Істемі қаған қайтыс болғасын ел азып, 20 жылдай өзара билік пен байлыққа таласқан күрес ақырында бұл мемлекеттің ыдырауына алып келеді. Ол жөнінде С.Г.Кляшторийдің «Древнетюркские рунические памятники, как источник по истории Средней Азии» (М.-Л., 1964) деген зерттеуінде жан-жақты баяндалған. Одан кейінгі түрік жұртының тағдыры туралы тарихи деректер «Күлтегін» жырында да баяндалады. Елдегі алауыздық Йоллыгтегін Күлтегін батырға арнаған жыр жолдарында айқын көрінеді:

«Түркі халқы елдігін жойды,
Қағандығынан айрылды;
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды».

Зерттеуші: «...Алайда тәкаппар әрі ержүрек түрік жұрты құлдықтың қорлығына көп шыдай алмады. Құлдықтан гөрі өлімнің өзі артық деп білді», – деген тұжырымын көркем мәтіндегі мәліметтерге сүйене отырып жасайды. Өз азаттығы жолында ұзақ жылдар арпалысқан түрік жұрты жарты ғасырдан соң Күлтегін батырдың ерлігі арқасында азаттық алғанын зерттеуші Н.Келімбетов аталған шежіре-дастандардағы оқиғалар желісін баяндаумен бірге осы туындыға, осы тарихи дерекке қатысты өзге де ғылыми мәліметтерге сүйеніп кеңінен ақпараттар береді. Ондағы образдар жүйесіне, шығарманың көркемдік әлеміне зерттеушілік зердемен үңілген ғалым бұл дүниелер көркем шығарманың бүгінгі талабына толық жауап бермесе де әдеби жәдігер ретіндегі тарихи маңызына ерекше көңіл бөледі. Бұл дастандардың ғылым тілінде «Орхон жазба жәдігерліктері» деп аталатынын, ондағы деректердің бәрі түрік елінің даңқты қолбасшысы, Елтеріс қағанның кенже баласы Күлтегін батырдың (684-731) ерлік істері мен Күлтегін батырдың ағасы, түрік елінің көсемі Білге қаған мен оның ақылгөй кеңесшісі, данышпан Тоныкөк қартқа арналған тарихи оқиғаларға құрылғандығын, сол кезеңнің рухани сұранысына сай стилде жазылғандығынан хабардар етеді.

Бұл тек көркем ойдан шығарылған дүние емес екендігін көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев те ескертіп, Орхон жазба ескерткіштерін «Көк түріктердің өздері туралы» жазған шежіресі» деп бағалаған (Гумилев Л. Көне түріктер /ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов/ – А., 1994. 328/).

«Күлтегін» және «Тоныкөк» сияқты ғажайып дастандарды жазған Йоллыгтегінге өзінен бұрынғы түркі поэзиясының көркем сөз дәстүрін жақсы меңгеріп, жалғастырған, яғни сақтар мен ғұндар дәуірінің «Алып Ер Тоңға», «Оғыз қаған», «Аттила», «Шу», «Көкбөрі», «Ергенекон» сияқты дастандарды үлгі тұтқан», – деп баға береді ғалым (96 б.).

Дегенмен, бұл жазба жәдігерліктер өзінің мазмұны мен пішіні жағынан ғана емес, ырғаққа, яки ритмге – үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануына негізделуі тұрғысынан да поэзиялық сипатқа ие екенін И.В.Стеблева дәлелдеп шыққандығын оларда алғашқы әдеби көркем шығармаға тән элементтердің барлығы ғылыми тұжырымдар мен дәлелді көркем мәтін мысалдарымен айқындалады, – дейді автор /98 б/.

Орхон жазбаларында Йоллыгтегін «адамдар» деп айтудың орнына «ел-жұрт», «адамзат ұлдары» деген, жұртты бір мақсатқа жұмылдырып, әлемдегі ортақ мақсат-еркіндікке, азаттыққа, тәуелсіздікке үндеуді үнемі назарда ұстап отырған. Мәселен:

Күллі түркі халқы былай десті:

«Елді халық едім,

Елім қазір қайда,

Кімге ел-жұрт іздермін», –

деген сөздер ұлттың деген ұл барлығын мегзейді. Ағайынның алауыздығынан шашырап кеткен ұлттың қалай ұйыстырамын деген ұлдың:

«Көреп көзім көрместей,

Білгір ақылым білместей болды», –

деген қайғысын мәтел мәндес мағыналы асқақ пафосты жыр жолдарымен береді.

Осы орайда зерттеуші өз ойын былай сабақтайды: «Күлтегін» мен «Тоныкөк» жырларына тән тағы бір сипат – бұл жырлардың кіріспесінде және қорытынды бөлімдерінде лепті үнмен мәнерлеп ғибрат айту, көтеріңкі сарынмен үндеу тастап, асқақтап сөйлеу сияқты

эмфатикалық дауыс ырғағы басым болады. Мұның өзі оқырманның сезімін жандандырып, оны тез әсерлендіру үшін жасалғанын аңғару қиын емес», – деп шығарманың поэтикалық қуатын аңғартады /105 б./. Міне, осындағы ұлт үшін күресудің ұлылығын ұлықтаған ұйқастар, тегеурінді жыр жолдары, – ұлттық сананың бастауы, негізі болғандығын байқаймыз. Оны ақын былайша бейнелейді:

«Мен – білге Тоныкөкпін.

Алтын қойнауын асып келдік,

Ертіс өзенін кешіп келдік,

Көп (екен) деп неге қашамыз?

Азбыз деп неге қорқамыз?» /105 б./.

Зерттеуші ақынның арманын, асқақ ойын лепті үнмен, көтеріңкі сарынмен үндеу тастай отырып, ұлттық рух береді. Асқақтап сөйлеу сол кезеңдегі барлық әдеби мұраға тән ортақ көркемдік құбылыс болумен қатар эмфатиялық дауыс ырғағы елді ұйытудың, елдік пен ерлікке шақырудың тиімді тәсілі де болса керек.

Одан әрі зерттеуші қазақ халқының еркіндігін қорғаған қаһарман батырлар жайлы жырлардағы көркемдік дәстүр жалғастығын кейінгі батырлар жырларындағы жаңашылдық категорияларымен сабақтастырып ғылыми тұрғыдан салыстыра отырып, талдайды. Мәселен, «Күлтегіндегі» Тоныкөктің көркем образын ел қамын жеген ұлт көсемі ретінде бейнелейді:

«Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым,

Қызыл қанымды төктім,

Қара терімді ағыздым.

Күш-қуатымды аямадым,

Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым».

Осындағы отты жырлар түркі жұртына ортақ бейне – Тоныкөктің күрескерлік табиғатын, елі үшін қандай да ерлікке бара алатын өжеттігін танытады (103 б.).

Зерттеуші одан өзге де «Оғыз қаған», «Аттилла», «Көк бөрі», «Ергенекон» сынды дастандардағы ежелгі түркі тайпаларынан шыққан батырлардың аңызға бергісіз ерліктерін жас ұрпаққа үлгі етеді.

Тоныкөктің ел басқару тәсілі мен түркі жұртын жаудан аман сақтау жолындағы саясатын, оның қолбасшылық қасиеті турасындағы тағылымды тәсілдерінің ұрпақтар сабақтастығы арқылы кейінгі

ұрпаққа үлгі-өнеге болғанын Бұқар жыраудың толғауларындағы көркемдік дәстүр жалғастығымен байланыстырады:

Биік тауға жарасар
Ығынан тиген пайдасы,
Терең сайға жарасар
Тобылғылы саласы,
Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы... /103 б/.

Ұлтты ұйыған айрандай бірлікпен ұстау қай басшының да арманы болса керек.

Зерттеуші мемлекет ішілік ортақ рухтастықты, ортақ мүдделестікті, ортақ тілеулестікті қалыптастыратын түркі жұртына ортақ тарих, ортақ тіл екендігін ескертеді.

Күлтегін жазбаларында: «Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен дарыған» дегеніндей, табиғатынан кең байтақ даланы кезіп, еркін өмір сүріп, кеудесін ешкімге бастырмаған түркі жұрты табиғи ортамен толық үндестікте болғаны белгілі. Дала перзенті ешбір шектеу, шегіну, дегенді білмей бостандықта өскендіктен түз тағысындай төзімді, өжет болатындығын да мәтіндегі теңеулер, бейнелі образдар арқылы ажарлай саралайды.

Олай болса жыр-дастан, халықтың көркем шежіресі – сол ұлттың ұлы тарихы. Көне дастандарда дәріптелген батырлар өмірі де солардың ерлігін жырлау арқылы өз арман-азаттықтарын аңсаған ақындардың жырлары да отаншылдықтың, елді сүюдің, ұлттық идеяның көрінісі екендігі күмәнсіз.

«Революцияны зиялылар халық санасында жасайды, ал халық оны баррикадаларда іске асырады», – деген екен поляктың ұлы композиторы Фридерик Шопен. Ол шетелде жүргенде Польшада Ресей отаршылдарына қарсы күрес (1830) басталып, соған қатыспақшы болғанда достары қарсы болып: «Сенің жазған әр нотаң Польша дұшпандарына бір оқ атқанмен бірдей», – деп жібермеуі дарынды дәріптей білетін ұлылықты танытады.

Шынында да орыс композиторы А.Рубинштейн Шопенді: «Поляк көтерілісінің Эола арфасы», – деп атаса, ал Николай 1-ші патша: «Гүл шоқтарымен көмкерілген зеңбірек», – деп қабылдаған.

Міне, бұлардың бәрі көркем шығарма, ондағы отты ойлар мен

жалынды жырлар, кейіпкер-батырлардың ерліктері ұлттық сананың негіздері, елдіктің, ұлттық және патриоттық құндылықтардың қайнар бастаулары деген ойларды негіздейді.

«Ежелгі дәуір әдебиетінде» жүйеленіп, жинақталған көне дәуірдегі дастандарда өрнек алған көркемдік дәстүрдің кейінгі батырлар жырларында қалай өріс алып, сөз өнері ретінде жалғасуы бұл еңбектің негізгі ғылыми ұстанымы болып табылады.

Мәселен, «Қобыланды батыр» жырындағы Көбіктің Қобыландыға айтқанындай:

«Ел иесіз дедің бе,

Көл иесіз дедің бе...»

деген сияқты көне әдебиеттегі ерлік рухтың кейінгі көркем әдебиетте кездесуі де елдігімізді, ерлігімізді еркіндікті аңсаған ел екендігімізді, ол неше ұрпақ алмасса да ескірмейтін мәңгілік құндылықтар екендігін ұғындырса керек.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» деген еңбектегі «Бумын қаған, Істемі қаған» деген тарауында төрткүл дүниені билеген ағайынды қолбасшы, Түрік қағанатының негізін қалаушылардың мемлекет құрудағы еңбектерін талдай келе олардың ерліктерінің ғұндардың батырлық жырлары – «Оғыз қаған», «Аттила», «Көкбөрі», «Ергенкон» дастандары мен «Авеста» атты қасиетті жазбалар жинағында жалғасып, көркемдік дәстүрдің тамырын кеңге жайып, жаңашылдықпен жалғасуы, олардың ерлікті, елдікті жырлаудағы, батырлар бейнесін сомдаудағы ортақ сарынды, ұлттық рухтың рәсімделуінің шынайылығы түрлі әдеби әдістер арқылы шебер берілгені салыстырыла зерттеледі.

«Ислам дәуірі әдебиеті» деген тарауында автор «Этикалық-дидактикалық поэзияның» ерекшеліктері мен осы дәуір өкілдері – Әбу-Наср әл-Фараби, («Орта ғасыр ғалымдарының Әл-Фараби туралы ой-пікірлері»), Махмұт Қашқари («Диуани лұғат-ат-түрік»), Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн («Құтадғубіліг»), Ахмет Йүгінеки («Хибат-ул хақайық»), Қожа Ахмет Йассауи («Диуани хикмет»), («Мират-ул Қулуб»), Сүлеймен Бақырғани («Бақырғани кітабы») тұлғалар мен олардың тарихи құнды еңбектерінің көркемдігі, әдебиеттегі алатын орны турасында орынды да ойлы пікірлер айтып теориялық талдаулар жүргізеді.

Ұлтты танытатын ұлы тұлғалардың еңбегі зерттеуде тереңнен талданып, кеңінен баяндалған.

Ал, «Алтын Орда дәуірі әдебиеті» деген үшінші тарауда – Сайф Сараи («Гүлістан бит-түрки»), Хорезми («Мұхаббат-наме»), Құтб («Хұсрау-Шырын»), Дүрбек («Жүсіп-Зылиқа») өмірі мен дастандары жайлы толық тарихи-әдеби мәліметтер берілген. Олардың әрқайсының шығармалары кеңінен баяндалып, көркемдік дәрежесі сөз болады.

Төртінші тарау – «Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр» деп аталады.

Мұнда Әбілғазы Баһадурхан «Шежіре-и түрік», Қадырғали Жалаири «Жами-ат тауарих», Захириддин Мұхамед Бабыр «Бабырнаме», Мұхамед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди», аталған тұлғалар мен туындылары туралы ой толғау осы тараудың түпқазығы.

Төрт тарауда да қарастырылған төрткүл дүниеге танымал ұлы тұлғалардың туындылары, оларда баяндалған, кестеленген кейіпкерлер өмірі мен шығарма әлемі, көркемдігі, бәрі де ғылыми тұрғыдан талданған.

Қазақ халқының мол сақталған әдеби мұрасы – әрине, поэзиясы, әсіресе жыраулар мен ақындар жыры. Сан ғасыр сынынан өтіп, сөз өнеріндегі өзіндік болмыс-бітімін, сөлі мен мәнін жоғалтпай біздің дәуірімізге жеткен ежелгі дәуір әдеби мұралары мен XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шөлгез, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал сияқты ақын, жыраулардың толғаулары талай ұрпақ санасына ұлттық идеяның нәрін сепкені сөзсіз.

Шынында да шыбын жанын шүбірекке түйіп, шындық десе жаудан да тайсалмай сөз шүйгінін төккен небір шебер әрі батыр ақын-жыршыларымыз – ұлттық құндылықтарды жасаушы әрі сақтаушы тұлға ретінде танылғаны тарихтан белгілі. Олардың адуынды да асқақ жырлары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ежелден еркіндік аңсаған ұлттық ерекшелігімізді әлем жұртшылығына жақсы танытып келеді. Сонау көне Тұран дәуірінен тамыр алған Сақ, Ғұн, Ежелгі Үйсін, Қаңлы дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың бізге жеткізген көркем дүниелері арқылы әдет-ғұрыптар жинағы, елдігіміздің, ұлттығымыздың негізгі ұстанымдары, ұлттық идеяларымыз қалыптасқан. Қисса-дастандарымыз, халық ауыз әдебиеті, ежелгі әдебиет үлгілері бүгінгі ХХІ ғасырдың поэзиясында қайта қуат алып, жаңаша жырлануы да – уақыт талабы. Ол – бүгінгі

ұрпак бойына рух, санасына рухани сілкініс, отты да ойлы образдар жүйесін жасауға мүмкіндіктер тудыруда.

Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулердегі негізгі зерттеу нысанасы – ел тәуелсіздігі мен ұлттық идея. Ұлысы құласа да, ұлттық санасынан айрылмаған, елдің рухани тізгіні көркем сөз билігіне көшкен, ежелгі мұра – елдің елдігін ұмыттырмайды.

Олардың шығармаларында кеңінен орын алған ұлттық идея мәселелері, ұлттық сана, саяси белсенділік кейінгі әдебиетке жаңа мағыналық мән беріп, ұлттың саяси жағынан ояну бағдаршамы бола білді. Қазақ руханиятындағы ұлттық идея мәселесінің көркем сөз өнерінде кеңінен өріс алуына ежелгі дәуір әдебиеті мен орта ғасырлардағы әдеби мұралардың ғылыми айналымға ене бастауы әсер еткені даусыз. Бұл әдеби үрдіс, ұлттық таным үлгілері рухани өмірге кең тыныс әкелді.

Расында да, әдебиет – бүкіл халықтың ұлттық рухы. Ал, ұлттық сана, ұлттық танымның нәр алатын бұлағы – сол халықтың ғасырлар бойы туғызған барлық қазына байлығы: өнер, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, дін.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор *Мырзатай Жолдасбековтің* 1990 жылы (Алматы: «Жазушы» баспасынан 347 беттік көлемде) жарық көрген «Асыл арналар» атты ғылыми, әдеби мақалалар жинағының алғашқы тарауы «Ежелгі әдебиет» деп аталады. Мұнда «Қазақ әдебиетінің түптөркіні жайында», «Орхон ескерткіштері (VII-VIII ғғ.)», «Орхон ескерткіштері туған дәуір, ондағы тарихи шындық», «Орхон ескерткіштерінің тексті», «Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты» және «Қорқыт (VIII ғ.)», «Оғызнама (IX ғ.)» туралы жеке мақалалар топтастырылған.

Ежелгі әдеби жазбаларды бүгінгі қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға ендірген ғалым оның эпикалық жыр-дастандарға ұқсастығын, өлең сөзбен қара сөздің араласып келіп, белгілі бір тақырып, оқиға айналасына құрылған көркемдік тұтастыққа ие шығарма екендігін дәлелдейді. Тасқа қашалып жазылғанмен онда да ой, образ, бейнелі тіл, нақышты сурет бар екендігіне көңіл бөледі. Әсіресе батырлар жырындағы ұлттық сезімдер, отанды қорғау, халық үшін құрбан болу сияқты ұлы сезімдердің ежелгі әдебиет нұсқаларында тіпті құнарлы екендігіне зерттеуші көркем мәтіндер арқылы көз жеткізе түседі.

Осы орайда ғалым қазақ халқының басынан кешкен қоғамдық формацияларға зер салып, әрбір дәуірдің өзі тудырған мәдениет, әдебиет үлгілеріне үніледі. VII ғасырда дүниеге келген Түркі қағанаты кезеңінен бергі жерді қысқаша шолып, ежелгі жазбаларда, тарихи ескерткіштерде бұл дәуірдің ірі мәдениет ошағы, ғылым ордасы ретінде Қазақстанның Отырар (Фараб), Тараз Исфиджаб (Сайрам), Сүткент, Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Янкигент, Алмалық, Қойлық, Екіөгіз, Ілебалық, Ясы, Баласағұн, Меркі, Құлтан тағы басқа қалаларының аталуын мақтанышпен мәлімдейді. VII-IX ғасырларда шеберлік, сәулет өнерлері кең өріс алғанын дәлелдейтін ғаламат ескерткіштердің ішінен Айша-бیبі, Қожа Ахмет Яссауи мазармазoleyінің архитектуралық шешімімен, әсем ою-өрнектерімен тамсандырып, таңғалдыратынына тоқталады. Ежелгі дәуір жазбалары мен жер қойнауынан табылған небір археологиялық қазба жұмыстары арқылы көне жәдігерлердің дені осы түркі жұртына қатысты екендігін, соны біле отыра орталықтағы ғалымдардың бұра тартып, бұратана халыққа қиғысы келмегенін біліп, тек тарихи мәліметтерді мәдениетті түрде нақты ғылыми деректермен береді. Алайда, зерттеуші Византия елшісі Земархтың жазып қалдырған құнды деректеріне сүйене отырып, сол кездің өзінде-ақ кәсіби шеберлердің, зергерлердің тас оюшылардың болғандығын, олардың өнерлерінің тым биікте, қазіргі жан-жақты білімді архитекторлардың ойына кіріп шықпайтын шеберліктермен соққан сәулетті ғимараттардың құпиясын әлі таба алмай жүргендігін сөз етеді. Мыңдаған ғасырлар бойы не табиғаттың құбылысына, не бір қоғамдағы түрлі алапат соғыстар кезінде де өзінің негізгі құрылысын сақтап қалған тарихи мұралар көшпенділер өркениетінің кәсібилігі жағынан биік болғандығын дәлелдесе керек. Ал, олардың бәрінің өзегінде ел шежіресіндегі аңыз-әңгімелердің, көмескі тартқан кешегінің жақсы жәдігерлерінің жатқандығы мәлім.

Осындай аңыз-әңгімелердің негізінде келіп VII-IX ғасырларда халық ауыз әдебиеті ерекше дамып, өлеңдер, ертегілер, аңыздар мен әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар сынды жанрларда көрінген көркем дүниелер түркі халықтарына ортақ рухани дүниелердің даму барысынан хабар береді.

Көрнекті ғалым, ұлтжанды азамат Бейсембай Кенжебаевтың жетекшілігімен жүйелі түрде жүргізілген ежелгі әдебиеттің зерт-

телуі біздің руханиятымызға қосылған құнды еңбектер ғана емес, солар арқылы арғы тарихымыздағы ақтаңдақтарды ашып, төрткүл дүниені билеген ұлы түркі халықтарының ұлттық құндылықтарына мақтанар ұрпақ қалыптастыруға да зор үлесін қосты. Мұншама бай мәдени мұраға ие ұлы қазақ халқының тарихы Б.Кенжебаевтың бір шоғыр талантты шәкірттерінің арқасында ұлттық ғылымның жаңа беттері ашылып, тың тарихи деректер зерттеліп, ғылыми айналымға енді. Түгелдей бір дәуір әдебиет әлеміне енді. Кеңестік кезеңде аздап, абайлаңқырап айтылып, жазылғанымен, негізгі іргетас, таза ғылыми тұрғыдан талданған-ды. Жоғары оқу орындарында да жеке зерттеулерде де «Ежелгі әдебиет» курстары еркін еніп, оның құнды қолжазбаларын ғалымдар арнайы іргелі зерттеу жұмыстарына айналдырып, диссертациялық тақырып деңгейіне көтерді. Соның нәтижесінде Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны», Алма Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы», Немат Келімбетовтің «Ежелгі әдебиеті», Мырзатай Жолдасбековтің «Асыл арналары» және бірнеше тілші ғалымдардың көне жазбалар мен ескі қыпшақ, түркі жазулары жөніндегі іргелі зерттеулері жарық көріп, өзіндік тарихы, мәдениеті, әдебиеті, жалпы мәдени мұрасы мол ұлт жайындағы ғылыми ақпаратты таратты. Бұл әрине, біздің халқымыз үшін, әсіресе ұлттық ғылымның ғылыми дәрежесін көрсететін үлкен жетістік болды.

Оны өзге елдің ғалымдары да мойындап, ғылыми мәлімдемелер жасағаны белгілі. Айталық, академик Б.Бертельс: «Орта Азия халықтары әдебиетінің тарихын солардың бәріне ортақ ертедегі жазу-сызулардан, әдеби нұсқалардан, жеке ақын шығармаларынан бастау керек», – деп тарихи шындықпен санасу керектігін ұқтырды. Осы орайдағы ғылыми ойларын жүйелей келе зерттеуші: «Тым ерте кездерде шыққан таңбалар, әдепкі жазу-сызулар, өлеңді тіркестер, мақалды-мәтелді жолдар, толып жатқан өлеңдер, аңыз-ертегілер – осылардың бәрі-дағы халқымызды бейнелі ойға, шешендік өнерге жетелеген, әдепкі дастандарды, бергіндегі поэмаларды, романдарды, драмаларды тудырған өлшеусіз табыстар еді. Көркем ойдың осындай сан түрлі атаулары жиылып әдебиет деген ұғымды қалыптастырды», – деп түйін жасайды.

«Орхон ескерткіштері (VII-VIII ғғ.)» және «Орхон ескерткіштері туған дәуір, ондағы тарихи шындық» деген тарауларда көне

дәуір кезеңі ондағы кейіпкерлердің өмірбаяндары мен шығарма оқиғалары баяндалады.

Ал, «Тастар сөйлейді» деген тараушада 731 жылдың жазында шексіз даланы бірнеше ғасырлар бойы армансыз билеген батыр түркі жұртының Бумын, Қапаған, Естеми, Құттық қағандардың ұрпағы – Күлтегіннің өліміне орай оның замандас ақын-жырауы, Күлтегіннің немере інісі Йоллығ тегіннің шартараптан жинап, тасқа қашап жаздырған ескерткіші, оның мазмұны жайлы ой толғайды.

«...Жаралғалы көк Аспан,

Естеми мен Бумынның

Адамзаттың бағы асқан.

Төрт бұрышты дүниенің

Соларменен санасқан

Бүкіл түркі үмітпен

Екеуіне қарасқан...

Қаптап жатқан қалың жау

Шыбын жаннан түңілген...», –

деген өлең жолдары 12 ғасырдан бері бүкіл жұртты үркітіп, дүниенің төрт бұрышын билеген түркі жұртының жауынгерлік қасиетін паш еткен. Бүгінде халық саны жағынан бірінші орынды иеленген үндіні кезінде билеген Бабырнама мен бүкіл Мысырдың мысын басып, бүлк еткізбей билеген Бейбарыс бабаларымыздың ерлік-жорықтары мен ел билеудегі көрегенділіктері кімді болса да тәнті етері сөзсіз. Мұндай аса құнды тарихи мәліметтер қай халықтың ұрпағын да шексіз қуанышқа бөлеп, ерлікке, өрлікке баулитыны кәдік.

«Орхон ескерткіштерінің табылуы және ашылуы» деген тараушада XVIII ғасырда орыс армиясының қолына түскен тұтқын швед офицері Филипп Иоганн Страленбергтің Орхон өзенінің бойынан «зәулім тастар, белгісіз таңбалар, тас болып қатып қалған адамдарды көріп таңғалғанын, сол сөздер сыры туралы тұңғыш мәліметті XVIII-XIX ғасырларда «Сибирский вестник» журналында Григорий Спасскийдің жариялағанын, кейін ол латын тіліне аударылып басқа елдердің ғалымдарына белгілі бола бастағаны жөнінде ғылыми мәліметтер келтіріледі. Орыс зерттеушісі Н.М.Ядринцевтің, дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсеннің Орхон жазуларын зерттеудегі ерен еңбектеріне талдау жасалады. Ғалым В.Томсеннің

1893 жылы Орхон жазуының «кілтін тапқанын», ондағы әрбір сөздің, әрбір әріптің қандай мағына беретінін зерттеу арқылы анықтаған 38 таңба арқылы әліпби құрылып, соны қолданған академик В.В.Радлов 1894 жылы тұңғыш рет орыс тіліне аударып, мәтіндік нұсқаны латын әліппесімен бергенін, оны академик С.Е.Малов аударып бастырғанын, сөйтіп Орхон жазулары әлем ғалымдарының назарын үнемі аударып, оны зерттеудің бір сәтте толастамағанына, ал өз ғалымдарымыздан Алтай Аманжолов, Ғайнетдин Мұсабаев, Ғұбайдулла Айдаровтардың зерттегеніне тоқталады. Осы орайда ғалым мынадай қорытынды жасайды: «Иә, ескерткіштерді жасаушылар да, оның бас кейіпкерлері де түркі халқы, түркі жері, оның батырлары. Ал көне түркі дегенді көбіне көне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады» /33 б./

Ежелгі дәуір әдебиетіндегі азаттықты аңсаған арманшыл ой, өршіл талап, тәуелсіздік жолындағы ерлік жорықтар кейінгі қазақ әдебиетіндегі барлық әдеби мұралардағы ұлттық идеяның ұлттық мектебін қалыптастырғанын ұқтырғандай. Бұл жөнінде зерттеуші: «Бір ғана бұл емес, VII-IX ғасырларда түркі тектес тайпалардың арасында әдеби дәстүр қалыптаса бастайды, соның нәтижесінде әдебиеттің кесек үлгілері туады. Оған ақындық тәсіл мен дәстүрдің ең ертедегі белгілі туындысы есептелетін Орхон ескерткіштері толық айғақ бола алады», – дейді /8 б./

«Орхон ескерткіштерінің аударылуы» және «Орхон ескерткіштерінің тексті» деген тараушаларда VII ғасырдағы Күлтегін, VIII ғасырдағы Тоныкөкке арналған жырлардың көркем мәтініне, оның қазақшаланған нұсқасына көңіл аудара отырып, аударма мәселесіне терең мән береді. Түрлі аударма тәжірибелерін салыстыра отырып, соңғы қазақша аудармаларының сапасы да арнайы сөз болады.

Енді осы жырлардағы отты жырларға, ұлттық рухты көтеретін көркем мәтіндегі ойларға тоқталсақ: «Бектерінің халқының ымырасыздығынан, Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен, інілі-ағалының дауласқандығынан, Бекті халқының жауласқандығынан, Түркі халқы елдігін жойды» деген жолдар қаншама ғасырлар бойы айтылып келе жатқан ел бірлігі болмай жұртта тыныштық, тәуелсіздік, еркіндік болмайтынын меңзейді. Мұндайда көшбасшының көсемдігі мен көрегенділігі орасан зор рөл атқаратынын айтады: «Өлімші халықты тірілттім, Жалаңаш халықты тонды, Кедей ха-

лықты бай қылдым, Аз халықты көп қылдым, Тату елге жақсылық қылдым», – делінген Күлтегін, Тоныкөк жазбаларында. Біздің ежелгі дәуірімізден айтылып келе жатқан ел бірлігі, татулығы ұлттық идеяның негізгі нысаны да болмақ. Ұлт болып ұйыспай ел тәуелсіздігіне қол жеткізу қайдан болсын?

«Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты» деген тараушада Орхон ескерткіштерінің тіл, тарих мұрасы ретінде қарастырылғанымен жанры жағынан толық тексеріліп, бір түйінге келмегені, алайда түркі халықтар өлеңінің құрылысын алғаш зерттеген Ф.Корштың «Древнейший народный стих турецких племен» (СПб, 1909) деген еңбегінде ырғақ сәйкестігіне мән береді. Фалев «Халық эпосы шығармаларын Орхон жазуларымен салыстыру әбден орынды» десе («Как строится кара-киргизская былина» («Наука и просвещение» журналы, Ташкент, 1922, № 1), ал А.Бернштамтың бұл ескерткішті өлең мәтініне алғаш жатқызғаны белгілі.

Ресей ғалымдары А.Шербак пен И.Стеблеваның бұл жазбалардың жанрлық сипатына берген пікірлері екі түрлі көзқарас болғанымен әр қырынан зерттеудің дұрыс екендігін аңғартады. «Көне түркі руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік тұрғыдан зерттеген И.Стеблеваның: «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған Орхон текстілерін жалаң тарихи (тарихи-өмірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға болар ма екен? Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды болар еді», – деген пікірі оңды (И.В.Стеблева. Поэзия тюрков, Москва, 1965, 61 б.)/69 б./.

Зерттеуші И.В.Стеблеваның пікіріне қосыла отырып, сөз өнерінің көркемдік талабы тұрғысынан қарағанда көне ескерткіштің сол деңгейден табылуы мүмкін бе деген сауалдар төңірегінде ой толғай келе, қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды» сынды эпикалық жырлардағы сөз түзу тәжірибесімен салыстыра отырып, көне жазбадағы қарапайым күнделік секілді тарихи жазбалардың орын алуын жыр арасындағы қысқаша түсіндірме сөздермен сабақтастырады. Ол дәстүр барлық елдің эпикалық жырларына тән көркемдік құбылыс екендігі де белгілі. Өлеңмен өрілмей қалатын тұстар-

ды карапайым сөзбен қысқаша баяндап, тарихи деректерді толықтырып отыру ежелден бар дәстүр. Ұлы Гейне айтқандай: «Мінсіз кара сөз жазу үшін де өлеңдік өлшемдердің үлкен шебері болу қажеттігі», тіпті көркем прозаға тән күрделі ой айту, мағынасы терең сөз түзу де шеберлікті көрсететінін ескергеніміз жөн.

«Екі сөздің бірінде дәл осылай мақалдап сөйлейтін, кара сөзден сан түрлі жарасымды қисындар тауып сан құбылтқан, жадағай сөзді алтайы түлкідей ойнатқан ақын халық, қазақ халқы – Гейне айтқан мінсіз кара сөз жасаудың асқан шебері. Ендеше қазақ халқындағы асқан шешендіктің бір ұшы сол байырғы Орхон ескерткіштерінде жатыр деуге болады», – деп ой түйеді ғалым /70 б./ Зерттеуші бұл ойларын қазақтың екі ғұлама ғалымдары Әлкей Марғұлан (эпостық әңгіме стилінде жазылған) мен Мұхтар Әуезовтің (эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері) пікірлерімен нақтылап: «Орхон ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түркі халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды» деген қорытындыға келеді.

«Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы» деген тараушада академик В.Радловтың: «Қазақ, қырғыз шешен болады. Олар түркі тектес басқа халықтардың қай-қайсысынан болсын сөзге ұста келеді. Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді. Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып келеді: сөздері ырғақты, ұйқасты шығады. Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір көркем сөзді сүйеді. Поэзияны қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал, мәтелі болсын, жоқтау, қоштауы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын – бәрі де өлең, жыр болып келеді», – деген сөзіне сүйене отырып, Асан Қайғының (XVI ғ.), Абылдың (VIII ғ.), Бұқардың жыр толғауларынан мысал келтіріп, соның бәрі – байырғы түркі жұртынан мұра болған деп есептейді (В.В.Радлов. Образцы народной литературы северных тюркских племен, 1885, 3-4 стр.).

Орхон ескерткіштеріндегі шешендік арнаулардың, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан алуан бейнелі үлгілерінің ұшырасатынын нақты көркем мәтіндердегі үзінділермен нақыштай отырып, ой түзеді.

Күлтегін мен Тоныкөк жырларының қазақтың эпостық жырла-

рындағы ортақ сарындар мен көркемдік ұқсастықтарды автор – өз елін, жерін жағ жұрттықтардан қорғау, ел тәуелсіздігіне жету, Отанды сүю идеясымен байланыстырады. Сондай-ақ, елін қорғаудағы ерлердің батырлық істері, қаһармандық болмыс-бітімі, халық азаттығы жолында ештеңеден танбайтын тапқырлығы мен табандылығы, ел басқарудағы көрегенділігі мен көсемдігі, көзсіз ерліктері өзге де ұқсастықтары туралы ғылыми мағлұматтар беріледі. Мәселен,:

«Күлтегінде»: – «Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым».

«Қобыландыда»: – «Түн ұйқыны бөлгендей,
Қай шаһарға барасың?».

«Алпамыста» – «Күннен күнге түн қатып», – деген жолдар арқылы айқындалады. Аталған жырлардағы көркем образдардың бейнелену, ерлік жорықтарының суреттелу, батыр бейнесінің сомдалу ерекшеліктерімен баяндалу ұқсастықтары жан-жақты суреттеледі. Орхон ескерткіштері мен ежелгі қазақ эпостарының көркемдік дәстүр жалғастығы кеңінен орын алғаны осы тараудағы талдау барысында байыпты зерделеген.

«Образдарда» Орхон жырларындағы көркем образдар галереясын жасаған Бумын, Естіми, Білгенің тозып кеткен түркі жұртын жиып, ел еткен ерлік істері арқылы дамып, дербес образ дәрежесіне көтерілген сәттері мен ел басқарудағы көрегендік көсемдіктері, бірін-бірі толықтырып, көркемдік тұрғыдан байытылған бейнелер өзіндік жанрлық, стильдік ерекшелігіне сай зерттеледі.

«Орхон ескерткіштеріне тән қасиеттер» – көбінде толғауға тән белгілі бір мақаммен әрленіп, батырлардың бүкіл ерлік істері, кейіпкерлердің кескін-кейіптері мен сөз қолданыстары, өзара сұхбаттасулары, өткен мен келешекті салыстыра суреттеулері, оларға берген бағалары – бәрі де баяндаушының, яғни Күлтегін мен Тонькөктің өз аттарынан айтылады. Бұлардағы өлең сөзбен қара сөздердің араласып келуі, бірін-бірі мазмұн жағынан байытып, көркемдік тұтастыққа ие болуы, олардағы қолданылған әрбір бейнелеу құралдарының, көркемдік деталдардың, әрбір әдеби әдістердің қолданылу шеберліктері теориялық тұрғыдан талданылады.

«Орхон ескерткіштерінің көркемдігі» түркі халықтарының поэзиясына тән төрт тармақты өлең ұстанымдарына құрылып, ой мен

сөздің жүйелілігі мен бірлігі көбінде 7-8 буынды жыр өлшемдеріне негізделіп, ырғақ мәселесі қозғалған. Көркем мәтінде кездесетін қос сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, теңеулер мен кестелі сөздер, бейнелі ойлар, эпикалық жырдың жанрлық шартына сай ой ұқсастығына, тегеурінді тебіренистің ой толқынына ерік беретін көркемдік қуатқа ие.

«Бейнелеу тәсілдері» – көбіне эпитеттерге, теңеулердің сол кезеңге, соғыс жағдайындағы сөз қолданыстарға тән түзілістерге, троп түрлерінің, оның ішінде көбірек кездесетін аллегория мен метонимия, метафораның үздік үлгілеріне толығырақ тоқталған. Өлеңге өң, сөзге сән беретін өсиет-нақылдар мен мақал-мәтелдер ғасырлар бойғы халық жинаған сөз маржандарының, сөйлеу мәдениетінің дамуын дәлелдейтін құнды дүниелер.

«Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің үлкен мектебі бар. Бірі – өмір жайында терең толғанатын шежіре-шешендік, философиялық, данышпандық мектеп. Екіншісі – өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы сембеген дария-даңғыл жыраулар мектебі», – деген зерттеуші ежелгі дәуір әдебиетінің бүкіл бейнелеу құралдарының бәрі осы екі үлкен әдеби мектеп өкілдерінің өнерлерінен бері өріс алып, кеңінен дамып келе жатқандығын айтады. Әсіресе, сол дастандардың әрбірінде халықтың ұлттық рухы бар екендігі байқалады. Орхон заманындағы дастандардағы ерлік жорықтары мен қару қактығыстары, халықтың мұң-шері мен әр дәуірдің өз демі, ырғағы, өрнегі, сөз саптауы, бейнелеу мәнері, ой-арманы дәстүр жалғастығы бойынша байытылып, дамып келе жатқанының куәсі боламыз.

«Қорқыт (VIII ғ.)», «Қорқыт жайындағы аңыздар және Қорқыт жырлары» – «Бұқаш жыры», «Салор қазан ордасының шабылуы туралы жыр», «Бамсы – Бейрек» жыры және «Оғыз – нама» (IX ғ.) жырлары, олардың мазмұны, идеясы, көркемдік еркшеліктері, тілі, көркемдік қасиеттерінің бәрі бұл монографиялық еңбекте тарихи таным тұрғысынан талданады. Эпос батырларының ұлттық сезімдері мен отан сүйгіштік қасиеттерін, ел тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық махаббаттарының мәнін де автор жан-жақты баяндайды.

Түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ образ саналған Қорқыт жыраудың ұлылығын, оның күйшілік өнерін, батагөйлік қасиетін,

кәсіби шеберлігін және Оғыз-нама дастанындағы халықтық дәстүрді ұлттық қазақи дәстүрмен сабақтастыра, дәлелді сипаттаған автор әдеп-ғұрыптық, тәрбиелік, салт-дәстүрлік жоралар мен әдебиетіміздегі қалыптасқан көркемдік ерекшеліктерді екшеп, егжей-тегжейлі баяндайды.

Бір сөзбен айтқанда, Орхон-Енисей жазбаларының қыр-сырына терең үңілген зерттеуші осынау көне жәдігердің мұрагер иесі – қазақ екендігін дастанда кездесер ұлттық ұғымдар мен қазақ сөз өнеріне тән көркемдік, бейнелік, түрлік, тілдік, танымдық-философиялық ойлардың қалыптасу, даму деңгейлері арқылы дәлелдейді.

Қалай болғанда да әр халықтың өз тарихы өзінде болғанда ғана үлкен өркениетке ие болып, қазақ мәдениеті мен руханиятына қатысты ежелгі жәдігерлер жүйеленіп, әлем халықтарын тарихтың тұтас ғылыми ақпараттарымен қамтыса, соның өзі Алаш жұрты үшін үлкен жетістік екендігі даусыз.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі ұлт-азаттық идеясы. Біз осы орайда *Т.Жұртбаевтың* тәуелсіздік алған жылдардан бері жазған еркін ойлы, осы кезге дейін кеңестік жүйе талабына сай жазылып, бұрмаланып келген тарихи жәдігерлеріміз мен оның ірі өкілдерінің, жалпы қазақ тарихы, оның тарихи тұлғалары, батырлары жөніндегі еңбектерге жаңаша сараптама жасаған соны ойлы, батыл көзқарасты қолданған зерттеу еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік.

«Қадым заманнан бергі есімдері есте қалған, ел аузында жүрген немесе тасқа қашалып, қағазға хатталған ірі тұлғалардың тағдырына көз бен көңіл сұғын қадау, сол арқылы тегімізді тектеп, күнгірттегі көлеңкелерге сана сәулесін түсіру, ата мен баланың, баба мен ұрпақтың, тайпа мен ұлыстың, ұлт пен рудың арасындағы алтын өзекті жалғау – басты мұратымыз. Себебі, олардың тағдыры әр қалай талданып, түрлі тұжырымдар жасалып келді. Мұны көшпелі жұртқа сол көшпелі елдің ұрпағының көзімен қарап, жадымызды жаңғыртуға ұмтылған талпыныс деуге де болады», – деп белгілі зерттеуші Т.Жұртбаев айтпақшы тарихи тамырымызды тану мен табу бағытында тер төгу ұлттық құндылықтарға қаспақтай болса да үлес қоссам деген әр ұрпақтың ұлы мұраты болса керек.

Зерттеушінің «Дулыға» атты екі томнан тұратын көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар жинағы «жау келсе – ба-

тыр, дауға – ақын, табысып бітісуге – дана билер» бола білген түркі әлеміндегі тарихи тұлғаларымыздың елін, жерін, тілін, дінін, мәдениетін қорғаудағы, солар арқылы ұлттық идеяны мұрат етудегі ерен еңбектері тарихи мәліметтер арқылы баяндалады. Бір қараған кісіге бұлар жазушының әфсаналарды жинап беруі сияқты көрінгенімен бұл көне түркі батырларының өмір сүрген кезеңдері, ондағы қоғамдық-әлеуметтік, рухани мәселелердің ел тәуелсіздігімен, ұлт идеясымен астасып жатқандығына көз жеткізуге болады. Еңбектің жазылу, зерттелу нысанасына қарай отырып, мұның көркем шығарма емес, таза тарих, ғылыми зерттеу еңбек екендігіне түркі халықтарына ортақ көне тарихымызды түгендеу мен тануға, оның озық ойлары мен дәстүрлерін, ұлттық болмысын өзін өркениетіміз деп өзгеге өктемсі қарайтын ел өкілдеріне таныту мақсатында көп ізденіп, нақты тарихи деректі мәліметтерді молынан пайдаланған маңызды зерттеу деп бағалауға болады. Оны автордың өзі «Әлқиссасында» ашық әрі ашына отырып айтады: «Дулыға» – «түрік» деген сөздің баламасы. Бұған қарап ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан және әлі де өктемдігін үстемелеп отырған европалық ықпалды (европацентризм) жүргізу, ұлы орыстық және ұлы хандық құрықпен қайыру бағытына әбден тақыстанып алған жалған ғылым жасаушылардың ойлап тапқан қарғы бауы – түрікшілдік, мұсылманшылдық, бөле жарушылық, томаға тұйықтық деген қарғыс атқан ұғымдарды қасақана қоздырып отыр деген пиғыл тумауы керек. Мұндай жалаға кезігіп, қылша мойны талша болған И.Гаспаралы, Ш.Маржани, А.Байтұрсынов, З.Уәлидиден бастатқан арыстар аз емес. О.Сүлейменовтың «Ақын мен Әліп» шығармасының жапатармағай найза ұшына ілініп, арадай талануы әлі де болса сол жалаңтөс жалған ғалымдардың ниет-пиғылының өзгермегендігін, менменсіген кеудесінің желі басылмағанын аңғартады..

...Егерде адамзат тарихының қоныстану барысын еске алсақ, онда немістердің өзі Еуропаға жат «азиат» емес пе?! Қанша «қатыгез, тағы» болса да, түркілер сәбилерді тірідей отқа қақтайтын «тозақ түрмелерді» салған жоқ. 40 миллионнан астам халықтың қанын мойнына жүктеген жоқ... Ал ғылымдағы жауыздықты ешқандай өлшеммен өлшей алмайсың. Ол – адамзат парасатының негізін ірітетін індет.

Осы еңбегім арқылы Гердер мен Миллерге, Рыбаковқа, тағы сол сияқты ғылымдағы «Кузькиннің балалары» – «кесірлі ғұламаларға» жауап бергім келеді.

Жеке адамды, кейбір дәстүр-салтты мансұқтауға болар, бірақ әлемдегі көне және ұлы тектердің бірі – түркі халқының жер бетінен жойылып кетуін тілеу – қорқаулық», – дейді ғалым бір сөзінде /8 бет/.

Зерттеуші «Діні – Көк Тәңірі.

Жазуы – Көк Түрік әліпбиі.

Жазу тілі – түрікше.

Мәдени уә саяси рөлі – ұлттық тарихымыз» саналған көне түркі тарихы туралы еңбегінде ондағы белгілі батырлардың өмірі мен ерлік жорықтары жайлы әфсаналарға кеңінен орын бергенімен әдеби талдаулар мен ғылыми пайымдауларды басты мұрат тұтқан.

«Скиф-ишкуз дәуірі» деген алғашқы бөлім «Тамырды таңу немесе тақырыпқа барлау» деген ортақ тақырып төңірегіне он алты батырдың ерлік жорықтарын әңгімелейтін тарихи оқиғалар туралы ой толғайды. Олардың кейбірінің есімдері қалың оқырманға белгісіз. Сондықтан атап өткен артық болмас. Тарғытай, Ишпақай, Партатуа, Мәди, Анақарыс, Тоқсары, Тұмар, Шырақ-Сирақ, Иданбарыс, Зарина, Ескіл, Атей, Сыпатай, Сатир, Евмель, Балақ, Саймақ.

Ал, «Хұндар» деген екінші тарауы – Тұман, Мөде, Лаушан-Қызай, Елжау би Қоянды, Оңқай би, Бауиан, Шөже, Мойыншор атты кішігірім тараушалардан тұрады.

Түркілердің түпкі атасы скифтер туралы, оларға телінген «жабайы скифтер», «тағы хұндардын», «шошақ бөрікті сандалған сақтардың» мәдениеті, тарихы, көш жолы, шеккен қасіреті, тіпті олардың жақсы жақтары болса бітті ебін тауып, жат жұртқа телісе де осы тәуелсіз алғанға дейін жақ аша алмаған бейшара кейпімізге күйінген зерттеуші оқырманның ұлттық намысына ой сала отырып: «Дүниедегі ең көне кітаптың бірі «Авестада» тұр, «Шахнамада» – тұран, қытай жылнамаларында – тукиу, юнандар – скиф, скунһа, скит, парсылар – сак, массак, сақстан деп атаған ұлы көшпелі халықтың тарихын бәсіреге салу жуыр манда тоқталады дегенге өз басым сене қоймаймын», – деген зерттеуші рухани отаршылдықтың әлі де болса ұшқыны қатты екенін ескертеді. Және олардың қате пікір екендігін тарихи мәліметтер арқылы айқындайды: «...Деген-

мен де, осы скифтер, сактар, хұндар кімдер, қай тілде сөйлеген, қалай пайда болған? Бұл жөніндегі еңбектердің тізімінің өзін толық келтіру үшін ондаған бет қажет. Біз соның ішінен үш тұжырымға ғана тоқталамыз.

Біріншісі – скифтер Азиядан қоныс аударып, Қара теңіз жағалауына ат басын тіреген көшпелі түрік тайпасы деген ежелден ғылыми айналымға енгізілген пікір. Бұл тұжырымның егжей-тегжейін түрік тектес халықтардың атам заманнан бергі мемлекеттерінің тарихы жөніндегі деректерді жинақтап, анықтамалық еңбекті түзіп шыққан Шүкір Сефороғлы мен аднан Мүдәрисоғлының «Түрік дәулеттілері тарихы» атты 1986 жылы Анкарада басылған кітабынан табуға болады. Ондағы «Сақ (искит) түрік императорлығы уә Кенгерес дәулеті» деген бөлімінде: «Құрушысы – Алып – Ер Тұңға (Афрасиаб).

Құрылған уә бекиш (билеген) тарихтары – б.д.д. VII-II-жүз жылдық» деген деректерге қоса бірнеше ғылыми еңбектердегі фактілерді тізіп шығады. Тарихи деректерді өзара салыстыру арқылы ақиқатты нақтылауға тырысқан ғалым бірнеше «Сака гаумавара», «гимир», «киммерия» сынды толып жатқан терминдерге тоқталып, мағынасын ашады. Солардың мәнін анықтау арқылы «скифтер славяндар еді» деген қиялдарының еш шындыққа жанаспайтындарын әшкерелейді. «Ұлы көшпелілердің мән-жайын көзімен көрген жалғыз-ақ тарихшы бар. Оның өзі де «тарихтың атасы» Геродоттың кітабында кездеседі. Ол өз заманының әйгілі ақыны, саяхатшысы атанған Аристейдің «Аримаспейя» дастаны. Осы Аристей скифтерді аралап өтіп, олардың түстігінде тұратын исседондардың да тұрмысын көріп қайтыпты», – дейді зерттеуші /27/.

Тәуелсіздік алғалы бері жүйелі түрде өзінің тарихи орындарын таба бастаған көне мәдени, әдеби, тарихи құжаттарымызға, ғылыми айналымға ене бастаған тың дереккөздерін, әсіресе өзге елдердің мұрағаттарында, сирек қолжазбалар бөлімінде кездесетін құнды еңбектеріндегі скифтердің тарихына нақты деректер арқылы көз жеткізеді және олар жайлы осы кезге дейінгі бұрмаланған пікірлердің бәрін ретке келтіре отырып, салыстырмалы талдау жасаған ғалым еуропацентризм өкілдерін «тонмойындығы, бір-беткейлігі, ұлы мәдениеттік дертке шалдыққан ғылыми менменсу», – деп өлтіре сынайды. Ол ойлары ғұлама тарихшы Л.Н.Гумилевтің: «Батыс

Еуропа елдерінде еуропалық емес халықтарға деген асылық пікір, менменси қарау баяғыдан қалыптасқан. Кейбіреулері Венгриядан, өзгелері Карпаттан бастап есептейтін Азия даласы – тағылықтың, жабайылықтың, қатыгез ғұрып пен қатыгездіктің мекені деп саналды. Бұл көзқарастарды тарих, философия, адамгершілік пен саясат туралы жалпылама пікір қалыптастырған ХІІ-ғасырдағы ғалымдар одан әрмен шегелей түсті. Мұның ең сорақалығы сонда: бұл көзқарастың иелері Азия туралы естігендері болмаса, ештеңе білмейтін еді және естігендерінің өзі шындыққа мүлдем жанаспайтын, жалған ұғымдар еді. Алайда бұған қысылып-қымтырылған олар жоқ, бұлардың қате пікірлерін алдыңғы Азияға немесе Индияға, Қытайға саяхатқа барған француз бен неміс ғалымдары жоққа шығармады», – деген («Ежелгі Русь пен Ұлы дала») кейіс білдіретін сөздерімен расталады. Және бұл дерттің тамыры тым тереңде екендігін меңзейді.

Осы жерде тағы бір қызықты деректерге тоқталады; Л.Н.Гумилевтің анасы орыстың ұлы ақыны Анна Андреевна Ахматованың «Алтын орданың» соңғы ханы Ахметтің тұқымы, әкесі – атақты ақын Н.Гумилевтің де арғы тегі көшпелі жұрттан еді, сондықтан да ата-бабасының мүддесін қорғап жүр», – деген жалған қауесетке қалса да Л.Н.Гумилевтің ғылымға деген адалдығын айрықша атап өтуге болады. Л.Н.Гумилевтің орыс тарихына өшпес із қалдырған ұлы тұлғалары – Карамзин, Менделеев, Бекетов, Державин, Шереметов, Тургенев, Куприн, Кутузов, Достоевскийлердің түрік тұқымынан шыққанын айтса, оның қандай кінәсі бар? деген сауал тастайды. Тарихи шындыққа шымылдық құра алмасымыз анық.

Т.Жұртбаев одан әрі көне түркі тарихына қатысты тарихи тұлғалардың өмір деректері мен ерлік жорықтары жайлы жазылған ежелгі дәуір әдебиетіндегі нұсқалар мен тарихи жәдігерлерге жүгіне отырып, оларды өздерінің заңды тарихи орындарына қоюды мақсат етеді. Ол ойы нанымды тарихи мәліметтер арқылы жүзеге асқан да сияқты. Сондықтан ғалымның бұл еңбегін көне тарихымызды түгендеуге қосылған қомақты үлес деп ойлаймыз.

Расында да, қазақ халқының бай мұрасы, рухани ізденістері бүгінгі зерттеуші әдебиеттанушылардың еңбектерінде әлемдік мәдениеттің теориясы мен тарихы тұрғысынан талданып келеді. Оған түркітанушы, шығыстанушы, қазақ әдебиеттанушыларының көне

дәуір әдебиеті мен ежелгі сөз өнерлеріне, олардың талай ғасырлық тарихта таңдалып, әбден сүзгіден өткен сүбеленіп, сұрыпталған үздіктері ғана бүгінгі өркениеттің биік деңгейіне жеткен мұралары ретінде ғылыми-әдеби айналымға түсіріп, зерттеген ғалымдардың еңбектері куә. Олар әлемдік өркениеттердің жаңа тәртібін қалыптастырып, халықтың рухани бастауларын жаңа ағымдарға үйлесімді ұштастырып, мәдениеттің қайта өркендеуіне қолайлы жағдай туғызып, этно-мәдениеттің тың ерекшеліктерін анықтауға, оларды дамытып, әлемдік дамумен үндестіре зерттеу мәселесін алға қойып отыр. Әрине, бізге осындай тәуелсіз еркін ойлауымызға, ұлттық құндылықтарымызды түгендеп, халқымыздың қамын бұрынғыдай жалтақтамай, жалтармай шын мәніндегі тарихтағыдай шынайы зерттеуге бет бұруымызға кешегі кеңестік дәуірде санамызды салқылып, немқұрайдылық дертке ұшыратқан тоталитарлық сананың менталитетінен арылудың алға шарттары жасалғаны жөн. Ақиқатқа жүгінсек, кешегі кеңестік кезеңде бір орталықтан келетін (Мәскеу) отаршыл патшалық саясаттан түрі өзгергенімен мазмұны өзгермеген өркөкірек өктемдік орын алған мәдениетте де әдебиетте де шығармашылық пен жасампаздық болмағаны белгілі. Онда жалған ақпарат берушілік, жалған тұлға жасау, жалаң идеология орын алып, ұлттық идеологияның орнын коммунистік, көпшіл идеология, интернационалистік, қоғамдық, көпұлтты мүдде орын алды. Жеке адам мен халықтың тағдыры, келешегі, руханияты аяқ асты тапталып, әр ұлтқа қатысты мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, діл, дін сияқты құндылықтар жалған ақпаратпен толықтырылып, санадан сызылып, тарихтың тасасында қиянатшылықпен қалып қойды. Тек еліміз егемендікке ие болған жылдары ғана өз тарихымызды өзіміз түгендеп, оқи бастадық, тани бастадық.

Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым *Қанитай Мәдібайдың* «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқу құралында (Алматы, «Қазақ университеті». 2007. – 290 б.) да осы зар заман ақындарының шығармашылықтары ұлттық идея тақырыбы төңірегінде талданады. Сондықтан оларға кеңінен тоқталмай Қ.Мәдібайдың осы еңбегіндегі «Махамбет Өтемісұлы» және «Діни ағартушылық және Ыбырай Алтынсарин» атты тарауларына қысқаша тоқтала кетуді жөн санадық. Ұлттық рухтың өшпес жалыны атанған Исатай мен Махамбеттің тарихи тағылымдарына көбіне ақынның өз

шығармаларындағы өрлік өлеңдерін өзек ете отырып, орыс патшалығының отаршылдық саясатына, қазақ жерін ұлттық тұтастықтан тысқары етуге тырысқан опасыз айлакерлігіне деген көзқарастарын білдіреді: «Махамбет Өтемісұлының, орыс отаршылдығына қарсы қару алып азаттық күреске шыққан, ұлт бостандығын іздеген жауынгер ақынның шығармашылық мұрасы – ұлтымыздың рухани игілігі. Қазақ сөз өнерінің «алынбас» көркемдік қамалы М.Өтемісұлының аты әдебиет тарихында әріден аталып келе жатыр. XIX ғасырдағы Исатай Тайманұлы – Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы, көтеріліс тағдыры – Махамбет поэзиясының негізгі арқауы». Қазақ әдебиетінде ұлттық рухты өлең өрнегімен бейнелеп, ұлт сезімін, рухын тәрбиелеуге тигізген әсері мол Махамбет жырларын, ондағы көркемдік-эстетикалық ізденістерді, тілдік ерекшеліктерді зерттеуші жан-жақты талдайды. Махамбеттанушы, көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтің зерттеулеріне сүйене отырып, өзінің ғылыми ойларын дамытқан ғалым: «Махамбет поэзиясы – көп тұспал, көп айшыққа көміліп барып нақтылықты сол қалпында жеткізудің, бұрын-соңды болмаған күйде ашудың, өзгеше тәсілдің, «орай да борай қар жауған» күнгі сұмдық әсердің тілі. Оның өлеңі – қазақ халқының сөз өнеріндегі шексіз мүмкіндігін, көреген көккірек көзін, асылдай таза жанын, өзгеше ар-намысын, биік рухын сөйлеткен ғажайып тіл», – деп ақын поэзиясының көркемдік эстетикалық құндылықтарын айқындап береді /108 б./.

Ерлік пен жауынгерлік стильде жазылған отты жырлардан елге, отанға деген сүйіспеншілік аңқып, ұлттық мүдде мен мұңдалап тұрғандығын ғалым ескерусіз қалдырмайды.

Филология ғылымдарының докторы Қ.Мәдібайдың «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқу құралындағы «3.3. Абай ақындығы. Жазба әдебиет жанрлары» атты тараушасында XIX ғасырдағы рухани жаңалық – жазба әдебиет жанрларының жандана бастауы, ондағы көркемдік құбылыстар жөнінде арнайы зерттеу жүргізген Қ.Өмірәлиевтің ауызша мен жазбаша әдебиеттің айырмашылықтарын жіктей отырып, поэзия тілінің өзегі ежелгі әдебиетте жатқандығын батыл көтере білгендігін айтады. Ғалымның: «...Міне, VIII ғасырда осыған қарайлас кезеңде түрік халқында тұрмыс-салт жырлары, айтыс дәстүрі, жоқтау өлең айту салты жеке индивид ақындар, олар шығарған ерлік-азаматтық, өсиет өлеңдер болуын

мойындау ғана. «Күлтегің» сипаттас ескерткіштерді «поэзия деп тануға әкеледі», деген сөзіне сүйене отырып, оның М.Қашқари жинағындағы табиғат, тұрмыс-салт, ерлік-жорық, өсиет-үгіт үлгілерінің ХІІІ ғасырда хатқа түскен жоқтау өлеңдер, мақтау, терме толғау, тұрмыстық поэзия, азаматтық поэзия сияқты жазба әдебиет жанрларына жататынын айтады. Қ.Өмірәлиевтің өлеңтануға енгізген жаналықтарының әлі күнге дейін мойындалмай жүргеніне кынжылыс білдіре отырып, «Құлмат Өмірәлиев – қазақ әдебиетінің теориялық тарихын жасауға өзіндік үлесін қосқан ғалым. Ол қазақтың дидактикалық мазмұнындағы терме, терме-толғау өлеңнің арғы тегі Х-ХІ ғасыр поэзиясындағы а/ә/б./э түріндегі ұйқасқа құрылған дидактикалық мазмұндағы төрт жолды тұрақты шумақты өлең дейді», – деп жоғары баға береді.

Қ.Өмірәлиевтің «Тоқтамыстың толғауы», «Сыпыра жыраудың толғауы», «Жамбай сөзі», «Едіге сөзі» жырларындағы ел қорғау, халық қамын жеу, сырт жаудан қорғау сынды ұлттық идеяға қатысты ойларын талдай отырып, ол жырлардағы отаншылдық сезімнің кейінгі жыраулар поэзиясында қалай дамытылғаны жөніндегі қисынды пікірлеріне тоқталады.

Ұлттық идеология, ұлттық тұлға категориялары зерттелмей, олар жайлы мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық бағдарлама жасалып, кең мағынадағы жұмыс жүрмей іс алға баспасы белгілі. Сондықтан да болар қазір қазақ әдебиеттанушылары осы ұлт мүддесіне мүлтіксіз еңбек еткен тарихи тұлғалардың тарихтағы заңды орындарын айқындап, олардың рухани құндылыққа қосқан үлестерін тәуелсіз сана, ішкі рухани еркіндік тұрғысынан қайта қарап, саяси сұлбасын сыпырып тастап, таза тарихи-көркемдік құндылықтары жағынан зерттей бастады.

Әдебиетші ғалым *Өмірхан Әбдіманұлының* «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» (Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.) атты еңбегінде ХХ ғасыр басындағы әдебиет негізге алынғанымен оның бастау көздеріне баса назар аударылған. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның дәстүрлік арналары ежелгі дәуірдегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы зар заман әдебиеті, Махамбет толғаулары, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Абай поэзиясын қалыптастыру арқылы нақтылаған. Зерттеуші ұлт-азаттық

идеяның қазақ әдебиетіндегі көрінісін дәстүр, тарихи негіз, даму бағыттары, көркемдік мәні мен қызметі, жаңашылдық сипаты тұрғысынан жан-жақты ашқан.

Монографияның теориялық және практикалық құндылығы – XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық әдебиетті терең зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымын дамытуға жаңа өріс алып келуі. Ғалымның қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяны біртұтас көркемдік жүйеде қарастыруға байланысты жасаған түйінді тұжырымдары қазіргі кезеңдегі XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетті ғылыми жүйелеудің басты бағдарына айналуы тиіс», – делінген кітап аннотациясында.

«Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяны жырлаудың дәстүрлік арналары», «XX ғасыр бас кезіндегі тарихи жағдайлар және әдебиеттің ұлттық сананы оятудағы қызметі», «Ұлт-азаттық идеяның ұлт-азатшыл әдебиеттегі жаңашыл сипаты», «Ұлт-азаттық идея – XX ғасыр басындағы көлемді көркем туындылар арқауы» атты ірі төрт тарауда таратылып айтылған ұлт-азаттық идеяның қазақ әдебиетіндегі көрінісі жан-жақты зерделеніп, терең зерттелген.

Бірінші тараудың «1. Ұлттық рух жырлануының ұлы дәстүрі» атты алғы сөзінде автор: «Сонау ықылым заманнан бергі әдебиеттің халықтың рухын көтерер сөз құдіретінің бір арнасы бірлік, азатшылдық ұғымдармен астасып жатады. Сол ұғымдар арқылы қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяны жырлаудың негізі қаланды. Олар өз уақытында жырланып қана қоймай дәстүр ретінде өзіндік ізін, сара жолын қалдырып отырды», – деп ұлт әдебиетіндегі ұлттық идеяның тамыр тарихына кеңінен тоқталады. Поэтикалық қуаты жоғары жырлардың көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категориялары негізінде әр кезең сайын тақырып пен сарын, ой мен идея тұрғысынан дамып, мазмұндық, тілдік, пішіндік тың өрнектерге ие болатынына зерттеуші кәсіби маман ретіндегі көзқарасын білдіреді.

Ал, «1.1 Азатшыл жыр – ұлттық рухтың асыл арнасы» атты тараушасында «Орхон-Енисей» жазба ескерткішіндегі ұлттық рухтың, азаттықты аңсаған көшпенді жұрттың жасампаз еркіндігінің ұрпақтан-ұрпаққа ана сүтімен дарып, қанмен тарайтын тақырыптың мәңгілігі: «Төбеңнен тәңірі баспаса, Астыңнан жер айрылмаса, Түркі халқы ел-жұртыңды кім қорлайды?» деген даналықта, ешкімге еңкеймейтін тәуелсіз тәкаппар табиғаты мен күрескерлік ерлікте

жатқандығын дәріптейді. Ежелгі жырлардағы ел рухының құдіреті сан ғасырлар өтсе де халық жадында сақталып, талай ұрпақты ерлікке, егеменді ел иесіне баулығанын көркем мәтіндегі өршілдік рухпен сабақтастыра зерделейді. Осы орайда ғалым: «Көп ғасырлар кейінгі азаттыққа ұмтылған өршіл үнді, ұранды жырлардың ұлы сарыны содан бастау тартып, жаңғырып, жаңарып жатқаны еш күмәнсіз», – дейді /6 б./.

Шынында да тарихтың шыңырау тереңінде жатса да шып-шымыр ой, шынайы сезім сыйлайтын ескі жәдігерге назар салып көрелік:

...Қаптап жатқан қалың жау

Шыбын жаннан түңілген,

Дырдай болып келгенмен,

Бордай болып үгілген, –

деп «Күлтегіндегі» алдындағы жауларын айбарымен ықтырған Естеми мен Бумынның ерлігі жайлы дастанның өлең құрылымындағы ұйқас құру шеберліктерін, мақал-мәтел мәндес мағыналы сөз тіркестеріндегі ерекшеліктерді де кәсіби білгірлікпен зерделейді. Ақын Қ.Мырзалиевтің еркін аудармасындағы жырлар дәл бүгінгідей көркемдігі бүтін, рухы жасампаз.

Ол кара тасқа ойылып, қашалып тұрып жазылған ерлік жырлардың Орхон ескерткіштерінің өзі ерлік, ежелгі дәуір батырларының ісін ұрпаққа қалдырып, сол арқылы сан ұрпақты елін сүюге баулуды басты мұрат тұтқандықтан тасқа қашалып, тарихта қалдырылды. Ауызша айтылып, талай ұрпаққа таралған бұл жырлардың кейінгі әдеби көркем шығармалардың сөздік қоры бай, тіл өрнектерінің құнарлы болуына да өзіндік әсер еткені мәлім. Оснау көне әдеби мұраларымыздың көркем әдебиет мазмұнын байытып, кәсіби шеберлікті шыңдауға, батырлар жырларының озық үлгілерінің тууына дәнекер болғаны жөнінде зерттеушінің өз пайымдаулары бар: «Ал, идея негізі – елдік намыс. Осынау намыстан жаралған ұлы идея – халық, ұлт атты қоғамдастықтың қиналғанда медет тұтар қуат күші. Ол елді ерлікке бастап, теңдікке, теңдік елді елдікке жеткізеді», – деп түйін түйеді зерттеуші /7 б./

«Тақыр жерде шөп шықпайды», – деген М.Әуезов даналығы азаттық идеясының ғасырлар бойы өз ғибратын ұрпақ санасына сөз өнері арқылы ұялатқанын дәлелдейді. Ғалым жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік, ерлік сарындарын да арнайы

қарастырады. Жалпы ұлттық руханиятта бұл ұғымның жеке түсінік ретінде қазақ тарихына енуіне Алаш зиялыларының еңбектері әсер еткені белгілі. Орхон ескерткіштеріндегі ұлт-азаттық идеясының қазақ әдебиеті тарихындағы орны жөнінде зерттеуші осы сала мамандары Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиевтердің пікірлерімен ой жарыстырды.

Зерттеуші қазақ хандығы құрылған XV ғасырдың ортасынан бастап «Хандық дәуір әдебиеті» дами бастағанын, олардың көшбасында жыраулар толғаулары тұрғанын сөз етеді. Асан қайғы бастаған жыраулар шоғырының шығармашылығына: «Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға сергіліс әкеліп, туған ел, туған жер сағынышын ұран ғып көтере, ел намысына от жанар бұл толғаулар – ұлт болып ұйысудың қатығына айналған жырлар», – деп баға береді.

«Ай хан, мен айтпасам білмейсің.

Айтқаныма көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің», –

деп дана жыраудың Өз-Жәнібек ханға өсиет айтуы арқылы ел қамын ойлаған тарихи тұлғаның орнын анықтап, бұл дәстүрдің кейін Бұқар жыраумен жалғасқанына баға береді. Ендеше мұнда әр жыраудың, оның тасасында әр халықтың, ұлттың, ел бірлігі хақындағы арманы тұр. Азаттық, ел тәуелсіздігі, рухани еркіндік XVIII ғасыр әдебиет өкілдерінің жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың толғаулары ерліктің, өр ұлттық рухтың бастау бұлағы болды. Оны мына өлең жолдары дәлелдейді:

«Кеуде бір жерді жол қылсам,

Шөлең бір жерді көл қылсам.

Құрап жанды көп жиып,

Өз алдына ел қылсам!» /13 б./

Жырау толғауларының алтын арқауына айналған ұлт азаттық идея, ел тәуелсіздігі тақырыптарын әр жыраудың толғау мәнері мен бейнелеу стилі, олардың тақырыпты жырлаудағы өзіндік шеберлік ерекшеліктері жайлы да сөз қозғайды: «Ақтамберді өзі батыр, өзі жырау болғандықтан жауға қарсы жорықтарда ер намысын жаныған жорық жыршысы болса, Бұқар хан кеңесшісі, хан ақылшысы бола

жүріп, ел еркіндігін өзек еткен толғауларын ақыл мен даналыққа толтыра алған данагөй жырау. Ерлік пен батырлықтың, ақылгөйлік пен даналықтың бірін-бірі толтырар осынау қос арнасы – қазақ поэзиясындағы азатшылдықтың кейінгі арынды ағысының бастау бұлағы», – деп жоғары бағасын береді /19 б./.

Ақтамберді жыраудың «Күлдір, күлдір кісінетіп», «Балпаң, балпаң кім баспас» деген толғауларына жеке-жеке талдау жасаған ғалым: «Келісті көркем бейнелеу көз алдымызға еш қиындықтан қашпайтын, жауды көрсе арсалаңдай атылар айбынды да айбарлы батырды әкелмей ме? Ал батырлыққа тұлға мен бір жүрек те керек?», – деп шығарманың көркемдігін анықтайды.

Оның толғауларына тақырып болған ұлт-азаттық идеясы әр жыр жолдарынан табылып, ел мен ер тұлғасы көркемдік тұтастықпен бірлік табатынына әр шығармасын оқыған сайын көз жеткізе түсеміз.

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап...

Немесе:

Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан қайтейін!
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Ризамын, Құдайым! –

дегенде ақын 90-ға келсе де жорықта неге өлмедім деп ел мүддесін ойлап жатқанының куәсі боламыз. Өзі батыр, өзі ақын, өзі көсем жыраудың арманы, әрине, асқақ.

Қазақ халқының мол сақталған әдеби мұрасы – поэзиясы, әсіресе жыраулар мен ақындар жыры. Сан ғасыр сынынан өтіп, халық көкірегінде жатталып, біздің дәуірімізге жеткен сұңғыла сөз зергерлері – XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, Жиамбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал сияқты ақын, жыраулар ежелгі дәуір әдебиетінің, түркі тектес халықтардың ортақ мұраларынан тәлім алған мұралар.

Акын-жыршылар – ұлттық құндылықтарды жасаушы, сақтаушы, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Өйткені, ежелден еркіндік аңсаған ұлттық ерекшелігіміз сол көне Тұран дәуірінен келе жатыр. Ежелгі Сақ, Ғұн, Ежелгі Үйсін, Қаңлы дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың бізге жеткізген көркем дүниелері арқылы әдет-ғұрыптар жинағы, елдігіміздің, ұлттығымыздың негізгі ұстанымдары, ұлттық идеяларымыз қалыптасқан. Қисса-дастандарымыз, халық ауыз әдебиеті, ежелгі әдебиет, біздің рухани мұрамыз.

Олардың ішінде қазақ әдебиетінде ерекше өзіндік орны бар шығармашыл тұлға – Бұқар жырау. Зерттеуші сондықтан да бір тараушасын «1.3 Бұқар жырау» деп атап, оның отты жырларындағы ұлттық идея мәселесін арнайы қарастырыпты. Қашанда ел бірлігін, жер бүтіндігін аңсайтын қазақ жұрты үшін де, Бұқар үшін де ең басты мақсат, оның толғауларындағы басты сарын, басты тақырып – ел бірлігі. Ал, ел бірлігі оны басқарған ханға тікелей байланысты екендігі тағы аян. Сондықтан да қарт жырау ел мен хан бірлігін біртұтас ұғым ретінде қарастырады.

«...Өкпенменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басыңа мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағын ба», –

деген жыр жолдарында Абылай ханға кеңес бере отырып, елді қорғау идеясын мұрат тұтады. Осы орайда ғалым: «Бұқар жырау – ақындығымен бірге сұңғыла саясаткер, көреген қайраткер. Оның өлең-жырларында осы екі қасиет бір-бірімен біте қайнаса көрініс тапқан. Ел тұтқасын ұстаған Абылай айлакер болса, Бұқар көреген» деп екі тұлғаға мінездеме береді /20 б./.

Ханды бағалай отырып, оның қалын жұртқа жасар жақсылығын да көргенділікпен көрсетіп, бағыт беретін батагөй жыраудың:

Жазықсыз елді күйдірме,
Қанішер гартсын жазасын.
Ел шаруасын бүлдірме,
Қайтарар бір азасын,
Хан ордасын талқанда,
Ер екен деп қарасын,

Қатыгез жауды шауып ал,

Ел екен деп санасын», –

деп дұрыс кеңес беруі ерліктің ел шабу емес, ел азаттығын қорғау екендігін ескертуі.

«2. XIX ғасыр әдебиетіндегі ұлттық рух көрінісі» деген тарау 5 тараушадан тұрады. «Дулат Бабатайұлы», «Шортанбай Қанайұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Мұрат Мөңкеұлы», «Шәкәрім Құдайбердіұлы» шығармаларында ұлттық идеяның оқырманға ой салар мақсаты көзделген.

«Ұлттық рухты сөз өнерінің өзегіне айналдырудың алғашқы белгілері, бастау арналары ежелгі әдебиеттегі ерлік жырлары, жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік жырда жатқандығы талассыз жайт. Ол өзінің жалғасын зар заман ақындары шығармашылығындағы ой-толғаныстардан, Махамбеттің күреске үндеген азатшыл ұранды толғауларынан тапты. XIX ғасыр әдебиеті ұлттық рухты шығармашылық болмыстың басты ұстанымына айналдырудың дәстүрлік арнасы болып табылады», – деп өткен тарауын қорыта келіп, келесі тарауында қарастырылатын жайттарға ғылыми сипаттама береді.

М.Әуезов айқындап берген «зар заман» ақындарының көшбасы болған Дулат Бабатайұлының шығармашылығы мұнда тарихпен тұтаса сөз болады. Шортанбайдың «Зар заман» өлеңінен өріс алып, арнайы ағымға айналған дәуір өкілдерінің әдебиеттегі орнын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеген Бауыржан Омаровтың «Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика» (Алматы: «Білім», 2000. – 368 б.) деген еңбегінде зар заман ақындарының шығармашылығы дәуір құбылыстарымен байланыстырыла талданса, Ө.Әбдіманұлы тек ұлттық идеяның жырлануы тұрғысынан қарастырады. Зерттеуші зар заман әдебиеті қалай туды, оның өкілдерінің өлеңдеріндегі ұлт-азаттық идеясы неден туындады, қалай өріс алды, қандай көркемдік құбылыстар әсер етті деген сауалдар төңірегінде толғанады: «Әрине, түгел дәуірді бір ағымның аясында қарау әділетсіздік болар еді. Зар заман жалпы дәуір сипаты, халық бастан кешкен кезеңнің бейнелі атауы, ал әдеби ағым ретінде ол қазақ әдебиетіндегі бір арнаны танытады. Ол ғасырлардан-ғасырларға жалғасын тапқан қазақ әдебиетіндегі рухани сілкініс азатшыл сарынның бір сипаты ретінде қарастыру керек» /26 б./.

«Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса», –

деген сөздері ақынның шығармашылық тұлғасын айқындай түскен. Ө.Әбдіманұлы ақынның бірнеше өлендерінде ұлттық идеяның көрініс тапқанына көңіл аударып, олардың көркемдік дәрежесіне де мән береді. Әрбір сөзді қолданудағы ақынның шеберлігі, оны терең оймен қиыстырудағы дарындық қабілеті де назардан тыс қалмайды. Әсіресе, ақынның отаншылдық рухты көкसेген отты жолдарына тоқтала отырып, оның сан ұрпақты тәрбиелер мәнін ашады.

Атам қонған кең далам!
Мені сендей қызғанар
Баурыңда өскен қай балаң!
Көл қорыған қызғыштай
Сен десе салам бай-балам...
Өксігінді ойласам –

Ұйқыңды беріп, қайғы алам..., –

деп келетін ақын толғауларының түпкі тақырыбы – ел еркіндігі, ой азаттығы. Тілші ғалым Қ.Өмірәлиевтің «Дулат – отаршылдық езгіге түскен халықтың ұлттық ар-ожданы» деген пікірімен үндескен зерттеушінің пайымдаулары да осы ойды дамытып: «Дулат – ұлттық сананы оятуға ұмтылған, елдікті жырлап, бірлікті толғаған, ерлікті айтып, отаршылдықты сынаған, өз ұғынғанын ұлт санасына ұялатуға ұмтылған ұлттық рухтың ұлы жыршысы. Ол бостандық келер күнді шығар күндей аңсаған, азаттықтың бозала таңының қазақтың боз даласына нұр құяр сәтіне сеніммен қараған тәуелсіздік сарынның, ұлттық рухтың ұлы ақыны», – деп тұжырым жасайды /38 б./.

Қазақ әдебиеті тарихында «зар заман» кезеңінің туына себеп болған Шортанбай Қанайұлының:

«Зар заман, зар заман»,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы – бисміллә,
Біз айталық,
Сіз тыңда...
Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,

Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі;
Жаксы-жаннан түңілген», –

деп төгіле жөнелген жыр жолдарынан сол кезеңнің келеңсіз көріністері елес береді. Сол заманның мұң-зарын ұқтырған бұл жырлар жақсы мен жаманды айыруға да айрықша көңіл бөлген.

Шортанбайдың өз замандас ақындарынан өзгешелігі діни тақырыпқа арнайы біліммен барып, Ресейдің бізге енгізбек болған діни саясатындағы астарлы әрекетті көрегенділікпен байқағаны және оның Бұқардан оқыған діни ілімі адастыруға, жол бермеуі болды. Халықты соған үндеді. Діни тазалыққа, дәстүрлі мұсылман қауымына тән шариятты тануға үлес қосты. Осы орайда көрнекті ғалым Т.Кәкішев: « Шортанбай... зар заманның зор да адуынды ақыны, гөй-гөйді мейлінше шегіне жеткізе, шындық деңгейінде айттып, зарлап кеткен қоғам қайраткері, ірі идеолог. Онда діндарлық та бар, отаршылдыққа қарсылық та бар», – деп жоғары бағасын береді.

Мына дүниеде орын алған надандық пен арамдық, жауыздық пен қатыгездік, залымдық пен қулықты тудыратын да, адам жанының рух тазалығының алтын кілті болып табылатын діннің жүрекке қонақтауы керектігіне көңіл бөлген ақын шығармаларының өткірлігі де мәні де осында жатыр. Жан жарығы иман екендігіне елдің көзін жеткізгісі келген ақынның заман зары дейтіні де осы мәселелер төңірегінен өрбиді. Оқып көрелік:

«Адамның жалған дүниесі,
Дүние жолдас қимасы,
Дүние жолдас демендер,
Кеп болар оның күнәсі...» –

деп келетін жыр жолдары адамның ниеті түзу, ойы адал болса ел тәуелсіздігіне, еркіндігіне де ие болары хақ.

«Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтік қайғысын дін бояуымен бояп айтқан осы Шортанбай» деген М.Әуезовтің сөзіне сүйенсек, шынында да ұлт-азаттық жырдың оның толғауларында тұнып тұрғанының куәсі боласыз. 3000 жолдай өлең-толғауы бар ақынның поэзиясы ұлт-азаттық идеяны жырлау да өз міндетін мінсіз атқарған.

«Махамбет Өтемісұлының» қазақ әдебиетіндегі тарихи орны

оның өршіл рухтың ерен үлгісін тудырған жырлары арқылы анықталғаны белгілі. Мектептегі баладан бабаға дейін оның «Мен, мен едім, мен Нарында жүргенде еніреп жүрген ер едім» атты атақты жыр жолдарын жатқа білмейтін қазақ жоқ десек қателеспейміз. Ол жөнінде зерттеуші: «Біздіңше, Махамбет поэзиясының өнер символына айналар қасиеті оның толғауларындағы от-жалынды рухта жатыр. Әр толғауы қазақ деген халықтың күресшіл рухының құрыштай мұқалмас беріктігін танытып, атойлап тұрған асқак жыр – бүкіл бір дәуірдің ыза-кегін бойына жинап айбат шегіп тұрғандай», – дейді /54 б./. Шынында да Махамбет жырларының алдындағы ақындардан айырмашылығының өзі осы, ұлт-азаттық идеяның жаңаша өріс алуы ой мен оқиғаны нақты өмірден алып, өжеттікпен өлең өрген өзі ақын, өзі батыр, өзі көсем жанның бейнесін сомдауымен соны. Отты жырларымен күрескер ақын бейнесін кәсіби шеберлікпен жоғары көркемдік деңгейде сомдаған ақын. Махамбет жырларында бір-бірімен үзеңгілес, үндес үш тақырып – ел, жер, ер мәселесі үнемі үндестікте дамытылып отырады. Теңдік пен тәуелсіздікті ту еткен туындылары арқылы ұлттық рух жырының жампозы атанған ақын қазақ әдебиетіне алғашқылардың бірі болып, отаршылдықтың зардабын тартқан қасірет тақырыбын, бай-болыстың сатқындық образдарын әкелген.

Махамбет отты жырлары мен өжет рухты өлеңдерімен қалың тобыр халықтың санасын оятып, жігерін жани білді. Оларды қорлыққа қарсы күресе білуге, өз тәуелсіздігін талап етуге талпындырды. Ұлт-азаттық көтеріліс жасауға, өз еркіндігіне ие болуға баулыды.

«Жүйрік аттың белгісі,

Тұрады құйрық жалында-ай,

Айтып-айтпай немене,

Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай!, –

деп халықтың ұлы құдірет екендігін ескертеді.

Зерттеуші осы орайда: «Махамбет толғауларындағы халық, ел-жұрт ұғымының жеке бас тағдырынан жоғары қойылуы ақын көздеген ұлы мақсаттардың ауқымдылығын танытса керек. Ол – азаттық алауын мәңгілікке жаққан күрескер, ұлттың тұтас бейнесі, түп образы болып көрінеді», – дейді.

Ақын жырларында айрықша символға айналған екі бейне – Иса-

тай мен Махамбет осы отты жырлар негізінде сомдалып ерекшеленген бейнелер. Бұл екеуі де қазақ әдебиеті үшін жаңа типтегі күрескерлер де кесек кейіпкерлер. Мәселен, Махамбеттің 20-ға жуық толғауларындағы, әсіресе «Исатай деген ағам бар», «Әй, Махамбет, жолдасым», «Соғыс», «Мінкен ер», «Есіл ер», «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай» жырларында Исатай бейнесі әр қырынан жырланып, типтік образ дәрежесіне жеткен. Ақынның образ сомдау шеберлігінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі жөнінде көрнекті ғалым Қ.Жұмалиев: «XIX ғасырдың бірінші жарымын қамтитын әдебиет тарихында адам образын, батырдың образын жасауда өзіне шейінгі халықтың әдебиетінің табыстарын меңгеруші де, олардың кемшілігін қайталамай, шын мәніндегі реалистік образ жасаушы бірінші ақын да Махамбет болды», – дейді /62 б./

Ақынның атақты өлеңі «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде»:

«Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас!»

деген жолдарда елін сатып, шен алған опасыз озбыр бай-сұлтандарда деген ашу-ыза айқын бейнеленген. Елді ерлікке бастар осындай отты да ойлы жырлар әдебиетте Махамбет жырлары арқылы ұлттық рухтың күдіретін аспандатқаны ақиқат.

«Мұрат Мөңкеұлы» жөнінде оның алғашқы зерттеушісі Халел Досмұхамедұлы: «Мұраттың заманы – бостандық үшін шегескен ердің бәрі жер тіреген заман» болғандықтан, ақын көбінде туған жерін жаудан қорғау тақырыбын өлеңіне өзек етті. Мұрат жеке толғаулар мен қатар, «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қарасай Қазы» атты толғау поэмалары мен айтыстардың авторы. Зерттеуші оның осы үш қырын жан-жақты талдай келіп, шығармалырындағы ұлттық идеяның көріністеріне, оның бейнелену көркемдігіне көп көңіл бөледі.

Қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі құбылыс болған «Шәкәрім Құдайбердіұлы» ұлттық рухты асқақтата жырлаған ақын. Шығыс, батыс, қазақ әдебиетін жете білген, түркі халықтарының тарихын терең зерттеген, мұсылмандық ілім-білімді еркін меңгерген ақынның жырларына ойлылық, тереңдік, аса шеберлікпен кестеленген көркемдік тән. Оның терең философиялық ойлары көбінде:

Кім жалғыз, дүниеде есті жалғыз,
Болмаған соң мұндасар бір сынары,
Жалтақтап жалғыз Абай өткен жоқ па?!

Табылды ма қазақтан соның пары?», –

дегендей ағартушылық ой-сананың, азаттық ой-толғаныстың төңірегінде өрбіп, ұлттық мүддеге өзіндік өрнегін сала білді. Шәкәрім поэмалары да еңбекте жан-жақты талданады.

«3. ХХ ғасыр әдебиетінде ұлттық рухтың көркем бейнеленуі» атты тарау «Ахмет Байтұрсынұлы», «Міржақып Дулатов», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Мағжан Жұмабаев», «Жүсіпбек Аймауытов» деген тараушалардан тұрады.

Бұл кезеңде ұлттық идеяның үлкен категорияға айналып, жаңа түсініктің табиғаты айқындалғаны ақиқат. Бұған зерттеуші де кеңірек тоқталады. ХХ ғасырдың басындағы өз шығармаларында бостандық, теңдік, азаттық идеяларын алға қойды, ұлттық сананы оятуды, күрескерлік рухты көтеруді басты мақсат тұтты. Олар қайшылықты емес, ұлттық бірлікті жырлап, ұлт тұтастығын сақтауды көздеді. Соның нәтижесінде ұлттық рухы көркем әдебиетте кеңінен көрініс тапты.

Ұлттық сананы жаңа өріске бағыттаған ұлт зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды. «Ол ХХ ғасыр басындағы қазақ сөз өнеріндегі ұлттың биік рухынан нәр алған жаңа сарын жолын ұсынды. Оның осынау күрес жолындағы ел санасын оятар, жұрт жүрегіне ой салар ең әсерлі қаруы – әрбір қазақ оқырманының жанына жылу болып енген жалынды жырлары мен өткір ойлы мақалалары болды», – дейді зерттеуші /110 б./.

Ағартушы-ұстаз, аудармашы, көшелі сөздің көшін бастаған көсемсөзші, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалымның, ұлттық идеяны мұрат тұтқан еңбектері – 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» және 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» өлеңдер жинағының аудармасы.

«Қырық мысал» И.А.Крыловтың мысалдары болғанмен ақын қазақ өміріне қатысты сол дәуірдің дертті мәселелерін өзінің төл туындыларына тақырып ете білді. Мұндағы мақсатын ғалым екі мүдде тұрғысынан қарастырады. Біріншісі – «калық ұйқысынан» ояна қоймаған қазаққа ой тастап, білімге ұмтылдыру, екіншісі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді тануға, рухани еркіндікке үндеу.

М.Әуезовтің: «Қырық мысал» калың қазақ жұртының алғаш естіген төңкеріс рухындағы сөзі еді», – деуі тегін емес.

«Ел бостандығын аңсаған, оған қол жеткізудің жолын іздеген Ахмет үшін Крылов мысалдарын аудару таптырмас тәсіл еді. Қазақтың қалың қайғыдан арылуына тек білім алып, тәуелсіздігін талап ете алатынын ұққан ұлы ұстаз А.Байтұрсынов өз поэзиясын соған қару ретінде жұмсады. Сөйтіп, ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде ұлт-азатшыл бағытты бастаған поэзиясында аударма арқылы насихаттаған ойларын айқындай түсті. Өршіл де төңкерісшіл сарындағы жалынды жырлар туғызды. Сөйтіп, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың бастауы іспетті «Маса» жинағы 1911 жылы дүниеге келді. Ол – Ахметтің ақындық атағын кеңінен жайып, өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған туынды» /120 б./. А.Байтұрсынов шығармашылығындағы ұлттық рух оның саяси бостандыққа жетуді аңсауынан, қазақ халқын орыс патшасы езгісінен азат етіп, отаршылдық бұғаудан құтқару, қазақ ұлтының өзін-өзі басқаруына қол жеткізуді аңсаған арманынан, соған бар даусымен үн қосуынан көрінеді.

Қазағым-елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып...», –

деген өлең жолдарында ақынның бүкіл ұлттық идеяны қозғаған озық ойлары тұр.

«Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең құдіреті арқылы халыққа ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан да қазақ поэзиясында Ахаң салған жаңа бағыт – ұлттық бірлік пен ұлттық азаттықты жырлау. Бостандықтың биігіне алып шығар жолды көрсетіп, жөн сілтеу. Ахметке дейінгі ақындар да өз халқының қайғы-қасіретін сезініп, жаны езіле жырлағанымен, құтқарудың жолын айта алмады. Ал Ахмет көрер көзге, сезер жүрекке мұны меңзеп қана қоймай, нысана етіп қоя білді. Мұның басты себебін академик С.Қирабаев: «Олардың (А.Байтұрсынов, М.Дулатов. – Ө.Ә.) бүкілресейлік дамудың жаңа бір кезеңі туғанын дұрыс танып, соның ынғайымен қазақ қоғамын қозғалысқа келтірудің жолын іздеуінен», – деп біледі.

Ахмет поэзиясындағы ағартушылық – оянуға, ояну – қасіреттің сырын білуге, бас кінәліні сезінуге, сезіну – бостандыққа жол ашар бұлқынысқа жетелегенін ғалым мәтіндегі ұтымды мысалдармен ұғындырады.

XX ғасыр басындағы қазақ даласында болған саяси өзгерістер мен қоғамдық-әлеуметтік жағдай Алаш зиялылары бастаған оқыған азаматтардың белсенділігінің нәтижесінде ұлттық идеяның кеңінен насихатталуы қолға алынды. Әсіресе, әдебиетке тұңғыш туындысымен «Оян, қазақ!» деп ұрандата келген Міржақып Дулатовтың отаншыл отты жырлары әрбір қазақтың ұранына айналғаны ақиқат. Қазақ поэзиясына өткір сөз, ойлы пікір, өршіл сарын, асқақ рух әкелген оның жырлары күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты,

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты, –

деген төрт жолда сол кездегі қазақ қоғамында орын алған олқылықтар, кер жалқаулық, сауатсыздықтың салдарынан қолдағы бар қазынамыздан арылып жатқанымыз, таза мұсылмандық дін кетіп, имандылықтың кемшін түсуі секілді көптеген кемшіліктеріміз бейнеленген. Небәрі төрт жолда бүкіл қазақтың тағдыры тұр. Ақынның арманы, ұлттық мақсат-мүдде тұр. Ақынның азаматтық тұлғасы айқындалған төрт жолдағы ұлттық рух халықтық қасіреттің ашынған үні екендігі сөзсіз. «Қазақ халқының бұрынғы һәм бұ күнгі халы» деп аталатын өлеңінде ақын өзін халық өкілі ретінде алып сөйлейді.

«Міржақып, неге отырсын қалам тартпай,

Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.

Шаманды қадари хал көрсетсеңші,

Байғұс-ау, оянсаншы қарап жатпай.

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,

Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап.

Адасқан ағайынға басшы болып,

Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ».

Аз сауаттылардың санатындағы ақын, оның замандас әріптестері XX ғасыр басындағы барлық саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәселелердің басы мен қасында болып, сол жолда табанды әрі жан-

жақты еңбек еткендері тарихтан мәлім. Барлық мамандық бойынша әліппеден бастап, оқулықтар, түрлі әдістемелік құралдар, зерттеулер жазуды қолға алды. Сол кезеңнің талабы бойынша олар әмбебап ғалым, мамандар болып қалыптасуға мәжбүр болды. Жер-жерде түрлі деңгейдегі мектептер ашып, қазақты қараңғылықтан құтқару. Міржақыптың «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға» деген өлеңі тап осы Алаш зиялыларына арналған.

«Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып, халқың үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорлы қалдырмасқа,
Бәйгеге ұлы дүбір жарысқанын.
...Шешен тіл, парасаттың саясында,
Ететін талмай қызмет, данышпаным,
Атқан оқ, сермеген қол ката кетпей,
Түскей-ді табаныңа бар дұшпаның...» –

деген М.Дулатовтың бұл жыр шумақтары ақынның шығармашылық табиғатын танытады. Оны зерттеуші былай түсіндіреді: «Өйткені оның бүкіл шығармашылық болмысының өрісі азатшыл оймен, ұлт-азаттық қозғалыспен біте қайнасып кеткен. Оның өлеңдерінде саяси үн өзге мәселеден басымдау түсіп жатады. ...Оның шығармашылығындағы өнер-білімге үндеу, әлеуметтік теңсіздікті жырлау саяси көзқараспен желілесе отырып шешімін тапқан. Ақын шығармашылығының ерекшелігі де осы» /128 б./

Алашқы өлең жолдарынан-ақ азаматтық кредосын айқындап алған ақынның отаншылдығы ешкімге ұқсамайтын ерекше сезім «Арманым» деген өлеңінде:

Аяусыз жаным, мен құрбан лағын,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
Сені көркейді деп естісе құлағым, –

деп құрбандықтың озық үлгісін көрсетеді. Ойындағы мақсат жүрегіндегі жалынмен үндескен ақынның жырларында соған сай тегеурінді тіркестер, отты да ойлы сөздер, жалынға, махаббатқа толы сұлу сезімдерден туған бейнелі образдар мен көркем кестелер, сұлу суреттер орын алған. Олардың бәрі де осы күнге дейінгі қазақ поэзиясында болмаған болмысы бөтен бедерлер, соны сурет-

тер, окшау ойлар, табиғаты мен тілегі тұтасқан көркемдік кеңістік, өзгеше өрнек алған өлең өрімдері.

М.Дулатовтың «Алашқа» деген өлеңі – сұрақ-арнау үлгісіндегі ұзақ толғау 1916 жылғы қазақ бастан кешкен ауыр тағдырдың ауырпалығын, тарихын сұрақ-жауап түрінде бере отырып, кейіпкердің ішкі арпалысын, халықтың мұң-шерін шумақтағы шөкімдей отты ойлармен ойып береді. М.Дулатовтай терең білімді, кеменгер ойлы, сөз өнерін шебер меңгерген айтулы ақынның отаншылдық сезімге бай отты жырлары қазақ поэзиясын осынау ерекшелігімен байытты.

Зерттеуші ақынның өзге де өлеңдері мен қазақтың алғашқы прозалық туындысы – «Бақытсыз Жамал» романындағы ұлттық идея, әйел теңсіздігі, әлем мен әйел, ұлт пен ұрпақ тәрбиесіндегі әйелдің рөлі сияқты сүбелі ойларды теориялық тұрғыдан терең талдайды.

Монографиялық еңбекте бүкіл ұлтқа ортақ ой қозғап, халқының бірлігі мен тұтастығын аңсап, сол арқылы ұлттық рухты өз шығармашылығына басты нысан еткен ақын «Сұлтанмахмұт Торайғыров», қазақ поэзиясында лирикасы сыршыл, поэмаларында көркемдік пен ойшылдық қат-қабат келіп жататын, көркем сурет, көркем ой арқылы ұлттық рухты асқататып, әдебиет әлеміне өшпес мұра қалдырған ұлы ақын – «Мағжан Жұмабаев», ХХ ғасырдағы қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің алтын қорына ұлттық рухты биікке көтерген керемет көркем шығармалар қосқан, сан қырлы дарынның бірі – «Жүсіпбек Аймауытов» жайлы жан-жақты зерттеліп, кеңінен баяндалады. Аталған ақын-жазушылардың әрбір туындысы идеялық, тақырыптық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан талданып, оларда көтерілген ұлттық идея мәселесі ұлықталады. Олардың бәрін ортақ тақырып төңірегіне топтастырып, тұтас ой айта білген ғалымның монографиялық еңбегінің маңыздылығының өзі әр шығармашыл тұлғаның ұлттық идеяны жырлаудағы өзіндік қолтаңбасын айқындауда десек болады. Ол жөнінде зерттеуші «Қорытынды» бөлімінде: «Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух» /176 б./, – дейді. Бүкіл зерттеу-

дегі негізгі нысананы 7 маңызды түйінге бөліп, түсініктемесін берген ғалым әдебиеттің әр кезеңіндегі ортақ ой, бір ғана ұлттық идея тақырыбы төңірегіндегі ғылыми тұжырымдарын қорытып береді. Азаматтық ұлы ұғымдарды әр әдеби кезең өкілдері өз өлеңдеріне өзек ете отырып, ұлттық идеяны арқау еткен өлмес мұра, өшпес рухани құндылықтар қалдырғаны ақиқат. Олардың бәрі ұлттық рухты әдебиетте әспеттеп, әрлеп, көркем бейнелеудің жаңа қырларын, тын белестерін, соны суреттік сілемдерін салуға, шын шеберлік шыңына көтеруге мүмкіндіктер тудыруы табиғи заңдылық еді.

Әдебиетші ғалым *Бауыржан Омарұлының «Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика»*¹ атты зерттеуінде де зар заман ақындарының шығармашылықтары сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарымен, ұлттың мақсат-мұратымен байланыстырыла талданады. Еңбекте зар заман ағымының бастау көздері, даму арналары, өзге халықтар поэзиясынан ұқсастық табуы, ақындардың көзқарас бірлігі жөнінде байыптамалар жасалып, сол кезең ақындарының шығармашылық тақырыбына тән ұлт азаттық идея мәселесі алдыңғы орынға қойылған. Елдің мұнын, халықтың қайғысын ойлап, ұлтын ұлықтап, жұртын жоқтаған арыстардың жәдігерлік дүниелері бүгінгі тәуелсіз сана сүзгісінен қайта сүзіліп, ойы тарқатыла талданады. Атынан заты танылып тұрғандай зар заман ақындарының шығармаларында құлашты кеңге жаздырмаған құрсаулы жүйенің жөнсіздігі, отарлау дәуірінің ойраны мен ащы ақиқаттары бейнеленеді. Бұл жөнінде М.Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ, Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күніне коштасқан мезгілі» – деп сипаттайды.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея, тәуелсіз сана ұғымын алғаш рет ел мүддесін ойлаған отты жырлары арқылы ұлттық ойлау жүйемізге енгізген сөз шеберлеріне «Зар заман ақындары» деген атау берген М.Әуезов болса, Х.Досмұхамедов оны қуаттаған, ал олардан бұрын Ы.Алтынсарин өзінің досы, әріптесі Мелиоранскийдің кейбір ойларына келіспеген мақалаларында бұл ұғымның табиғатын ашып

¹ Бауыржан Омарұлының «Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика» Алматы, Білім, 2000. – 368 б.

бергені мәлім. Міне осы жайлардың бәрін байыптап, жүйелеген бұл жұмыста зар заман поэзиясындағы басты тақырып ұлттық мүдде, ұлттық идея мәселесі көтерілгендігі ғылыми тұрғыда сөз болады. Ақындардың шығармаларына ортақ желі болған ұлттық идея сол кезеңдегі орыс империясының кіші ұлттарға жасап отырған отаршылдық саясатына қарсылықтан туған-ды. Қазақ санасына бөгде ой сызат салып, қазақи танымға жарықшак түсе бастағанын ең алдымен сезінетін, оларға атойлап қарсы шығатын да ел көсемдері болған ақындар, Бұқардан басталған билер болды.

Тәуелсіздікке дейін зар заман ақындарының шығармашылықтары бір жақты интернационалистік қағидаларға негізделген көп ұлтты мемлекеттің саяси бағыт-бағдарына сәйкес келмегендіктен «зарлауық», «сары уайымға салушылық», «өткенді аңсаушылық» деген ұғымдарға телініп, жете зерттелінбей келді. Ұлттық мүддені қозғаған асыл мұраларымыз енді ғана әдебиеттің ақтаңдақтар беттері ретінде қарастырыла бастады. Көркем шығарма өзін туындатқан заманмен тікелей байланысты екендігін ескерсек, зар заман өкілдерінің жырлары да сол кезеңнің көркем шежіресін жасады. Отаршылдыққа наразылық сарыны кейін ұлт қамын ойлаған ақындар шығармашылығын айналып, ұлттық рухты оятып, күрескерлік сананың қалыптасуына жол ашты. Бұл жөнінде зерттеуші: «Өз дәуірінің мәдени құндылықтарын жаңа дәуірге жеткізген «зар заманшылар» ұлттың бір сападан екінші сапаға өтуі, ауыз әдебиетінің жазбаға көшуі аралығындағы дәнекерлік рөлін атқарды», – дейді.

Бұл жұмыста тек қазақ әдебиетіндегі ғана емес көптеген көршілес елдердің солар сарындас, көшпенділікті бастан кешкен, атамекеніне басқыншылар келіп қоныстанған жергілікті ақындардың теңдік, бостандық аңсаған ақындарының шығармалары да қарастырылған.

1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде М.Әуезов: «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, сонғы ақындардың барлық күй сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдық», – деген сөзінен соң, бұл термин ретінде қалыптасқаны белгілі. Міне, содан бері бұл кезеңдегі әдебиет тарихы мен оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары уақыт

талабына сай әртүрлі денгейде талданып жатты. Қалай саясатқа қарай бұрғанымен оның мазмұндық мәні, ұлттық рухты тудырап толғауларындағы сарындар өзгерген жоқ. Бауыржан зерттеуінде осы тақырып төнірегінде, яғни зар заман ақындарының шығармаларындағы ортақ ой, салт-дәстүрді сақтап қалуға үндеген, рух шақырған, елді бірлікке бастаған, азаттық аңсаған ел арманын ашық айтады. Ежелден еркіндік аңсаған, кең байтақ дала мен жерді билеп, Аттила, Шыңғысхан сынды ерлерінің арқасында әлемнің жартысын иеленіп өскен дала дауылпаздары бодан болуға мойынұсынбауға үндеді. Жалынды жырларымен жұрттың намысын оятып, ұлттық рухты көтерді. Бұл ағым өкілдері ретінде танылған тарихи тұлғалар Асан Қайғы, Бұқар, Досқожа, Шернияз, Базар, Мұрат, Нысанбай, Күдері, Ығылман, Нарманбет сынды ақын-жыраулар шығармаларындағы ұлттық идея туралы ойлар әсіресе Ыбырай Алтынсариннің «Горе киргиз» деген қолжазбасында жан-жақты талданғаны жөнінде алғаш пікір білдірген тарихшы ғалым Бек Сүлейменов 1959 жылғы қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференцияда былай деген еді: «...Бұл оның Түркістан қазақтарының, Түркістан өлкесі ақындарының «Зар заман» туралы шығармаларына жасаған қорытындысы еді. Ы.Алтынсаринның бұл берген бағасын өте орынды деп білемін. Мұнда ол «Зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жұт қоян жылдары деп аталатын ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды дейді. Бұл жерде Ы.Алтынсариннің «Зар заман» ағымының тууына патша үкіметінің отаршылдық саясаты себеп болды дегені дұрыс. Ы.Алтынсарин «Зар заман» туралы жазбаған адам жоқ деп, оларды өз тексінде келтіреді». Шынында да қай заманда да елге түскен ауыртпалық ең алдымен ақынның жүрегіне түсетіні белгілі. Елін ең біріншілердің бірі болып оқуға, білімге үндеген Ыбырай өзінің ұлтына деген сүйіспеншілігін осы ретте де жақсы танытады. Ол вице-губернатор В.Ильинге зар заман ақындарының шығармашылықтарына жазған «Қазақтың қайғысы», «Гое киргиз» деген аудармасын бірге жолдай отырып, бұл өлең-жолдардың тууына себеп болған оқиғаларға талдау жасайды. 1868 жылғы Уақытша ереженің әділетсіздігі, халыққа жайсыздығы, ұлықтардың озбырлығынан ұлттық намыстың тапталып жатқаны туралы баяндайды. Ұсынылып отырған өлеңдер «Жаңа низам»

қалыптастырған ахуалға қазақтардың көзқарасын білдіретінін айтады. Ы.Алтынсариннің: «Біз жақында Лютштың «Қырғыз хрестоматиясынан» осы өлеңдерге ұқсас боп келетін Түркістан өңірі қазақтарының «Зар заман» өлеңін кездестірдік», – деген сөздерінде шынайы шындық бар екендігі, ондай жырлардың 1870 жылы жарық көрген академик В.Радловтың «Түркі халықтарының халық әдебиет үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында да кездесетіні жөнінде автор көптеген ғылыми мәліметтер береді. Бұл зар заман ақындарының үні жер шарапқа жетіп, кеңінен таралып, баспа көріп, насихатталып жатқанын көрсетеді. Теріс көзқараста насихатталу керісінше кеңестік дәуірдегі өз зерттеушілеріміздің еңбегінде көрініс тапса керек. Осы орайда зерттеуші: «...Әсіре әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жаңаны жирене қабылдаған зар заман жыршыларын орыстың оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяктатқысы келді» дейді /16 б./.

С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атай отырып, әлгіндей теріс көзқарастарға: «...Абай орыс мәдениетімен таныс та, Шортанбай таныс емес. Таныс емес нәрсесіне қалай шақыра алады ол?», – деп нақты жауап береді. Алайда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысы халық мұрасын мұрағатқа қайта тығып, зар заман ақындарының шығармашылықтарына саяси қырағылықпен қарауға мәжбүрледі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы 18 шілдедегі «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысынан соң айтыс, мақал-мәтелдер жинақтарын әзірлеу, қазақ әдебиеті тарихының фольклорға арналған бірінші томы қайта түзу, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихын қайта жасау жөнінде тапсырма беріліп, үміт оты тұтанғанымен іле жарияланған 1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты өткізген ғылыми-теориялық конференцияда да жасалған

баяндамалар мазмұны бұл ақындардың таным-түсініктерін терістеуге бағытталды. Әдебиетшілердің көзқарастарына бүгінгі пайыммен берілген орнықты пікір де бар, зерттеуде сол заман талабына сай үстемдік алған.

Зар заман ақындары жырлаған ұлттық идея, ұлттық сарын осы тәуелсіздік алған кезеңнің басты тақырыбымен де өзектес. Соның нәтижесінде «Зар заман ақындарының шығармашылықтары жаңаша көзқарас тұрғысынан талданып, зерттеу үшін жеке тақырып ретінде диссертациялық жұмыс ретінде қарастырылған. Әдебиетші, ұстазғалым Қанипаш Мәдібайдың «Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы көркемдік дамуы және зерттелуі» мен Бауыржан Омардың «Зар заман поэзиясы» деген докторлық диссертацияларында зар заман ақындарының шығармашылығындағы ұлттық сарын мәселелері арнайы зерттелді.

Ал, 1989 жылы «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы» жарияланып, халық қапасқа қамалға рухани құндылықтарымен қайта қауышты. Осы мақсатта ақтаңдақтардың жалпы мәтінін жариялау, оларға ғылыми түсініктемелер жазу, түрлі бағытта шолу мақалалар беру секілді игілікті жұмыстар да жүріп жатты. Бұрындары ұлтжанды қоғам қайраткерлері бастарын бәйгеге тігіп, ұлт мұрасының мұртын бұзбай сақтауға, олардың көркемдік құндылықтарын насихаттауға ниет білдіргенімен, егемендікке ие болған жылдардағыдай еркін, көсіліп айта да жаза да алмағаны ақиқат. Енді ел тәуелсіздігі нәтижесінде келген ой-сана еркіндігі зар заман ақындарының шығармашылықтарында ұлттық идеология тұрғысынан талдап, олардың мағыналық мазмұнын тереңдей зерттей бастады. Әдебиет тарихының білгірлері М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, С.Талжанов, С.Садырбаев, Х.Сүйіншіалиев, Т.Кәкішев, З.Ахметов, С.Қирабаев, Ш.Ыбыраев, С.Дәуітов, Е.Тұрсынов, Қ.Мәдібай, Б. Омар сынды зерттеушілер жан-жақты зерттеп, арнайы ғылыми еңбектер жазды. Олардың еңбектерінде зар заман ақындарының шығармаларындағы ұлттық идеологияға қатысты ойлары әр тараптан талданды.

Ұлт болған жерде оның ұлттық мүддесі, ұлттық идеологиясы басты мұрат тұтылатыны, ал олардың бәрі де ұлттық рухани құндылықтар негізінде жасалатыны да белгілі. Әрбір әдеби мұра сол ұлттық мүддесі мақсатында туылатыны табиғи заңдылық. Олай болса, зар заман ақындарының күйттеп отырғаны да осы ұлт мүддесі, еркіндікті аңсаған ел мұраты, сол заманда көрініс тапқан қайшылықтар, өмірге, санаға сыналап еніп жатқан бөгде өмір сөз жоқ ақындардың жүрегіне салмақ салып, сөз өнеріне жүгінуге, іштегі шерді шығаруға себеп болған. Шортанбайдың: «...Заман ақыр болғанда, алуан-алуан жан шықты, Қайыры жоқ бай шықты, самауыр мен шай шықты. Сауып ішер сүті жоқ, ақша деген мал шықты» деген зары оған дейін Дулаттың өлеңдеріне де өзек болғаны белгілі.

Айталық, 1880 жылы Қазанда «Өсиетнама» деген атпен басылған шығармалар жинағында жарияланған қазақ ақындарының шығармаларында қазақ тұрмысына жат құбылыстарға, көшпенді өмірдің салт-дәстүрінің отаршылдық дәуірде бүлініп жатқанына қарсылық білдіру сарындары болғаны шындық. М.Мағауин бұл турасында «Ұлтсыздану» деген еңбегінде: «Зар заман» – әрі ғылыми, әрі дәл мағыналы анықтама, десе де, жетіспей тұрған жері – бұл тұрғыдағы ақындар заманның зарын ғана емес, халықтың қарсылығын да әйгілеген, егер XIX ғасыр шегінен шығып, 1917 жылғы Орыс төңкерісіне дейін созылсақ, қарсылық сарын күшейе түседі, ұлттық сана ұлттық бағдарға ойысады... «Зар заман» бар, жөн, бірақ ол қарсылық поэзиясының бір кезеңі ғана. Шортанбай, Мұраттарға қатысты анықтама», – біраз шындықтың бетін ашады /55 б./

Ал, бұл ойды ары жалғастырған әдебиет тарихының білгірі, көрнекті ғалым М.Мырзахметов ол ақындарға ортақ мақсат – ұлт мүддесі, соның жарқын келешегі деген ойларды алға тартады: «Қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұрынудан құтылуға ұмтылуы осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз» /66 б./

Бауыржан Омарұлы «Зар заман ағымының туу, қалыптасу

кезеңдері, даму арналары (генезис)» деген екінші тарауында зар заман ақындары жырлаған ел тәуелсіздігінің тамырын ежелгі түрік заманындағы әдеби мұралардан іздейді. Орхон ескерткіштері мен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» жинағындағы:

«Өзгерді заман күймелі,

Парасатты ой сиреді.

Естіні есікке сүйреді,

Білімсіз зұлым басшы боп», –

деген өлең жолдарындағы зар заман жырларына ұқсас үлгілерді кездестіруге болатынын басқа бірнеше мәтіндер келтіре отырып, нақтылайды. Бәйіттерде айтылатын заманды бұзатын, сорақылыққа бастайтын нәрсе адам қолынан жасалатын жамандықтар жайлы сөз қозғалады. Сол кезеңдегі зар заман ақындарының шығармаларын зерттеуші ретінде танып, бүгінгі ғылыми айналымға енгізген Б.Омарұлы өз көзқарасын әр кез еркін білдіріп отырады. Бұл ағым ақындарының мақсаты жаңа заманның зиянды жақтарын, өздері қабылдай алмайтын зорлықпен енгізілген заңдарды сынап, соған елді ұйытып, сендіру болды. Адам санасына сыналап сіңіп жатқан қоғамдық құбылыстарды қарапайым тілмен түсіндіруді міндеті санаған бұл жырлардың көркемдік әлеміне де зерттеуші зер салады. Мәселен, ежелгі дәуір әдебиетінің ірі өкілі Қожа Ахмет Яссауидің шығармаларындағы ақырзаман сарындары:

«...Достарым, ақыр заман жуық келді.

Тарса, жөт, дінсіз кәпір елге толды.

Білдім енді бұл дүниенің ақыры болды.

Келіндер, достар, алаға құлышылық етіп көріңдер», –

деп келетін мәтіндеріндегі мазмұндық мәнге қоса имандылыққа шақыру секілді жаңашыл тақырып әкелгенін нақтылап береді. Ақыр заманның (жер бетінде бүкіл тіршіліктің тоқтауы. Эсхатология – аяқталу, құрып біту туралы ілім дегенді білдіреді) алдын алу үшін рухани азаттық алып, келешегімізді көксеуіміз, заманымызды түзеуіміз керек деген идеяны алға тартқан ақындар шығармашылығының ақпараттық мәнін айқындайды. Әр елдің еркіндігі өзінде, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, ұлттық танымы, санасына сызат түспей, ұлттық идеология дамыған дәуірде ғана жүзеге асатыны осы зар заман ақындарының ортақ тақырыбы болды. Өйткені, ұлттық сипатсыз, дәстүрсіз, рухани мұрасыз жеке

ұлттың қалыптасып, өркениетінің өсуі мүмкін еместігін ескерген зерттеуші зар заман поэзиясын ұлт мүддесімен байланыстыра қарастырады: «Отаршылдық дәуірдегі ұлттың қам-қарекеті, мінез-құлқы зар заман өлеңдерінде трагедиялық ахуал ыңғайында көрінді. Бұл шығармаларда қасірет шеккен, қайғы жамылған, кеудесін ыза кернеген, кек қысқан қазақтың алуан түрлі образы жасалды. Осы сәтте бүкіл «зар заманды» тығырыққа тіреген «қазақ енді не істеу керек?», – деген сауал ұлт келешегіне сеніммен қараған ақындар поэзиясының қозғаушы күші болды» /129 б./.

Өлеңдерінен зар заман рухы сезілетін, бірақ алдыңғы ақындардай шарасыздыққа берілмей, қазақ ұлтын заманның зауалынан құтқаруға үндеген, қайғы-мұңға толы өлеңдерге күрескерлік сана дарытқан, тығырықтан шығудың жолын көрсеткен ақындардың шығармашылығы нақты талдаулар арқылы дәлелді сөз болады. Осы мақсатта зерттеуші Ш.Бөкеевтің, М.Мөңкеұлының, Ғ.Қараштың, А.Асанның бірнеше шығармалары, олардағы ұлт мүддесіне қатысты өлең жолдары олардың шығармашылықтарына ортақ сарын, біртұтас көркемдік ұстанымдарын әдеби талап тұрғысынан зерделейді. Бұл ағым өкілдері еркіндік тақырыбын көтеріп қана қоймай сол ауқымда толғамды пікірлер, көркемдік дәрежесі биік ұлттық ойлау жүйесінің үздік үлгілерін танытуымен де әдебиет тарихында қалған шығармашылық тұлғалар. Шортанбай жырларындағы шарасыздық бұл ақындарда күрделеніп, мазмұны өзгеріп, қоғамның дертін енді қалай жоюға болады деген өзгеше шешімге бет бұра бастағандары көрінеді. Мысалы, Ғ.Қараштың зар заман зарын ағартушылыққа ұластырғанын мына өлең жолдары арқылы айқындайды:

«Ұйқы қанды, тұралық,
Тұрып кеңес құралық...
...Заманның бұ бір кезінде,
Өнер, ғылым құралы
Тиіс еді емес пе,
Қара қазақ ұлына...».

Осы сарында жазыла бастаған ақындар өлеңдері өмір мен бірге заманның жақсысы мен жаңалығын алуды да алға тартады. Жаңалыққа ұмтылыс, ояну үрдіс алды. Қоғаммен өзгерген адамзат санасындағы жаңа өмірді тану, қабылдау, оған бейімделу секілді психологиялық құбылыстарды ақындық сезімталдықпен

сезініп, жаңаша ой қорыту, кестесін келтіріп, ұнасымды үйлестіру мәселелері де зерттеушінің басты назарында болып отырады. Зар заман ақындары шығармашыларындағы тақырыптан да тыс түрлік, пішіндік, көркемдік сипат та ғылыми тұрғыдан сараланады.

Зерттеуші ойын былай қорытады: «Зар заман ағымы жоғалды, бірақ зар заман поэзиясы баға жетпес асыл қазынамызға айналды. Бұл өлең-толғаулар біздің заманымызға құнын түсірмеген, бағасы төмендемеген күйінде жетті. Зар заман поэзиясы бүгінгі күнгі құбылыстардың қыр-сырын ашып көрсеткендігімен де ерекшеленеді» /137 б./.

«Дәуірлік маңызы бар дүрбелең, атышулы оқиғалар өнерден көрініс таппай тұра алмайды деген» Р.Нұрғалиевтің пікіріне сүйенсек, оны ұлы Абай:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек,
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек, – деп нақтылап береді.

Шынында да, әр заманның өз зары, өз тақырыбы бар, бар алай-да оларды ортақтастыратын бір-ақ мұрат бар, ол – ұлттық мүдде, ұлттық идеология.

Ал, қазақ әдебиетіндегі тарихи жырлар мәселесін зерттеп жүрген ғалым, ф.ғ.д., профессор Ж.Тілепов болса, Махамбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын ХІХ ғасырдағы Ішкі Бөкей ордасында өткен И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы басқарған ұлт-азаттық көтеріліс кезеңдерінің тарихи негіздерімен байланыстыра отырып, Махамбеттің азатшыл рухы мен биік ұлттық өресін, ұстанымын айқындап береді.

2000 жылы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толу мерейтойына байланысты жазылған біраз зерттеулерде мысалы, академик З.Қабдоловтың («Елдік пен ерліктің өшпес рухы»), шығыстанушы ғалым Ө.Күмісбаевтың, тілші Б.Момынованың («Ауызша әдеби тіл және Махамбет мұралары») еңбектерінде ақынның әдеби мұраларындағы ұлттық идея, Отанды сүю, елді қорғау, ұлт намысы сыңды тақырыптар аясында көптеген баяндамалар жасалып, зерттелді.

Ұлттық әдебиетіміздің төлтумалық қасиетін, өзге елдің өктемдігіне наразылығын, отаршылдыққа қарсы күресін этностық

сана-сезім тұрғысынан бейнелей білген ұлтжанды ақындардың туындыларындағы ұлттық идея өзінің өміршендігін осылай жалғастырады хақ.

Алаш әдебиеттануы және ұлттық идея көріністері. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси жаңару жолына түскен Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастық ортасында өз орны, өз беделі бар абыройлы мемлекетке айналды. Бүгінде біз ұлттық идея, ұлттық ойлау жүйесі туралы көп айта бастадық. Себебі кез-келген ұлттың өзінің идеологиясы болмай, бір ұлттық мүддеге еңбек етпей әлемдік өркениетке жете алмасы хақ және ұлттың бәсекеге қабілеттілігі де төмендейді. Қазақтардың ұлттық мәртебесі мен ұлттың өзін бағалау деңгейі мемлекет құраушы ұлт мәртебесіне сай келуі тиіс. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үрдісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін, күшті рух пен білім екендігін де ел түсіне бастады.

Көп ұлтты республиканың басты тақырыбы – ұлттық идеология ұлт әдебиетінде жаңаша көзқарастарды қалыптастырып отыр. Осы ұлттық дәстүрді дамытып, жаңғырту мен ұлттық идеяны мұрат тұтқан, елдің тәуелсіздігін ту еткен небір тарихи тұлғаларымыз, ақын-жазушыларымыз, ұлт зиялылары кешегі кеңестік дәуірде ұлтшыл деп танылып, соның құрбаны болғаны ақиқат. Әсіресе, алаш зиялыларының идеясы – тап осы ұлттық идеологияны меңзегені мәлім. Алаш зиялыларының еңбектері арқылы ғылыми, әдеби айналымға енген ұлттық идея мәселесіне біз бүгінде солардың өмірі мен шығармашылықтарын зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында көз жеткізе түсеміз.

Сондай сүбелі еңбектің бірі алаштанушы ғалым *А.Ісімақованың* «Алаш әдебиеттануы» атты ірі ғылыми монографиялық еңбегі. Қазақ әдебиетінің тамырын Күлтегін, Тоныкөктердің көне асыл сөздері мен әл Фараби, Ж.Баласағұн, А.Йассауи, А.Йүгінеки, М.Хорезми, М.Х.Дулати еңбектерінен іздеген ғалым ұлттық әдебиеттану ғылымында «ежелгі дәуір әдебиеті» деген үлкен бір дәуірдің бар екендігін, оның енді ғана ғылыми айналымға еніп, өзінің сөз өнеріндегі тарихи лайықты орнын ала бастағанын нақты ғылыми деректермен дәйектей отырып, тың ойлар айтады. Түркі тектес халықтарға ортақ көне кезеңдердегі әдеби мұраларды мұқият зерттеп жүрген ұлт-

жанды зерттеушілердің Н.Келімбетов, Ә.Дербісәлиевтің зерттеулеріндегі батыл қадамдарға, байламдарға пайымды пікір білдіреді. Әсіресе, Ә.Дербісәлінің 21 әл Фараби, 8 әл Йассауи, 12 әл Тарази сияқты даналардың еңбектерін қазіргі тәуелсіз әдебиеттану мен тарихқа ендіріп отырғандығы жөнінде нақты теориялық тұжырымдар жасайды. Көне Сығанақ шаһарынан шыққан Сығанакидың үш томдық еңбегін Каирден, ал Кердерінің он томдық әдеби мұрасын Түркияның атақты Сүлейман кітапханасынан тапқандығын, олар туралы толық ғылыми мәліметі бар алғашқы ізденістері оқырман қолдарына тиіп үлгергендігін үлкен ризашылдықпен әңгіме етеді. Ұлттық рухтың өзі тарихты танудан басталатынын ескерсек, осы күнге дейін екі-ақ пайыз сауатты деп кемсітіп келген өзге елге енді еңсемізді көтеріп, тең дәрежеде сөйлеуге құқымыз бар. Көне дәуір әдебиетінде кеңінен орын алған ұлттық идея, ұлттық рух дәл қазіргі заманға зәру ойлар, ел тәуелсіздігін насихаттаған әдеби мұралар екендігіне мән береді .

Ғалым М.Х.Дулатидің «Жаһаннамесі» мен «Тарихи Рашиди» атты әдеби мұраларының бүгінгі қазақ тіліне аударылып, айналымға енуінің өзі ірі ғылыми жаңалық болумен қатар ұлттық рухты қанаттандырар құнды еңбек деп бағалайды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы осыншама дәуірге кейін шегініп, мол рухани мұралармен толығуы, олардағы ұлттық құндылықтарға қатысты қаншама тың ойлар, жаңа пайымдаулар болуы біздің ата бабаларымыздың асыл сөз өнерінің шексіз байлығы мен табысын танытады. Оларды бүгінгі көзқарас тұрғысынан танып, меңгеру де үлкен жетістік. Әсіресе зерттеушілерді көне мен қазіргі заман адамдарының, әсіресе авторларының ұлттық идеяға қатысты ортақ тұжырымдары қызықтырады. Екі дәуір зиялыларын ұлттық құндылықтар мен руханият мәселелері мазалайды. Тіл мен діл, әдебиет пен мәдениет маңайындағы мәңгілік сауалдар осы еңбектердің бәріне ортақ.

Осы көне дәуір кемеңгерлерінің көксеген ұлттық идеяларын алаш зиялылары одан әрі дамытқаны белгілі. Зерттуші, міне, осы тұрғыдан екі дәуір алыптарының еңбектерін талдап, оларға ортақ ұлттық руханиятқа қатысты құнды ойлардың сабақтастығын зерделейді. Күлтегіннен басталған қазақ көркем сөзінің тарихын, олардағы ұлттық мүдде, ел егемендігі мен тәуелсіз әдебиеттану

мәселелерінің маңыздылығы маңайындағы мәнді әңгіме ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының еңбектеріндегі дәстүрмен жалғастығы жөнінде батыл байламдар жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), Халел Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1927) атты зерттеулері қазақ әдебиеті тарихының теориялық негіздерін ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі «пән сөздері» арқылы зерттеп берген. «Кеңес әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай» деген сауалға жауап бере алмай, онғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописьменный» деп, тек кеңес кезімен шектеліп келдік», – дейді зерттеуші.

Ғалым Алаш әдебиетшілерінің бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетіне тигізер ықпалына аса мән береді.

Бұл еңбек қазақ сөз өнерінің туу, қалыптасу, даму тарихын түгендеумен қатар, оларды жасап отырған сөз өнері иелерінің ұлттық руханиятты өркендетуге қосқан қомақты үлестеріне танымдық, теориялық тұрғыдан талдау жасайды. Автор ел мүддесі, ел тәуелсіздігі, ел еркіндігін, ұлттық қасиеттерді насихаттайтын, оларды асыл сөзге айналдырып, артындағы ұрпаққа өнеге ететін сөз өнерін өміршең идея тұрғысынан танытады. Көлемді ғылыми еңбек көне дәуірден Алаш әдебиеттануына дейінгі аралықтағы көркем сөздің асыл мұраты ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу максатындағы абыройлы міндеттерін айқындап, жүйелеп беруімен құнды.

Алаш зиялыларының көсемі А.Байтұрсыновтың ұлттық идеяны құрайтын – ұлт мәдениеті, әдебиеті, ғылымы, білімі, тілі, діні, ділі тақырыбы төңірегінде жазылған еңбектері ақтаңдақтар ашылғалы бері үнемі назардан тыс қалмай әр салада жүйелі зерттеліп келеді. Тіпті ХХ ғасырдың жиырма отызыншы жылдарғы кезеңді зерттеушілер «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» деп жүр. («*Ұлттық рухтың ұлы тіні*» деген ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын, т.б. тілдерде. Алматы: «Ғылым», 1999. – 568 б.)

Аталған жинаққа А.Байтұрсынұлының 50 жасқа және шетел ғалымдарының қатысуымен өткен халықаралық симпозиум мен конференциялардың, сондай-ақ Тіл білімі институты жанындағы

«Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі» деп аталатын тұрақты ғылыми-теориялық семинардың материалдары, әр кезде түрлі ғылыми, энциклопедиялық, биобиблиографиялық басылымдарда жарияланған мақалалар топтастырылған.

Жинақтың «Редактордан» деген алғы сөзінде: «Ғылым жалпы өзінің филология және тарих сияқты салаларынан бастап дами бастайды. Демек, этнос атаулының қай-қайсының да ғылымы өзін танип бастау алады. ...Қазақта мысалы солай болды: бүгінгі бүкіл қазақтық ғылымның көген басы ретінде әуелі тіл білімі, әдебиеттану бой көрсетті. Бұлардың әрқайсысының өз алдына жеке дербестеніп кетуіне Ахмет Байтұрсынұлы ұйытқы болды» – дейді автор Е.Жанпейісов.

Сәкен Сейфуллиннің А.Байтұрсыновтың елу жылдық мерей тойына орай жариялаған үш-ақ беттік мақаласында: «Ахмет Байтұрсынұлы оқығандардың арасынан халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі... «ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», «Ахмет халықтың арын іздеп, сол өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен» дей отырып, халық намысы, ұлт намысы, ұлттың ары, халықтың ары деген тіркестерді бірнеше рет қайталап, бірнеше жерде қолданады. Енді әдебиетші ғалымның өз сөзіне кезек берсек: «Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына толғанда, сол кісінің бастан-аяқ халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін баяндап өту әр үлгілі халықтың әдеті. Ахмет Байтұрсынов қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып даусын шығарған кісі», – дей келе, ақын Ахметтің қазақты тапқа бөлмей бір ұлт ретінде оның намысын жыртып, оның жарқын болашағы үшін ештеңеден де тайсалмай табанды күрескендігін, әсіресе рухани құндылықтарымызды қалыптастырып, дамытуға бар білімін, жігерін жұмсағандығын жүрек жарды сөздерімен дәріптейді. Нағыз ұлтжанды азамат халықты жік-жікке бөліп-жармайтынын, ол әлдебіреулердің әдейі ұйымдастырып отырған айла-тәсілі екендігін, оның астарын түсінбеген бай біреулердің «іштен жау іздеп, қырғи қабақ танытудың» ақылға сыйымсыз ұшқары пікір екендігіне осы Ахмет Байтұрсыновтың қайраткерлік істерін, ұлт келешегі

жолындағы таза ниеті мен табанды ерлік істерін үлгі-өнеге етеді: «Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары үйез, губернатор, судтардың күшін салып, тілмашы болып, кейбір оқығандары ар-ларын сатып, ұлықтық іздеп жүргенде Ахмет қазақ ұлттына жанын аямай қызметтерін қылды.Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шокпаршысы да емес, бірақ адал жүрек, байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін таза ұлтшыл», – деген ойлары ұлттың ұлы ұстазының шын бет бейнесін ашып, тұлғалық табиғатын танытады. Шын талант қана ұлттың сүйген ұлыны ұлықтай біледі.

М.Әуезов өзінің «Ақаңның елу жылдық тойы» дейтін мақаласында А.Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» атты көлемді кітап жазып бітіргенінен ақпарат береді .

М.Әуезов осы мақаласында «Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш» деуі тегін емес. Өйткені, «Қазақ» газеті арқылы бүтін бір халықтың сауаты ашылып, ұлттық санасы өсті. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. «Халықты қалың ұйқыдан оятуға, ұлттық ар-намысын оятуға бар күшін жұмсаған Ақаң шын мәнінде халқын сүйген адал азамат, биік парасатқа ие зиялы жан еді. Оның ұлттың рухани оянуына бүкіл саналы ғұмырын, өмірінің әрбір минутын арнаған ардақты ұлдың «Қазақ» газетін шығарған небәрі бес жылдай уақыттың өзі саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі еді. Сол кезеңдегі еркін ойды ойлантпай, ауыздан шыққан сөзді баққан отаршылдық саясатқа қарсы шығып, 1905 жылы Қарқаралыдағы қазақ оқығандарымен бірігіп, кіндік хүкіметке петиция (арыз-шағым) жібергені, онда бірінші жер, яғни қазақ жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраса, екінші мәселеде – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылдардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мифтиге қаратуды сұраған. «Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған», – деп

жазады М.Әуезов. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілік ұран «Маса» болатыны жөнінде де Мұхтар бекер сөз қозғамаған. Шынында да қазақтың тілі, ділі, діні, мәдениеті мен әдебиеті, танымы мен тарихы сияқты ұлттық руханиятты құрайтын барлық мәселе оның тұрақты тақырыбы болды. Ұлттық руханияттың барлық саласында табанды еңбек еткен ұлы тұлға қазақтың рухани көсемі бола білді.

Қазақ өркениетінің ұлы қайнарындағы ұлттық рухтың алтын тіні болған А.Байтұрсыновтың еңбектері бүгін қалай бағаланып жүр деген сауалға жауап іздер болсақ, бүгіндері түркі жұрты түгел таныған Ахмет Байтұрсыновтың 70 жыл бойы руханияттан алынып тасталған шығармаларының бәрі бірнеше рет қайта толықтырылып, өңделіп, жарыққа шығарылып, олардың дені әдеби, ғылыми, тарихи айналымға еніп, сан сала бойынша зерттеліп, насихатталып, мектептен бастап бүкіл жоғары оқу орындарында оқытылып жатқанын айтуға болады. Бұл ойды ҚР Ұлттық Ғылым академиясына қарасты Тіл білімі институтына А.Байтұрсыновтың есімі берілуі, көптеген ғылыми институттарда оның атында ғылыми орталықтардың ашылуы де ұлы тұлғаға көрсетілген құрмет деуге болады. «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған, отандық және шетел ғалымдарының қатысуымен өткен халықаралық симпозиум мен конференциялардың мақалалар жинағына жазған тілші ғалым Е.Жанпейісовтің алғы сөзінде бұл ойды (Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.) нақтылай түседі: «... Жиырмасыншы ғасырды қарсы алған және оны бүгін шығарып салғалы тұрған екі буын зиялылардың, әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындарда қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек, өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары соған айғақ. Ақаң рухы ұлт өркениетінің өркендеу жолында былайғы заман ұрпақтарының санасында да осылай сабақтасып, жалғаса бермек».

Тегінде, тұлғаны тану – алдымен оның туған халқын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету деген сөз.

Ұлттың ұлы реформаторы, рухани көсемі, ұлт зиялыларының көшбастаушысы атанған Ахмет Байтұрсыновтың көзі тірісінде аталып өткен 50 жылдық мерей тойында сөйлеген замандастарының баяндамалары осы жинақтың бірінші бөлімін құрайды. А.Байтұрсыновтың өнегелі өмірі мен шығармасына алғаш рет арнайы баға берілген бұл шара шынында да ұлы тұлғаның тарихи орнын анықтап берді.

М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» (Биографический очерк) деген мақаласында ұлы ұстаздың өмір жолына, тегіне, елі үшін жасаған еңбегіне толық талдау жасап, өзге тілді елдің оқырмандарына, әсіресе орыс тілі арқылы еуропа елдерінің оқыған азаматтарына қазақ халқының, оның рухани әлемін, ұлттық танымын танытқан тарихи тұлғаның таңғаларлық таланты мен биік эридуциясы сөз болады.

Ұлттық рух пен ұлттық тәрбиеден мақұрым қалған халық дәрекі, надан және желөкпе, қаңбақ адамдарға ұқсайтынын жақсы ұққан ақынның бүкіл поэзиясында ұлттық идея көрініс тапқан. Ешқандай қаржылық қоры болмай ашылған «Қазақ» газетінің редакторы, ұлттың рухани көсемі ретінде халықтың мұңын мұңдап, ел сауатын ашуда атқарған қыруар еңбектеріне М.Дулатов сол кезеңдері баспасөздерде жарияланған мақалалары арқылы талдау жасайды. Әдіскер, А.Байтұрсыновпен бірге оқу құралдарын жазған Телжан Шонанов ұлы ұстаздың қазақ әліпбиін жасаудағы реформаторлық еңбегіне тоқталады. Оның әмбебап ғұламалығын бір шағын мақалада айтып та талдап жеткізе алмайтынын ескерте отырып, қазақ әдебиетінің дамуына сіңірген еңбектері жайлы да мол құнды мәліметтер береді.

Тіл теңдігінсіз мемлекет теңдігін, мәдениет теңдігінсіз азамат теңдігін көзге елестету мүмкін емес.

Мәдениетте өз құқығынды қорғау – өз тілінде білім алу керектігін А.Байтұрсынов көрегенділікпен көре біліп, қазақ ұлтының өзіне ғана тән тілін, ана тілін анықтап алуды мақсат тұтты, соның жолында тер төкті. Қазақ әліпбиінің тұсауын кесті.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «...Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін Бірінші шарт – тілі болуы. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық

көрініп тұрады». Алаш зиялыларының осынау ойлары Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілінің әліпбиін жасауына негіз болды.

«Кез-келген халықтың болашағы, оның өміршеңдігі ұлттық болмысы мен ұлттық рухы кемелденген, жақсы тәрбиеленген ұрпақтың қолында. Егер ұлт өз болашағын аманат етіп тапсыратын көргенді ұрпақ өсіре алмаса, оның келешегін қара түнек басады. Сөз жоқ, ұрпақ тәрбиесіне, ұлттың келешегіне ата-анамен қатар ұстаз да жауапты», – деген даналықты дәріптеді. Қазақ тілінің қалыптасып, дамуына және ұлттық білім беру, ағарту саласына сіңірген еңбегі жеке дара тұлға бүкіл түркітануға да толассыз еңбек етіп, үлес қосты. Кейде күллі ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғанына таңданбасқа болмайды.

«Иә, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл тотбасып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес», – дейді Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл толуына байланысты халықаралық ғылыми конференциядағы «Ұстаз ұлағаты» деген мақаласында.

Осы конференцияда сөз алған академик Манаш Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы» деген баяндамасында: «Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген» үндеудің Ақаңа арналғандығын, Ақанды планеталық санаттағы ойшыл, ұлы ағартушы-гуманист, ХХ ғасырдың ұлы реформаторларының бірі дей келе, байтұрсынұлытану ғылымының бастауы оның елу жылдық мерейтойынан, Алаш зиялыларының еңбектерінен бастау алатынын тарихшы маман ретінде нақтылап берді.

Алаш қозғалысы – ХІХ ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, оның жоғары сатысы. Абай заманында ағартушылық ұлтымызды өркениетке таныстыру, табыстыру кезеңі болды. Бұл да тарихшы ғалымның баяндамасындағы басты ұстаным-тын..

Ахмет Байтұрсыновтың: «...Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс... Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек.

Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында еңбек ету керек», – деген даналық ойы бүгінде ұранға айналған ұлағатты сөз («Орысша оқушылар» деген мақаласы).

Академик М.Қозыбаев А.Байтұрсыновтың қызметін бірнеше салаға бөліп, талдап береді: «...Ұлт болып, әлемдік деңгейде болуы үшін ұлттық әдебиет керектігін айтып қоймайды, қазақ әдебиеті теориясының негізін қалады. Тіл мен әдебиетті ұлт болмысына асыл тірек етті. Міне, осылай А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдағы әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының реформатор көсемдерінің бірі болды. Ұлт санасын, тілін, ділін, әдебиетін, мәдениетін, өнерлік қаракетін әлемдік өркениет тіліне сай түбірінен жаңалады, жаңғыртты, түркі әлемінің алдыңғы шебіне шығарды» /121 б./.

Академик З.Қабдоловтың «Аханның әдеби кисындары» деген мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ана тілімізде әдебиет теориясының ХХ ғасыр басында осы еңбек арқылы жасалғанын, алайда саясаттың салдарынан қолданудан сырылып, «әдебиет теориясы басы жоқ кеуденің» күйін кешкенін, тек егемендікке ие болған жылдардан бастап қана бұл ғылым бүтінделіп келе жатқанын, әлемдік әдебиеттану ғылымында бар бір ғана арнауға А.Байтұрсыновтың қосқан үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) туралы теориялық талдау жасайды. Ұлттық ұғымға лайық, таза қазақ тіліндегі баламаларын тауып, ұлттық термин – әдеби түсініктер қалыптастырған ғалымның: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу, сынды «пән сөздерін» айрықша атап көрсетеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған ғалымның ұлттық руханиятқа қосқан қомақты үлесі конференцияда сөз алған өзге елден келген әдебиетші мамандар мен зерттеушілердің баяндамаларында да кеңінен әңгіме болды.

Жаңа заманда бұрын тыйым салынып келген ұлттық тақырып еркін игеріле бастады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Р.Елеукеновтің «Әдебиет және ұлт тағдыры» (Алматы: «Жалын» ЖШС. 1997. – 368 б.) атты эссе, әдеби сын мақалалары жинағы бүгінгі көркем қазынамыздағы ұлт тағдырын көбірек толғайды.

Зерттеуші жинақты үш үлкен бөлімге, атап айтсақ, «Ілесіп

ұлы Абайға ілгерілеп» және «Әдебиет, ендігі жөнің қайсы?», «Ел тағдырын ойласқанда» де бөліп қарастырады.

Кеңес кезінде жазылған қазақ әдебиетін қайта бағалау, бүгінгі егемендікке ие ел иесі ретінде жаңаша сараптауды ниет еткен зерттеуші «Хакім мен ақын» деген мақаласында біздің әдебиетіміздің жұлдызы жанған мерзімі де осы екі ақынның есімімен тікелей байланысты екендігін, ауыз әдебиетін жазба әдебиетке айналдырып, сөз өнерінің жоғары көркемдік үлгілерін жасаған Абайдың ақындық әлеміне Мағжанның берген бағасы тұрғысынан қарап, шеберлік сырына үніледі.

Абай мен Мағжан поэзиясының күрделі көркемдік қуаттылығын, мың қатпарлы мазмұн-мағынасын бүгінгі ойлы оқырман тұрғысынан талдауды мұрат тұтқан зерттеуші «бостандық», «еріктілік» сияқты ұғымдарды былайша түсіндіреді: «Сөз жоқ, Абай мен Мағжанның гуманизмінде адамды адам дәрежесіне көтеріп қастерлеген Ренессанс яки Жаңғыру дәуірінің жарқын рухы сақталған». Ол осы ойды тарқату үшін Батыс пен Шығыс әлеміндегі «әлем кіндігі – адам» деген тұғырнаманың тарихына шолу жасап, өз қорытындыларын ұсынады: «Абай мен Мағжан арқасында көркем санамыз азаматтық биік өреге көтерілді» /18 б./.

Зерттеуші Мағжанның Абайша ойлап, Абайша қайғыруының себебін ұлы ақынның ойын, сөзін, қадір-қасиетін толық сезініп, әсерленуінен туған шығармашылық әсер деп бағалайды: «Мағжан әсіресе ақындық ілкі қадамдарында Абайға еліктеп көп өлең туғызды. Қазақтың жер-суынан айрылуы, қайыршылануы далаға уайым, үрей, шарасыздық әкелгенін отаршылдықтан бір көрсе, сол көргендерін Абайдың шерлі, зарлы өлеңдерінен тағы әсерленіп, аһ ұрды. «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» деп жүрегі торға түскен жолбарыстай бұлқынды.

«Туған жерім – Сасықкөл» өлеңінде Мағжан қазақ елінің отаршылдық тұзағына түсуін басынан бақыт құсы ұшқанға балайды. Мұнда біз Абай өлеңдері сарынынан пәлендей ауытқуды аңғармаймыз. Өлең мазмұнындағы сабақтастық шындық өмірдің сабақтастығынан туындайды» /18 б./.

Екі ақынның шығармашылығындағы ұлттық құндылықтарға қатысты ел еркіндігі мен сөз өнерінің өркендеуі, ұлт зиялыларының қалыптасуы мен әдеби ортаның пайда болуы, ұлттық мектеп пен жоғары оқу орындарының өмірге келуі, өзге де дүниелердің бей-

неленуі мен суреттелуі сөз етуі ғалымның ғылыми танымының көрінісі. Тарихшы В.Григорьевтің деректері бойынша сол кездері қазақ даласында жоғары және аяқталмаған жоғары білімді 100-ге жуық, мектептер, училищелер мен мұғалімдер семинарларын тәмамдаған 700-ге жуық азаматтар шоғырланғанын, қашанда ұлтқа түсетін ауыртпалық ең бірінші ақынның жүрегінен өтетінін, екі ақынның ұлттық ойдың оянуына ықпал еткен поэзиялары мен қоғамдық пікір тудырған туындыларының күрескерлік қасиеті жайлы зерттеуші еңбегін өз деңгейінен шыққан, өз мақсатын орындаған маңызды жұмыс деп атауға болады.

Абай мен Мағжан туған елінің қамын ойлаған ойларының құнарлығы – халыққа рухани тәрбие беруінде, яғни Абайда «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» – деген өлең ғибратында болса, ал, «Мағжанның идеалы – оқыған қазақ. Асыл сөз иесін айрықша сыйлайды. Оның толық адамы – Абай, «бір сөзі мың жыл жүрсе, дәмі кетпес» адам», – деген ойлармен нақтылайды /24 б./.

Мағжан осы толық адамды қазақ үшін күрескен адамдардан іздейтінін, сүйікті қаһармандары тарихтан – Кенесары, замандасынан – Міржақып екендігінің кездейсоқ нәрсе емес, оның ақындық кредосынан туылатын заңдылық екендігін де салыстырулар арқылы айқындайды.

Абайды тану үшін төңірегін зерттеу, солармен салыстыру заңды. Шын мәніндегі ұлы Абай енді ғана айналасы толығып, салыстыруға, оған шәкірт болуға жарайтын тұлғалар (Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан) табылғанына, толық адам Абайдың поэзиясындағы ұлт тағдырына қатысты құнды ойларды дүние жүзілік көркем контексте және нағыз ғылыми дәрежеде зерттелуі қажеттігін атап көрсетеді.

«Өлең сөздің даңғылы Жамбыл ата» деген мақаласында кеңестік дәуірде қазақ елі дегенді естімеген, білмеген жұрт Жамбыл десе танып, жүзге келген жасын айтып тамсанатынын, ең бастысы кеңестік идеологияның құрбаны болған ақынның атағы сталиндік культтің көлеңкесінде қалды деген бір жақты пікірге сауатты соққы береді, ғалым. Талантты қанша саясатқа салып тұмшаласаң да оның ішкі рухани қуаты, шығармасының көркемдік әлемі бәрібір уақыт өте келе өзінің шын бет пердесін ашып, өзін таныттары хақ. Кешегі ұлтшылдықтың құрбаны болған Алаш зиялылары мен сталин-

дік культ құрбаны Жамбыл Жабаев шығармалары өздерінің өлмес өнерпаздық қабілеті арқылы жалған жаладан арылғаны анық. Уақыт – төреші. Кеңестік дәуірде атағы жер жарғанымен бүгіндері бір жақты бағаланып жүрген жыр алыбы Жамбылдың шын мәніндегі тума талант екендігін тек туындыларын талдау арқылы ғана анықтай аларымыз ақиқат. «Жамбыл сөзі, Жамбыл жыры майдан шебінде шықты. Орыс, қазағы демей, шептегі бар ұлт солдаттарына іштен туған баласындай еміренді, күллі совет халқының жігеріне жігер қосты.

«Ленинградтық өренім,

Мактаным сен едің, – деп басталатын өлең соғыс уақыты тұрсын, тіпті бүгін де жүрегіңді толқытпай, тебіrentпей қоймайды» деп ғалым ақынның шын мәніндегі шығармашылық тұлға ретіндегі бейнесін ашып береді. Ұлы ақынды тек өз кезеңінің ғана емес, жалпы қазақ тарихының көркем шежірешісі екендігін ескерте келіп: «Бұл өлеңдері үшін Жамбылды жазғыруға бола ма? Мұндай трагедиялық ахуал тоталитарлық жүйе тұсында саналы өмір сүрген үлкенді-кішілі бәріміздің басымыздан кешкен кесапат... Сталинге теңеу таппаған бір ғана Жамбыл емес-ті. Культ қоңырауын қаңғырлатпаған қаламгер кемде-кем. Оның бәрін ақтаңдаққа айналдырам десең, тұтас бір дәуірдің әдебиетін жауып қояр едің, қазіргі кезде өйтем деп әуреленудің өзі әбестік», – деп әділ пікірін білдіреді /45 б./.

Не көрсе де халқымен бірге көрген Жамбылдың қазақ әдебиетіндегі өзіндік өлмес орнын зерттеуші ақын өлеңдерінің адамзат жүрегіне еткен әсері, мәңгі өлмес тақырыптарды (құлықтылық, арнабаттылық) өте тапқырлықпен тамаша жырлай білгендігін, ұлы суреткер Ғабит Мүсірепов оны тегін «...жаңа заманның Гомері» атамағанын, оның астарында ақынның асыл сөздің қазынасын жадында ұстаған эпик әрі халық поэзиясының антологиясы екендігін, жаңашылдығын, «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Көрұғлы» және қырғыздардың «Манасын» қазақ даласына таратушы екендігін нақты әдеби фактілер келтіре отырып: «Күнсіздерге күн болған» және «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? «Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне» деген сияқты бұрын еш жанның аузына түспеген тіркестерді, стилистикалық фигураларды табуында, өлеңмен өлмейтін нұсқа салған көркемдік дара контекстің айтулы иесі, – деп жоғары баға береді.

«Жамбыл казак ауызекі поэзиясын жаңа биікке көтерді, тақырыптық-идеялық құлашын кеңейтіп, оған әлеуметтік сарын енгізді, қалың ел, бұқара мұның мұндауға, ойын толғауға бағыттады», – дей келе ұлы ақынның:

«Ақ басты Алатаудың Жамбылымын,

Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын», – деген жыр жолдары арқылы Жамбыл Жабаевтың ұлы бейнесін, ақындық тұлғасын, өнерінің өміршеңдігін, оны бір кеңестік кезеңмен шектеп қоюға болмайтынын, Жамбылды жұртынан жырып, бөліп әкете алмайтынын аңғартады. Шын мәнінде де «Жамбыл – менің жәй атым, Халық – менің шын атым» деген дана сөзіне лайық екендігін ел есіне салады.

Жамбыл шығармашылығы туралы түрлі лақап таратып, оның әдебиет тарихындағы орнына күдік келтіріп жүрген әлдекімдердің «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ дегендей «шаш ал десе бас алатын» жандайшаптарға зерттеуші жоғарыдағы әділ де жоғары бағалары арқылы тойтарыс беріп, өзінің маман ретіндегі әділқазылық төрешілдігін білдіреді. Пендешілігі басым тұратындар бір кісі үшін бүкіл бір кезенді, тарихты, сол тарихты жасап отырған тұлғаны тұтастай ойып алып тастауға да тайсалмайтын тасырлығына мәдениетті түрде нақты ғылыми ой тұжырымдарымен тойтарыс береді.

«Мағжан мен Мұхтар: ұлттық тақырыпты дамытудағы ізденістер» атты еңбегінде де автор екі тұлғаның ұлт тағдырына қатысты ойлары мен ұлттық идеяны көздеген шығармаларындағы көркемдік-эстетикалық ізденістерді талдауға тырысқан.

Ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте ерекше қайрат көрсеткен М.Жұмабаев пен М.Әуезовтің ортақ тақырыбы – ой еркіндігі, рухани тәуелсіздік мәселелері болғандығын олардың шығармаларындағы көркем мәтіндерден үзінділер ала отырып, кәсіби шеберлік сырларына үңіледі. Ұлы ақын ұлылығының өзі қасіреті мен қуанышы қоғам өмірімен, тарихымен терең тамырлас болуында екендігінен жақсы хабардар зерттеуші олардың шығармаларының көркемдік шешімі ұлттық мінез, халық рухы сияқты жетекші ұғымдарда жатқанын ұғындырады.

1912 жылы Мағжан «Жатыр» деген өлеңінде, 1917 жылы Мұхтар «Адамның негізі – әйелде», Міржақыптың «Оян, казакта!», Ахмет

«Масасында» XX ғасыр басындағы қазақ тағдырының толғақты тақырыптарын көтеріп, ұлттық рухтың көш бастаулары тек білім-де ғана емес, ірі мінезден туған ұлы мұратта екенін ұғындырады.

Қазақтың қос қаламгері, ой алыптары Мағжан мен Мұхтардың ұлттық тақырыпты дамытудағы көркемдік-эстетикалық ізденістері қазақ әдебиеті дамуының сара жолын айқындауда, ұлттық характер сомдауда да өзгеше өрнек танытқан. Мысалы, Мағжан «Батыр Баянында» сөз еркіндігін тұншықтыруға қарсылығын былайша өрнектейді:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да».

Осы ретте XX ғасыр басындағы демократияға, сөз бостандығына жасалған шабуыл салқыны шығармашылық бостандығына әсерін тигізгені, қазақ поэзиясын ғана емес бүкіл әдебиетін де дімкәстандырып, жалаң үгітшілік үстемдік алғаны белгілі. Әдебиеттен таза көркемдік талап, кәсіби шеберлік емес, таптық идеологияны дәріптеу талап етілді. Жаңа өмірді белгілі бір тақырып төңірегінде тану, С.Мұқанов ұсынған 12 тақырыптың тізімі берілуі шын мәніндегі шектеудің шектен шыққанын көрсетеді.

С.Мұқанов «Трактор» деген романында оның қалай от алатынын жазып әуреленсе, С.Сейфуллин атақты «Көкшетау» поэмасында телефон, телеграф, аэроплан секілді темір-терсекті жырлаумен шектелгенін зерттеуші аяусыз шенейді. Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтарлардың шығармаларының мазмұны мен көркемдігінің шексіздігі, еш уақытпен санаспайтын мәңгілік құндылығы осы науқаншылықтан, конъюктурадан ада, сөз өнерінің өзіндік міндетін атқарғандығынан екендігін әдеби деректер мен көркем мәтін мысалдарымен дәлелдейді. Ұлт тағдырын ойлайтын ұлға керегі табы емес, ел тағдыры, ұлттың келешегі, оны ұйытатын рухани құндылықтары.

Ұлттық тақырып экономикалық, саяси әлеуметтік қатынастарды көркемдік зерттеумен шектелмейді. Әдебиет қоғам өмірінің идеологиялық һәм психологиялық қырлары сияқты күрделі жүйеге көңіл бөлмей, үнілмей, оны саралап тексермей өмір сүре алмақ емес. Қандай да көркем бейненің ұлттық сана-сезімі, ұлттық характері, психологиялық келбет-тұлғасы болуы тиіс. Сондықтан да Мағжан

өлеңдері халқының ұлттық сана-сезімін (национальное самосознание) оятуға арналды. Оған психологиялық тұлғасы қосылып ұлттың рухы, ішкі жан иірімдері, тарихтағы орны танылады.

Ұлттық тақырып – ұлан-ғайыр тақырып. Таптық көзқарасқа табынған социалистік реализм әдебиеті оның аясын тарылтып жіберді. Алайда, Алаш зиялыларының рухы 60 жылдары қайта оянып, І.Есенберлин «Көшпенділер», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарын, М.Мағауин «Аласапыран» дилогиясын дүниеге әкеліп, қазақ қауымының ұлттық сана-сезімін жаңа белеске шығаруға атсалысты.

Ұлттық тақырыптың маңызды тарауларының біріне ұлттық ерекшелік қасиеттерді көркем сөз өрнегіне түсіру мәселесі жатады.

Осы орайда ХХ ғасыр басындағы «Алқа» атты құрылмаған әдеби үйірменің «Табалдырық» атты бағдарламасы (17 данасы қолмен көшірілген, кейбір жазушыларға таратылған, жарияланбаған), жайлы ғалым құнды әдеби деректер келтіреді. Екі тұлғаның қоғамдағы қызметінің мәнін аталған құжаттардағы мақсат-мұратынан іздеген зерттеуші әдебиеттің ұлттық нәрі тілінде, ділінде, мәдениеті мен әдет-ғұрпында, жан дүниесінде, ұлттық ерекшелігінде болуы тиістігін тілге тиек етеді. М.Жұмабаев пен М.Әуезов Кенесарыны неге кейіпкер етіп алды деген сауал төңірегінде да терең толғанады. Кенесары-Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» (1920) поэмасының бас қаһарманы. «Ертегі» (1922) мен «Батыр Баян» (1923) поэмаларында тек елес беретінін, ал М.Әуезовтің Кенесары хақында 1934 жылы «Хан Кене» атты пьесасын жазғанын айта келіп, тарихты жасап, ұлттың тізгінін ұстайтын Кенесары сынды жеке тарихи тұлғалар екендігін, ол бастаған көтерілістің қазақ келешегі, бас бостандығы үшін қаншалықты қажеттілігіне зер салады. Хан Кене тағдырының ХХ ғасыр басындағы қазақ қасіретімен, қазақ тарихымен үндестігі, бүкіл қазақстандық сипаты, төл тарихымызда ұзақ жылдарға созылған мұндай табанды соғыстың болмағандығы, оның бүкіл кіндік Азиялық реңк алуға ұмтылғандығы ұлтжанды қаламгерлерді бейғам қалдырмағаны кәдік.

Мағжан, Мұхтарлардың халықтың елдік, ұлттық санасын көтеру жөніндегі азаматтық, қаламгерлік, тұлғалық ұстанымдарына, өмір мен өнердегі негізгі мақсат-мүдделеріне қонымды болғандықтан қазақ тарихындағы орны ерекше Кенесары – кейіпкер мен көтеріліс-оқиға екеуінің оңтайына келіп, сол кезең үшін зәру тақырып еді.

Халық қаһарманы болған тарихи тұлғаның тағдырын көркемдік зерттеулерінің нысаны еткен авторлар өздерінің жанрлық ерекшеліктеріне сай бейнеде сомдайды. Мысалы, «Оқжетпестің қиясында» ақын оқиғаны мистикалық сарындағы сюжет арқылы толғай отырып, Кенесарыны ұлт қаһарманы дәрежесіне көтереді. «Арқада Бурабайға жер жетпесе, Алашта Кенекеме ер жетпейді...» деп асқақ шабытпен жырлаған ақын әңгімені Қыдыр кейпіндегі шал кейіпкер баяндауында береді. Ел шежіресінен сыр шерткен қарт қазақтың ұлт-азаттығы үшін қан төгіп жүрген Кенесарының тағдыры мен адами болмысы, ерлік істері, халық қамын жеген ішкі ой-шері, қалың жұрттың арманы мен тілегі, еркіндікке ұмтылған арман-мұраты жөнінде толғанады. Поэманың бүкіл мазмұны мистикаға құрылып, Хан Кене қаза тауып, қария тас мүсінге айналуы да авторлық идеяның көркемдік шешімі-тін. Шағын шығармада шымыр ғана баяндалған оқиға оқырманына ұлт мұраты жолындағы ұлы ойларға, сезімдерге жетелейді. Ұлт тағдыры туралы тарихи шежірені шынайы бейнелеп, ұрпақ санасына жеткізуді мұрат тұтқан ақын бұл ойын «Ертегі» поэмасында эпсаналық сюжетке ұластырып, ұлттық тақырыпты дамытуда табандылық танытады.

Ал, ұлы суреткер Мұхтар Әуезов Хан Кененің ұлт-азаттық көтерілісінің маңызын басқа мағынада түсіндірген патша тұсындағы және кейінгі кеңестік кезеңдегі жалған ақпаратты шынайы тарихи құжаттармен дәлелдей отырып, елге ой тастайды. Ол әсіресе пьеса прологындағы үш жүзден келген үш өкілдің өмір шындығын арқау еткен шешендік сөздері арқылы ашылады. Империялық санаға сызат салған сахналық көрініс кезінде сыналғанымен ұлттық мүддені мақсат тұтқан туынды өзінің мәңгілік қызметін тарих алдында адал атқарып келеді. Хан Кене көтерілісі туралы тарихи құжаттарға қанық әрі әдеби білімінің молдығы М.Әуезов зерделеуінде өз құнын арттырып, көркемдік маңызға ие болды.

Екі суреткердің ұлттық тақырып төңірегіндегі туындылары мен олардағы ұлттық мақсат маңындағы кестелі ойларын ғылыми тұрғыдан талдаған ғалым өз ойын былайша түйіндейді: «...ендеше, Мағжан, Мұхтар ізденістері ұлттық тақырыпты жаңа, тәуелсіздік жағдайында өрістететін бірден бір негіз бола алады. Көп жылдар арнасы кеуіп қалған ұлттық тақырып осы негізге сүйеніп, жаңа күш алмақ» /83 б./.

Ұлттық тақырып төңірегіндегі толғаудың бірі – «Толық адам» атты эссе. Көрнекті суреткер Рабит Мүсіреповтің шығармашылық тұлғасы, адами болмысы, кісілік келбеті жайындағы сыр автордың жазушымен болған кездерін, сұхбаттасқан сәттерін еске алу арқылы баяндалып, ұлттық мүддеге қатысты құнды ойларын оқырманға тарту етеді. Әсіресе замандас әріптесі Бейімбет Майлиннің ұсталуына қатысты «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген әйгілі әңгіме, қазақ тілінің тазалығы, ұлт әдебиетінің тағдыры мен оның тұлғалары туралы тағылымды тәрбиелік мәні зор шежірелерде ұлттың шері қоса тарқатылады. Сондай-ақ, «Он екі бет роман» (Әбдіжәміл Нұрпейісов), «Тұлға» (Әди Шәріпов), «Ерлікке жаралған үрпақ жазушысы» (Әзілхан Нұршайықов), «Сыршыл жүрек» (Тұманбай Молдағалиев), «Алаш азаматы» (Бижан Жанқадамов), «Қарымды қаламгер» (Қабдеш Жұмаділов) атты мақалалардағы өз замандастары мен шығармашылық тұлғалардың ұлт әдебиетін, тілін, көркем сөзін, дамытудағы ізденістері жайлы толғаныстар зерттеудегі ұлт тақырыбын толықтырып тұр.

«Қазақ поэзиясы және ұлт тағдыры» және «Мағжан ақын стилі» деген еңбектерінде мағжантанушы Ш.Елеуенов поэма жанрының өзгеше табиғатына сипаттама берумен бірге ұлт тағдыры сынды күрделі тақырыпты толғайтын эпикалық өрісті өлке екендігіне де кеңінен көңіл бөледі. Бұхар жыраудың «қазақ» деген атау тұңғыш рет ұшырасқан толғауларында ұлт тақырыбының өзіндік арнау тапқандығын, олардың поэмаға сара жол салып, кең көлемді жанрдың өмірге келуіне мұрындық болғандығын айтады. Бұхардан бастау алған «қазақ» ұлтының мәселелері ұлы Абайда жазбаша түрде «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» болып жалғасын тапты. Сөйтіп, қалың ұйқыдағы қазақты оятуға Бұқар, Абайдың ізбасарлары Ахмет, Міржақып, Мағжан сынды Алаш азаматтары атсалысты. Зерттеуші әсіресе, кешегі тоталитарлық саясаттың жалған жаласына ие болып «ұлтшыл, байшыл» деген лақаппен айыпталған қазақ зиялыларының шын мәнінде ұлттық сана-сезімді ояту, дамыту сияқты еңбектерін саралап, талдай отырып нақты мәтіндегі ұлтты оятудағы ұстанымдарына ой жүгіртеді, олардың ұлтжандылығын ұлықтайды.

Мағжан Жұмабаевтың баспасөз жүзін көрген тұңғыш туындысынан басталған «ұлттым» деген ұстанымның оның өмір өзегіне

айналғандығын, тіпті оны «сары уайымның ақыны» деген атаққа телігенін, алайда ұлтының келешегі үшін неге де қайыспай баратынын отты жырларындағы ойлармен сабақтастырып, нанымды тұжырымдар түйіндейді. Кеңестік кезеңдегі сыңаржақ саясаттың салқынынандасескенбей, «Абылай», «Кенесары» аруағын шақырып, жастарға сенім артып, жігерін жанығанын зерттеуші Мағжанның шығармаларында қолданылған көркемдік әдістері мен поэзиясының парасаттық қуатын арттырып тұрған пішіндік, мазмұндық, түрлік қасиеттерін, стильдік ерекшеліктеріне, қазақ өлеңіне өзгеше өрнек әкелген өлең жолдарына талдау жасау арқылы «Мағжан – ұлттық ақынымыз» деген түйінге келеді. Ол жөнінде ғалым былай дейді: «... ал ұлтжандылық эстетикалық категория есебінде әдіс жүйесіне жатады, өйткені бұл – дүниетаным саласына жататын ұғым. Ал нақ Мағжан творчествосында ол бір жағы оның ақындық стиліне де айналып отыр. Айналатын себебі – Мағжан творчествосында ұлттық сипат тұрақты орын алды. Мағжан поэзиясы талай әдіс жүйесіне ауысты. Бірақ қай әдіспен толғанса да, оның өлеңдерінің ұлттық бояуы қаныға түспесе, өшкен, көнерген жоқ. Мағжан өлеңдерінің ажары ел-жұртының тағдырына орайлас әртүрлі болды» /273 б./ Мағжанның өзі де бағдарламасында: «Өнер максаты – уағыз соғуда емес, сезім оятуда» деген.

Мағжан сүйенген символизм әдісі де санадан гөрі сезімге бой алдыруды алғышарт жасаған. Орыс әдебиетіндегі символизмнің ірі өкілі Бальмонт туралы Брюсовтің: «Он просто рассказывает свою душу» деген сөзін қазақ әдебиетіндегі Мағжанға арнауға болады. «Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық, Ақын сорлы өле алмай қалды тұрып», – деген ақынның өзі де «Жан сөзі» деген өлеңінде:

«Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күніренед: мен де көктей күніренем,
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!», –

деп өзінің өнердегі Памғамбарлық образын өзі сомдап береді.

Бұл деген сөз оның өлеңдерінен тек өлімді, сарыуайымды, дүниеден торығуды көру, ол – күншілдіктің кесірі деген түйінге әкеледі. Себебі символдық стиль тек сары уайымнан емес Күншығыстан таң атырып, қараңғылықты құртып, жер жүзіне нұр да бере алатын асқақ үнге ие, әлемге ие адамзаттың асыл армандарын

да ажарлап бейнелеп беретін үлкен парасат иесінің қолтаңбасын да таныта алады. Жаны сұлу, өмірге өлердей ғашық ақын жанының сұлу сезімдері, жүрек жарды шынайы шындығы мен шұрайлы тілі оның бүкіл поэзиясының көркемдік қуатын ашады.

Мағжанның ұлтжандылығы оның әрбір шығармасында бой көтеріп, ұлттың ойын түзеді, сезімін тәрбиеледі. Ұлтжанды ақынның жұртына жасар жақсылығы одан артық болуы мүмкін де емес-ті.

XX ғасыр басындағы ұлт ақындарының ұлағаты да осы қазақ халқының тағдыры туралы терең тебіреністері мен толғаныстарында жатыр.

Мәселен, І.Жансүгіров 1930 жылы жазылған «Дала» поэмасында ақтабан шұбырындыдан бергі тарихты өзіне тән ақындық шабытпен кең көлемде жазып шықты. Алайда ол қазақ халқының көркем шежіресінен гөрі қарабайыр саяси баяндамаға көбірек ұқсады. Себебі, сол кездегі саяси әміршіл идеологияның салқынан ұлттық мүдде мен мақсат мүрдем кетіп, ақынның тілі мүдіріп, ойы ойсырап, орта жолда қалып құрғақ тақырып аясынан шыға алмауы еді. Ал, 1929 жылы жарық көрген «Күйші» мен 1934 жылғы осы атас поэмасының көркемдік қуаты ақын талантының шынайы құдіретін танытартып тартымды. Әдебиет пен өнердің өктемдік атаулыға жаны қас екендігін ақынның осы екі туындысындағы поэтикалық қуат айқын танытады. Адуынды ақынның сөз астарындағы ақтарылып жатқан ашу-ызаның сызы оқушысына ой салмай қоймайды. Айталық, Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасында (1933-34) малға келген жұт әңгіме етіліп, ал адамға келген жұттың ауызға алынбауы, аштықты тікелей суреттеген Жақан Сыздықовтың «Әлі қарттың әңгімесі» (1927) мен Асқар Тоқмағамбетовтің 1932 жылы осы тақырыпта жазылған «Берлин көшесінде» атты поэмасында да қазақ даласы мен қаласын қаптаған аштықты байқамай, басқа тоқ елдің көшесіне түсіп кетуі секілді сорақы деректер сол кездегі саясаттың салдарынан, идеологияның талабынан екендігі түсінікті. Бұғаудағы ауыздан тек ел есін жинаған, ұлттық намыс мен ой ояңған алпысыншы жылдарда ғана аздап болса да, астыртын болса да ақиқаттар айтылып, ұлт санасына ұлттық идея сыналап сіңіріле бастаған. Сол кездері жарық көрген Әбділда Тәжібаевтың (1946 БК/б./П Орталық Комитетінің «Драмалық репертуары және оларды жақсарту шаралары туралы») қаулысында қатты сыналған «Біз

де қазақпыз» деген драмалық поэмасы мен 20-жылдан соң жарық көрген Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» деген поэмасы соның айқын айғағы.

Ұлттық сана сезімнің өсу, өрбу сатыларына қарай ұлтының толық қанды тұлғасын жасау талаптары жаңғырып отыратынын, Жұбан Молдағалиевтің: «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» – деген бастапқы бір ғана жолына ұлттымыздың бүкіл тарихи тағдыры сыйып кететінін жасыра алмаймыз.

Бүгіндер біз үшін ұлттық мүддені қорғаудан өткен биік мақсат болмауға керек. Сондықтан өнердің ұлттық характері, қазақ елінің елдігі, тәуелсіздігі, империялық сана мен ұлттық сана характері енді көрінуі тиіс деген ойлар зерттеуші еңбегінің өн бойында өріліп отырады.

Әдебиеттанушы ғалым *Жұмабай Әбіловтің* «Этнодеформация» (Ұлттық сана мәселелері. Қызылорда: «Тұмар», 2007. – 176 б.) атты зерттеуі ЖОО-на арналған оқу құралы. Мұнда тоталитарлық жүйе кезіндегі кеңестік идеологияның қысымынан өзгеріске ұшыраған ұлттық сананы зерттеудің теориялық мәселелері қарастырылады. Бұл еңбекте этнодеформация ұғымы категория деңгейінде зерттеліп, оның терминологиялық жүйесі жасалған. Зерттеуші «Этнодеформация туралы қысқаша түсінік» атты алғы сөзінде: «Ұлттық сананың жаттану процестерін нақпа-нақ зерттеп, оның бұзылу немесе қайтадан қалпына келу құбылыстарына дер кезінде баға беріп отыратын нақты ғылыми методология қалыптаспаған. Бүкіл әлем халықтары ғалымдары ұлттық сананы психология, философия, логика, социология т.б. ғылымдардың мүмкіндігін пайдалану арқылы зерттеп келеді. Бұл ғылымдар аталған мәселеге тек жанама түрде ғана бара алды. Сондықтан, бұл аталған ғылымдар ұлттық санадағы өзгерістерді және сол өзгерістерге әсер ететін жағдайларды зерттеудің дәлме-дәл табылған методологиясы бола алмады», – деп бұл тақырыптың ұлттық ғылымда арнайы зерттеле қоймағандығын, сол орны толмас олқылықты жөндеуге сеп болар еңбегі арқылы ғылыми ортаға ой тастайды.

«Сонда этнодеформация дегеніміз тек, сана, деформацияның «бұзылу», «бүліну» деген мағыналарынан құрала келіп, ұлттық тектің, ұлттық сананың, ондағы дәстүрліліктің бүлінуі деген ұғым білдіреді. Олай болса «этнодеформация» терминдік ұғымының

білдіретін мағынасы ұлттық сананың, ұлттық болмыстың о бастағы жаратылысынан ауытқуы, алшақтауы, ажырауы дегенге барып саяды», – деген түсініктеме берген зерттеушінің алдыңғы мақалаларында да осы тақырып төңірегінде ой толғап жүргені мәлім. Ол терминдік атаулар: этнодеформацияның үлкен және кіші шеңбері, этнодеформациялық коллизия, этнодеформациялық мобилизация, этнодемормациялық кеңістік, этнодеформациялық коллизияның белсенділігі (активтілігі мен бәсеңділігі (пассивтілігі) этнодеформациялық талдау (анализ), этнодеформациялық синтез, этнодеформацияның түрлеріне қатысты авторитарлық этнодеформация сынды ғылыми түсініктер мен ұғымдар.

«Этнодеформациялық мобилизация – бұл белгілі бір халықтың этностық тұтастығын бұзуға, ұлттық сананы өзгертуге жаппай жұмылдырылған әрекеттің көрінісі. Алып мемлекеттердің кіші мемлекеттер халқын ұлтсыздандыру саясатының қай-қайсысы да сол мемлекет идеологиясының осы бағыттағы жұмылдырғыш күшінің деңгейіне байланысты» /6 б./.

Бұл этноформациялық мобилизацияның ең қауіпті жері – бір ұлттың ең сауатты деген ұлт зиялыларын жою. Ал, көш бастаушы көсемдерінен айрылған қара тобыр халықты басқару кімге де жеңіл. Ұлтты осылай қарусыз жоюдың ең тиімді, әрі әккі жолын таңдағандар ел бірлігін ыдыратуды басты мақсат тұтты. Мәселен, БК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы «Партияның көркем әдебиет туралы саясаты», 1932 жылғы «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулылары соның бірден-бір дәлелі-тін. Одан әрі зерттеуші ұлттық идеяның күйреуіне В.И.Лениннің «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деп аталатын әйгілі мақаласындағы социалистік реализм әдісінің теориялық негізі мен оның ұлттық сананы улап, таптық әдебиет жасауды жолға қойғаны себеп болғаны белгілі. Әр ұлттың өз табиғатына, таным-түсінігіне тән көркемдік ойлау жүйесіне нұқсан келтірер бұл шаралар сол кезеңдегі адамдардың, жалпы ұлттың санасындағы өзгерістерді көрсетеді. Айталық, Бейімбет Майлиннің жаңа кейіпкерлері, Мырқымбайлары мен Раушандары т.б. сол кезеңнің бүлінген санасының, ұлттық психологиясының көркем көріністері. Осы жөнінде автор: «Б.Майлиннің «Раушан-коммунист» повесін алайық. Бұл повесте автор ұжымдастыру кезіндегі қазақ ауылында

тұратын Раушанның психологиясындағы этнодеформациялық мобилизация әсерінен туған өзгерістерді қазақ ұлтының мүддесі үшін үлкен саяси мәселе ретінде көтере отырып, бұны сатиралық пафоспен жазып жеткізген», – деп өзінше тұжырым жасайды /9 б./.

XX ғасыр басындағы көркем прозада кеңестік идеологияға, яғни ұлттық рухты жаттандыру саясатына оппозициялық көзқараста болған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлиннің этнодеформациялық мобилизацияның кереғар әсеріне ұшыраған кейіпкерлері туралы кеңестік дәуірде айтылған ой-пікірлерде жазушылар ұстанған ұстанымдарын саясатқа бейімдеп жіберу жиі ұшырасады.

Зерттеуші жазушының айтқан ойын саясатқа бейімдеп жіберу бір жағы құлдық психология салдарынан болса, екіншіден этнодеформациялық мобилизация саясатын жас ұрпаққа байқатпаудың амалы екендігін ескертіп отырады.

Ұлттық рухқа қарсы жұмыс істейтін түрлі саяси топтар, әсіресе мемлекеттік тілге қарсылық пен түрлі діни ағымдардың бой көрсетуі этнодеформацияның, яғни ұлттық сананың қатты ауытқуынан туындайды.

Осы жөнінде автор мұндай көріністің XX ғасырдың елуінші жылдары, яғни тың көтеру жылдарында кеңінен өріс алғандығына тоқталады.

Және автор этнодеформациялық бейімділік – қоғамдағы саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогрестер әкелген өзгерістерді талғамсыз қабылдаудың тәсілі екендігін ескерте келіп, 70-80 жылдардағы қоғамдық өмірде этнодеформациялық бейімділікке ұшыраған адамдардың 30 жылдардағы адамдардың іс-әрекеттерінен басты айырмашылығы – олардың туған тілінде сөйлей алмайтын халге жетуі», – деп атап көрсетеді /15 б./.

«Диаспора – нақты бір тарихи жағдайларға байланысты халықтың бастарынан өткерілген этнодеформациялық сызаттың (жарықшақтың) көрінісі. Диаспоралогияның өзінің этникалық ортасынан тыс жерге еріксіз шеттетілген немесе өз-өзінен шеттеуге мәжбүр болған халықтың шашыранды тобының дәстүріндегі, салтындағы, жалпы ұлттық санасындағы өзгерістерді жеке дара зерттеумен шұғылдану этнодеформация үшін ғылыми зерттеу әдіснамасының бір саласына жатады» /23 б./.

Осы орайда, шетелден қоныс аударған қаламгер Қабдеш Жұма-

діловтың романдары мен драматург-жазушы Қалтай Мұхамеджановтың «Жат елде» пьесасында, сондай-ақ Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» мен Сәкен Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» романдарындағы шетке көшкен қазақтардың трагедиялық тағдыры Ж.Әбілдің еңбегінде көркемдік-идеялық тұрғыдан талданады.

Ұлтты ұлт ретінде сақтап тұрған әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен бірге рухани құндылықтар екенін ескерсек, А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Ұлттық сана дегеніміз – ұлттың өзін сезінуі және түсінуі», – деп ұғынуға болады. Ал, М.Жұмабаев: «Ұлт жоқ жерде тіл жоқ», – дейді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол қоғамның, әр мемлекеттің, әр ұлттың мәдениетінің мәйегі. Тіл – ұлттық бірегейліктің негізі, әрбір халықтың өзіне тән ділі, дүниетанымы, мәдениеті, рухани қазынасы тіл арқылы ғана сақталып, дамиды.

Ұлттық ой-сананың құбылуы – қоғамның өзгеруіне алып келері хақ.

Мысалы, Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібінде» шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділердің әрекеті талай жазықсыз жанның басын жалмаған репрессия деген қанды қырғынға соқтырғаны мәлім. Бұл жайында Қазақстан Республикасының халық жазушысы, орыс ұлтынан шыққан Д.Снегиннің: «Қазақ ұлтын кінәлағым келмейді, сыртынан көрсетуші арандатушылар ол жылдары қазақта ғана болып қойған жоқ, ондай әсіре белсенділер сары орыста да, өзбек те де, қысқасы әрбір ұлтта болды. Алайда, ұзақ жылдар барлап, бақылап жүріп менің бір байқағаным қазақтар бір бет, өжет халық. Өз пайымдауымша О.Жандосов, І.Жансүгіров, Б.Майлиндер өлер алдында да ешкімді көрсетпей тік жүріп өлді деп ойлаймын», – деген сөзі көпке ой салары сөзсіз /45 б./

Ж.Әбілдің «Этнодеформация» атты оқу құралындағы «Этнодеформация және ұлттық ой-сана проблемасы» атты тараушасында мәңгүрттік туралы кеңінен сөз болады.

Кез-келген көркем шығармадағы мәңгүрттік жайын Ш.Айтматовтың (80 жылдардың бас кезінде жарияланған) «Боранды беткеінен» байқаған зерттеушілер одан бұрын (60-70 жылдары) жазылған Ә.Кекілбаевтың «Дала балладаларынан» неге байқамады деген сауалға автор: «Мұны анықтаудың ғылыми ғана емес, саяси әлеуметтік те мәні бар. Бар мәселе мәңгүрттік проблемасының Айтматов романында саны аз ұлттардың өзін-өзі сақтау, не сақтай алмау проблемасымен қат-қабат көтерілуінде жатыр. Осы ойдың

айтылуы оқырмандар мен зерттеушілердің Әбіш творчествосының қалың қыртысындағы мәңгүрттік туралы ойларын сезіп білуге итермелейді. Бұл арадағы қатты қызықтыратын нәрсе, ұлттық ой-сана тұншыға түскен уақытта көзқамандану проблемасының алғы кезекке шығарылуы», – деп өз топшылауларын айтады /47 бетте/.

«Найман-ана» аңызы бойынша анасын танымайтын ұлды мәңгүрт еткен туған халқы емес, жат жұрт адамдары екендігін ескерсек, автордың бүкіл адамзаттық өркениеттің қуатты күшіне төтеп бере алмайтын саны аз ұлттардың саяси әлжуаздығын саны көп ұлттар өз пайдасына шешеді деген позициясы айқын сезіледі. Ш.Айтматов мәңгүрттікті болдырмау ғана емес, енді одан шығудың да жолын іздестіреді. Екі жазушы шыққан ұлттардың тағдырына мәңгүрттік мәселесінің белгілі мөлшерде қатысы болуы олардың осы тақырыпты көтеруіне себеп болып отырғаны да айқын.

Зерттеуші «Диалог комедиядағы жаңалаушы екпін және көзқамандану процесі» деген тараушасында да осы мәңгүрттікті ұлттық болмыстың көзқамандану процесіне ауыстырылуы деп қарастырады.

Ұлттық ой-сана проблемасы белгілі бір тарихи кезеңді қамтиды да, өзінің өзектілігін бірте-бірте сапаға өзгертіп, басқа процестермен ауысады. Мұндай ауысу процесі ой-сана проблемасының нақты нәтижесінің анықталғанын нақтылайды.

Ол ұлттық сана табиғатының бүтіндей өзгеруіне тікелей қатысты құбылыс. Ұлттық сана болмысын өзгертуге әсер етуші күштердің барынша бас көтерген тұсы – ұлттық дүние танымнан интеллектуальды дүниетанымға бет бұрған тарихи кезең.

Шындығында да, бұл проблема ұлттық интеллектуалды дүние таным кезеңінен тысқары өмір сүре алмайтындығын ерекше атап көрсетеді зерттеуші.

«Этнодеформация және кеңестік дәуірдегі әдеби бағыттар» деген тарауында зерттеуші қазақ өміріне кеңестік сананың енуі ұлттық ой-сананың өзгеруіне әкелгені, әдебиетте С.Сейфуллиннің социалистік құрылысты жырлаған шығармаларының ұлттық рухани сұхбаттастықтан алшақтап кетуі әдебиеттегі таптық жадағайлыққа жол ашқандығы жөнінде бірнеше ғылыми тұжырымдар мен теориялық талдау жасайды.

Қазақ әдебиеттануында этнодеформация түсінігі, олардың ұлттық санаға еткен әсері мен оның көркем әдебиеттегі көріністері

жөнінде алғаш осындай терең теориялық талдаулар жасап, студент жастарға түсінікті тілмен оқу құралын жазуы сөз жоқ үлкен іс, жақсы жаңалық. Әрине, көркем шығармадағы этнопсихологияның бейнелену ерекшеліктерінің осы уақытқа дейін сөз етілмей келе жатқаны да осы этнодеформация жайында сөз қозғалмауынан екендігі мәлім.

Қорытындылай келе айтарымыз, бүгінгі таңда қазақ әдебиеті тарихын зерттеу еңбектерінде ұлттық идея, ұлттық сана мәселелерінің көтерілуі заңды құбылыс. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі ұлттық тамырдан бастау алып, қазақ халқының басынан өткен түрлі кезеңдердегі ұлт-азаттық көтерілістердің көркем шежіреге айналған тәуелсіздік идеясы зар заман ақындарының өкілдері көтерген ұлттық идеямен толығып, түрленіп, өзінің сөз өнеріндегі көркемдік үрдісімен Алаш ұранды әдебиетке ықпал ете отырып, оны әрі қарай жаңаша жандандырып, жаңғыртуы нәтижесінде бүгінгі егемендікке ие болған әдебиеттің ұлт мүддесін, ұлттың тәуелсіздік, азаттық алу идеясын жоғары қойғаны баршаға мәлім. Ұлттық идеяның қазақ әдебиетінде бейнеленуі мен зерттелуі әрқилы және әртүрлі деңгейде екендігі де белгілі. Өйткені, ұлттық идеяны қозғамайтын қоғам, азаттықты аңсамайтын адамзат болмайтынын ескерсек, халықтың ұлттық ойлау жүйесіне өзгеріс енгенмен оның ең түпкі мақсаты – ұлттық идея, яғни ұлт мүддесін аңсау, қорғау, марапаттау және соны дәріптеу. Тегінде, ұлттық ой-сана проблемасының көркем әдебиетте бейнеленуі мен оның зерттелуі өте нәзік құбылыс. Дегенмен, біздің тарауымызда қарастырылған зерттеу еңбектерде ұлттық таным мен ұлттық сана, ұлттық идея, тәуелсіздік пен азаттық идеясы әр ғалымның ғылыми ұстанымы мен кәсіби шеберлігіне, интеллектуалдық білім деңгейіне, алып отырған тақырып шеңберіне қарай әртүрлі деңгейде жазылып, зерттелген. Және олардың ұлттық әдебиеттану ғылымындағы алар орны да біздің рухани өмірімізге алып келген құндылығы да баршылық. Ел тәуелсіздігі төңірегіндегі еңбектерді жүйелеп зерттеу уақыт қажеттілігінен туып отырған талап. Қалай болғанда да тәуелсіздік алған 1991 жылдан бергі қазақ әдебиет тарихын зерттеу еңбектерінде ұлттық идеяның көрініс табуы, зерттелуі рухани зәрулікке ие. Өйткені, ұлт болған жерде ұлттың мәселесі, ұлттың руханияты мен құндылықтары, олардың ұлттық мүддесі мен мақсаттары жайында сөз болмай тұра алмайды. Сондықтан бұл тақырып – мәңгілік.

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Ұлттық идея, ұлттық идеология жайы бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесі. Ахмет Байтұрсынұлының: «...Біздікі – ұлтымыздың тарихы, дәстүрі, тілі жойылып кетпесе екен деген тіленші ұлтшылдық», – дегеніндей, ұлттық ой-санамызды, дүниетанымызды саф алтындай таза қалпында сақтап, ұрпағымызға мұра етерлік –тілімізді, дінімізді, ділімізді жоғалтпай жеткізе білсек деген мақсат. Қай дәуірде болсын, қай мемлекетте болсын ұлттық идея болмай, соның жолында көзіқарақты, ұлтын сүйген бүкіл жұрт жұмыла еңбек етпей ол халықтың келешегі күңгүрт, болашағы бұлдыр болары белгілі. Сондықтан бүгінгі мерзімді баспасөз беттерінде, әрбір ғылымтанымдық еңбектерде бұл мәселенің күн тәртібіне қойылып, өзекті болып отыруы заңды. Көрнекті ойшыл А.Шопенгауэр: «Көркем өнердің ұлы шығармаларын Ұлы тұлғалар ретінде қабылдау керек» деген данагөй сөзіне сүйенсек, қазақ халқының да рухани мұраларын әр кезеңнің тарихи тұлғалары түгендеп, толықтырып, өзіндік ой-пікірін, ұлттық ұстанымын ұсына отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырғаны ақиқат. Сондықтан да ХХ ғасырдағы ресейдің гуманист ғалымы Д.С.Лихачев: «Туған өлкеге, төл мәдениетке, туған ауылға немесе қалаға, ана тілге деген махаббат кішкентай нәрседен басталады, олар – өз отбасың, өз баспанаң, өз мектебің. Біртіндеп кенейе түсетін бұл махаббат өз еліңді сүйуге, яғни, тарихқа, өткенге және қазіргі уақытқа деген махаббатқа ұласады, сонан соң бұл барлық адамзат баласына, адамзат мәдениетіне бағытталған махаббат сезіміне өтеді» – деп ұлттық идеяның ұрпақ ұшар отбасылық ұядағы тәлім-тәрбиеден өрбитініне терең мән береді.

Әр ұлттың өзіндік мінезі, мәдениеттегі ұлттық ерекшеліктері сол ұлттың көркем шығармаларында орын алып, насихатталары хақ.

«Өз тарихын, өз философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай да мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – деп көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің айтқанындай қазақ әдебиетінің тарихын жазу, ұлттық құндылықтарды зерттеу, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру,

ұрпақ санасына сіңіру елдің ертеңін ойлаған әрбір елдің, ердің басты мұраты екендігі аян. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, тілін, ділін, дінін, мәдениеті мен тарихын, әдебиеті мен өнерін өзінің бар болмысымен сақтап, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай өрістете отырып, бүгінгі бәсекеге бейім елу елдің қатарына қосылу талабына сай жаңарта дамыту күн тәртібіне қойылып отыр.

Ұлттың дамып өркендеуі – оның әрбір өкілінің қаншалықты және қалай тәрбиелегеніне тікелей байланысты. Ұлттың әрбір өкілі өзіне сын көзбен қарамаса, ішкі жан дүниесі нұрланбаса, ол ұлттың дамуын күту бекершілік деуге болады. Отан, отбасы, бала тәрбиесінен бастау алатын ұлттық идеяның ұдайы жетілуі, рухани толысуы адамзат үшін аса маңызды өлшемдер болып табылмақ.

Өйткені, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының қалыптасып, дамуына көп еңбек сіңірген ұлт зиялыларының, тарихи тұлғаларымыздың әр кезеңдегі әр саладағы ұлттық мүддені аңсаған арман-тілектері, ғылыми-танымдық, тәрбиелік, зерттеушілік еңбектері бүгіндері тәуелсіз ой-сана тұрғысынан қайта қаралып, тарих таразысына қайта салынып, жаңаша көзқараспен жүйелі түрде жазыла бастады.

Қай кезеңде де ұлттық рухтың ең ауыр әрі абыройлы жүгін көтеретін көркем әдебиет болған және бола да берері сөзсіз. Сондықтан тіл, дін, діл, тарих, әдебиет пен мәдениет сынды ұлттық құндылықтар сөз болған жерде ұлттық идеяның мен мұндалары, зерттелуі мен насихатталуы заңды.

Өйткені, қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – әдебиеті мен мәдениеті.

Бүгінгі ұлттық әдебиеттану ғылымында дағдарыс пен іркілістен гөрі ізденіс, теориялық-методологиялық жаңару, қайта өрлеу тән. Ежелгі дәуірден келе жатқан әдеби үрдістер бүгіндері жаңаша зерттеліп, бұрын-соңды қолға түспеген тың тарихи деректер мен әдеби мұралар, мәдени дереккөздер көптеп жарияланып, көне түркі елдеріне ортақ ұлттық құндылықтар ғылыми айналымға енді. Ұлтымыздың рухани ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгертінін білу, тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалар мағлұматын,

сымға тартқандай, сынға салып, мінсіз етіп-дұрыстап өткізеді». Шынында да тарихпен ұлт тәрбиеленеді. Тұзу тарихпен тәрбиеленген тұлға бойында өзін де, өзгелерді де қадірлей білетін тектіліктің деңгейі қалыптасады. Ал, «Әрбір ұлт-өзінің халқы үшін Ұлы. Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде» (Ш. Айматов). Белгілі бір ұлттың мыңдаған ғасырлар бойы бой тұмардай сақтап, аялап келген тарихы, бай әдеби мұралары, ұлттық құндылықтары да осы тіл, яғни сөз өнері арқылы ғана ұрпақ санасына сіңеді. Қазақ әдебиетінің тарихын да, оның дәуірлеуін де біздің ұлттық тарихымыз, оның даму кезендері белгілейтінін ескерсек, біздің ұлттық идеяларымыздың бастауы көне дәуірден басталары даусыз. Бүгінгі әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар кешегі жыраулар поэзиясының тамыры Күлтегін, Тоны-көк жырларынан тарайтынын, дәлелдеп берді.

«Әдебиет – ұлт өміріндегі үйлесім, ұлттың болмысы мен ой-пікірінің, рухани ілімінің көркем айнасы. Әдебиет болмағанда даналық өзінің отырған салтанатты тағына ие бола алмас еді, философия бүгінгі күнге жетпес еді, шешендік өнер біздің қажеттілігімізге жауап бере алмас еді», – деген ислам ойшылы әрі ағартушысы Ф.Гүленнің даналығына сүйенсек, ұлтымыздың алтын дінгегін, рухани тұғырын құрайтын ұлттық құндылықтарымыз – тіл, дін, діл және ғасырлар бойы үздіксіз түзілген рухани-мәдени байлығымыз. Оның бірден-бір айғағы «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көріп жатқан еліміздің мол рухани мұралары.

Мәдени мұраны игеру – халқының тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Әрбір ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы болып табылатын әдеби мұраны меңгермеген ұрпақ шын мәніндегі мәңгүрт, рухани мешеу болмағы мәлім. Адамзаттың сан ғасырлық ақыл-ойы, парасаты-пайымы, өмірлік тәжірибесі жинақталған сөз өнерінің әрбір саласы біздің ұрпақ үшін ұшан-теңіз байлық, мол мұра. Тарихи мәңгүрттіктен арылып, жеткіншек ұрпақты өз елінің бай тарихымен, ежелгі жәдігерлермен рухани жетістіктері мен ұлттық құндылықтарымен таныстырып, табыстырып, тәрбиелеу үшін мемлекеттік тұрғыда қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасының стратегиялық ұстанымы айрықша маңызды. Әлемдік деңгейде кездесе қоймайтын мұндай маңызды жоба өзге елге де өнеге боларлық шара. Шынында да, өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы

тағдырымен, халықтың рухани алтын қорына қосылған қомақты да қыруар ұлттық құндылықтарымен мақтана алады. Қазақ халқы да шын мәніндегі көркемдік шырайы шұрайлы ұлттық төл мәдениеті мен әлемдегі ең бай мәдени мұрасымен мақтана да алады, өзгеге таныла да алады. Ежелден сөз өнерінің қасиетін тұтқан қазақ елінің әдеби мұрасы – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының нәтижесінде қайта жүйеленгенде 100 томдық «Бабалар сөзіне», 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихына» жол ашып, ұлттық өрлеудің жаңа сатысына көтерілдік. Сан ғасырлық мәдениеттің құнарлы топырағына түсіп, тарихи өткеніміздің жанды нәрімен жас ұрпағымыз қайта қоректеніп, рухани кемелдене түскеніміз белгілі.

«Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз ұлтына қызмет ете алмайды», – деп Ж.Аймауытовтың айтқанындай, біздің бүгінгі ұрпағымыздың ұлттық сана-сезімі осы мол әдеби мұраларымыздың негізінде қалыптасып, халқына қалтқысыз қызмет етері хақ. 100 томға жүйеленіп, жинақталған ата-бабаларымыздың небір асыл сөздері, сөз өнерінің бар маңызы мен сөлін бал арадай бойына сіңірген мол мұра біздің келешегіміздің де кемел екендігінің куәсі. Онсыз, А.Байтұрсынов айтқандай «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалары» ақиқат.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 томдық) – ұлттық идеяның тарихы, өз ұлтының мың жылдық тарихи тәжірибесі мен әдебиетінің, мәдениетінің, ақыл-парасатының небір жәуһарлары жинақталып, жүйеленген, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын құндағынан қадірлеп, бүгінгі өркениетке дейінгі өсу жолын жүйелі түрде зерттеп, зерделеп, ертеңгі ұрпақтың санасына сіңіруді мақсаттаған ұлы даланың ұлан-ғайыр әдеби мұрасы.

Ежелгі дәуірден басталған бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетінің тарихы 10 том болып тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан тұтас бір жүйеге түсіріліп, жаңаша көзқараспен қайта жазылды. Осы 10 томдықтың алғашқы томын құрайтын қазақтың халық ауыз әдебиеті, фольклордың тарихы бұрындары жеке мәселелер төңірегінде сөз болып келген категорияларды жүйелеп, жинақтап, бүкіл бір ұлттың рухани мұрасының мұртын бұзбай, бір ізге салуға мүмкіндік берді. Кезінде тарих ғылымында көшпенділердің мәдени мешеулігі жайында сөз көп болғаны мәлім. Әсіресе, кеңестік кезеңде «жабайы халық» саналған қазақтың осыншама мол әдеби жәдігерлері,

сөздік қоры, мәдени ескерткіштері, ел есінде қаларлық қаһарман батырлары, әлемді жайлаған жиһанкездері мен жауынгерлері бар дегенге сенбестік тудырғандарға 100 томдық «Бабалар сөзі» мен 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» үлкен абырой, рухани бедел болды. Бұл зерттеу өзгенің, өзіміздің де тарихқа деген турашыл көзқарасымызды қалыптастырып, ақиқаттың ақ дидарын тұмшалаған тоғышар түсініктерімізден арылтуға, шындықтың шуақты шақтарын бастан кештіріп, барды мойындатуға міндет етіп отыр. Бізге еншілес ескі жәдігерлер әлде біреулердің тоғышар түсінігін, секемшіл сәуегейлігін сілкіп тастауға, сөйтіп даналықтың табы тұнған ұлттымыздың ұлылығына бас ұруға тәнті етті. Бұлардың бәрі оқырманның, өзге жұрттың білім-парасатын, ой-таным қабілетін, оның осы күнге дейін бұрмаланып келген тарихпен бет-бет жүздесуге психологиялық даярлығы бар-жоғын анықтайтын болады. Тарихи шындық көрсоқыр наданды қалай қорлайтын болса, жалған тарих та ғалымды солай қорлары хақ. Еуропалық ғалымдардың көзіне түркі тайпалары тумысынан тағылар тұқымы болып келсе, бүгінгі тәуелсіз ұлт тарихы кезінде бүкіл әлемді билеген Түркілердің түп қазығы – Қазақ жері, көне Түркі дегеніміз – бүгінгі Қазақ екендігін еске түсірді. Әсіресе, дүниенің алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып империя – Кенес Одағы ыдырауының нәтижесінде біздің тарихымызға, әдебиетімізге ала көзбен қарайтын шовинистік көзқарастар келмеске кетіп, ұлттық сана-сезімге кеңінен жол ашылды. Ұлттық рух көтеріліп, өз құндылықтарымыздың қадірін біле бастадық. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы халықтың тарихи таным көкжиегін мейлінше кеңейткені мәлім. Тіпті, жарияланып жатқан зерттеулердің көптігі соншалық, ғылыми-ақпараттық тасқынға ілесе алмаудамыз. Шүкіршілік деу керек. Дәл қазіргі кезде асығыстау болса да түгелдеп, тізімін жасап, бар мәтінді, бар нұсқаны бір ізге түсіріп алудың өзі мол олжа болғалы тұр. Соның бірден-бір куәсі – осы он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы».

10 томдықтың бірінші кітабындағы «Редакциялық бас алқадан» атты алғы сөзінде бұдан 40 жыл бұрын жазылып, кезінде жоғары бағаланған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 6 томдық еңбектің бүгінде идеялық тұрғыдан ескіргенін, бүгінгі бүкіл әлем өзгеріске ұшыраған заманда сана да, идея да, оларға енген мәтіндер де

жаңарып жатқаны жөнінде айта келіп, бұл жобаның ерекшелігін көрсетеді: «Бұл еңбектің ең басты жаңалығы-әдебиетті, сөз өнерін зерттеуде, шығармаларды талдауда мүмкіндігінше саяси-идеологиялық ұстанымның қолданылмауы және ұлттық әдебиетіміздің көркемдік, жанрлық жағынан даму барысын жүйелі түрде зерделеу, оның өнерлік заңдылықтары мен қасиеттерін ашу» (8 бет).

Сондай-ақ, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін жеңіске кеткен Тәуелсіздік бізге тек қана саяси емес, рухани еркіндікті де сыйлады. Соның нәтижесінде кеңестік кезеңде «...таптық солақай идеологияның салдарынан «ұмыттырылған» көптеген талантты ақын-жазушыларымыз ақталды, олардың шығармалары жарыққа шығарылды, зерттеле бастады...бұрын жабық жатқан деректер, жаңа есімдер, белгісіз боп келген, яки тыйымға түскен шығармалар анықталды. Сонымен қатар мәдениетімізде, әдебиетімізде, ғылымда жаңа көзқарас, плюрализм пайда болды, бұрынғы халықтық мұраға, ақын-жыраулар шығармашылығына деген қатынас оңға өзгерді, әдебиетті, өнерді бағалауда жаңа шарттар мен соны ұғымдар, тұжырымдар қалыптасты» (6 б.).

Негізі әдебиеттің идеология құралы екендігі аян. Әдебиет адамтану ғылымы ретінде сөз өнерінің өрісінде сан ғасырлар бойы бүкіл адамзаттық ой-сананы тәрбиелеп келеді. Қоғамдағы саяси-экономикалық реформалардың нәтижесінде әр дәуірде өзгеріске ұшырап отыратын идеологияның астарында қалай болған да сол ұлттың өзінің мемлекеттік мақсаты, ұлттық мүддесі көрініс табады хақ. Тарихты тобыр емес, жеке тұлға жасайтынын ескерсек, сол «ұмыттырылған» ұлтымыздың ұлы тұлғалары өз кезеңінің рухани көшбасшылары, ұлттық идеяның көсемдері болды. Бүгінде оқырман қолына тиген «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдығы сол ұлт зиялыларының өмірі мен өнегесін, сөз өнері арқылы ұлт санасын оятқан отты жырларын, мол мұраларының мұртын бұзбай өз халқына жеткізіп отыр. Көне Түркілер қағанаты мен Алтын Орда, Қазақ хандығы, Алаш партиясы кезеңдеріндегі әдебиет, сөз жоқ, өз заманының көркем шежіресі, сол дәуірдің ұлттық идеологиясы болды. Керек десеніз, кішігірім жанрлардағы (жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі) шығармалардың өзі ұлт ұрпағының ұтқыр ойлы, шешен, парасаты биік, өзгеден өнері өрлі, білімі озық болуын көздеді. Осының тамырында ұлттық тәрбие, тәлімдік тағылым

жатыр. Бұлардың бәрі де ұлттық идеяның қанат қағып ұшар, қанаттанар ұясы екендігі сөзсіз. Олай болса, біздің 100 томдық «Бабалар сөзінен» бастап 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» да тұнып тұрған ұлттық идея, оның әр жанрдағы, әр кезеңдегі, әр әдебиет өкілінің өнеріндегі көрінісі деуге болады. Кезең-кезеңге бөлініп, жүйелі түрде зерттелген әдебиет тарихын – ұлт идеясының тарихы ретінде қарастырар болсақ, осы еңбектерде көркемдік айналымға түскен әрбір мәтінде ұлт пен ұрпақ тағдырына, оның санасына, келешегіне әсер етер бір түйір сөз, оймақтай ой болса ол өзінің идеологиялық, көркемдік, тәрбиелік, эстетикалық міндетін атқарды деген сөз. Өйткені, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деп атам заманнан өз заңын орнықтырып қойған тәуелсіз ойға бейім түркі жұртының көркем туындысы қашанда рухани азат болған. Тек соны біздер, түрлі тарихи кезеңдердің саясатына салып бұрмалап, түсіндіріп, негізгі нысананы теріске айналдырып түсіндіруге мәжбүр болып келіппіз. Енді егемендігімізге ие болып, тарих өз орнына қойылған кезде небір ащы ақиқаттар ашылып, ұлттық тарихымызды ұлықтауға ұмтылып отырмыз.

Мәселен, «Қазақ әдебиетінің тарихының» 1 томы – «Фольклорлық кезең» – ғасырлар қойнауындағы бізден әрі де, шындықтан беріде жатқан мәдениетпен ұрпақты қауыштырып отыр. Біздің ұрпақтың мақтан тұтарлық тағылымды тарихы, ұрпақтан-ұрпаққа ұялмай ұсына алатын мол мәдени, әдеби, рухани мұрасының барлығы – ұлттық идеяның ұлағатын ұлғайтуға ұшан-теңіз үлес қосары хақ. Әрине, әр кезеңдегі әр әдебиет өкілінің шығармасында заңды түрде өріс алар ұлттық идеяның көрінуі әр жанрдың көркемдік талабына сай әртүрлі деңгейде көрінетінін есте есте ұстаған құл. Өзінің ұлтына қызмет етпейтін көркемдік ой-сана, әдеби мұра уақыт сынынан өтпеуі өнер заңдылығы.

Осы орайда «Қазақ фольклорының тарихы» атты алғашқы томның жалпы редакциясын басқарған және зерттеуге ғылыми жетекшілік жасаған ҚР ҰҒА-ның академигі Сейіт Қасқабасов қазақ фольклорының тарихын зерттеуге байланысты кеңестік кезеңде де бірнеше еңбектердің жарияланғанын айта келіп: «Қазақ ғалымдары да қазақ фольклорының тарихына арналған алғашқы үлкен еңбекті 1948 жылы жарыққа шығарды. Бұл еңбек те (қолжазба күйінде-ақ) кезінде сынға ұшырады, бірақ сын ғылымнан аулақ, саяси-

идеологиялық сипатта болды да, аталған кітап «зиянды» деп танылып, ғылыми айналымнан алынып тасталды. Ал, шындығына келгенде, бұл еңбек – үлкен жұмыстың игілікті бастамасы еді, өйткені, сол тұстың өзінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихын бірнеше том етіп жазу көзделген-ді. Сөз жоқ, бұл кітап – өз дәуіріне тән ғылыми тұжырымдарға сүйенді, сондықтан оның теориялық сапасынан гөрі идеологиялық, саяси ұстанымы басым болды», – дейді (13 б.).

Аталған еңбектің алғашқы томын құраған қазақ фольклорының тарихы оған тиесілі жанрлар арқылы зерттеледі. Ең көне деп есептелетін ғұрыптық фольклор, ескі діни нанымдарға, шаруашылыққа (айғалық, наурыз, бақсы сарыны, бәдік, арбау, жалбарыну, жарамазан, үйлену салт өлеңдері: әдет, салт, тойбастар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар, мұң, шер өлеңдері, қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау) және ертегілер, батырлық жыры, ғашықтық жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер, т.б. жанрлардағы туындылардың бәрі де отбасындағы отаншылдықтан бастап, Отан, елді сүю т.б. сияқты ұлттық идеялардың алғашқы нысандары, кішігірім элементтері ретінде көріне білді. Әртүрлі жанрда әр қырынан көрінген ел мен ер сүю мәселесі жоғарыда аталған жанрлардағы туындыларда ұрпақ тәрбиесінен бастап, бөтен елден қорғану, жатқа жер мен елді билетпеу, сынды отаншылдық ойлар орын алып отырды. Сан ғасырлық халық ой-парасатының інжу-маржаны жинақталған халық шығармашылығы, яғни «халық даналығы» (фольклор) өзінің синкреттілігі мен көп функциялдығымен ерекшеленіп, тәрбиелік, танымдық әрі эстетикалық қызмет атқарып келгені аян. Осы орайда 1-ші тараудың авторы: «...Бұған қоса, өнер болу үшін шығарманың поэтикасы, композициясы, іс-әрекет атқаратын кейіпкерлері, олардың қақтығысы, т.б. қасиеті болуы керек. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық сөз өнерімізді үш түрге бөлуге болады: фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы) және жазба әдебиет. Бұлардың үшеуіне де ортақ белгілері болумен бірге әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Фольклордың үш сипаты бар: а) фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра; ә) фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі; б) фольклор – сөз өнері», – дейді (20 б.).

Одан әрі автор фольклордың көне дәуір адамдарының дүниетанымындағы анимизм, тотемизм, магия, табу, шамандық, т.б. сияқты

фольклорда кездесетін ұғымдар мен түсініктерге анықтама бере отырып, бұл дүниетанымдардың сол кезеңдегі әрі кейінгі ұрпаққа қандай тәлім-тәрбиелік қызмет атқарғаны жөнінде теориялық талдау жасайды. Мұнда фольклордың әр кезеңде атқарған түрлі қоғамдық-тұрмыстық, танымдық, тәрбиелік, эстетикалық міндеттері нақтыланған. Сондай-ақ, фольклордағы импровизацияның ұлттық ерекшеліктері де айқындалады.

«Ежелгі замандағы рухани мәдениет» деп аталатын I-ші бөлімдегі «Еңбек фольклоры» атты тарауында терімшілік пен аңшылыққа, мал шаруашылығына және егіншілікке қатысты деректер дәйектеліп, жас ұрпақты еңбекке қалай баулу жайы қарастырылады. Бұлардың бәрінде – адамдарды түрлі кесепаттардан құтқару, апаттардан аман қалу т.б. сияқты белгісіз бір күшпен күресе отырып, өзінің ақыл-парасатының, ерік-жігерінің арқасында жеңіске жету сияқты жақсы қасиеттер насихатталып, үлгі етіледі. «Ғұрыптық фольклорда» маусымдық ғұрып фольклоры, отбасылық ғұрып фольклоры-адамзаттың өмірге келгенінен бақилыққа дейінгі аралықта бастан өткеретін тұрмыстық салт-дәстүрдің әрбір ұлттың өміріндегі өзіндік ұстаным, ұлттық ерекшелікті айқындаса, магиялық фольклордағы – арбау, жалбарыну, алғыс, бата, қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны сынды жанрлық элементтердің адам өмірі мен санасына етер әсері туралы әңгіме қозғалады. Ал, «Байырғы фольклор» атты тарауда миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ жанрларының көркемдік табиғаты – фольклордың ежелгі дүниетаным, көне мәдениет, мәдени мұра екендігін мәлімдейді. Олардың жанрлық ерекшеліктері жан-жақты ашылады.

I-тараудың «Еңбек фольклоры» деген тараушасында терімшілік пен аңшылыққа қатысты фольклор қарастырылып, өз еңбектерімен тапқан тағамдарымен және аңшылық азық-түлікпен бүкіл қауымды асырап, ел-жұртын табиғаттың дүлей күштерінен қорғайтын өз дәуірінің идеал тұлғасын мадақтап, жыр тудыру мәселесі қарастырылады. Мысалы, «Қара мерген», «Мамай батыр», «Арық мерген», «Даршы мерген», «Жеті өнерпаз» сияқты ертегілерімен бірнеше дүркін ұрпақтар тәрбиеленіп, адамның жақсысы мен жаманын айыра білуге баулиды. Мұның бәрі ұрпағымызды ұлттық тәрбиемен сусындата отырып, көркем сөздің күдіретін танытты.

Айталық, халық даналығында ғасырлар бойы әспеттеліп, дәріп-

телген киіз үйдің қасиеті мен оның керегесінің киесі туралы аңыз-әңгімелер, тәлімдік ғибраттар күні бүгінге дейін жетіп, ұрпақтар санасына сіңірілуде. «Керегеге: 1) қылмыскер еркекті; 2) қар әйелді; 3) төлінен жерінен саулықты таңып, жазалайды. Олар сонда оңай түзеледі», – дейді. (49 б.). Бұл дала халықтарының өзінің заңы, өзінің дүниетанымына, мәдениетіне, әдет-ғұрпына тән салты, тыйым дәстүрі бар екендігін және оны бүкіл жұрт қастерлеп, бағынатынын көрсетеді. Халық түсінігіндегі әр заттың киесі ұрады деген түсінік те елді тәрбиелеуде зор міндет атқарған. Бір ғана шаңыраққа тиесілі каншама кие бар, соны қадір тұтып, тіршілігінде, ұстанып келген қазақ халқының отбасы қасиет тұту, оның бірлігі мен тыныштығын сақтау, әрбір жас отауға тілекті де «шаңырақтарың биік, керегелерің берік болсын» деп тілеуі де оны қадір тұтқандықтан, оның киесін кең мағынада түсіне білгендіктен болса керек. Әлгі заңның өзі осы шаңырақ, ел иелерінің әрбірін өз отбасын, Отанын, елі мен ерін, оның үрім-бұтағын бағалай білуге баулиды, ұрпақ тәрбиесін ұлықтайды. Белгілі бір елдік ережеге сүйеніп, соны қатаң қадағалап, өспеген ұрпақ өз ұлтының дәстүрін сақтап, қасиетін қадірлей білмесі анық. Міне, осы ұлттық қағидалар мен салт-дәстүр тағылымын негізгі нысана еткен фольклорлық мұралардағы құндылықтар осы «Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші томында жан-жақты талданып, толық жүйеленіп, ұлттық әдебиеттану ғылымының айналымына алғаш рет еніп отыр. Ондағы бұрындары баспасөз беттерінде көрінбеген көптеген жаңа мәліметтер, тың ғылыми деректер, ел аузынан, өзге елдердегі қандастарымыздан, қарттардан, әртүрлі мұрағаттардан, кітапханадағы қолжазбалардан «инемен құдық қазғандай» жинап, жүйеленген жұмыстар сөз жоқ, біз үшін үлкен мұра, мол қазына. 800 беттік көлемді дүниедегі ұлан-ғайыр туындылардың бәріне тоқталып, талдау шағын шолуда мүмкін де емес. Сондықтан біз әр тараудағы басты тақырыптарға тоқталуды жөн көрдік.

«Орта ғасырлардағы фольклор» және «Алтын Орда тұсындағы фольклор» деген тарауда авторлар пайдаланған фольклорлық жанрлар мен сюжеттер, образдар зерттеу нысанасына алынған. Осы тарауда жан-жақты талданған Құранның он екінші сүресіне енген Жүсіп-Зылиқа, «Қорқыт ата кітабындағы» Бамсы, Насреддин Рабғузидің «Қисса-сүл-әнбиядағы» пайғамбарлар, «Қарлығаштың құйрығы

неге айыр?» ертегілеріндегі танымдық-тәрбиелік құндылықтар күні бүгінге дейін өз мағынасынан айрыла қойған жоқ. Ұлттық идеяның өзі осы ұрпақ тәрбиесінің бесігінде тербеліп, дамитынын ескерсек, бұл зерттеулердің күн артқан сайын зәрулігі арта түсері хақ.

«Екінші тарауды құрайтын «Қазақ хандығы кезіндегі фольклор» да бұрындары арнайы зерттелмеген «Хайуанттар туралы ертегі» деген аңшылық өмір кезеңімен байланысып, аңдар жайлы түрлі аңыздардағы типтік, характерлік, образдық мазмұнға ие болуы (мысалы, түлкі-асқан айлакер, екі жүзді ку т.б.), ал олардан мысал ертегі жанрының өмірге келуі турасында сөз болады. Осы тараудағы мысал жанрындағы аңыздар адамдарға ақ ниетті адамдар мен қара ниетті адамдардың типтерін анықтаудағы, оларды жас ұрпақтың санасына қалай жеткізу мәселелері қарастырылады. «Батырлық ертегілердің басты тақырыбы – ерлікпен үйлену, неше түрлі құбыжықтармен, адам жегіш жалмауыздармен соғысу, рудың, елдің намысын қорғау» (377 б.). Бұл тұжырым ертегілер мен аңыз-ертегілердегі сюжет негізі ой-қиялдан туып отырғанымен онда халықтың мүддесі, ел бірлігі, елін қорғау жолындағы ер азаматтың басынан өткеретін ауыртпалықтары, ерлігі баяндалып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде насихатталып отырған. Ертегімен өскен кешегі біздің ата-бабаларымыздың ұлттық рухы биіктігінің тамыры осы тәрбиеде, есін білгеннен ерлікке толы ертегі естіп, елін қорғауды басты мұрат тұтқан қасиеттен болса керек. Осы ретте автор: «Батырлық ертегі – өзінің стадиялық тегі жағынан қиял-ғажайып ертегі мен қаһармандық эпос аралығындағы жанр, ол осы екеуінің де жанрлық белгілерін бойына сіңірген», – деп қиял-ғажайып ертегі, көне миф, хикая жанрларынан бастау алып, бергін келе жеке жанр ретінде қалыптасқан батырлық жырлардың жанрлық табиғатына тоқталады. Қай кезде де жас ұрпаққа тәрбие беруші әрі өмірді танытатын қуатты құрал болған ертегілерде өз дәуіріндегі адамгершілік, моральдық мәселелері нысана етіліп, насихатталып отырған. Соның бәрінің түп-тамырында – халық даналығы, сан алуан мазмұндағы аңыз-ертегілер, мифтер, жырлар болатын. Орыстың ұлы сыншысы, ойшылы В.Белинский бір хатында: «Қымбаттым, Россияның қауіпсіздігі мен экономикалық тұрмысы үшін ең бірінші жауап беретін адам патша ағзам болса, ал Россия анамыздың рухани құлдырап, моральдық жағынан азғындауына мына сені мен біздер бұ дүниеде ғана емес, маһшарда да азаматтық айыбымызды

жаза алмаймыз...», – деп жазғанындай, ерте замандағы әрбір ата-ана өз баласына осындай ертегілер, батырлар жырын, елі үшін құрбан болған қаһарман ұлдар ерлігі жөніндегі ел арасындағы дастан-жырларды айту арқылы ұрпақты, бүтін бір халықты тәрбиелеп отырған. Ес білгелі ертегі, батырлар жырындағы ерлік рухпен сусындап өскен бабаларымыздың бойында туа біткен тапқырлық, табиғи білімдарлық, жауынгерлік рух болды. Осындай асыл қасиеттен айрылып қалған қазіргі ұрпақтың қасіреті де ертегі естімей, елдік рухты естен шығарып алу қаупі екендігін халқымыздың батыр ұлы, даңқты жауынгер жазушысы Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын. Біріншісі, өз сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, немересіне ертегі айтып бере алмаған ата-әжеден, үшіншісі, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан қорқамын», – деп еске салады.

Халықтың ұлттық қасиетінен айыратын осы үш қауіп қайқай ұлттың да басына төнер қасірет. Адамзаттың өзін-өзі тануының өзі-өз руханилығының, яғни өз бойындағы Бауыржан атамыз атап көрсетіп отырған халық даналығының дәнін дамытып, оның мәнін ашуында емес пе? Руханилық сана-сезімге тіл, дін, діл төңірегіндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдеби-мәдени құндылықтар арқылы берілетінін ескерсек, ондағы ертегілер мен батырлар жырларының алар орны ерекше. Бауыржан батырдың қауіптеніп отырған үш қасиетінсіз халық болып қалыптасу қиын. Өйткені, ұлтымыздың кемел келешегі жас ұрпақты тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттер мен әдет-ғұрыпты бойына сіңіріп, ертегіге айналған ел елдігін сәби шағынан санасына сіңіріп өскенде ғана келешегі кемел ел боламыз. Шынында да ұлттық идеяның ұрығы аты – Алаш, сүйегі – ағаш, шаңырағы биік, киіз – туырлықты халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтап жеткізер сөз өнеріндегі қарапайым қағида, өлмес өнегеде жатыр. Ұлтты ұлт ретінде сақтап тұратын әдет-ғұрып, салт-дәстүр жаңа дәуірге сай жаңартылып, соны серпін алып отыруы да заңды құбылыс. Мұнда батырлық ертегінің өзге ертегілерден ерекшелігін, өзіндік жанрлық сипатын, ондағы сюжеттік желілер мен образдар бейнесін теориялық тұрғыдан талдаған сәттер тарауда баршылық. Елдік мүдде, ұлттық рух сияқты қасиетті сезімдер, ел қорғаудағы ерлік істер жанрдың табиғатын танытады.

Ұлттық ойлау жүйесі, шынында кең ұғым. Халық қамын жеген, ұлт мүддесін ойлаған арлы азаматтар, елі үшін қандай ерлікке де баратын ерлер бар да олар жайлы таусылмайтын батырлар жыры да бола береді. Орыстың көрнекті жазушысы А.Горькийдің «...ең жарқын, терең, көркемдігі кемел тұлғалар ауыз әдебиетінде жасалған» деген сөзіне сүйенген автор батырлық жырдың жанрлық сипатын, көркемдік ерекшелігін: «Қазақ фольклорының ең көрнекті әрі сөз өнері деңгейіне толық жеткен жанр-батырлық жыр. Ол өте көп қырлы, көпқабатты, көп сатылы. Оның сюжеттерінде талай ғасырдың ізі жатыр. Алғашқы қауымның неше түрлі нанымы, салты, ғұрпы мен түсінік-пайымы көркем бейне, бейнелеуші құрал, әдемі қиял түрінде көрініс тапқан», – деп атап көрсетеді. Фольклорлық шығармалардағы ерліктің, отансүйгіштіктің, елі мен жері үшін жанын құрбан еткен есіл ерлердің ерлігін, жат жұртқа ұлт намысын таптатпаған тәкаппарлықтың үлгісін көптеген көркем мәтіндегі жыр үлгілерінен үзінді ала отырып талдаған зерттеуші: «Әсіресе, қаһарманды жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады», – дейді (385 б).

Өзінің тарихында «мың өліп, мың тірілген» халқымыз өмір бойы осы тәуелсіздік үшін күресіп келеді екен. Табиғатынан таза, жаны жомарт, көршілеріне қысымшылық жасауды білмейтін дарқан жүректі, кең пейілді қазақ Қазыбек бидің: «Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз. Басынан сөз асырмаған елміз, достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз», – дегеніндей шынында да ешкімге соқтықпайтын бейбіт елдің үлгісін танытады ғой. Сондықтан да болар, әлемдегі ең жері бай, оның асты мен үсті қазба байлыққа толы бірден-бір қуатты ел болғандықтан да алып көршілердің көзіне көп түсіп, қырғи қабақ соғысқа жиі ілініп жататыны бар. Тарихи еңбектерде сол оқиғаның нақты себептері, жағдайлары, қатысушылары, нәтижесі

тізілсе, эпоста қоғамдағы саяси-әлеуметтік құбылыстар көркемдік тұрғыдан өзінше пайымдалады. Батырлық жырлардың міндеті шынында да зерттеуші айтып отырған тарихи деректерді тізіп, нақты оқиғаны баяндау емес, қиялдағы қаһарманды, халыққа үлгі-өнеге боларлық барлық қаһармандық қасиетті жинай отырып, типтік образ сомдайды. Зерттеуші «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Едіге» сынды батырлар жыры айналасындағы ғылыми талдауларын мазмұндық, идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне қарай топтастырып, кейіпкерлердің образын ашудағы баяндаушы-автордың әңгімелеу шеберліктеріне, поэзиялық қуатына айрықша көңіл бөледі. Әдебиетіміздегі фольклорлық кезең алғаш рет осылай кеңейтілген түрде мол рухани мұра ретінде жан-жақты талданған.

«Ғашықтық жырда» – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мен «Қыз Жібектегі» ұлтымызға тән мінездік болмыс, табиғи сұлулық, ұл мен қыз арасындағы адал достық, таза махаббат, олардан ұшқындаған өз еліне, руының намысына, отбасы мен Отанына сөз келтірмеу барысындағы таза сүйіспеншіліктің даму динамикасы ғылыми тұрғыдан сипатталады. Бейбіт өмірдегі екі жастың ғашықтық сезімі суреттелгенімен мұнда ерліктің де үлгісі бар. Отбасын құрып, ұрпақ өсіріп, ұлт қалыптастыру да оңай шаруа еместігі және оның жай ғана екінің біріндей ел болайық деп ерлі-зайыпты атану мақсатында емес, бір елдің маңдайына біткен парасаты, ақылы мен көркі тең тандаулы сұлу қызы мен көрші жұрттың оған ғашық батырының тағдыры бейнеленетін жыр шынында шынайы сезімнің, ұлы махаббаттың үлгісі. Алайда, қашанда көріктіге күнші көп. Осы ретте зерттеуші: «...Жалпы, әлем халықтары фольклорының тарихына көз салсақ, ғашықтық жыр көркем эпос ретінде, негізінен, өркендеген феодалдық қоғамда қалыптасып, дамиды екен. Оның себебі бұл кезеңде адамдардың санасында, өмірде рухани өзгеріс алып, жаңа қоғамдық идеал пайда болатын көрінеді. Енді өмір сүру үшін батырлық көрсетіп, сыртқы жаулармен соғысу ғана емес, бақытты болу мақсаты алға шығады да, елдің сана-сезімінде жеке адамның тағдыры мен әлеуметтік мәселелер көкейге қонып, актуальді бола бастайды. Мұндай өзгерістің болуы заңды еді. Өйткені, әрбір жаңа дәуір мен жаңа ұрпақ бұрынғы мұраны ғана пайдаланып қоймайды, олар өз талабы мен талғамына сай дүниелерге мұқтаж болады да, өз уақытының сауалдарына жауап беретін шығармалар

тудырып, соған сәйкес кейіпкерлерді сомдайды», – дейді (431 б.). Қазақ әдебиетіндегі ғашықтық жырлардың жеке көркем жанр ретінде Қазақ хандығы кезінде қалыптасқандығы, өз сезімдері үшін күресе білетін, соның жолында құрбандыққа бара алатын адал махаббат иелерінің әлі күнге дейін идеалды кейіпкерлер болып, ұрпақ санасында үлгі болып келуі жөніндегі ғалым пайымдаулары нанымды.

Одан әрі де том авторлары «Аңыз», «Әпсана», «Хикаят», «Шешендік сөз», «Тарихи жыр», «Мақал-мәтел, жаңылтпаш» жанрларындағы көркемдік ерекшеліктерді жанрлық сипатына сай сөз ете отырып, әр тараудағы тың көркем мәтіндерге тоқталып, олардың адамзаттың ақыл-ойын тәрбиелеудегі қызметтеріне кеңірек тоқталады. Мәселен, бір ғана тарихи аңызға қатысты б топ түрін атап, олардың ерекшеліктеріне сипаттама береді: «(а) оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар, ә) монғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар, б) Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар, в) қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар, г) Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған көтерілістерге байланысты туған аңыздар (XVII-XIX ғғ.), д) XX ғасырдағы өмір кешкен белгілі қайраткерлер туралы баяндайтын аңыздар» (456 б.). Бұлардағы аңызға айналған қайраткерлердің ұлт мүддесі үшін еткен ерліктері көркем мәтіндерден келтірілген мысалдар арқылы талданып, зерттеушілердің ғылыми сараптамалары арқылы сараланады.

Осы тараудағы «Шешендік сөз» атты бөлімшесінде бұл жанрлық түрдің тарихи сипатына анықтама берілген: «Қазақ қоғамында билер институты хандық дәуірде арнайы қызмет саласы ретінде бөлініп шықты. Ал мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңде даудамайларды ру-тайпалардың көсемдері немесе рудың арнайы жиналысында шешкен. Алғашқы патшалар полифункционалы, олар әрі мемлекет басшысы, әрі әскери қолбасшы, әрі сот қызметтерін атқарған. Қоғам дамуының заңдылығы полифункционалық қызметті салалық мамандану арнасында монофункция-сот институтын бөліп шығарды» (485 б.). Шынында даланың данагөй қарттарының тағылымды да тапқыр сөздері, аузы дуалы билер дауындағы шешендік сөздерден туындаған бұл өнер қазақ әдебиетінде ерекше дамыған жанр. Дала өміріндегі түрлі дауларда сөз тізгінін ағытар

шешендік өнердің небір үздік үлгілері осы тарауда қарастырылған. Осы орайда автор: «Би, шешендердің қорғаушы қызметінде көрінуі олардың қоғамдағы тарихи миссиясы, фольклор ақылды бала, ақылды қыз типтерін жасаудан бастап, дана, би, шешен типтерін сомдау арқылы жанрға идеологиялық міндет жүктеді. Қазақ тарихында орта ғасырдағы хан ордасында билер соты, монғолдарда шешендер кеңесі болған», – деп бұл жанрдың генезисіне көз жіберіп, оның қазақ әдебиетіндегі атқарып келе жатқан көркемдік міндеттерін нықтап береді (485 б.). Ел атынан сөз сөйлеп, ұлт мүддесін көздеген би, шешендер барлық кезеңде болған, ол- сол қоғамдағы демократия көрінісі ретінде бағаланып отырған». Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген ұстаныммен жүретін қазақ халқы қашанда сөзге тоқтаған, сөз қадірін білген. Сондықтан да шешендік сөзге бас иіп, қастерлей білген, XVIII ғасырда өмір сүрген Байдалы шешендей «...ақылын азық, асыл сөзін сусын...» еткен елдің бірі де біріңғейі де қазақ халқы екендігін дәйектейді. Мәселен, Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы да тегін емес. Бұл тарауда Жиренше шешеннің бала кезінен дана болған кезге дейінгі өсу, қалыптасу кезеңдеріндегі шешендік өнеріне айрықша көңіл бөлініп, нақты мәтіндерден мысал келтіріле отырып, кеңінен әңгіме болады.

«Елдестіркем елшіден» дегендей, сөз өнерінің құдіреті қылыш-тасуға келген елді де келістіріп, ажалды да ауыздықтай алады, ел мақсаты мен ұлт мүддесін көздеген ел көсемдері мен бітім мен бейбітшілікке біртабан жақын би, шешендер осы шешендік өнерлері арқылы талай елдің арасында өрттей қаулап, өршіп тұрған дауды шешіп, жұртты жанжалдан аман алып қалып жүрді емес пе? Олай болса, ұрпақтан-ұрпаққа ұлы өнеге болған билердің шешендік сөздері қоғамның дамуы барысында әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кеше отырып, ұлттық құндылық ретінде он томдықтан да ойып орын алып отыр.

Ал, «Мақал-мәтел-жаңылтпаш» атты тараушада үш жанрдың анықтамалары берілген. Халықпен бірге жасасып келе жатқан жанрлық түрлер өмір тәжірибесінен туған, ғасырлар бойғы жинақталған халықтың ғибратты сөздері: «Мақал-мәтел-халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін тақырыбы,

идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы. Мақал-мәтел дегеніміз халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп, айтып беретін кестелі сөз» /523 б./.

Өмірден, тәжірибеден туған мақал қоғамдағы құбылыстарға берілген баға екендігі мәтелмен салыстырыла зерттеліп, олардың жанрлық ерекшелігі айқындалады. Әр дәуірдің өмірлік тұжырымдарын бойына жинақтаған мақалда көркем бейне, философиялық ой-түйін де, ұтқырлық та тапқырлық та, даналықта бар екендігі дәріптеледі. Тарихтың белгілі бір кезеңдерінде белең алған өмір қағидаттары өздерінің ізін осы мақал-мәтелдерде қалдырып отырғаны мәлім. Ұтқыр ойлы, тас-түйіндей мәні бар мақалда да ұлттың мақсатын көздейтін ұлы мүдделер тұжырымдалған. Халық даналығының шағын туындысында сол дәуірдің әдет-ғұрпы, өмір құбылысының мәні, сыр-сипаты көркем кестеленген. Айталық, «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес», «Халық айтса – қалт айтпайды», «Құдайға жазсаң да, көпке жазба», деген мақалдарда өмірдің мәні-көпшілікпен, жалғыз жүріп жол таппайсың деген ойды нұсқайды. Ал, «Көп ісінде береке», «Көптен бақыт құтылмас», «Ел – ырыстың кілті, ер-ырыстың қорғаны» сынды мақалдарда ырыс-береке көпшілікпен бірге болғанда ғана өріс алатындығын аңғартады. Тараудың қорытындысын зерттеуші: «Жалпы алғанда, мақал дидактикалық мақсатта қолданылып, бірнеше функция атқарады. Ең алдымен ол тәлімдік-тәрбиелік және танымдық қызмет атқаратынын айту керек. Содан соң мақал адамды бірдененен сақтандыру үшін айтылады, яғни бұл жерде ол тыйым түрінде болғандықтан белгілі дәрежеде магиямен байланысы бар екендігі байқалады. Сонымен бірге мақалда үгіттік-насихаттық сипат та болады, ол адамды бір нәрсеге бағыттап, оның мінез-құлқына, іс-қимылына әсер етуге тырысады, басқаша айтқанда, адам тіршілігін регламенттеу белгісі аңғарылады», – деп түйіндейді. Ұлтымыздың ұлан-ғайыр ұзақ ғасырлар бойы бой тұмардай сақтаған ақыл-ойының сөлін, өмірінің мәнін, тіршіліктің түйінін көркем кестелеген мақалдар шын мәніндегі шым-шымыр ойларымен өміршен.

Баланың ойын түзеп, тапқырлыққа тәрбиелейтін жаңылтпаштың негізгі мақсаты-ұрпақ келешегі, ұлт мүддесі. Ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне титтей де болса үлес қосатын руханияттың бәрі ел үшін, оның келешегі үшін қызмет атқарары хақ. «Жаңылтпаш» деген атаудың өзі ат

жаңылтудан шыққанын, оның алғашқы зерттеушілерінің бұл жанр бойынша жазылған қолжазбаларды жинап, жүйелеудегі жанқиярлық еңбектерін жан-жақты талдаған тарау авторлары балалардың тіл ұстартудағы, ойнақы ой айтудағы, астарлап сөйлеуге шеберленудің үлгісін танытатын жаңылтпаштың сан қыры жайлы, оның тәрбиелік қызметі жайлы ғылыми тұжырымдар жасайды. Жас ұрпақтың тілін жаттықтырып, ойын дамытуға, шапшаң және шешен сөйлеуге ынтықтыратын жаңылтпаш та ұлттық идеяға, яғни ұрпақ қамына қызмет етеді.

Ал, «Жаңа дәуірдегі фольклор» деген үшінші бөлімде XVIII-XIX ғасырдағы фольклор, оның «Новеллалық ертегі», «Сатиралық ертегі» және «Аңыздың, Тарихи, Күй аңыздары» деген жанрлық түрлері арнайы қарастырылып, шығармалардың көркемдік-идеялық мазмұны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі тағылымдары теориялық тұрғыдан талданады.

«Тарихи жыр» мен «Тарихи өлеңнің жанрлық ерекшеліктері» атты тарауларда бұл кезеңдердің тарихи оқиғалары, соның шежіресін шерткен шығармалардағы ұлттық идеялар айқындалады: «XVIII-XIX ғасырларда қазақ фольклоры шешендік сөздермен және шежірелермен молықты, аңыздың ішкі түрлерімен, хикаятпен және эпсаналармен толықты. Тарихи жырдың тағы бір түрі – реалды тарихи эпос қалыптасты («Қаншайым-Наурызбай», «Өтеген батыр», «Арқалық батыр», «Сұраншы батыр»), – дей келіп, халық поэзиясының шағын түріне жататын тарихи өлең мен қара өлең халық санасына, эстетикалық талап-талғамына сай туындап, рухани қызмет атқарды. Атақты «Қаратаудың басынан көш келеді» мен халық тұрмысында жиі кездесетін әдет-ғұрыптық мәндегі өлеңдер ел қажетін өтеді», – деп қорытынды жасайды, авторлар.

«XX ғасырдағы фольклор» атты екінші тарауындағы тақырып атаулары («Жұмысшылар фольклоры», «Өлең», «Жұмбақ», «Мақал-мәтел», «Әңгіме») да оқырман үшін тың дүниелер. Өйткені, жазба әдебиеттің дамыған кезінде де, яғни XX ғасырдың 2-ші жартысында фольклор профессиональды әдебиетпен, мәдениетпен қатар өмір сүрді. Бұл шағын жанрлардың туу, қалыптасу және даму заңдылықтары мен ерекшеліктері жөніндегі: «Ол үш түрлі, яғни үш бағытта ғұмыр кешті: Біріншісі – ескі жанрлардың кейбірі пассивке көшіп, ұмытыла бастады (бақсы сарыны, арбау, жалбарыну, жара-

пазан, төрт түлік туралы өлең, бәдік); екіншісі – эпикалық жанрлар жаңа туындыларымен байыған жоқ, үшіншісі – ХХ ғасырдың өзінде де, бүгінгі күнде дефольклордың жаңа түрлері туындап жатты. Мәселен, өлең, мақал, мәтел, жұмбақ, анекдот сияқты шағын жанрлар...», – деген зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары теориялық тұрғыдан дәлелденген /541-542 бб./.

Халық бар жерде оның даналығын дәріптер руханияты жүретіні қандай ақиқат болса, оның табиғат-болмысын, ақыл-ойын жеткізетін көркем дүниелер бірге жүретінін ұмытпаған жөн.

«Қазақ әдебиеті тарихының» «Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті» (Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., профессор Немат Келімбетов. А., 2006. – 448-бет) атты екінші томында ежелгі дәуір әдебиеті мен орта ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштері, Қарахандықтар тұсындағы және Алтын Орда заманындағы әдебиет тұтастай қамтылып, жан-жақты зерттеледі.

Атап айтсақ, кітаптың құрылымы мынадай: «Кіріспе», «Түркі дәуіріне дейінгі рухани мәдениет» атты үлкен тараудың ішінде: «Сақ-ғұн заманынан жеткен әдеби сарындар», «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Көне Қытай деректеріндегі түркілік әдебиеттің белгілері», «Тұран жеріндегі рухани жәдігерлер», «Түркі-монғол бірлігі тұсындағы әдебиет іздері», «Хуастуанифтің әдеби жәдігері» деген шағын тараушалардан тұрады.

«Түркі дәуіріндегі әдебиет», «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет», «Оғыз-қыпшақ заманындағы әдебиет» деген тарауларда «Оғыз–наме», «Әл-Фараби», «Кодекс куманикус», «Қорқыт ата кітабы» туралы арнайы жазылған зерттеулер зерделенсе, «Қарахандықтар тұсындағы әдебиет» деген тараушада осы кезеңдегі сөз өнерінің иелері – «Жүсіп Баласағұн», «Махмұт Қашқари», «Ахмет Иасауи», «Сүлеймен Бақырғани», «Ахмет Игүнеки» өмірлері мен шығармалары» туралы сөз қозғалады. Ал, «Алтын Орда кезіндегі әдебиет» деген тараушада «Хусам Катиб», «Құл Ғали», «Рабғұзи», «Құтб», «Хорезми», «Сейф Сарай», «Дүрбек», «Әли» сынды ежелгі әдебиет өкілдерінің шығармашылықтары қарастырылады. «Мысырдағы қыпшақ әдебиеті» деген кезең де осы зерттеу барысында айқындалады.

Он томдықтың үшінші кітабы – «Алтын орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет». (Жалпы редакциясын басқарған ака-

демик С.Қасқабасов, ф.ғ.д., проф. Н.Келімбетов. А., 2008. –530 бет) деген тақырыппен берілген. Кітаптағы «Жыраулық және ақындық поэзияның даму ерекшеліктері» деп тарауда (авторы ф.ғ.д., М.Жармұхамедұлы) «Сыпыра жырау», «Асан қайғы», «Шәлгез жырау», «Доспамбет», «Қазтуған», «Марқасқа», «Жиёмбет», «Бұқар жырау», «Үмбетей» деген ақын-жыраулардың шығармашылығындағы халық тағдыры мен ұрпақ келешегі жөніндегі толғауларға талдау жасала отырып, олардағы ұлттық идеяның ұшқыны қайда жатыр деген мәселе сөз болады.

«Би-шешендер шығармашылығы» деген тарауда «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би», «Ақтайлақ билердің» ұлт тағдыры туралы толғаулары талданып, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәнде бейнеленуі жөнінде сөз болады.

«Жазба әдебиет нұсқаларында» «Захир ад-дин Мұхамед Бабыр», «Мұхамед Хайдар Дулати», «Жалаири. Жамиат-тауарих», «Әбілғазы. Түрік шежіресі», «Кауам ад-Дин әл-Иткани әл-Фараби» – сынды тарихи тұлғалардың тағылымды өмірлері мен елдік құру, ел басқару, түркі жұртын түгел жиып, өркениетке өріс ашу, білім алу жайы жөніндегі парасатты пайымдаулары көркем тілмен, таным тереңдігімен талданады. Күллі түркі дүниесінің, қала берді қазақ мәдениетінің мақтанышына айналған олардың шығармалары тіл, діл мен дінді берік ұстау, ағайынның бірлігі, ел қорғаудың ережесі жайлы ой-толғауларын құрайды. Бұлардың бәрі қазақ әдебиетінің көне дәуірдегі әдеби нұсқалары ретінде зерттеліп, көркемдік дәстүрдегі тарихи сабақтастық тұрғысынан айқындалады.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» (XIX ғ. бірінші жартысы (1800-1850)» атты он томдықтың 4-ші томында сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың тарихи сабақтастығы алғаш рет зерттеу нысанасына алынып, ғылыми деректермен негізделеді.

Шал Құлекеұлы, Махамбет Өтемісұлы, К.Райымбекұлы, Д.Бабатайұлы, Ш.Қанайұлы сынды бірнеше ақындардың шығармашылығындағы сол кезеңнің көркем шежіресі шынайы зерделеніп, ұлттың азаттығы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы жауынгерлік жырлары бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан жаңаша көзқараспен талданған.

XIX ғасырда қазақ халқының жаңа әдебиеті қалыптасып, ұлттық сөз өнері жанрлық, көркемдік, шеберлік тұрғыдан тың тыныс ашып,

тақырып аясын кеңейткені аян. «Ұлттық сананың ояну» дәуірі ретінде танылған XIX ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, ел қорғау, ел бостандығы, ер тәуелсіздігі сол кезеңнің өзекті тақырыбы болды. Ұлттың қамын, елдің келешегін ойлайтын ақын-жыраулар мен би-шешендер хандық басқару жүйесінен айрылған халықтың мұң-мүддесін жырлады. Осы орайда зерттеушілер ұлттық рухты үнемі басты назарда ұстайтын әдебиеттің міндетін нақты айқындап берді: «Бұрқ етіп басталып, езіп-жаншылып, қайта бас көтеріп өршіп отырған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының ұзақ мерзімді кезеңдерінде ақындардың сөзі, ұлттық әдебиет мұраты ғана өз жолынан да, жүрісінен де жаңылған жоқ», – деген орынды ғылыми пікір айтылады, мұнда (9 бет).

XIX ғасырдың бас жағындағы әдебиетте (1800-1850) ұлттық әдебиеттің жаңа дәуірі қалыптасып, сөз өнерінде өзі ақын, өзі батыр, өзі ұлтжанды кейіпкерлер пайда болады. Бір ғасыр бойы жүрген ұлт-азаттық күресі мен ұлттық азаттық аңсары XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің қозғалысына барып ұласқаны белгілі.

«XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген тарауда қазақ хандығы тұсындағы әдеби туындылардың идеялық-мазмұндық сипаты зерттеліп, олардың уақыт талабына сай тақырыптық, көркемдік жағынан елеулі өзгеріске ұшырағаны жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалады: «Қазақ елінің ырыс-берекесі, ұлттық рух, асылтекті батырлар мен бектердің парасат пайымдары, жаугершілік күндердің қаһармандығы, эпикалық тыныстылық сол кезеңдегі өлең, жыр, толғау дастандардың жаңа өркенді сөзі еді» /13 б./.

Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті ұлт-азаттық мүддені аңсаған тарихи жырларға, ал олар ұлт ұранына айналды. Ресей патшалығы мен Қоқан хандығының қос қыспағынан тынысы тарылған әрі «ақтабан-шұбырындыдан» шаршап-шалдыққан халықтың қайғы-қасіреті әдебиеттен орын алды. Ұлт пен әдебиет тарихының есте бөлінбейтінін ескерсек, қоғамдағы тарихи шындықтар көркем шындыққа айналуы заңды еді. Осы орайда автор: «Әдебиет тарихы, әдеби мұра нұсқалары арқылы ұлт тарихы, халық санасының қалыптасу жолы танылады», – дейді /17 б./. Зерттеуші осы кезеңде өмір сүрген 16 ақынның өмір деректерінен тарихи фактілер келтіре отырып, олардың шығармаларындағы ұлт-азаттық идея

көріністерінің көркем бейнеленуін, шеберлік ізденістерін жан-жақты талдайды.

«Жаңа дәуір әдебиетінің көрнекті таланттары. Әдебиеттегі саяси ағым белгілері» атты тараушада 19 ғасыр басындағы алмағайып заманның зары, Қоқан хандығы мен Ресей отаршыларының езгісіне қарсы күрестің көркем шығармада бейнеленуі мен олармен бірге қазақ өміріне енген саяси, әлеуметтік өзгерістердің адам санасын өзгертулері, жаңа таным-пайымдардың пайда болуына тарихи және әдеби талдаулар жасалады: «...кейіннен әдебиет тарихында сарай ақындары, «Ұлт азаттық жыршылары» деген атпен белгілі болған карама-қайшы көзқарастарғы әдеби ағымдардың барлығында да талантты, хас шебер тұлғалар тамаша туындылар айтып, жазып қалдырды. Қазақ қауымының өз ішінде аса зор маңызды сипатта өрістеген бұл саяси ағымдар кейінірек мүлде тұмшаланып, ішкі саяси-әлеуметтік, көркемдік айшықтары жете сараланып ашылмады. Социалистік реализм әдебиетінің тұсында бұл кезең таптық тұрғыдан қаралып, біржақтылыққа ұшырады. Сарай ақындары тақырып жағынан да, таланттылық жағынан да біржола мансұқ етілсе, ұлттық мүдде, жер, ел, азаттық рухының жыраулары революция дауылпаздарына айналдырылды» /47 б./

Сондай-ақ, әлгінде аталған 16 ақынның шығармашылықтары жеке-жеке тарауларда тереңнен талданып, кеңінен зерттеледі.

«Қазақ әдебиетінің тарихы. 5-том. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900)» – «Кіріспе», «XIX ғасырдың екінші жатысындағы қазақ әдебиеті», «Абай Құнанбаев», «Шоқан Уәлиханов», «Ыбырай Алтынсарин», «Ақмолла Мұхамедиярұлы», «Мұрат Мөңкеұлы», «Базар Оңдасұлы Өтемісов», «Ақан Қорамсаұлы», «Шәңгерей Бөкеев», «Мұсабек Байзақұлы», «Ақтан Керейұлы», «Біржан Қожағұлұлы», «Шәді Жәңгірұлы», «Майлықожа Сұлтанқожаұлы», «Әріп Тәңіргенұлы», «Нұржан Наушабайұлы», «Әсет Найманбаев» атты тараушалардан тұрады. Мұнда жеке тараушалар арналған тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылық өнері, олардың ұлт қамы, ұрпақ келешегі, жалпы адамзаттық құндылықтар жөніндегі көркем дүниелері сөз болады.

Ұлттық әдебиетті әлемдік мәдени процесс биігіне көтерген Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаевтың әдебиеттегі реформаторлық қызметіне арнайы тараушалар арна-

лып, олардың кәсіби шеберліктері мен көркемдік, эстетикалық ізденістеріне толыққанды зерттеулер жүргізіледі.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 6-шы кітабында бесінші томдағы ғылыми ойлар жалғастырылып, ХХ ғасырдың бас кезі (1900-1917) және ХХ ғасыр басындағы әдеби үрдіс кеңінен зерттеледі. «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» және «Абайдың әдеби мектебі» деген екі ірі теориялық тараудан, «Жекелеген ақындар шығармашылығына шолудан» (Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, М.Сералин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Н.Орманбетұлы) және «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия», «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» деген тараулардан тұратын еңбекте Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымы бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысына талданып, жаңаша байыптама жасалады.

Халқының қамын ойлап, қиналып, қапаланған ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың»..., – деп жырлауы ұлттық сананың жоғары екендігін танытады. Халқының тағдыры мен келешегіне күмәнмен қарап, жаны қиналған ұлт ойшылы шығармашылығындағы «қазақ», «қазағым», «елім», «халқым» деген ұғымдарды кеңінен қолданып, ұлтын бірлікке, білімге шақыруы жайында арнайы сөз болады. Ұлт адамы болу – ұлы іс екендігін оқырман ұлы ойшылдың әрбір өлең жолдарындағы ұлттық мүддеден танып, тағылым алады. Ұлттық мақсат-мүддені бүкіл адамзаттық құндылықтарға ұштастыра білген ақынның ұлттық намыс, ұлттық сана жөніндегі түсінігіне зерттеуші арнайы тоқталады. Осы ретте автор: «Ел дегенде тіл ұшына жұрт, ұлт оралады. Жұртсыз, халықсыз Ел болмақ емес. Ұлттық тұғыры, негізі жоқ елдің елдігі де жоқ», – дейді /51 б./.

Ел іргесін нығайту, елдікті бекіту, ниет бірлігі, ықылас-береке тұтастығы ұлттық идеяны құрап, өркениеттілік ізгілік дәстүрін дамытатынын әлемдік деңгейдегі ойшылдардың парасатты пікірлерін келтіре отырып, дәлелдейді. Ұлттық идея мен ұлттық сананың анықтамалары мен оның теориялық тұжырымдары жөнінде де біраз ізденген автор Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі ұлттық мүддені тарихи таным тұрғысынан талдайды. Қазаққа қажетті

ұлттық ұстанымдар мен ел санасына сәуле себер ой -толғамды кез-келген оқырман ұлы ақын шығармашылығынан тауып ала алады. Көркемдік тарихи сана, ұлттық танымды тарихи-эстетикалық категория ретінде қарастырған ғалым Абай шығармашылығындағы күрделі заман күйзелісі мен күңіренісін тудырған даналықтың дәнін оның өлеңдеріндегі ой өрісінен іздейді. «Ұлы Абай даналығының квинтэссенциясы – Ұлт бірлігі, Ұлттың құты мен берекесі туралы түйінді өзекті сөз» /58 б./ Қазақтың ұлысын әлемнің ең үздік деген өзге елдің ойшылдарымен ой таластырып, салыстыра зерттеген ғалымдар қазақ ақынының өркениет жолындағы бітімі бөлек сипатталған шығармалары арқылы зерделейді, ондағы ойлардың қазақ ұлтының нақты жағдайынан өрбитініне көңіл бөледі. Және Абайдың ұлттық мүдде мен рухани құндылықтар туралы ойларының мәңгілігі жөнінде былай дейді: «Ұлылықтың мәні жаңашылдығында. Абай дүниетанымы күнде жаңа. Оқыған сайын заман ағымына тән жұмбақтары ашылып, жаңа бір дүниәуи танымдық белдеулер мен ендіктерге бастай береді. Өйткені, қазақ халқының жаратылысына, тіршілігіне кіндігімен байланған Абай ілімі сол елмен бірге көктеп, бірге көркейетін мәңгілік жұмбақ құбылыс» /63 б./.

Одан әрі өзге ақындардың өнері мен өмірін өзек еткен талдаулар қазақ поэзиясындағы ұлттық идеяның жырлануына ерекше мән береді, соның себеп-салдарын іздейді. Ұлы Абай өзінің үздік ойлары мен асқақ армандарын ары қарай жүзеге асыруды шәкірттеріне жүктеді, өзінің мектебін қалыптастырды. «Қазақ әдебиеттануы тарихында Абай шығармашылығына байланысты «әдебиет мектебі», «ақындық мектеп» ұғымдарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген М.Әуезов болатын» /72 б./ Алайда, ұлы ақынның талапкер жастарға көрсеткен тәлімгердік, ұстаздық қасиеттері танылған мектебінің шығармашылық ізденістері мен шәкірттері жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде сыналып, М.Әуезовке саяси айып тағылып, республикадан тыс жерге кетуге мәжбүр болса, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедханов және т.б. ғалымдар ұзақ мерзімге сотталғаны әдебиет тарихынан мәлім. Бұл томдағы «Абайдың ақындық мектебі» атты көлемді тарауда ұлы ақын қамқорлығында болған 4 топтағы шәкірттері (балалары мен өз ізбасарлары) жайлы арнаулы тараушалар беріліп, бұл мектептің мән-мағынасы мен бағыт-бағдары, дәстүр ерекшеліктері жөнінде

қаншама құнды тың тарихи деректерді келтіре отырып, жаңаша көзқараспен пайымдалады. Абай мектебінің талантты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар шығармашылығы мен ақындық шеберліктері, Абайдың әсері турасында ғылыми талдаулар жасалады.

Сондай-ақ, осы еңбекте ХХ ғасыр басындағы әдебиет өкілдері, Алаш зиялылары Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, С.Дөнентайұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Ж.Көпейұлы, С.Көбеев өмірі мен шығармашылықтары бүгінгі тәуелсіз, ақтаңдақтан арылған әдеби деректерге сүйенген тарихи ақпараттар негізінде жазылған. Ал, «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия» атты тарауда 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардан майданның қара жұмысына адам алу туралы жарлығы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ұласқаны, бұл тарихи оқиғаның халық ақындарының шығармаларында қалай орын алып, бейнеленгені жөнінде сөз қозғалады. Халық басындағы қайғы-қасірет ұлт көсемдері мен ақындарын ашындырды. Мәселен, Нармамбет ақын былайша толғайды: «...Мал садақа, жан пайда, Бала сұрап, ерік алды, Жан басында билік жоқ, Құламасқа не қалды?... Ауру кетіп, сау қалды, Кім табады жүйені!?» /516 б./. Ұлттық идеяның тууына түрткі болған тылға адам алу саясаты калың елдің толқынын тудырып, жер-жерден наразылық білдіргендер көп болды. Ал, Алаш зиялылары болса, халық арасында үгіт, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Олар қара жұмысқа алынғандарды майдан шебінде жұмыс істегенмен, көп шығынсыз елге оралатынын ұғындыруға көп күш жұмсайды. Әсіресе, «Қазақ» газетінде басылған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың «Алаштың азаматына» деген үндеу мақаласының маңызы зор болды. Онда: «...Бірлікті өздеріңе бергенде, дұрыстап іс қыла алмасандар, өкіметке соңынан өкпелеуге болмайды. ...Екінші істейтін нәрсе: көніп отырып, сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелмен үкіметтен сұрау керек...», – деген сияқты сүбелі мәселелер айтылып, халыққа түсіндіріледі, соның нәтижесінде өкімет қызметіндегілерді алмау, адам орнына мал алу сияқты жеңілдіктерге қол жеткізеді. Елдің ертеңін, оның өсімі мен ел ішіндегі дүрбелеңді басуды басты міндет тұтқан ұлт зиялылары қара халықтың амандығын, Ресей сияқты алып мемлекеттің мұз-

дай қаруланған әскеріне күрес ашамыз деп қырылып қалмаудың амалын қарастыру мәселелерін алға қояды.

Бүгінгі тарихи оқиғаның ертең көркем шежіреге айналатынын ескерсек, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің де сол кезеңнің өзінде-ақ ұлттық сана сүзгісінен өтіп, оның алғашқы айнасы – ауыз әдебиетінде орын алғанын көреміз. Мәселен, «Он алтыншы жыл» атты өлеңдер жинағындағы «Июнь жарлығына қарсы көтеріліске шақыру», «Көтеріліс», «Еріксіз елден айрылғанда», «Майданнан жазған хаттар» атты төрт тараудағы азаттықты аңсаған ақындардың жырлары 1797 жылғы Сырым Датов пен 1837-38 жылдардағы Бөкей Ордасындағы Исатай-Махамбет қозғалыстарынан бастап, сонан кейінгі Есет, Ерназар, Кенесары уақиғаларының заңды жалғасы болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының отансүйгіштік қасиетінің жоғары екендігін көрсетеді. Мың өліп, мың тірілсе де өзінің тәуелсіздігі жолындағы күресін табанды жүртізіп келген, жүргізе де беретіндігі танылады. Ұлтын ұлықтап, өзгеге құл болуды қаламайтын ұлы қазақ халқының ержүректілігі мен егемендік жолындағы ерлігі бірнеше жырларға, дастандарға өзек болғаны да белгілі. Олар жайында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды. Айталық, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған халық поэзиясын зерттеп, арнайы еңбектер жазу ісі орта мектеп оқулықтарын жариялаудан басталды. Бұл орайда С.Сейфуллин, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев секілді белгілі әдебиетшілерді ең алдымен атаймыз. Бұлардан кейін К.Шәменов, Х.Ишанов, М.Жармұхамедұлы сияқты зерттеушілер көтеріліс жырлары туралы арнайы еңбектер жазып жариялады. Айталық, Е.Ысмайылов «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған бірінші томының бірінші кітабында «1916 жыл туралы жырлар» атты зерттеуін жарияласа, М.Жармұхамедұлы 1916 жылғы көтеріліс жырларынан кандидаттық диссертация қорғап, кейінгі орысша, қазақша тарихтарға арнаулы тараулар жазды, «Сарбаз поэзия» деген /Алматы, 1981/ кітапшасын бастырды», – делінген /еңбектің 521 бетінде/.

Аталған қозғалыстың отаршылдық пен әлеуметтік өзгіге қарсы болған бостандық күресі екенін ашып дәлелдегендердің алдыңғы сапында Алаш зиялыларымен бірге тарихшылар да, қоғам және мемлекет қайраткерлері де болған. Ал, халық басына түскен ауыр қайғыны алғашқы болып, ең бірінші жүрегінен өткізіп, елдің

мұнын шағып, ұлттың мүддесін қорғайтын қашанда ақындар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің зардабы мен оның шығу себептерін, даму барысын салқын ақыл, сұлу сөзбен көркем кестелеп, көптің көкейіндегіні елге жеткізе білген ақындар көбіне тарихи жырлар, лирикалық өлеңдер, толғау, дастандар жазды. Әсіресе, сол көтеріліске қатысып, майданның қара жұмысына жегіліп келген Құсайын, Баттал, Бұзаубақ, Есқайыр, Бөлтірік, Сәт, Сүлеймен, Күдері, Біржан Берденов, Төлеу, Сартай, Сапарбай Жолаушыұлы, Қарсақ, Әкмал Қаржауұлы, Нармамбет, Кенен сияқты ақындардың жырлары шынайы әрі құнды болды. Зерттеуші осы ақындардың көтеріліс жөніндегі жыр-өлеңдеріне талдау жасай отырып, олардың мазмұндық, көркемдік, стилдік ерекшеліктерін айқындайды, жанрлық сипатына зер салады. Ақындардың ақындық шеберліктеріне тоқталып, көркем мәтіндегі әдеби әдістердің қолдану тәсілдеріне тоқталады. Мәселен, Бұзаубақ ақынның:

«Қайдасың, елдің басшы ағалары,

Кетті ғой елдің көркі-балалары.

Қайратың қолда бар да қамданып қал,

Ақылғөй елдің басшы даналары», – деген өлең жолдарында елдің ертеңі-жас өркен балаларды қорғамаса ел ағалары ертеңгі күніміз, келешегіміз қалай болады деген қауіп-күмәннің сырын ашады.

Осындай қайғылы кезеңде дүниеге келген туындылардың жанрлары да тақырыпқа сай-қоштасу, қарғыс, бата жырлары, кейінірек естірту, жұбату, жоқтау сияқты қаралы жырларының тууына түрткі болғаны аян. Мәселен, «Дәметкеннің зары» атты лирикалық өлеңде екі көзі су қараңғы әрі кедей әйел Дәметкеннің жалғыз баласы Далабаймен қоштасуы сипатталады. Сол кезеңнің ауыр ахуалын, халық басына төнген қасіретті сезіну үшін азғана үзінді келтіре кетейік:

«Далажаным, жалғызым, Су бойында жалбызым, Мандайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым, Жүзінді көріп қалуға Ашылсаңшы, сұм көзім....

Жалғызым, жаным, Далажан, Тым болмаса екеу боп, артыңнан біреу ерсейші,

Тектекшіл, теріс қу Құдай, Зорлықшылды көрсейші!, Тым болмаса жар болып,

Жарқ етіп көзім ашылып, Далаштың жүзін көрсемші!, Сылқ етіп сүйіп өлсемші, Тірі күйік тартқызбай, Қолыңнан мені көмсеңші!, мейірім қана сүйейін, Келсеңші, сәулем, келсеңші» /526 б./.

Осы шағын қоштасу өлеңінің өзінен сол кезеңнің ащы шындығын, аналардың қасірет азабы, халық басына төнген қауіп, бәрі жүрек сыздатар суық зармен бейнеленген.

Зерттеуде бірнеше ақындардың шығармаларындағы ойлар сол дәуірдегі тарихи оқиғалармен байланыстырылып, тарихи деректермен дәйектеліп, беріледі. Әлеуметтік топ арасындағы әділетсіздік бай балаларының түрлі жалған құжаттар, сый-құрметтер жасалудың нәтижесінде әскерден қалып, бар ауыр салмақ кедейлерге түсуі де аяусыз ащы мысқылмен әшкереленеді. Осы орайда орынды пікір айтқан Баттал ақынның өлеңін оқып көрелік:

«Бәрі де байдың ұлы қалатұғын, Молдекең о да есебін табатұғын, Малы жоқ пара берер, кісі жалдар, Сор қаққан кедей сорлы баратұғын. Таз, соқыр қалып жатты, талай пұшық, Табылды соқыр болған көзін қысып, Бүлдірген өзін-өзі о да болды, Су қосып насыбайдың өзін ішіп...келгенде бай баласы алдарына, «Аұру» деп айтар еді көзбен нұқып, Алдына кедей келсе «годный» дейді, «ал, киін, көрініп-ақ болдың», деді, – деп /532 б./ парақорлар мен әділетсіз байлардың бейнесін келемеждеп кескіндейді.

Сондай-ақ, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тағы бір ошағы-Аманкелді Иманов бастаған Торғай қозғалысы еді. Кеңестік кезеңде де тарихта тиісті орнын алып, жоғары бағаланған бұл қозғалыс туралы бірнеше әдеби шығармалар мен кинолардың барлығы мәлім. Алайда, Аманкелді батыр жайлы шынайы ақиқат осы зерттеуде жан-жақты таразыланады. Патша өкіметінің сол жылғы маусым жарлығына қарсы көтерілген Аманкелді бастаған Торғай қозғалысы 2-3 жыл бойына үздіксіз жүріп, біраз жеңістерге де жетеді. Мұндай ұзақ көтеріліске дайындығы шамалы дала сарбаздарының табандылығы, ерлік істері сол сарбаздардың қатарында болған Омар, Сәт, Күдері тәрізді ақындардың жыр-толғауларында сол кездері-ақ өзінің лайықты бағасын алған болатын. «Рас, бұл топтағы ақындар Аманкелдінің ерліктері мен іс-әрекеттерін кең пайдаланды, алайда кеңес өкіметінің ұстанған саясатына сәйкес көтерілістің сыр-сипатын таптық күрес тұрғысында жырлауға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде сан килы бұрмалаушылықтарға жол берілді», – дейді автор /553 б./.

Осы кезге дейінгі тарихи мәліметтер Аманкелді кедейлердің үстем тап өкілдеріне қарсы күресті басқарған сайыпқыран ба-

тыр ретінде бағаланса, енді ақиқаттың беті ашылып, ол орыс отаршылдылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті басқарған ержүрек сарбаз ретінде бейнеленеді. Ол туралы қазақ әдебиетінде бірнеше жанрдағы шығармалар жарық көргені де белгілі. Айталық, О.Шипиннің «Аманкелдінің айбаты», Күдерінің «Ер туды», Ө.Құндызбаевтың «Аманкелді», Сәттің «Маусым жарлығы», Т.Есенжоловтың «Жабыдан туған тұлпарым», С.Онайбековтың «Батыр», «Татырда», Күйік көлдің басында» /авторы белгісіз/ жырларында батыр бас кейіпкер ретінде сомдалып, оның тәуелсіздік жолындағы табанды әрі ерлік істері жоғары марапатталады. 1916 жылғы көтеріліске байланысты туған поэзия әдебиетке соны леп, жаңа мазмұн алып келгені, тарихи оқиғаны суреттеуге орай жаңадан туған жанрлық түрлер, олардың пішіндік, мазмұндық, көркемдік жағынан жетілгенін нақты мәтіндердегі мысалдар арқылы анықтайды. Мәселен, «Не тағдырға көну бар, не ерлікпен өлу бар» (Жамбыл), «Берейін десе түгі жоқ, бермейін десе күні жоқ» («Сарыарқаның сарыны»), «Айдау көріп мал азды, Ұйқысы кетіп, жан азды» (Күдері), «Мыңдар жылап сол кезде біреу күлді» («Бекболат» дастаны) тәрізді жолдар сол кездің нақты көрінісін көз алдына келтіреді» /556 б./.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы халық санасы мен көркемдік ойлау жүйесіне жаңа құбылыстар ендіріп, тың тақырыптар, бұрындары біздің әдебиеттануымызда байқалмаған тың түрлік пішіндер мен жаңа жанрлық түрлердің (мысалы, үндеу, үгіт жырларының тууы, майданнан хат, күнделік жырлары) пайда болуына және поэзиямыздың мазмұндық жағынан баюына мүмкіндік жасады.

«Қазақ әдебиеті тарихы. Кеңес дәуірі (1917-1940)» деген 7-томда – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің күрделі әрі қайшылығы мол кезеңде өмір сүріп, қазақ әдебиеті мен ұлттық әдебиеттану ғылымын қалыптастырып, дамытуға белсене атсалысқан қазақ қаламгерлерінің қоғамдық, қайраткерлік (С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, И.Байзақов, Н.Байғанин) қасиеттері мен шығармашылықтарына жеке тараулар арналып, олардың кәсіби шеберліктеріне баға беріледі.

Тарихымызда өзінің сапалы рухани жаңғыруы мен әдебиет пен мәдениеттің, ғылым мен білімнің жаңа сатысына жеткен,

әлемдік ақыл-ойдың үздік жетістіктерімен сусындап, өз ұлтына сол өркениеттік ілгерілеуді әкелуге тырысқан тұңғаларымызды қалыптастырған ХХ ғасыр басы-ерекше мазмұнды кезең. Бұл дәуірде ұлттық ғылымның барлық салалары орнығып, білім беру жүйесі жетілдірілді, орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазылып, ғылым тілі орнықты. Соның нәтижесінде халық жаппай сауаттануға бет бұрып, ұлт зиялылары өсіп шықты. Қазақ баспасөзі өркендеп, өсті. Алаш зиялыларының ұлт мүддесі үшін еткен табанды әрі жанқиярлық еңбектерінің арқасында ұлттық идеяның негізі қаланып, руханият мәселелері күн тәртібіне қойылды. Осы орайда «Кіріспе» авторы: «Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді», – дейді /6 б./.

Шынында да кешегі кеңес кезеңіндегі әдебиет тарихын зерттеу еңбектерде біздің ұлттық құндылықтарымыздың маңызы мен мәні, ұлттық бет-бейнесі мен сипаты шынайы шындық шеңберінде емес, кеңестік идеология ықпалында қарастырылды. Және ұлттық әдебиетте орны бар көрнекті қайраткер әрі талантты ақын-жазушыларымыздың шығармалары «ақтаңдақ» болып тарихтан алынып тасталды. Соның салдарынан «кеңес кезіндегі қазақ әдебиеті өзінің алдыңғы дәстүрлерінен үзіліп зерттелінді» /8 б./. Алайда, тәуелсіздік алған соңғы кездері ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының өздері мен шығармалары ақталып, тарихтың ақтаңдақ беттері толықтырылды. «Оян, қазақ» деген ұранымен бүкіл халықтың ұлттық санасын оятқан Міржақып Дулатов бастаған қазақ қайраткерлерінің шығармалары бұл еңбекте жеке монографиялық зерттеулер ретінде беріліп, «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» және «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Әдеби сын» атты тарауларда әдебиеттің әр саласының жетістіктері ретінде қарастырылады.

Мәселен, «20-30 –жылдардағы қазақ әдебиеті» деген тарауда 1917 жылы Ресейдегі ақпан революциясы жеңіп, патшаның құлауы

отар елдердің құлдықтан арылуына жол ашқандай болады. Қазақтың оқыған азаматтары халықты оқу-білім үйренуге шақырып, шабыттана жыр жазады. 1917 жылы /шілдеде/ Алаш партиясын, ал желтоқсанда Алашорда үкіметін құрған оқығандары ұлттық мүддені мұрат тұтып өз ұрандарын жазды:

«Алаш туы астында Күн сөнгенше сөнбейміз. Енді алашты ешкімнің Қорлығына бермейміз. Өлер жерден кеттік біз, Бұл заманға жеттік біз. Жасайды Алаш, өлмейміз, Жасасын, Алаш, жасасын!» / С.Торайғыров. 14 б./

Алайда, Алашорда үкіметінің өмірі ұзаққа бармады, оларға үкіметтің большевиктер қолына өтуі, елдегі азамат соғысы, уақытша билікті қолына алған Сібір үкімет көп кедергі жасайды. Соңынан Кеңес үкіметі оны таратып тынады. Дегенмен, осы аз уақыттың өзінде қазақтың ұлттық санасын көтеріп, оқу-білімнің қажеттілігін түсіндіріп, оның негізін қалаған алаш зиялыларының идеялары өзінің өміршеңдігін танытты.

1937-1938 жылдары жүргізілген «халық жауларын әшкерелеу науқаны» қазақ зиялыларын жойғанмен олардың ұлттық мемлекеттердің дербестік және тәуелсіздік мәселесін жоғары сапаға көтерген ұлттық ойлау жүйесі, ұлттық санаға сәуле берген ақыл-ой қазыналары, сыналап болса да ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жатты. Осы ұлт зиялыларының ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызметі сол кезеңдегі саяси ахуал негізінде қарастырылып, тарауда ашық талданады.

«Поэзия» деген тарауда ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылар шығармашылықтарына сол кезеңдегі саяси-тарихи оқиғалар қалай әсер еткені жөнінде егжей-тегжейлі әңгіме болады. Осы ретте автор: «Жиырмасыншы жылдардағы қазақ поэзиясының көркемдік ізденістері сан қилы. Онда ғасыр басындағы, сондай-ақ оған дейін қалыптасқан дәстүрлердің қаймағы бірден сыпырыла қойған жоқ еді. Сондықтан бұл кезең поэзиясында эстетикалық әлемі әрқилы шығармалар кездеседі. Символизм, романтизм, реализм, футуризм элементтері де көрінді. Бұған, ең алдымен, М.Жұмабаев пен С.Сейфуллин шығармалары дәлел. Сонымен бірге, Ш.Құдайбердиев шығармашылығының соңғы кезеңі осы жылдарға дөп келіп, исламның адамгершілік идеяларынан бастау алған философиялық пайымдаулары туындады», – деп бұл кезеңдегі көркемдік ерекшеліктерді айқындап береді /23 б./

Қазақ тарихына идеялық нысанасы мен идеологиясы мүлдем бөтен қоғамның енуі бүкіл елдік өмірі мен санасына күрт өзгерістер енгізіп, басқаша таным-түсінік қалыптасуына әсер етті. Олар көркем әдебиеттің әртүрлі жанрында түрлі деңгейде көрініп отырды. Мәселен, М.Жұмабаев шығармашылығы – отаршылдық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық-көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық болды. Өзіндік өрнегі мен көркемдік ойлау, қабылдау жүйесі ерекше талантты ақын М.Жұмабаевтың туындылары, бейнелеу мүмкіндіктері, көркемдік-эстетикалық ізденістері, түрлік-тәсілдік жаңалықтары мұнда жаңаша сипатта зерттеледі.

Осы кезеңдегі ұлттық идея жайы С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің тағы да басқа ақын-жазушылардың шығармаларында кеңінен қамтылды. Ұлттың мұң-мұқтажын, әлеуметтік теңдігін бәрiнен жоғары қойып, соның жолында жанқиярлықпен еңбек еткен ақындар жаңа өмір көріністерін жаңашыл ізденістерімен бейнелеуге тырысқаны, олардың көркемдік-идеялық сипаттары жөнінде салықалы пікірлер айтылады.

Ал, «Проза» деген тарауда ғасыр басында қалыптасқан қазақтың көркем прозасы, оның даму барысы, әдеби үрдіс пен әр жанрдағы көркемдік ізденістер сөз болады. Көркем прозаның қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан қазақ қаламгерлері М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бұл тарауда идеялық-көркемдік тұрғыдан талданып, шығармашылық ерекшеліктері айқындалады.

«Қазақ әдебиетінің тарихы». (Кеңес дәуірі /1941–1956/)» қамтылған 8-ші томы – Кеңес дәуірінің екінші кезеңіне арналып, осы кезеңдегі әдебиеттің даму жолдары, ағымдар мен бағыттары және оның озық өкілдерінің шығармашылықтарын соны көзқараспен талдап, саралап-бағалауға ұмтылған. Монография авторлары Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі дәуірде жарияланған көркем шығармалардағы Отанды сүю, қорғау, отаншылдық сезімнің сан алуан құбылыстарының құпияларына бара отырып, қазақ қаламгерлерінің ұлттық идеяны көтерудегі шеберліктеріне көңіл аударған. Кеңес азаматтарының Отан қорғау жолындағы ерліктері мен сол кезеңнің көркем шежіресі әдебиеттің әр саласындағы жанрларда

қалай көрінді, оның оқырман ойын қозғап, ұлттық санасын оятуда қандай әдеби тәсілдер қолданылып, қандай көркемдік рөл атқарды деген сауалдар төңірегінде мәселе көтерген монографияның ғылыми ұжымы әдеби үрдістің осы ерекшеліктеріне ерекше мән береді. 8-ші томдағы зерттеу нысанасына алынған М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин романдарындағы кейіпкерлердің ел мұраты, ұлт мүддесі жолындағы жанқиярлық ерлік істерін зерттеу арқылы, қазақ қара сөзінің рухани биік сапасы анықталады. Оған ұжымдық еңбектегі «1941-1956 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Проза», «Поэзия», «Поэма», «Драматургия», «Сын мен әдеби зерттеу» атты көлемді тараулар мен «Мұқтар Әуезов», «Сәбит Мұқанов», «Ғабит Мүсірепов», «Ғабиден Мұстафин», «Тайыр Жароков», «Әбділда Тәжібаев», «Ғали Орманов», «Қасым Аманжолов», «Қалижан Бекхожин» сияқты ұлттық көркем сөз өнерінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық портреттері дәлел бола алады. Ал, «Әдеби байланыстар», «Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті», «Әдеби өмір шежіресі» деген тарауларда еліміздің егемендікке ие болып, шетелдегі қандастарымыздың өз отанына оралуының нәтижесінде пайда болған жаңа бір әдеби үрдістің пайда болғанын, оның үздік өкілдерінің шығармаларын талдау арқылы айқындалады.

Монография авторлары ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері С.Қирабаев, З.Ахметов, және филология ғылымдарының докторлары Ә.Нарымбетов, Ш.Елеуқенов, Х.Әдібаев, Ж.Ысмағұлов, Т.Кәкішев, Б.Ыбырайым, А.Егеубаев, З.Сейітжанов, Б.Құндақбаев өз тарауларында сол дәуірдегі әдеби жанрлар мен үрдістердің ерекшеліктері мен шығармашылық тұлғалардың көркемдік ізденістерін, кәсіби шеберліктерін талдап, бағалайды.

Бала кезінен батырлар жырларын оқып, бойларында ұлттық рухтың күші басым қазақ халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаһармандық ерлігі ересен болғаны елге аян. Қолының қаруы бар қайратты жастардың бәрі ұл-қыз демей соғысқа аттанғанда олардың орнын жоқтатпай тылдағы барлық жұмысты жанқиярлықпен атқарған азаматтардың ерлігі сол дәуірде жарық көрген барлық жанрдағы көркем шығармаларда шынайы бейнеленіп, ұлттың рухын көтеріп отырды. Соғыс кезінде Отан қорғау тақырыбына арналған шағын жанрлы, әсіресе отты жырларға толы поэзия жанры мен пуб-

лицистика жылдам жазылып, оқырмандарға жетіп жатса, роман, повесть, драма сынды күрделі жанрлар 1950-60 жылдары ғана жазыла бастады. Өйткені, қашанда өмір шежіресі, тарихи шындық ұзақ жылдар ой елегінен өтіп барып қана өз өрнегін табары хақ. Қалай дегенде бұл дәуір әдебиетіне отаншылдық, ұлттық идея тән болды, Ұлы Отан соғысы, майдан мен тылдағы өмір, ондағы адамдар тағдыры, соғыстан кейінгі ахуал жазушыларға жаңа ой, соны серпіліс, жаңа ізденістер, тың тақырыптар алып келгені мәлім. Жазушылардың социалистік реализм канонының шеңберінде жүріп те ұлттық мүддені мақсат тұтқан небір әдеби жауһарлардың жазылғаны, олардағы астарлап болса да ұлттық құндылықтар, ұлттық мінездер мен қазақи болмыс-қасиеттер бейнеленгенін монография авторлары әр саладағы шығармалар шеңберінде жақсы жеткізе білген. Айталық, Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Бауыржан Момышұлының «Артымызда Москва», Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры» туындылардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ халқының көрсеткен ерлігі, майдандағы ауыр тұрмыс, ел қорғаудағы жан қиярлық ұрыс психологиясы зерттеу еңбекте жақсы талданған. Осы орайда, тарау авторы талдауды түйіндей келе: «Мұның бәрі 41-56 жылдар ішінде қазақ романының халық тарихы мен оның өмірінің әр жақты шындығын терең бейнелеуге деген ұмтылысын танытады. Талант-қабілеті әркілы ортада көркемдік беталысы мен ізденіс дәрежесі әртүрлі романдар легі туды. Роман жазушылар тобы қалыптасты. Ең үздік туындылар орыс тіліне, сол арқылы шетел тілдеріне аудырылып, қазақ әдебиетінің даңқын әлемге әйгіледі», – деп ой қорытады /31 б./.

«Поэзия» деген тарауда Ұлы Отан соғысы кезінде халықтың, жалпы кеңес жауынгерлерінің рухын көтеруде үлкен рөл атқарған Жамбыл Жабаевтың 3000 жолдай жыр жазғаны, әсіресе «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңін фашистер қоршаған Ленинград қаласында ірі әріптермен плакат ретінде іліп қойғаны, оны оқыған жауынгерлердің кермет рухтанып, жеңіске жеткені жайлы айта кеп: «Поэзияның мұндай ғажайып белсенді рөл атқаруы тарихта сирек», – деп оң бағасын береді /50 б./.

Сондай-ақ, автордың соңғы жылдары әртүрлі қаңқу сөз айтылып жүрген ұлы ақын Жамбыл Жабаев шығармашылығы жөніндегі ойлары да ғалымдарды ойландырса керек: «Бүгінде Жамбыл

шығармаларын оның идеялық нысанасына емес, көркемдік кестесіне байланысты бағалағанда ғана, ақынның, сол арқылы сол кезеңдегі жылпы халық поэзиясының, ауыз әдебиетінің көркемдік айырмашылықтарын тереңірек түсінуге болады. Бірінен бірі асып түсетін небір айшықты теңеулер, образдар, тұтқиылдан тап бастатын эпитеттер, айтыс ақындарында жиі кездесетін тәсіл – градацияны шебер пайдалану, сол қызумен, сол шеберлігімен жазба әдебиетке, оның ішінде поэзияға ықпал жасау, заман, кезең шындығын образ-категориялар арқылы айшықтау, сол арқылы халқымыздың ұлттық рухының басылмай, заман ауырпалығының астында тапталып жаншылмай, қайта іштей буырқанып, булығы қайраттанып, қор жинай беруіне, көркемдік танымның көкжиегі кеңі түсуіне, халықтың эстетикалық талғамын өз тұрғысынан кемелдендіруіне, рухани ширығып жігерленіп өсуіне зор ықпал жасағанының нақты мысалдары» /48 б./. Ерлік пен отаншылдық сезімді биік деңгейде жырлап халықтық ерлікті туғызған талантты ақын шығармашылығына осыдан кейін күмән тууы ерсі.

8-ші томның өзге де тарауларында сол кезеңнің әдеби үрдісі, ондағы жанрлық, тақырыптық, көркемдік, стилдік, түрлік өзгешеліктер мен ерекшеліктер жайлы теориялық талдаулар мен ғылыми шолулар жасалып, жеке жазушылар шығармашылықтары көркемдік құндылығы тұрасынан жан-жақты сөз болады. Мұндағы қаралып отырған кезеңнің өзі Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі кезең болғандықтан да Отанды сүю, оны қорғау, ерлік пен елдік, ұлттық идея мәселелері әр қырынан әңгіме болады.

«Қазақ әдебиеті тарихы. Кеңес дәуірі. (1956-1990)» – Он томдықтың 9-шы томы – кеңес дәуірінің соңғы кезеңіне арналған. Тарихтан мәлім болғандай бұл дәуір қазақ прозасының жан-жақты жетіліп, ұлттық сөз өнері өкілдерінің қатары толысып, өзге өркениеттегілермен иық тіресе танылып қалған тұсы. Бұл монографиялық ұжымдық еңбекте өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ әдебиетінің кәсіби жағынан биік деңгейге жетіп, шығармашылық тұлғалардың шеберліктері шыңдалып әлем әдебиетін мойындатқан, танылған бір өрлеу жылдары арнайы зерттеу нысанына алынады.

Аталған томда 60-80 жылдардағы әдеби процесте өзіндік іздері бар, сол кезеңнің әдебиетін, ондағы әрбір жанрдың дамуы

мен жандануына, ондағы әрбір көркемдік ізденістерге үлкен үлес қосқан қазақтың көрнекті қалам қайраткерлері – Илияс Есенберлин, Хамит Ергалиев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қалтай Мұхамеджанов, Ғафу Қайырбеков, Сәкен Жүнісов, Мұқағали Мақатаев, Шерхан Мұртаза, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Қалихан Ысқақов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин сынды суреткерлердің шығармашылықтарына жеке тараулар арналып, олардың бүкіл туындылары талданған. Кеңестік кезеңдегі көркем әдебиеттің көрнекті өкілдері атанған жазушылардың шығармалары таптаурын болған таптық ұстанымдардан ажырап, астыртын, жанамалап болса да ұлттық құндылықтарға іштей бой бұра бастаған көркемдік құбылыс байқалған-ды. Әсіресе, бұл жазушылардың шығармаларында партия талап еткен саяси, партиялық принциптертен ауытқушылық аңғарылып, таптан гөрі жеке адамның ішкі өміріне, оның тағдырының түрлі құпияларына қол сұға бастауы өріс алған еді. Олар өмірде не болып жатыр дегеннен гөрі адамның санасында не болып жатыр, қандай өзгерістер болып жатыр деген сауалдар төңірегінде толғануды тәуір көрді. Ақ пен қара, жақсы мен жаман, өлім мен өмір сынды мәңгілік тақырыптарға бару, солардың адам психологиясын өзгертудегі құбылыстарын зерттеуге зер салды. Осы дәуірдің ірі өкілдеріне арналған монографиялық шолуларда әр жазушының өз кезеңін, оның кейіпкерлерін зерттеудегі кәсіби шеберліктері ұлттық мүдде тұрғысынан талданады. Жаңа өмір, жаңа адам жанын, оның сезімдік құбылыстарын, дүниетанымын ұлттық көзқарас тұрғысынан пайымдаған қазақ қаламгерлерінің, әсіресе жоғарыда аталғандардың шығармалары бүгінгі көзқарас бойынша сараланады.

Ал, «1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Поэзия (Лирика, поэма)», «Проза (Осы заман романы, тарихи роман, повесть, әңгіме)», «Драматургия», «Әдебиеттану мен әдебиет сыны» және «Әдеби байланыстар» мен «Қытай және Монғол қазақтарының әдебиеті» деген тарауларда осы кезеңдегі әдеби үрдістер ерекшеліктері еңбекте қарастырылып отырған әдебиеттің әр саласы барысында қарастырылып, зерделенеді.

«Прозадағы» М.Әуезовтің «Өскен өркен», З.Шашкиннің «Темір-тау», «Доктор Дарханов», «Сенім», Т.Әлімқұловтың «Ақбоз ат» шығармалары әр қаламгердің алып отырған тақырыбы мен көтер-

ген идеясы тұрғысынан талданып, олардағы заман шындығы көркем шежіре ретінде қалай бағаланған, кейіпкерлерінің ұлттық мүддені мансұқтаудағы міндеті мен ерлігі қалай бейнеленген деген сауалдар төңірегінде нақты көркем мәтіндер талданады. Әсіресе, О.Бөкей, Т.Әбдіков, О.Әубәкіров, Е.Домбаев, Б.Қыдырбекұлы, Т.Нұрмағамбетов, Д.Исабеков, С.Мұратбеков, А.Сүлейменов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Байғұт шығармаларындағы көркемдік жаңалықтарды, соны стильдік ізденістерді зерттеуге көп орын берілген. Аталған қаламгерлердің шығармаларында басты тақырыпқа айналған ауыл өмірі, қазақи болмыс пен ұлттық мінез тарау авторларын қатты толғандыратын сияқты. Сондықтан да болар, монографиялық еңбекте әр шығарманы бүгінгі күннің көзімен әрі бүгінгі уақыт талабымен саралап, қорыту бар.

«Әдебиеттану мен әдебиет сыны» деген тарауда үш том, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиеті тарихы» бүгінгі заман көзімен қайта қаралып, оларда көтерілген көркемдік, ұлттық мәселелердің кеңестік кезеңде таптық, партиялық ұстанымдар тұрғысынан талданғанын, кейіпкерлердің де жағымды-жағымсыз деген талаппен қарастырылғанын, сондықтан оларды жалпы әдебиеттану ғылымының талабы бойынша тек көркемдік құбылыс тұрғысынан талдау керектігі жөнінде ой қозғайды.

Әдебиет зерттеушілері Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» /1958/, «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» /1960/, Е.Ысмайловтың «Ақындар» /1956/, «Ақын және революция» /1964/, «Сын және шығарма» /1960/, «Әдебиет жайлы ойлар» /1963/, Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» /1973/, «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері» /1941/ монографиялық зерттеулері, М.Қаратаевтың «Шеберлік шыңына», /1963/, «Әдебиет және эстетика» /1970/, Т.Нұртазиннің «Жазушы және өмір» /1960/ еңбектері туралы ғылыми шолулар жасалған. Қазақ әдебиеттану ғылымының ірі өкілдерінің зерттеулеріндегі әдеби айтыстар, мәдени мұраны көркемдік тұрғыдан талдаудың орнына маркстік-лениндік тұрғыдан талдауды талап етушілік салдарынан әдебиеттің тым саясаттанып кетуі сияқты жағдайлар бүгінгі ғалымдардың жаңаша көзқарасы бойынша сол кезеңдегі тарихи шындыққа ғылыми-теориялық талдаулар жасалады. Мұнда әдеби зерттеулер мен көркем шығармалардағы заман шындығы бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғы-

сынан талданып, тек сөз өнерінің өзіне тән категориялар арқылы анықталады.

«Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001) – он томдықтың 10-томында еліміздің егемендікке ие болған ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы әдебиетке ғылыми сараптама жасалады. Қазақ халқының тарихи өмірімен өзектесіп, бірге қайнаған көркем сөз өнерінде тәуелсіздік идеясын ту еткен шығармалар көптеп жазылып, ұлттық рухты көтеретін ғылыми зерттеу жұмыстары дүниеге келе бастады. Ғалымдар өз тарихын тереңдеп тануға ден салды, бұрындары өз ұлтының мәдени мұраларының бастауларына бас бұрғызбайтын партиялық идеологиядан арылып, ғасырлар бойы мұрты бұзылмай жатқан әдеби жәдігерлерді зерттей бастады.

Тәуелсіз кезінде ұлт зиялылары, әсіресе көркем сөз өнерінің өкілдері өзіміздің саясатқа байланысты сан рет түрлі өңге енген рухани асыл қазыналарымызды сол төл қалпында қайта зерттеп, идеялық-эстетикалық табиғатын ашуды мақсат тұтты. Таптық әдебиет пішінін өзгертіп, ұлттық әдебиет жасау үшін тәуелсіздік талабына сай талпыныстар жасады.

Тәуелсіз ұлт әдебиеті ең біріншіден, ұлттық тарихты, оның барлық саласындағы ұлттық құндылықтарды ұқыптап, жинап, жүйелеп алуды мақсат тұтып, Мемлекеттік тұрғыдан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша бірнеше жылдар бойы игілікті істер атқарды. Соның нәтижесінде 100 томдық «Бабалар сөзі», «10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», 5 томдық «Қазақ тарихы» көптеген рухани қазыналар қолға алынып, жүйеленіп, жазылып, оқырмандар қолына тиді. Оның бірден-бір дәлелі де – осы 10 томдық. Оның 10-шы томы тап осы ұлттық руханиятымыздың жаңғыру дәуірін, тоталитарлық цензура бақылауынан құтылған, азат ойлы, терең тамырлы тарихтан сөз тартатын жаңарған, рухани жаңғырған қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі туралы сөз қозғайды. Әсіресе, әдебиетімізде алғаш рет тарихымыздың төрінен өзіне тиесілі орнын алған «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Орта ғасыр әдебиеті» дәуірлердің дүниеге келуі мен кешегі кеңес кезіндегі ақтаңдақтардың анықталып, әдеби, ғылыми айналымға енуі болды. Тәуелсіздік кезеңнің ең бір құнды ерекшелігін анықтайтын бұл дәуірлермен біздің әдебиетіміз қайта толықтырылып, тарихымыз түгенделді. Бұл кезеңнің ерекшелігі жөнінде тарау авторы былай дейді: «...Кеңес Одағы ыдыраудан сәл бұрын, 1988 жылдың сәуір айында Шәкәрім Құдайбердиев, желтоқ-

сан аяғында Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтардың асыл қазына-мүлкі көтеріліп, халқына қайта оралды. Басқа да ондаған ақын, жазушылар кітаптары шаң жұтып жатқан «жабық қор» қоймаларының құлпы алынды. «Қамбар батырдан» өзгелері тұтас дерлік оқылуға, жариялауға тыйым салынған ақын-жыраулар, фольклор шығармалары халық игілігіне қайта қызмет істей бастады.

Цензурасы, партиялық бақылауы әлі күшінде тұрған кеңестік кезеңде бұған дейін тыйым салынып келген рухани қазына – байлықтан біралуан шығармалар күзеліп, түзеліп басылғаны мәлім. Талай шығармалар тоталитарлық жүйеге қайшы келедіге саналып, қайта жарияланып жатқан «ақтандақтар» дүрмегіне енгізілмеді, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Тек 1991 жылдың желтоқсанында еліміз дербес даму жолына түсіп, демократия тәртібіне көшкеннен кейін ғана әдебиет еркін тыныс алды. Көркем шығарма енді жөні жоқ боршаланбай, қыру-жонуларға ұшырамай, алғашқы жарияланғандағы редакциясы бойынша басылатын шақ туды» /11 б./. Тәуелсіздік кезеңнің өзгешелігін айқындап берген автор бұрындары ауызға алына бермейтін «ұлттық гүлдену», «ұлттық идея», «ұлт тағдыры», «ел тәуелсіздігі», «ел егемендігі» сынды сөз тіркестері мен ұғымдардың күнделікті қолданысымызға еніп, ұлт рухын көтергенін, бұл тақырыптардың ұлттық руханиямыздың барлық саласында зерттеу нысанасына айналғанын зор ілтипатпен айтады. Халқымыздың ұлттық құндылықтары қайта қаралып, жүйеленіп, жазылып, жарияланып жатқан Тәуелсіздік кезеңі шындығында да біздің өміріміздегі ең бір шұрайлы да қасиетті кезең болып табылмақ. Біздің Тәуелсіздігіміздің табысы да осы дәуірмен тікелей байланысты.

Сондай-ақ, еңбектегі «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» деген негізгі тараудан соң «Проза», «Повесть, хикаяттар», «Әңгіме», «Деректі әдебиет», «Сатира», «Фантастика», «Лирика», «Поэма», «Драматургия», «Қазақстан халықтарының әдебиеті», «Әдебиеттану», «Әдеби – көркем сын», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Әдеби өмір шежіресі», «Библиографиялық көрсеткіш» деген арнаулы тараулардың да өзінің көтерер жүгі, айтар ойы, ұсынар жаңалығы мол.

Ал, «Проза» тарауында Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-диалогиясы, Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы, Ж.Бектұровтың

«Таңба» романы, С.Елубайдың «Мінажат», «Ақ боз үй», Ә.Таразидің «Жаза», Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аяз биі», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты прозалық туындылары әдебиеттің өз талабына сай тақырыптық, жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан зерттеледі. Осы шығармалардағы тәуелсіз ой-сананың сәулесі болған ұлттық мәселелердің көтерілуі, тарихи тақырыптарға жазылған туындылардағы тың мұрағаттық құжаттардың кейіпкер тағдырымен тамырласып бейнеленуі де бүгінгі егемендікке ие болуымыздың бір көрінісі.

Әдетте, өмірдегі жаңа құбылыстар мен санадағы өзгерістер ең алдымен шағын жанрларда көрінетіні белгілі. Тәуелсіздік кезеңдегі қоғамдық, саяси, рухани өміріміздегі өзгешеліктерді дер кезінде ой елегінен өткізіп, жұртқа жеткізетін де осы шағын жанрлар. Олар-қоғамдағы қай құбылыстан да тыс қалмайтын, ой-санасы ешқашан қалғып, мүлгімейтін ақын-жазушылар шығармалары. «Әңгіме» ғарауында талданған бүгінгі қазақ әңгімелеріндегі «жаңа қазақтар», жаңа кейіпкерлер, тың тақырыптар, тәуелсіздік тынысы, ұлттық ұғымдар, ұлттық идея сынды бүгінгі өмірдің сан алуан құбылыстары нақты көркем мәтіндер негізінде зерделенген. Егеменді еліміздің тәуелсіз ой-санасы осы әңгіме жанрында алғаш көркем айналымға еніп, ел санасын оята бастады, жаңа өмір жаңалықтарын жариялай бастады. Бұл тарауда тәуелсіздік шежіресі осы шағын жанрлық шығармалар негізінде жасалады.

Тәуелсіздік алған соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінде әңгіме жанрымен ерекше көзге түскен сөз зергерлерінің, атап айтқанда М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Қ.Түменбай, Н.Ораз, Т.Ахметжан шығармаларына шолу жасаған автор оларда көтерілген тақырыптар мен бүгінгі заман талабына сай құрылған түрлік жаңалықтарын ашқан.

Сонымен, қорыта айтар болсақ, он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» – бай деректік негізде, көркем тілмен әрі биік өремен жазылған зерттеу. Әлемдік әдеби-ғылыми ақыл-ойдың үздік жетістіктерімен суарылған жаңа методология «Қазақ әдебиеті тарихы» адамзат өркениетінің рухани бөлігі ретінде ғылыми-теориялық тұрғыдан дәйектей отырып, оның өзіндік ерекшеліктері мен табиғи болмыс-бітімін зерделей білген деуге болады. Сондай-ақ, бұл еңбек халықтың ұлттық санасын оятып, рухын көтеретін, ұлттық идеяны ұлықтап, жас ұрпақ санасына сіңіретін сүбелі еңбек.

БҮГІНГІ ТАҚЫРЫП – ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

«Боранды бекет» романындағы қайталаулардың көркемдік қызметі

Адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романы қарт майдангер, теміржол жұмыскері Боранды Едігенің бастан кешкен өмірі, оның өмірі мен еңбектегі серігі болған қадірлі қарт Қазанғапты жерлеу барысындағы көрген қияметі хақында сыр шертеді. Романдағы бар оқиға желісі Едігенің Қазанғаптың мәйітін Найман-Ана бейітіне қоюға бара жатқан жолдағы ойлары, өткен өміріндегі әрбір көріністерді ой елегінен өтіп, көз алдына елестетуі арқылы бейнелеуге бағытталған. Алайда суреткердің ойлап тапқан осы ой амалы, Едігені кешегі өмірге көз салуға, соған бір сәт мән беріп, ой тоқтатып, саралауға, бүгінгі ақыл-ес тоқтатқан қарт тарапынан сол кезеңнің қоғамдық құбылыстарын талдауға мүмкіндік туғызады. Романдағы барлық оқиға, адамдар тағдыры, Сөрыөзектің табиғаты, тіршілігі, өмірі, сол кезеңдегі қоғамдық жағдай бәрі де бір ғана Едігенің атынан баяндалып, соның көзқарасы тұрғысынан талданады. Әдеби шығармада кеңінен таныс бұл тәсіл шығарманың композициялық-сюжеттік құрылымын ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады. Сапардың тарихы болып табылатын оқиға үшінші жақтан баяндалып, кейіпкердің жеке көзқарасын танытады. Мұнда баяндаушы автор назары кейіпкердің ішкі дүниесіне, оның ойларындағы психологиялық құбылыстарға, әсіресе Едіге өмірінің мәніне айналған маңындағы адамдардың тағдырына бағытталған. Едігенің жеке санасына сыйып кеткен сюжеттік желі өзге кейіпкерлердің сөйлеу жүйесін еркіндікке жібере бермейді. Романдағы баяндау көбіне кейіпкердің психологиялық көзқарасына байланысты өрістеп, сол кезеңнің уақыт пен кеңістік ұстанымын өзіндік қабылдауымен береді. Күнделікті бітпейтін тіршілік тауқіметінен бір сәт арылып, өткен өміріне де көз жүгіртіп, ойлануға, еске алуға, соларды сұрыптап саралауға мүмкіндік берген ұзақ жолда туған толғақты ойлар Сарыөзектегі талай тағдырмен

қайта табысуға, сол кезеңнің ащы-тұщысын қайта татуға, жылдар бойы көн болып қалған жүрек жараларын қайта қозғап, жан азабын татуға түрткі болады. Романдағы Едіге, Қазанғап, Әбуталип т.б. сынды кейіпкерлердің адам баласы өз еркімен келмейтін, әлеуметтік-тұрмыстық талапқа мүлдем сай емес Сарыөзекке тағдыр тәлкегімен келіп, тоғысулары да осы соғыс салған залалдың зардабы. Адам тұрғысыз өлкеде өлместің күнін кешіп, соғыс атаулыға өздерінің тағдырлары арқылы лағнет айтқан үш кейіпкердің өмір жолы көптеген қандастарына ортақ еді. Әкесі халық жауы деген жалаға нақақ күйіп, елден алыстаған Қазанғаптар, жау қолына түсіп, «тұтқын», кейіннен «тыңшы» деген дауға қалған Әбуталиптер, соғыс салған сарсаңнан қашқан Едігелер сол жылдары аз ба еді? Сондықтан да олар Ұлы Отан соғысынан кейінгі түсініксіз саясаттың құрбаны болған өз кезеңінің жиынтық бейнелері.

Егерде аяқ асты Қазанғап қайтыс болып, оны арулап қоюға өзінен басқа бірде-бір жанашыр адамның болмауынан және оны ауыл іргесіндегі төмпешікке көп айтты екен деп жерлей салмай, Сарыөзектегі теміржол разъезіне 40 жылдан астам еңбегі сіңген ардагерді шалғайдағы атақты Найман-Ана бейітіне қоюды қалап, қақаған қыста алыс сапар шекпесе Едіге сол соғыс салған сергелдеңнің түп-тамырына үңіліп, талдау жасауға мүмкіндік алар ма еді, жоқ па еді? Кім білсін?

Осы алыс жол, ауыр қайғы, бір-бірімен үзілмес үндестік тауып Едігеге елес берген өмір көріністері, сол Сарыөзекте тұрған сегіз отбасының басынан кешкен тағдырлары, станциядағы ауыр кезеңдер, қоғамдағы әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық өзгерістер көркемдік тәсілдің қайталау әдісі бойынша баяндалады. Автордың таңдап алған тәсілі сол кезеңнің шындығын тану мен түсіндіруге, тоталитарлық қоғамда ғана үстемдік алатын астыртын саяси құбылыстардың түп-тамырына үңілуге, бүгінгі еркін ой тұрғысынан талдауға, бағалауға лайықталған.

Жазушы көбіне Сарыөзектің өзіне тән тіршілігін таныту үшін роман басындағы бес ауыз сөзді үнемі қайталап беру арқылы авторлық ұстанымның көркемдік қуатын дамытып, танытып отырады.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар

даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады.

Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді.

Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...»./10 б./.

Міне, осы сөйлемдер бүкіл роман бойында жиі – жиі қайталанып, оқиға желісін үзбей, сюжетті дамытып, оқиғаның көркемдік дәмін ендіріп отырады. Қысы сарышұнақ аязымен, жазы аптап ыстығымен ерекшеленетін Сарыөзектегі өмірді жиі-жиі еске салады.

Бұл қайталаулар роман мәтінінің маңызын арттырып, сюжеттік құрылымының көркемдік қуатын арттыра түседі. Әдеби әдістің бұл тосын тәсілі қайталаулар мәтіннің композициялық, структуралық, психологиялық белгілері ерекшелендіріп әрлей түскен. Осындай ой қайталаулар арқылы мағыналық мәні артқан мәтіндер шығарманың көркемдік тұтастығын да тартымды етуде аз рөл атқармайды. Және бұл түрлік, пішіндік құбылыстар психологиялық, эмоционалдық тұрғыдан да әсерлі әрі нанымды.

Сондай-ақ сөйлем қайталаулар арқылы жүзеге асатын осындай ой амалы мәтіннің күшейтпелі-ерекшеліктерін айқындап, композициялық қызметі мен шығарманың негізгі көркемдік сарынын да айқындап береді. Кейіпкердің мінезін мүсіндеуде, шығармадағы көркемдік шындықты шеберлікпен жеткізуде, әр кезеңдегі көңіл – күй мен сезім құбылыстарының нақты да дәл бейнеленуіне де, сол кезеңдердегі уақыт пен кеңістіктегі әрқилы көрініс штрихтарын беруге де, ойды белсендіруге де қайталаудың көркемдік қызмет зор.

XX ғасыр прозасына тән осындай сөйлем тіркестерін қайталап беру ойды дамыту тәсілін түрлендіріп отыр. Мысалы жоғарыда келтірілген сөйлемдердің романда жиі қайталануы контекстің белсенділігін арттырады.

Роман басталғанда көзге түсетін тұлкінің бейнеленуі, оның Едігенің көзіне жиі түсіп, есіне әлдеқайдағы аңыздарды, өлген кісінің аруағы бір жануар кейпіне еніп жақындарына көрінуі секілді фантастикалық өрнектерге өріс беруі, Дөненбай деген құстың болуы мүмкін деген сауалға жауап ретінде Найман-ананы баласы атып өлтірген кездегі ақжаулығының аққұсқа айналып кетуін еске салуы

сияқты көркемдік детальдардың шығарманың өн бойында бірнеше жерде еске алынып, оқушыға ой саларлық оқиға өрісінде өрбіп-дамуы, талай тарихи-шежірелік әңгімелердің туындауына дәнекер болғандығын байқаймыз.

Сондай-ақ романдағы жиі кездесетін қайталаулардың оқиғалардың шиеленісіп, ширығып, бір-бірімен шым-шытырық байланысуына да көп жағдайда көмегін беріп отырады. Едігенің Найман ана бейітіне барар жолдағы ойлары өткен өмір белестерін қайта тіріліп, бастан қайта кешуге мәжбүр етеді.

Шығармадағы әрқилы кейіпкерлер тағдыры қанша қиыншылық көрсе де адамдар бойындағы ізгілік, жақындарына деген жүрек жылуы, жанындағылардан тек жақсылықты ғана күтетін мейірімділік, елге, ертеңге деген сенімділік, жалпы саналыға тән кісілік қасиетті паш етеді. Әр кезеңдегі әлеуметтік, психологиялық өзгерістердің уақыт пен заман дамуынан туындайтынын тілге тиек еткен туындыгер адамзатқа қажетті мәңгілік рухани құндылықтардың алтын қазынасы қазыналы қарттарда екендігін еске салады.

«...Сарыөзекті жебелеп төте тартқанның өзінде отыз шақырым Ана-Бейітке барар жолдағы ойлар үзік-үзік үзіліп: «...Сол бір күні сол Ана-Бейітке ит іліскен түйелі-тракторлы қаралы керуен сояудай состиып Боранды разъезінен шығып, тырнадай тізіліп осы қасиетті мекенге таяп келе жатыр еді ғой...», – деген сөйлемдер арқылы қайта жалғасып, талай тағдырлардың тауқыметі, Сарыөзекті жайлаған жандардың өмір тарихтары Едігенің ой-санасында тізбектеле береді.

Ана-Бейітке жақындаған әрбір қашықтық сайын бір оқиға баяндалып, арасында төмендегідей ой толғақ қайталанып: «...Әне, сөйткен Қазанғап еді ғой бұл. Енді сол Қазанғаптай кісі қайда бар? Жоқ енді Қазанғаптар, Соңғы Қазанғапты жерлеуге әкеле жатыр. Марқұмды жер қойнына тыға салып, иманың саламат болсын! – деген сөздер келесі бір оқиғаның басталып, баяндалуына дәнекерлік етеді /84 б./.

Осындай өлген кісінің өмірін өзек еткен әңгімелер тізбегі кешегі Қазанғаптай іріліктің, рухы мықты, ақыл-парасаттың кеніші болған бір туар ердің символы болған кейіпкердің бейнесін биіктете түседі. Қайда өмір сүріп, еңбек етсе де адал, үлкен адамгершілікпен іс атқара білетін ірі мінезді, кісілік қасиетті бүгінгі ұрпаққа үлгі

етуді автор ұмытпайды. Бұл сапар шығарманың бүкіл көркемдік – композициялық тұтастығын құрап, Едігемен бірге оқушы қауымда Сарыөзектегі сегіз отбасының тағдырына куә болады.

Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романында Сарыөзек жайымен қабаттастыра параллелді түрде жүргізілген тағы бір маңызды тақырып-бүгінде бүкіл әлемді толғандырып отырған экологиялық жағдай. Оны автор бүкіл адамзатқа ортақ ең көкейкесті жағдай дәрежесіне жеткізе отырып, оқушысын ойланту үшін жиі-жиі еске салып отырады. Шығармаларында күллі әлемге тән жайттарды ең биік көркемдік құндылық тұрғысынан талдап, кәсіби шеберліктің шыңына көтерген жазушы «Алғы сөзінде» былайша ой толғайды:

«...Космосқа тұрақты түрде қатынаудың техникалық мүмкіндіктері жай ғана пайда болып қоймай, адамзаттың экономикалық және экологиялық қажеттіліктері осы мүмкіндікті іске асыруды табанды түрде талап етіп отырған бүгінгі күннің жағдайында халықтар арасындағы алауыздықты қоздыру, материалдық ресурстар мен ақыл-ой қуатын жанталаса қарулануға жұмсап рәсуа қылу – адамға қарсы жасалған қылмыстардың ішіндегі ең сорақы қылмыс саналады» /4 б./.

«Боранды бекет» романында осы экологиялық апатты да Арал мен Сарыөзек, Невада космодромдарындағы саяси жағдайларға сәйкестендіріп, сөз ете отырып, өзінің азаматтық ой-пікірін де ашық білдіреді. Оны да ой қайталаулары арқылы адамзаттың есіне жиі-жиі салып тұру керек деген ниетпен айрықша айбынды дауыспен, фантастикалық сюжет, өткір метафоралармен мүсіндеуге тырысқан. Бүгінгі жер бетіндегі өмір мен жерден тыс цивилизацияның арасындағы айтыс ретінде, бірде екеуінің арасында жүргізілген мәжілістің хаттамалары ретінде, енді бірде екі әлем арасындағы жағдайға берілген ой толғақ ретінде және тағы басқа да әдеби әдістердің түрлі тәсілдерін тиімді пайдаланып, оқушыға ой салудың жолдарын жақсы тапқан. Олар мынадай сыңайда сыр шертеді: «... Жер бетіндегі адам баласы бір-бірімен мәңгі-бақи түсіне алмай, кіржіндесіп жүріп, ақыл-парасаттың өсу жолында көп нәрседен құр қалып қалғанын пенделер ойлар ма екен?

...Қазіргі кезде Орман Төс оқымыстыларының арасында жалпы планеталық айтыс жүріп жатыр: «Не істеу керек?» деген сияқты бүкіл адамзатқа сауалдар қойып, соған жауап іздеу – әрбір тара-

удан кейінгі ой қайталаулары арқылы баяндалып отырады. Бұл да шығарманың көркемдік тұтастығын, идеялық мазмұнын арттырып тұрудың тиімді тәсілі екендігі даусыз. Бүгінгі әлемдік деңгейдегі экономикалық, экологиялық апаттардың адамзаттың өміріне әкелер зауалы жазушының жанын жай тапқызбайды. Бұл ой толғақтардың бір ерекшелігі – Едігенің ғана емес, шығарма авторының атынан айтылған ойлар сияқты. Бұл ойлар бейне бір бөгде біреудікіндей болғанымен анда-санда Едігенің желке тұсынан бұрқ-сарқ етіп жарылған снарядтар сананды сілкіп, сенің де жеріңде осындай опасыз алапат жарылыстар болып жатқанын сездіретіндей. Сондықтан бұл жай кімді болса да бей-жәй қалдыра алмасы анық.

Міне осы қайталаулар шығарма оқиғасының мазмұндық мәнін арттырып, түрлік құбылысын сонылап, көркемдік жүйесін күрделендіріп әрі әрлендіріп тұр. Осы үздік үзінділер әртүрлі мазмұнда, әртүрлі мақсатты көздегенмен атқарып отырған көркемдік қызметі бір. Ол- оқушысына ой салу, әлемде жүріп жатқан экологиялық апаттың жалғыз Едігеге немесе жалғыз Сарыөзекке ғана қатысты емес, бүкіл дүние жүзіне қатысты толғақты мәселе екендігін, оған жайбарақат қарауға болмайтынын, елдің ертеңі, ұлты мен ұрпағының келешектегі тағдыры толғандыратын әрбір саналы адамзат баласын қалың қайғыға қамап, қабырғасын қайыстыратын, соны жоюдың қандай амал-қарекеті бар екендігін ойлантуға мәжбүр ететін қайталаулар, бұл. Әрі бұлардың бәрі әр кезде әртүрлі жаңалықтармен толыққан, жаңа ғылыми ақпараттармен жаңартылған, адамға үрей тудыратын үлкен әлемдік апаттардан хабардар ететін тақырыптық сарындар, семантикалық қайталаулар, тілдік қолданыстар, образдар. Олар алуан түрлі модальдік рамкаларды реттеп, полемикалық сауалдар арқылы дау туғызып отырады. Романның бірнеше бетінде сан рет қайталанған мәтіндер бүгінгі бүкіл әлемді толғандырып отырған ең маңызды мәселе-экологиялық жағдайды ең жоғары деңгейдегі өзекті тақырыпқа айналдырған.

Шығармада негізгі формалық – мағыналық мәнге ие болып отырған осынау ой қайталаулар, мәтіннің семантикалық линиясын ғана ерекшелендіріп қоймай, композициялық қызметті де қатар атқарып, кейіпкерді мінездеумен бірге романдағы уақыт пен кеңістіктің, көркемдік жағдайлар (ситуация) мен образдардың әр алуан мағынада бейнеленуіне де үлес қосып отыр.

Жазушының ерекше мән беріп отырған осынау күрделі ой амалдары, формалық тәсілдері әлемдік деңгейдегі экзистенциялық жайттарды қозғауымен қатар тек шығарма шеңберіндегі шынайы өмірге тән тіршілік тынысын беруге талпынған Едіге мен Қазанғаптың, Әбуталиптің тағдырына қатысты көркемдік деталдарды оқиға бойында әртүрлі көңіл-күй, әртүрлі психологиялық жағдайлармен байланыстырып, кейіпкердің жан дүниесін тереңдей талдайды. Кеңестік кезеңде еңбек ері атанған қарт жұмысшы Қазанғаптың ешкімге ұқсамайтын тосын тағдыры, сом тұлғасы, қандай қиыншылыққа да төзімді тәкаппар мінезі шығармада Едігенің еске алуы арқылы бейнеленеді. Жалғыз ұлы Сәбитжан мен қызы Айзаданы не балалар бақшасы, не мектебі жоқ, небәрі 8 ғана отбасы тұратын сардаладағы сұрқай өмірден сырт болсын, білім алып, елге қызмет етсін деген дәмемен орталықтағы мектеп интернатқа оқытуы, алайда әке үміті ақталмай баласының боркемік болып өсуі де өзек өртерлік өкініш.

Романдағы мәңгүрт тақырыбы, Бейіт-Ана аңызы арқылы әдеби әлемге енген сюжет желісі, анасынан, ана тілінен, өзінің қағынан жеріген, ұлтын ұғынбайтын, тарихын, тамырын білмейтін мәңгүрт ұрпақтың типтік бейнесі осы Сәбитжанның бойына жинақталған. Бүкіл өмірін тек соның жолына арнап, алдын қақпай, барын соған тосып, келешегінен үміт күткен жалғыз есейіл, қызметке тұрғасын, үй-жай болып, өзі де ұлды-қызды болғасын да әкесінің қадіріне жетпей жетесіздік танытқан ұлдан қандай ұлт өкілі өніп шықпақ. Ол қай ұлтқа да ұшпақ әпермейтін ұрпақ емес пе? Анасы Бекей қайтыс болып әкесі Қазанғап жалғыз қалғанда осы Сәбитжаны әйелінің сөзіне еріп жылы орнынан қозғап бүкіл малын, жерін сатқызып, ақырында үйіне сыйдырмай қайтаруын қазіргі көптеген ұлтта бар қатыгез ұлкелінге тән мәңгүрттікпен байланыстырып бейнелейді, автор. Кешегі Қазанғап, Едігелермен бірге кеткен ірілік, ақсақалдарға тән ақыл-парасаттылық, көпті көрген көсемдік, даланың дарқандығын дарытқан кең пейіл, адал жүректік, ұлты үшін, оның келешегі қандай қиындыққа да қайсарлықпен, табандылықпен күресе білетін кесек тұлғаларды аңсайды, автор. Солардың рухын насихаттайды.

«...Сарыөзектің разьездерінде тұру үшін адамда рух болуы керек, әйтпесе арам қатасың. Дала – кенен, адам – ноқат. Саған жайлы ма, жайсыз ба – далаға бәрібір; далада қалау болмайды. Тұрғың келсе

– тұр. Тұрғың келмесе – жолың, эне. Ал адамға бәрібір емес. Адам жер таңдағыш: оған басқа бір жерде, басқа бір адамдардың арасында балапандай бақыт бардай, ал бұл арада тағдыр оны сарсаңға алып қойғандай көрінеді де тұрады...» /14 б./

Автордың жазғанындай: «...бұл өлкеде шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатқан пойыздардың» вагондардың терезесінен қарап, базбіреулер: «Құдай-ау, адам баласы қалай шыдайды, айнала-қу дала, маңқиған аруана!» – деп басын ұстай алады.» /15 б./ Міне, осындай қу мекенде жазушының айтқанындай ұлттық рухы бар, елін, жерін көгертем, «өз елім-өлең төсегім» деген ұлтжанды адамдар, атақонысынан қусаң да кете алмайтын тегін, тарихын дәріптеген дала ұлдары ғана тұра алады. Туған елден гөрі тойған жерді, тыныш өмірді аңсайтындарға атақоныс дегенді түсіндіре алмасың хақ. Қазіргі Аралдағы теңіздің тартылуынан, Семейдегі жарылыстан көздері ашылмаса да, бүкіл үрім-бұтағы сырқат болса да жан тыныштығын ойлап үдере көшетін көне көз қариялар қатары сирек. Өйткені, оларға туып-өскен өлкесі қымбат, сол жерде тамырын жайған үрім-бұтағы қымбат, ең бастысы оларда ұлттық рух бар, туған жерін, тілін, дінін, өз тарихын құрдымға жібергісі келмейді. Атақонысын тастап кетсе ертең ақ ол жерді бөтен жұрт жайлап, ойранын шығарарын сезеді, аға ұрпақ. Әлі де болса елдің елдігін, ұлттың ұлылығын, атақоныстың ыстықтығын ұқтырып отырған да сол азғана ата-бабаларымыз, көне көздеріміз. Халқымыздың барлық жақсы қасиеті сақталған әр ұлттың қазынасы болған қарттар бейнесі осы Қазанғап пен Едігенің бойына жинақталған. Даланың дауылы мен маңқиған тыныштығына шыдас берген қайсар жандар Қазанғап пен Боранды Едіге ғана осы Сарыөзекте өмірлікке өзек байлап қалды. Мұнда шыдас бермей келіп-кетіп жатқан қаншама отбасының тағдырына ортақтасып, осы өлкені өркендетуге өмірін арнаған екеудің ерлігі ештеңеге бергісіз.

Алдындағы Сарыөзектің тіршілігіне тән өмірді бейнелейтін сөйлем тіркестері өзгерместен бір мазмұнда, бір мәтінде қайталанып, шығармаға шырай беріп, оның композициясының ерекшелігін күшейтіп, түрлік-мазмұндық қасиетін арттыруға қызмет атқарады.

Сондықтан да шығармаға өзек болған Қазанғап, Едіге мен Әбутәліп Құттыбаевтардың тағдыры кімді болса да түрлі ойларға

жетелейді. Қазанғаптың адам тұрмайтын табиғаты қатал Сарыөзекке келуінің, Едіге мен Әбутәліптің мұнда көшуіне себепкер болғаны үшеуінің адамдардан, сол кезеңдегі қоғамдағы саяси шалағайлықтың құрбаны болып елден безіп, зорлық көруі бәрі жүрек сыздатар тарихи жағдайлардың болуы шынайы бейнеленген.

Кеңестік дәуірдің бүткіл кезеңдеріндегі келеңсіз саяси, экономикалық, экологиялық, қоғамдық қактығыстар мен қарапайым жандар біле бермейтін қитұрқы ішкі қозғалыстар, соларды тудыруға себеп болып отыратын жандайшап, асыра сілтеуші атқа мінерлер мен шолақ белсенділер бейнесі романда бар болмыс бітімімен шынайы суреттелген. Соғыс аяқталған тұста 36 жастағы Қазанғап ауылдың әпербақан белсенділері: «Әкемді жат элемент ретінде соттады, мен әкемнен беземін», – деп айт деп қинай берген соң көз көрмес, ел бармас иен далаға безіп кеткен. Қу дала Сарыөзекке теміржол салып, разъезд етеміз деген бастаманың басына келіп, осында мәңгілік қалып қойған. Алайда оның қорланған жан жарасы жазылмаған еді. Бай-қулак деп жазықсыз жалаға ұшырап, қаза болған әкесі мен жымжылас жоғалған үрім-бұтағы сол кеңестік кезеңдегі әпербақандық, асыра сілтеушіліктің құрбаны болғаны оны өмір бақи өкінішке қалдырған. Әсіресе, кеңестік кезеңдегі солақай саясаттың салқыны Ұлы Отан соғысы кезінде де жалғасын тауып, болмашы нәрседен бұзақы, жоқ жерден жау тауып бір-бірін ұстап беру сынды сырқатты сыздықтатуға себеп болушы еді. «Адамға адамның өзі жау» деген сөздің астарында жеке құлқынға құл болған, ішіне қыл айналмайтын қызғаныштың кесірінен небір азаматтардың арманы үзіліп, өмірі қиылды десеңізші. Тағдырдың тәлкегімен Сарыөзекке тап болған білімді, маман Әбуталип Құттыбаевтың да сондай қасіреттің құрбаны болғаны оқушысының жүрегін жаралары сөзсіз. Адам баласы тұрғысыз жерде мұғалім әйелі Зәрипа екеуі сегіз отбасының балаларын жинап, шағын үй ішілік мектеп ашуы, балалармен қалай бауырласу керек, оларды әдептілікке, үлкенді сыйлап-сүйе, әдемілікке қалай баулу керек деген отбасылық тәрбиенің тамаша үлгісін көрсеткен тағылымы ел сүйіспеншілігін оятқан-ды. Қандай қиындық болса да балалары үшін қақаған қыста қалаға барып, шырша әкеліп, аққала соғып көптің мән бермейтін ұсақ тіршілігінен үлкен тәрбиенің ұшқынын танытқан ұстаздар әулетіне бүкіл жұрт риза-тын. Борандының бораны мен қатал табиғатына көндіккен жас

жұбайлардың жарасқан ынтымағы, бауырмалшылдығы, балаларына деген өзгеше сүйіспеншілігі, өзгелерге өнеге болды. Біреудің азғана қуанышы мен бақытын да көре алмайтын кеудесі қуыс қызғаншақ жандардың талай тағдырдың тамырын жұлып, талай отбасын ортасына түсіргені белгілі. Құттыбаевтың құтты мекеніне мезгілсіз келіп, қуанышын келмеске келтірген тауық тісті ревизор мен ителгі көзді тергеуші Таңсықбаевтардың бейнесін жазушы сондай бір жиркенішпен жазады. Өмірден көргені көп, өзі ізденіп оқыған-білгені мол білімді Әбуталип күндіз тынымсыз еңбек етсе де түн бойына шамы сөнбей жазу жазатын. Ұлы Отан соғысына қатысып, жау қолына түсіп, көп қиыншылық көрген кісінің ертенгі ұрпаққа айтары бар екендігі даусыз. Өз өмірінен естелік жазу, өмір тәжірибесінен тағылым аларлық тұсын балаларына жазып қалдыру қай ата-ананың да арманы ғой. Жау түрмесінде болып, қашып шыққан солдатқа деген сенімсіздік, солардың жансызы болды деген күдіктен құтыла алмай, нақақтан күйіп жүрген жанның жүрегіне түскен салмақ, арына түскен дақ, елге түсіндіре алмас ар азабы мен жанына жара салған қасірет оның қолына еріксіз қалам алдырып, ең болмағанда балаларының алдында ары таза екендігін дәлелдеп, тор дәптерге түсірген жан сыры да өзгенің өзегіне қызғаныш тудырып, «кітап жазып қойды ма, менен асып кетті ме, кітап жазу оның не теңі» деген сынды көре алмаушылықтың құрбаны болды, ол. Бір рет келіп, бүлік шығарып кеткен ревизордың жаласы бүкіл ауылға ауыртпалық әкелген-ді. Шырылдан екі бала жетім қалды, жап-жас мұғалім Зәрипа жесір атанды. Оларға болысамын деп жүріп, көрші келіншекке ғашық болып қалған Едігенің жүрегі жаралы болып қалды.

Романда әңгіме болған қасіреттің бәрінің тамырында мәңгүртіктің тайға басқандай таңбасы жатыр. Қазанғаптың тағдырын тәлкек етіп, кулак емес әкесін бай тұқымы етіп, айдатқан да, жас баланы әкем солай еді деп жаздырмақшы болған да өз ағайындары, өз ауылының әпербақан шолақ белсенділері, сол Қазанғапты бар малынан айырып, қалаға алып кетіп қайтадан қаңғыртып жіберген де өзінің іштен шыққан шұбар жыланы – Сәбитжаны, соның сүйген жары-келіні, өзге емес өздері, Әбуталипті жау қолында болған тыңшы атандырып, ізіне шам алып түскен де өзге емес, өз ұлтының өкілі, ревизор жігіт, өзінен зорды көрсе зығырданы қайнап, өз өзінен

өштесіп жау тауып алатын іші тар қызғаншақтың қызыл көз өкілі, (қай кезеңде де халқының өнері мен әдебиетін, тілі мен тарихын, ділі мен дінін ұлттық құндылықтарының қадірін біліп келешекке жеткізуге жанталасқан қай ұлттың да зиялылығы бастан кешер қасіретті тағдыр емес пе, бұл?), кешегі өз анасы – Найман-анаға қарсы оқ атқан өзінің жалғызы ...Жоламанның, жаулар мәнгүрттендірген баланың бүгінгі бейнелері, міне, осылар. Кеңестік кезеңнің солақай саясатының салқыны осы мәнгүрт ұрпақтың қалыптасуына қол жеткіздірді емес пе? Аз ұлттарды ана тілінен айырып, орыстандыру саясатын жүргізу арқылы көп ұлт тарихынан, тамырынан айрылды, ана тілі-анасынан, арынан, ардақтысынан, ата-баба қонысынан айрылды. Мыңдаған жылдар жанын беріп, қасық қанын төгіп қорғаған атақонысын өрт шалды, ядролық сынақ жасалып, ауасы ластанды, жерінен, Отанын, отбасы туған жерінен жырақталды, жырым-жырым болып тілгіленген туған жері дертті ұрпаққа толды, Жүрегі жараланып, басын қасірет шалды. Ең бастысы, ақыл-есінен айрылды, ар-абыройынан айрылды, Соның бәрі ұрпақтың мәнгүрттенуіне әкелді. Автор айтпақшы: « Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы адамды ақыл-есінен айыру да. Ақыл-ой-адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына ғой» /115 б./.

Тілі жоқ адам – тірі өлік қой. Өз тарихын, туған тілін, ел-жұртын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін білмейтін, оған жаман мұрнын шүйіріп қарайтын мәнгүрт ұрпақтан қай ұлт болса да күтер үміті жоқ. Міне, адамзаттың Айтматовы болып бүкіл әлемдік, бүкіл адамзаттық мәселені көтерген Шыңғыс Айтматов «Боранды бекет» романында бүгінгі күннің осындай көкейкесті мәселесін, мәңгілік рухани құндылықтар жайын мәнгүрттікпен қоса қабат алып үлкен философиялық ой қорытындыларын, өз түйіндерін айтады.

Сарыөзек өлкесіне аян Найман-ана аңызы арқылы өмірге, сөз өнеріне енген мәнгүрттік – кешегі отаршылдықта болған аз ұлттардың, әсіресе өзге ағайындарға қарағанда тым еліктегіш болып, орыстанып кеткен өз ағайындарымыздың басындағы қасірет. Қай кезде де кінәні өзгеден іздегеннен гөрі өзіңнен, өзіңнің жан дүниеннен, ішкі өміріңнен іздеген оңды. Өз ішіңе үңілші, бүкіл кемшілігің көз алдыңа келеді.

Жазушының романда ой қайталауларды, сөйлем тіркестерді, белгілі бір ой ағындарын жиі-жиі қайталап отыруы тегін емес, осы

ой амалы арқылы адамдарға ойлануды, мәнгүрттіктің алдын алуды еске салады. Найман-ана аңызы арқылы фантастикалық сюжетті пайдалана отырып, бүгінгі өмірдің шындығын танытуды, оның тамырына үніліп, келешекке кесек ататын кесірлік кесепатын түсіндіруге тырысады.

Арал мен Семей, Сарыөзек пен Невада космодромдарын шартты түрде алғанымен оның астарында талай шындықтың жатқанын, фантастикалық, мистикалық өрнектерді егіздей өріп, екі жүйені қабаттастыра, салыстыра отырып, сауал қойып, жауап іздеу жазушының азаматтық парызы болғаны белгілі. Жазушының қандай әдеби әдіс пен түрлік тәсілдерді қолданамын десе де өз еркі. Олардың бәрі де оқушысын ойландыруға, бір сәт мәңгілік құндылықтар жөнінде ой толғауға мәжбүрлері хақ.

Сонымен, «Боранды бекет» романындағы қайталау жүйесі шығарманың көркемдік, композициялық ерекшеліктерін айқындап береді. Бұл қайталаулар тілдік қолданыстарды, сарындарды, жағдайдарды /ситуацияларды/, образдарды күрделендіріп, шығармаға шынайылық сыйлап тұр. Бірнеше рет қайталанса да көркемдік құндылықтарын жоймай, керісінше әр кезде жаңа мағынада, жаңа түрде, жаңа мазмұнда ой жаңғыртып, жаңа сезім сыйлаған сөз тіркестері тартымдылығымен есте қалады. Шығарманың әртүрлі уақыты мен кеңістігінде тарих пен қазіргі кезеңді байланыстыра отырып, мәңгілік мәселелерді ашу, ойдың белсенділігін арттырып, романның семантикалық композициясын түрлендіріп, фантастикалық өрнектерді шынайы өмірлік-тұрмыстық әлеммен әдемілендіре әспеттей әңгімелеу есте шынайы шеберлікті талап етеді.

Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романы, міне, осындай ойлылығымен, өзіндік өрнегімен ерекшеленіп, өмірдің ең өзекті тақырыптарын көтере білгендігімен құнды.

ЕСМАҒАНБЕТ ЫСМАЙЫЛОВ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛТАНУ (Бір мақаладан туған ой)

Көрнекті әдебиетші ғалым, профессор Есмағамбет Ысмайыловтың (1911-1966) «Ақындық өмір» (А.: Жазушы, 1965. 144 б.) монографиялық еңбегінде халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың ақындық өмірі жан-жақты баяндалады. Жамбыл өскен қоғамдық, өнерпаздық ортаның дәстүрі мен сырлары, революциялық салт-сананың, жаңа мәдениеттің ақындық талантты қайта тудырып, дамытқан тамаша табиғи заңдылықтары монографияда дәлелді де қызықты баяндалады. Артық мадақ-мақтаусыз, жүйелі зерттеліп жазылған монографиялық зерттеулер дәл қазіргідей ұлттық құндылық пен халық шығармашылығына деген өзге және өз ұлтымыздың тексіздері тарапынан жүргізіліп жатқан мылтықсыз майданы кезінде қайта қаралып, көпшілікке ұсынылып жатса құба-құп. Осындай орта ойлы орашолақ жазылған дүмбілез дүниелерге ғылыми тұрғыдан тойтарыс беретін зерттеулерге зәрулік өз қажеттілігін тудыруда. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің Жамбылды әулиедей санап, шын жүрегімен тәнті болуы тектен-тек болмаса керек-ті. Талантты талант қана танып, түсінетіндігін ескерсек, Мұхтар Әуезовтің жыр алыбы Жамбылдың шығармашылығы туралы бірнеше дүркін ғылыми еңбектер жазып, Абаймен деңгейлес дүлділ ақындығын дәлелдеген парасатты пікірлері әлгіндей бір тұлға арқылы тұтас ұлтты тілдеп отырған тексіздерге тікелей атылған рухани оқ болары хақ. Айталық, бүгіндері баспасөздерде әртүрлі әңгіме арқауы болып жүрген осындай өрескел олқылықтың бірі ретінде мына мақалаға мән берсек, талай келеңсіз жайлар ашылар еді. «Жамбыл – шопан емес, нағыз ақын» Д.Быковтың бұра тартуының сыры неде?» деген Ж.Баққондыұлының «Түркістан» газетінің №09, 3 наурыз, 2011 жылдың санында жарияланған мақаласында: «...28 ақпанда бүкіл әлем қазақ халқының ұлы ақыны, ХХ ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың 165 жылдығы аталып, мәдениетке, әдебиетке қатысы барлар ақын жырларының мәңгі өлмейтіндігіне куә болып, аруағына бас иді. Ал дәп осы күні «Известия» газетінде Дмитрий Быковтың «Даешь Гомера» атты шағын мақаласы жарық көрген. «...Өзін жазушылар

қатарына қосатын әлгі Быков ұлы ақын шығармашылығын кекетіп-мұқатып, Жамбыл мұраларына жөнсіз тіл тигізеді. Тіпті ақынның әйгілі «Бесік жырын» мазақ етуге дейін баруы арқылы жалпы қазақтың ұлттық намысына тиіп отыр. Ол Жамбылды жетпістен асқан қойшы еді деп тіл безеп баққан. Әсілі, бұл – жазушы Дмитрий Быковтың әбден шектен шыққандығы, нағыз көргенсіздігі деуге болады. Өйткені, қойшы болу немесе көлік айдаушы болу күнделікті кәсіп қана, ал нағыз Ақын болу – Жаратушының ісі», – дейді мақала авторы. Шынында да бүкіл әлем танитын ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың кім екендігін оның шығармасын оқып ой түймеген, оның рухани жаныңдытазартатын өлеңдерінің шырынын татпаған Д.Быков қайдан білсін? Шовинист Быков секілді «... дүмше жазушыдан дүмбілез сөз туады да» деуден басқа біздің де сөзіміз жоқ. Олай болса, шын мәніндегі дара тұлғамыз, дана ақынымыз, жыр алыбы Жамбылды танығысы келетін жұрт ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындық өмір» атты монографиялық зерттеуіне зер салғаны жөн. Сонда ғана жыр алыбы атанған атақты ақынның таланттын ғана емес, өнегелі өмірі мен жалпы адам баласының бақытты тіршілігі үшін ақыл-ойын, күш-қуатын жұмсаған үлкен жүректі жан екендігіне көз жеткізер еді. Өзгені былай қойғанда Жамбыл Жабаевтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі жалынды жырлары мен өткір сезімді өлеңдері Кеңес Армиясының зеңбірек, пулеметтерінің жауға қарсы атылған әрбір оғынан да артық бағаланғанын білмейтін жұрт, бар ма, сірә? Ол туралы сол соғыстың куәгері, Ленинградтың белгілі ақыны А.А.Прокофьев айтқан сөзіне құлақ салайық: «...Халықтың рухын көтеруде ерекше күш көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомба убежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға көшеде очередте тұрған адамдарды талай көрдім... Жамбылдың өлеңі Ленинградты қорғаушы халқы оның жауынгерлерін жігерлендіруге өте зор қызмет атқарды» (114 б.). Осы өлеңін оқып жігерленген, соғыс кезінде майданнан Жамбылға жіберілген есепсіз хаттардың өзі бірнеше папка болып қазіргі ақынның әдебиет мұражайында сақтаулы.

Көзге жас, жүрекке – от, жаныңа жігер беретін бұл арнаудың ел еңсесі мен ұлттың рухын көтеріп, отаншылдық сезімін оятудағы орасан зор ықпалын бүкіл әлем танып, мойындады емес пе? Оның отты жырларын халық қалай ұмытсын! Сондықтан да болар, ұлы ақынға деген халық сүйіспеншілігінде шек болмады. Осы орайда халық батыры, әскери маман Бауыржан Момышұлының бағасына мән бермеске болмас: «...соғыс тақырыбы – ең қасиетті, ең ұлы тақырып. Соған біздің «мен классикпін» деп кеуде керіп, өз буына өзі мас боп жүрген ақынсымақтар үн қоса алмады. Бұл нағыз бейшаралық! Керісінше «сауатсыз» қарттарымыз Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин үн қосты. Жәкең «Ленинградтық өрендерім» атты тамаша өлеңі арқылы бүкіл адамзатқа ақсақалдық ой айтты...». («Мен – Қазақып» деп таңба салған ақын» деген М.Қалдыбай. «Түркістан» газеті. №35.1.09.2011). Оның тағы бір дәлелі – өзі оқып, сауат ашпаса да «кеудесі ертегі, дастандарға ұя ақынның» (С.Мұқанов) 1936 жылдың май айында Мәскеуде өткен қазақ өнерінің декадасына барған сапары. Бұл жөнінде 90 жастағы Жамбыл ақынды алып барған ақын Әбділда Тәжібаев «Социалистік Қазақстан» газетінің 06.07.1946 жылғы №134 санындағы «Ақынның соңғы дәуірі» атты мақаласында былай деп жазады: «...Қарсы алушылардың қолдарында гүлмен қабат Жамбылдың «Туған елім» деген дастаны мен суреті басылған «Правда» газетінің соңғы саны бар еді. «Правда» газетінен ақынның орыс тілінде алғашқы шыққан өлеңін оқып танысқан халық вагоннан шығып келе жатқан Жамбылды көріп, оны көтеріп әкетті. Жамбылдың аты жиналған топтың аузынан түспеді. Осы жүрісте машиналар жүріп келе жатқан емес, – сан миллион халқы бар Москва үлкен қуанышпен Жамбылдың алдына жүгіріп келе жатқан сияқты еді. Барлық халықтың екі көзі Жамбылда, бәрінің де қолдары Жамбылды құттықтап созылған еді. – Бұлар мені қайдан біледі, – деп сұрады Жәкең күлімсіреп. ...». Сол сапарында халықтық шығармашылықты дамытудағы айрықша еңбегі жоғары бағаланып, Еңбек Қызыл Ту орденін М.И.Калининнің қолынан алған еді. Бұл да ұлы жыраудың таланты мен ақындық шеберлігіне берілген баға болатын. Егер Жамбыл ұлы ақын болмаса Мұхтар Әуезовтей дарынды тұлғамыз оны танып, мойындар ма еді?! Ұлы суреткер, ғұлама ғалым М.Әуезовтің алғашқы мақаласы «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы №5 санында

«Ардақты Жәке!» деген атпен жарияланып, ұлттық әдебиеттануымыздағы жамбылтанудың іргесін өз қолымен қалап берер ме еді?! 1948 жылы 6 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1 томы, фольклор жарыққа шыққанда академик ғалым М.Әуезов тағы да Жамбылдың ақындық шеберлігі мен талантына тәнті болып, «Айтыс өлеңдері» деген зерттеу мақаласында жоғары баға берген болатын. 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерей тойы дүние жүзі көлемінде салтанатты түрде аталып өткенде де М.Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасауы да тегін болмаса керек-ті. Сол кезеңдегі Жазушылар одағының төрағасы, классик жазушы Сәбит Мұқановтың 1946 жылы жарияланған Жамбыл шығармаларының толық жинағының жалпы редакциясын басқарып, алғы сөз жазуы және одан өзге де қазақ және орыс тілдерінде 15-тен аса ғылыми мақалалар жазуы да Жамбылдың тұтас бір дәуірдің көркемдік құбылысын танытқан дара тұлға деп тануынан екендігі айқын. Классик жазушымыз, сөздің зергері, аса талғампаз, сөз мәйегін таппаса ешкімді де менсіне қоймайтын көркем, талғамы жоғары талантты тұлға Ғабит Мүсіреповтің өзі «Алып ақын атамыз» (Мүсірепов Ғ. 5 томдық шығармалар жинағы, 4-том, А. 1975), «Феномен-Феникс» («Қазақ әдебиеті», 1971, 22 қазан) деп мойындап, мақала жазуы да ерекше есте ұстарлық тағылымды дүние. Әлгі Д.Быков сынды бәтшағарларға жыр алыбы Жамбыл жайлы орыс оқымыстыларының да көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялық зерттеулер жазғанын, атап айтсақ К.Зелинский, К.Алтайский, З.Кедрина, П.Кузнецов, М.И.Ритман-Фетисов, М.Сильченко, Н.Смирнова, Н.Тихонов, М.Шолоховтардың мағына-мәні мол мәдениетті мақалалары мен ірі зерттеу еңбектерін тарихи әрі әдеби дерек ретінде ұсынғанымыз жөн шығар. Бүгінгі мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбековтің «Жамбыл және оның ақындық мектебі» деген тақырыпта жазған докторлық диссертациясы мен «Жүз жасаған жүрек» (1993), «Асыл сөздің атасы» (1996) атты көптеген ғылыми зерттеулері ше? Егерде ақынның талант қуаты мен шығармаларының көркемдік әлемі көтермесе ондай іргелі зерттеулер жазылмасы ақиқат еді ғой. Ал, Жамбылдың шығармашылығын өмірінің ең өзекті тақырыбы етіп алған белгілі ғалым, фольклортанушы Сұлтанғали Садырбаевтың 1982, 1996 жылдары ақынның акаде-

миялық толық жинақтарын шығарып, ғылыми түсініктемелер жазуы мен тұрақты канондық текстологиясын жасауы, «Фольклор және Жамбыл» (1996) монографиясы, «Библиографиялық көрсеткіші» (жалпы редакциясын басқарған С. Садырбаев), Н. Төрқұловтың «Жамбыл және Кенен» (1978), «Жүз жасаған бәйтерек» (1982), «Алатау асқарынан жыр асырған» (1996) еңбектерін атап өтпеске тағы болмайды. Жалпы Жамбыл шығармашылығы туралы мақала, зерттеу жазбаған қазақ қаламгерлері қалмаған десек те болады. Оның дәлелі – М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Ә. Тәжібаев, М. Қаратаев, М. Базарбаев, С. Қирабаев, З. Ахметов, М. Н. Сауранбаев, Ш. Сәтбаева, Ә. Нұрпейісов, С. Бегалин, Т. Жароков, Ғ. Орманов, Б. Уахатов, М. Хакімжанова, Р. Сыздықова, О. Нұрмағамбетова, М. Хамраев, С. Қасқабасов, К. Сейдеханов, С. Негімовтердің зерттеулері. Ал, негізгі жамбылтанушы ғалым болып есептелетін Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындар» (1956) деген көлемді монографиясында, «Ақын, жыршы, жыраулар» (1949), «Совет фольклорының даму жолдары» деген еңбектерінде Жамбылдың ақындық, жыршылық, жыраулық өнерлері бір-бірімен байланыстырыла қарастырылған. («Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна», 2005. – 576 б. 202-203 бб). Олай болса, осынау әмбебаптық мәлімет әлгіндей тексіздерге тегеурінді жауап болмақ.

Шынында да әр ақын өз заманының перзенті болғандықтан да сол кезеңнің жыршысы да болары хақ. Жамбылдың негізгі тақырыбы өзі өмір сүрген кезеңнің шындығы, яғни коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің халыққа жасаған жақсылықтары мен жаңалықтары болды. Өйткені, ақын өзі өмір сүрген қоғамға сенді, сол себепті де ол қоғамды мадақ ету оның ақындық миссиясына енді. Жамбыл өз ұлтының ұлы ретінде өз халқының ар-ұяты, үні, көзі мен құлағы, намысы бола білді. Сондықтан да кешегі кеңестік кезеңдегі жақсылықтарды бір сөзбен сызып тастауға болмайды. Тарих – әділеттілікті сүйеді. Кеңес үкіметінің қазақ халқына алып келген жаңалықтарын жырлау – ақынның дүниені көркем тануының нәтижесі-тін. Қазақстан үкіметі тарапынан ақынның шығармашылығының ойдағыдай дамуына барлық жағдай мен қамқорлық жасалған еді. Ақынның өзі туған Ұзынағаш ауданының «Жамбыл» колхозынан үй салынып, жанына оның әрбір сөзін жазып алып отыратын әдеби хатшылар белгіленді. (Қалмақан Әбдіқадыров,

Тайыр Жароков, Ғали Орманов, тұрақты жауапты хатшылары болса, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Қапан Сатыбалдин сынды сөз зергерлері Жамбылдың кейбір жырларын жазып алуға белсене атсалысты. Ал, орыс ақыны Павел Кузнецов Ж.Жабаевтың жырларын үнемі аударып, жариялап отырды. Міне, осындай құрмет пен халық сүйіспеншілігіне бөленген ақынды қалай «шопан» деуге болады? Ал, ақынның қазақтың халық шығармашылығын дамытуға, оның көркемдік құндылықтарын арттыруға сіңірген еңбегін де ерекше атап өтуге болады. Жамбылдың ақындық даңқын асырып, бүкіл қазаққа мәшһүр еткен Құлмамбетпен айтысы, «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», «Хан мен ақын» атты эпостық жырларды халыққа жеткізіп, ұлттың рухани ұйытқысына айналғаны да ақиқат. Ол жөніндегі толық мәлімет, ғылыми тұжырымдарды ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде алғашқылардың бірі ретінде зерттеу жазып, жамбылтану саласының негізін қалаған көрнекті ғалым Есмағамбет Ысмайловтың «Ақындық өмір» атты еңбегінен алуға болады.

Сондықтан біріншіден, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы жамбылтану саласының қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан ғалым Е.Ысмайловтың ғылыми ғұмырбаянына шолу жасай кетсек артық болмас еді.

Қазақ әдебиетіндегі жамбылтану атты іргелі саланың негізін қалаған ғұлама ғалымның есімі әдебиет әлемінде «Тұлпар жыры» (1933), «Жігер» (1934), «Жаз еркесі» (1936) секілді жыр жинақтарымен танылды. 1939 жылдан бастап өмірінің соңына дейін осы сөз өнерінің сан саласында табанды еңбек еткен ол КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалындағы Жамбыл атындағы әдебиет және халық шығармашылығы секторының аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі қызметін атқара жүріп, 1943 жылы «XX ғасыр басындағы қазақтың демократиялық әдебиеті» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты атанып, 1957 жылы «Қазіргі ақындардың шығармашылығындағы ұлттық дәстүр» деген тақырыпта («Ақындар» монографиясының негізінде) докторлық диссертация қорғады. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкірті болған Есмағамбет Ысмайлов 1961 жылы ұстазының есімін иеленген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының (Тіл және әдебиет институтынан бөлінген)

қалыптасып, дамып, өркендеуіне бүкіл саналы ғұмырын арнады. Оның нағыз шығармашылықпен айналысатын алтын уақыты – жастық ғұмыры Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан көп жылдары түрмеде өтеді. Дегенмен, әдебиетке деген өлшеусіз махаббат оны «әдебиетіміздің еңбек торысы» атандырады. Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі «(1958), Қазақ КСР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері» (1961), КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1934) атанған ғалым «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталады.

Әдебиеттану ғылымының негізгі үш саласы- әдебиет тарихы, теориясы, сыны бойынша табанды еңбек еткен ол қазақтың батырлық және тарихи жырларды (1939 жылы «Батырлар жыры туралы» деген зерттеу жазды) да арнайы және табанды зерттеді. Және өзінің жанына жақын өмірлік тақырыбы етіп алған жамбылтануды да жүйелі жазып жүрді.

XX ғасырдағы жыраулардың соңғы мектебі болған Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындарының шығармашылығын, олардың бұрынғы фольклорлық, ақындық дәстүрлермен байланысы мен жаңашылдығын зерттеуші Е.Ысмайылов әдебиет теориясы тұрғысынан талдап, әр жанрдың өзіндік ерекшеліктерін қарастырды. Оның іргелі зерттеу еңбегі «Ақындар» атты монографиясында Жамбыл, Нұрпейіс, Иса сияқты ірі өнер иелерінің суырып салма ақындық өнерінің ғылыми тұжырымдары мен кәсіби шеберліктерінің құпия сырларын ашып, бір жүйеге келтіріп, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орнын анықтады. Сондай-ақ әнші ақындар – Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан серілердің т.б. сазгерлік, әншілік, ақындық шығармашылық ерекшеліктеріне ынта танытқан бірнеше мақалалары жарияланып, көпшілік назарын аударғанды. Ал, 1940 жылы жарыққа шыққан «Әдебиет теориясының мәселелері» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулығы әлі де студенттер сұранысына ие.

Ал, «Ақындық өмір» (А.: Жазушы, 1965. – 144 б.) атты зерттеуі жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы жөніндегі іргелі әрі ғылыми ортада жоғары бағаланған құнды еңбек. Ғылыми тұрғыдан тыңғылықты зерттелген бұл еңбек 1965 жылы жазылғанымен ақын өміріне, оның шығармашылығының зерттелуіне байланысты ғылыми мәліметтер мольнан қамтылған

бүгінде қажеттілік тудырып отырған зерттеу. Мәселен, «Ақынның өмірі туралы деректер» атты алғашқы мақалада қазақ әдебиеттану ғылымындағы жамбылтану саласы жөнінде айтылады: «Жамбыл туралы баспасөз бетінде тұңғыш рет мәлімет жазған қарт мұғалім Сарыбаев Шамғали жолдас. («Терме» әдебиеті жинағы. Ташкент. 1925 ж. 55 бет). Бұл мақаласында Шамғали Жамбылдың және оның айналасындағы Жетісу ақындарының қандай жыр айтатынын, не білетіні жөнінде қысқаша мәлімет береді. 1931-1932 жылдары Сәкен Сейфуллин өзінің кітаптарында («Қазақ әдебиетінің нұсқалары». 1931 ж. «Қазақ әдебиеті», 1932 ж.) Жамбылдың ірі ақын екенін айтады. Құлмағамбетпен айтысын жариялайды. Осы кезден бастап Жамбылдың аты түрлі жинақ, газет мақалаларында аталып отырғанымен дәл өмірі жөнінде тиянақты мәлімет берілмейді», – дей келе, осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында өз еңбегінің жазылғандығы жөнінде сөз қозғайды. 1938 жылы ақынның 75 жылдығына сәйкес арнаулы қаулы қабылданып, ССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы тарапынан Жамбылдың өмірі мен шығармасын зерттеу туралы нақты шаралар белгіленгені, ақынның Академиялық жинағын шығару, өмірбаянын нақтылап жазу жұмыстары қолға алынғанын айтады. Соның нәтижесінде 1939-1958 жылдары Жамбыл шығармаларының толық академиялық және таңдамалы жинақтары әлденеше рет жарыққа шығады. Осы орайда орасан зор ұйымдастырушылық, жинастырушылық, жүйелеу, бұрынғы нұсқаларды қайта өңдеп, ел аузындағы жырларды жариялау жұмыстарын жүргізу және ақын хатшылары Тайыр Жарақов, Ғали Орманов, Сапарғали Бегалин, Қалмақан Исаевтардың шығармашылық жұмыстары жөнінде кеңінен әңгімеленеді.

Ал, «Туған елдің ортасында», «Ақындық жолдағы адымдар», «Үміт, арман дүниесінде», «Бақыт таңын қуанышпен қарсы алу», «Қанаттану», «Ақындық өрлеу жылдары», «Совет заманының ұлы жыршысы», «Жауынгер ақын» атты тараушаларда бұрынғы советтік кезеңнің көркемдік талаптары байқалғанымен зерттеуші мүмкіндігінше шығарманы тек көркемдік категория талабынан қарап, оның кәсіби деңгейі мен шеберлік қасиеттері алдыңғы сапта қарастырылған. «Әлемде бір жұлдыз бар» деген толғауындағы: «... Аспан нұрсыз, жер үнсіз, Қара бұлтқа ай батты, Көріксіз жаз құлан саз, Суы құрып сай қапты, Судырамай құрағы, Сарқырамай бұлағы,

Қарт бурадай түнеріп, Тілсіз бейне бір өлік – Жым-жырт шөгіп тау жатты. Күңіренген ел үніндей, – Жамбыл күйін аңыратты», – деп жырлаған Жамбылдың ел өмірінің ауыр жағдайын бейнелеудегі өзіндік шығармашылық болмыс-бітімін табиғи қалпында бағалайды. Жыраудың ақындық қуатына тәнті болып, халықтың рухани казынасын келешек ұрпаққа сол саф алтындай таза қалпында жеткізуді мұрат тұтқан талабын құптайды. Өзі оқымаған сауатсыз болса да дала данышпандарының ертегі, дастандарынан дәріс алып, көкейіне құйып, өзінің көмекейінен қайта жыр етіп ұшырған ұшқыр қиялды, аса қабілетті, табиғи таланты биікжанның әрбір сөйлеміндегі сұлу сөздер, бейнелі ойлар, тосын да тапқыр теңеулер, ешкімге ұқсамайтын оқыс ұйқастар зерттеушіге шабыт береді. «Жасымды жаңғыртып, жанымды сергітер өлеңім ғой» деп өлеңді өміріне серік еткен қарт ақынның: «Жамбылдың жыр төгілген тілін байлап, Үніне туған елін сағындырған...», – деп жырлағанындай Кеңес үкіметі келгенге дейінгі өміріне өкініш білдіріп, өз ауылынан ұзамағанын, бай-ұлықтардың оның талантын тежеп, тілін байлап, өнерін өсірмей отырғанын жырға қосады. Ұлы Қазан төңкерісінің жеңіске жетіп, халық теңдігі орнағанда ғана ақынның шығармашылық өмірінде оң өзгерістер болып, шабыты шарықтайды. Бұл турасында автор: «... Ол Коммунистік партияның басшылығымен орнаған совет заңының әділдігіне әбден көзі жетеді. Енді өмірді жаңаша терең ұғынып жырлауға кіріседі», – деп ақынның өмірлік және шығармашылық ұстанымын айқындап береді /51 б./.

Ақын жүрегін шалқытып, жаңа өмірге шын ынтасымен беріліп, сұлу сезімдермен суреттеген Жамбылдың образды ойлары мен терең толғаулары ұлттық сөз өнерінде өзіндік өрнегі мен көркемдік әлемін танытты. 1927 жылы жырланған «Замана ағымы» дастанындағы: «Замана жайы терең сыр, Замана жайы бітпес жыр», – дегендей ақынның бір ғасырдан аса ғұмырындағы айтып өткен арманы да осы екі дүниедегі көргендері мен білгендері, яғни өз заманының көркем шежіресі болды.

«Ақындық жолдағы адымдар» деген тарауда: «Өлең мен сөзді дос қылып, Құрамын ақын санатын...», – деп бата сұраған бала жасынан бастап, кейінгі ересек болып, ел аралап, ақындармен айтысқан кездеріне дейінгі ақындық дарыны мен шеберлігінің даму өрісіне ой жібереді. Осы ретте зерттеуші: «Сүйімбайдың бүкіл Жетісу

ақындарына әсіресе өзінің ең жақсы талантты, келешегінен зор үміт күткен Жамбылға берген ақындық, ұстаздық жолында екі үлкен ерекшелік бар: Бірі айтыста болсын, жеңіл жырларда болсын, сықақ өлеңдерде болсын шындықты жеткізіп, өткір шешен, тапқыр тілмен тыңдаушыны құшырландырып айту. Екінші – тарихи батырларды үнемі желілі жырға айналдырып жырлап айту», – деп ақынның шеберлік сырын, шығармашылық ерекшелігін ашып береді /22-23 бб./.

Кейін өзі де жыр тұлпары атанса да: «Менің пірім Сүйімбай, Сөз сөйлемен сыйынбай!» – деп ұстазының ұлылығын ұлықтап кеткен Жамбыл Түбек, Жанак, Бақтыбай, Досмағамбет, Шөже, Шашубай, Балуан Шолак, Майкөт, Майлықожа, Құлмамбет, Қасқарау Сарыбас, Әміре, қырғыз ақыны Қалмырза, Оразалы, Айкүміс, Сайқал қыз ақындармен айтысып, ақындық өнерін өсіріп отырды. «Жамбылдың айтыстары, ол айтысты дамытып айту өнері ақынның идеялық, шығармашылық жолдағы өсуінің жаңа бір кезеңі, көлемді эпостық жыр жасаудың алғашқы адымы болып саналады», – деп баға береді, ғалым/40 б./.

«Үміт, арман дүниесінде» деген тарауында Жамбылдың дарынды ақын болумен қатар, керемет күйші екендігін, жас кезінің өзінде 20-дан аса күй, атап айтқанда «Батыр қалша», «Бозінген», «Кертөлғау», «Терісқақпай» «Асанқайғы», «Сыр мерген», Қырғыз Мұратәлінің күйі ««Өзбек күйі», «Керұғлы», «Ыңғай тоқ», «Ұран» күйлерді өлең жазарда шабыт шақырып, ойлануға мүмкіндік беретін мезетте тартатыны жөнінде айтылады. Ал, «Ақындық өрлеу жылдары» деген тарауда Жамбылдың өз сауатын енді радиоқабылдағышта берілетін жаңалықтарды жүрегімен тыңдап, жанына тоқу арқылы ой-өрісін кеңейтсе, енді бірде қасындағы әдеби хатшыларына газет-журналдарды оқытып, хабардар болуы арқылы дамытқаны жөнінде айтылады. Бүгіндері Жамбылды «саясаттың қолшоқпары болды» деп жабылып сынап жүрген білгіштер оның саяси сауатының ашылуына ықпал еткен заманы кінәлі екендігін ескере бермейді. Жамбылдың саясаттың мың қырлы астарларын білуге сауаты да мүмкіндігі де болмады. Кеңестік кезеңнің тек жақсы жақтарын жеткізіп отырғандардың айтуы бойынша ойына сіңіріп, солай қабылдап, солай жазды. Ол үшін ақынды емес, заманды сол кезеңнің саясатын кінәлау керек. Ақын бар ынта-шынтасымен үкіметке сенді, (мұнда жалғыз ақын емес, бүкіл ел солай сенді), соның жақсылығын, елдің теңдігін жырлады. Бұл жерде саясаттың сойылы емес, ақынның

жеке талантты тұлға ретіндегі қазақ әдебиетіне әкелген көркемдік құндылығы тұрғысынан бағалануы тиіс. Сол саясатшыл жырлардың өзінен-ақ ақынның шығармашылық шеберлігі, ақындық қуаты, көркемдік болмысы байқалып отырды. Қазақ оқырмандарына керегі де осы. Қалғанын тарих өзі орын-орындарына қояды. Қалай десек те жыр алыбы атанған атақты Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы, халықтың ұлттық рухын көтерудегі ерен еңбегі мен ерлігі мәңгі ел есінде екендігін ұмытпағанымыз абзал. Екі ғасырдың көркем шежіресін жасап, қазақтың сөз өнерін құнарлы сөздік қорымен дамытып, көркейте білген Жамбылдың мол әдеби мұрасы мәңгілік ақындық, жыраулық, жыршылық өнердің өлмес мектебі болып қала бермек. Соның өзінде өзінің бала жасында сауатын ашып, кітап оқи білмегеніне өкінетін ақын кеңесшілеріне: «Мен білімсіз қараңғы адаммын ғой оқыған сендермен тең түсе алмаймын, мені алдандырмай өлеңіме әділ сын айт! Халыққа жақсы өлең, адал ой керек», – деп ескертіп отырады екен /72 б./. Тайыр Жароковтың Жамбыл жайлы естелігіндегі осы сөздердің өзі көп нәрседен хабар береді. Шабыты келмей жыр толғамайтын талантты тұлға не жазса да жүрегін қозғап, сезімін шалқытқан жайларға ғана сөз шығындаған. Және жазба ақындар мен орыс ақындарының шығармаларын оқып, шеберліктеріне тәнті болып, олардан үйренуге талпынып отырған. Әрбір жаңа өлең толғауында тақырыпты да, ойды да, өмір шындығын бейнелеуді жаңартып, тереңдетіп отыруға тырысқан. 1936 жылы өзі де осылай өсіп, өркенін кеңге жайған ақын 2 ірі дастан, 13 ұзақ лирикалы толғау жыр жазумен қатар, «...жалықпай ізденіп, замандасы Сүлеймен Сталскийді, Абайды оқытып, жазба поэзия өнерін терең ұғынуға ұмтылған. Сол сияқты Пушкинді, Лермонтовты, Горькийді, Тарас Шевченконы, Шота Руставелиді аудармасынан оқытып тыңдап, өзіне замандас ақындарына қатты бір сынмен қарағандай, өзін жаңа заманға лайықты жаңа ойлы ақын санағандай өзінің әрбір өлеңін салмақты мағынамен, барынша тапқыр оймен, шебер тілмен беруге, тырысады» /73 б./. Және: «Пушкинді Абайдың және өзінің қатшы ақындары Тайыр мен Ғалидың аудармаларынан тыңдап отырып: «Мына сөздер теңіздің терең түбінен тауып алған шамшырақ тастай мәңгі жанып тұрады ғой», – деп, әр сөзіне сүйсініп баға беріп: «мұнымен Абай ғана тілдесті-ау, бізден жоғары тұр-ау дейді», – деген сөздері өлең сөздің үлкен өнер екендігін, оның құрылысы

мен өлшемдері, көркемдік әлемі жөнінде де өзіндік пікірі бар ойшылдығынан хабар береді. Орыстың ұлы ақынының талантына тәнті болып, тағзым ете бағалай білгендігі көрінеді. Зерттеуші әлгі ақындардан алған әсерін сол мезетте шығарған жыры: «Орыстың өлеңінің ақын көркі, Алмастай мың құбылған меруерті, Дүниеге асыл сөзден төктің маржан, Жарқырап тар заманда шықтың еркін», – деп Пушкиннің ақындық күдіретін қалай дәріптегеніне ғылыми теориялық тұрғыдан талдау жасайды /74 б./. Жамбылдың шығармашылығындағы тың тақырып-табиғаттың бейнеленуі де осы Пушкин, Лермонтов, Абайдағы табиғат көріністері мен уақыт мезгілдері туралы жырларынан кейін қосылғандығын және олардың өте шебер меңгерілгенін «Егіс жыры», «Қайта жасардым», «Май», «Алатау», «Қымыз» өлеңдерінен алынған нақты көркем мәтіндермен дәлелдеп, ғылыми пікірлермен дәйектейді: «Дариядай тулап аққан сол таулардың, Көресің тамашасын аққан судың, Қарлы тау басы биік мұнар кетпес, Сырласып бұлттармен болған кетпес» /76 б./. Жыл бойына өнімді еңбек етіп, қарттығына қарамай қарқынды жыр жазған ақын сол жылдары «Өтеген батыр» дастанын жырлап, қағазға түсіріп, Чапаев, Аманкелді туралы күрделі эпикалы жырлар шығарады. Сол толассыз шабытты сыйлаған заманына риза болған ақын былай жырлайды: «Бұл Жамбыл көрген бұрын талау, тараң, Кез болды енді оған алтын заман, Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін, Тарихтың домбырасын қолға алам, Қатардан шал болсам да қалғаным жоқ, Досқа – күй, дұшпаныма – өлеңім оқ, Жиырма бес маған тағы қайтып келді, Сәлемін алтын күннен айтып келді, Қалайша жыр төкпессің, ән соқпассың, Шаттықтан нөсер төккен дәуірде енді!», – деп өз заманының жыршысы болғанын мақтаньш санайды /85 б./. «Менің өмірім» (1921) деген аяқталмай қалған поэмасы да осы ойды жалғастырады. Зерттеуші ақыннан кеткен ағаттықтарды да аңғарып, ақау ретінде атап өтеді: «Жамбыл поэзиясындағы нақты адам, халық образын жырлау мәселесін сөз еткенде оның күшті, әлсіз жақтары бірдей көзге түседі. Халықтың, коммунистік партияның алғыр, жеңімпаз тұлғасын, советтік патриотизмді терең тебірене жырлаған ақын осы дәуірдегі жеке адамға табынудан туған сарындарға да бой ұрды. Социализм жеңістерінің кілті «тәңірдей» күдіретті бір ғана Сталинде деп жырлады.», – деп атап көрсете отырып: «...Бірақ ауыз әдебиетіндегі дағдыға, жеке адамға

табынуға байланысты кемшіліктер Жамбыл поэзиясының жалпы қуатты даму арнасын тоқтата алған жоқ», – деп әділ бағасын береді. «Совет заманының ұлы жыршысы» деген тарауында соғысқа дейінгі ақын шығармашылығындағы көркемдік құндылықтар әдебиеттің талабы бойынша қайта қаралып, «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» атты толғауындағы түрлік, тілдік ерекшеліктер стилдік ізденістер тұрғысынан талданады. Жылдан-жылға тақырыбы да көркемдік қуаты да жасарып, жаңарған Жамбыл жырларының жұрт ықыласына бөленгенін жоғары бағалаған үкімет 1941 жылы мартта СССР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы бойынша Жамбылға Мемлекеттік сыйлық береді. Кәрілік меңдеп, қартайған ақынға қуат берген бұл марапат оны орнынан тұрғызып, отты жырлар тудыруға септігін тигізеді.

Шұбыртпалы, төкпе жыр ұйқасына құрылған ақынның толғау, дастандары шын мәніндегі қазақ халқының жауһар жырларына айналды. Ақынның мол мұрасында мекен еткен өзіндік өрнектері – шалыс ұйқастың да, егіз ұйқастың да, сыңар ұйқастың да үздік үлгілері кездесіп, өзінен кейінгі ақындарға тағылым болғаны мәлім.

Ұлы ақынның жырлары 40-тан астам шетел тілдеріне аударылып, әлемнің әйгілі суреткерлері – Ромен Роллан, Мартин Андерсен, Нексе, Катарина Сусанна Причард Жамбыл поэзиясына жоғары баға берген. Есмағамбет Ысмайылов та еңбегінің соңғы тарауы «Жауынгер ақында»: «...Халық поэзиясының алыбы, совет заманының шындығын, советтік патриотизмді тебірене жырлаған Жамбыл шын мәніндегі ұлы ақын», – деп өзінің жамбылтанушы ғалым, кәсіби маман ретіндегі бағасын береді /140 б./. Ақынның өзі де: «Өлмейді, халық жыры, қартаймайды, Өшеді деп оны ешкім айта алмайды. Күреске шақырмаған ақын ба ақын, Ақын болса халыққа болсын жақын», – деп өлеңімен өз бағасын беріп кеткендей.

Олай болса, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылық ғұмыры Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындық өмірі» арқылы өлмес мұраға айналып, өзінің өлең өрісіндегі өлмес ғылыми бағасын да алды.

Орайы келгенде айта кетер бір жайт; жалғыз Жамбыл ғана емес кез-келген шығармашылық тұлға өз заманының перзенті, ол өзі өмір сүрген ортаның тарихи шындығын көркем шындыққа, өмірді өнер тақырыбына өзек етіп, өрнектеп, ой өрбітуге тиесілі. Ұлы Абай да,

кемеңгер жазушы Мұхтар да өз замандарының тақырыбын толғады, жетістігіне қуанды, қасіретіне қайғырды. Қазіргі қаламгерлерде тәуелсіздік кезеңіндегі табыстарды толғап, кемшіліктерге сын көзбен қарап, өмірдің өзекті мәселелеріне өз пікірлерін білдіруде. Бұл – өмірдің ақиқаты, тарихтың шындығы.

Бір өкініштісі, кеңестік кезеңде жарияланған Жамбыл Жабаевтың жыр жинақтарында тек сол кезеңді мадақтаған, сол дәуірдің талабына сай жазылған, заманауи зәрулік тудырған тақырыптағы толғаулары топтастырылып, насихатталып, біржақты пікір қалыптастырылғаны дер едік. Бұл бүгінгі тәуелсіздікті теріс пиғылда пайдаланған кейбір парықсыз пікір тараушыларға тіпті тиімді болды. Жоғарыда талданған «Известия» газетіндегі Дмитрий Быковтың «Даешь Гомера» сынды мақалаларына себепкер болған бұл жайттар 2013 жылы Мәскеудегі «Новое литературное обозрение» баспасынан Константин А.Богданов пен Риккардо Николози, Юрия Мурашовалардың құрастыруымен жарияланған «Джамбул Джабаев: Приключения казахского акына в советской стране» деген мақалалар жинағының да өзегіне айналыпты. Кітаптың аннотациясының өзі жан шошытады. Оқып көрелік: «Джамбул – имя казахского певца-импровизатора (акына), ставшее одним из наиболее знаковых имен советской культуры конца 1930-х-начала 1950-х годов. При жизни Джамбула его сравнивали с Гомером и Руставели, Пушкиным и Шевченко, учили в школе и изучали в институтах, ему посвящали стихи и восторженные панегирики, вручались правительственные награды и ставились памятники. Между тем сам Джамбул, певший по-казахски и едва понимавший по-русски, даже если бы хотел, едва ли мог оценить те переводные-русскоязычные-тексты, которые публиковались под его именем и обеспечивали его всесоюзную славу. Но каковы причины этой славы? И кто был носителем этой славы-подлинный или мнимый «Джамбул»? Настоящий сборник статей, составленный отечественными и западными учеными, задумывался как опыт сильного приближения к ответу на эти вопросы» («Джамбул Джабаев: Приключения казахского акына в советской стране: Статьи и материалы / Под редакцией Константина Богданова, Риккардо Николози и Юрия Мурашова. – М.: Новое литературное обозрение, 2013. – 308 с.). Сүйегі әлдеқашан қурап кеткен қазақ ақынның даңғайыр даңқына деген қызғанышты, шовинистік көзқарасты

көрмейсіз бе? Бұл бүгін Жамбылмен жағаласу болса, ертең Абаймен арпалыспасына кім кепіл? Адамға деген жай ғана қарапайым жақсы сөзін қимайтын, іріліктен іргесі аулақ, ел ішіне іріткі салуға құштар рухани тәуелсіздікті теріс түсініп, тек жаманшылықты теріп, теріс пікір таратуды даңқ-абырой санайтын санаулы саяздылардың сөзіне құлақ салғың келмегенімен қазіргідей әлем жұртшылығы арасында түрлі рухани да қарулық та терроризм өршіп тұрғанда назар аудармасқа тағы да болмайды.

Тарих өз төрелігін әлдеқашан айтып қойған. Оған жоғарыда келтірілген нағыз әдебиетші мамандардың, ұлы ақынның замандастары болған орыс және қазақ, әлем жазушылары мен ақындарының, ғалымдардың әділ бағалары мен Жамбыл шығармашылығын арнайы зерттеген ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың монографиясы дәлел. Жамбыл Жабаевтың ақындық құдіреті мен шығармашылығының көркемдік әлемі туралы қазақ халқы өз кезінде жоғары бағасын беріп, әдебиеттегі тарихи орнын анықтап қойған. Ал, қазақтың әрбір шығармашылық тұлғасының туындыларынан тіміскілеп, тырнақ астынан кір іздейтін күншілдерге: «Ит үреді, керуен көшеді» дегеннен басқа айтарымыз жоқ!

ДРАМА ӘЛЕМІНДЕГІ ДИАЛОГТАР ФИЛОСОФИЯСЫ

Тірі адам тіршілігінің өзі тұтас тілдесуден тұратынын ескерсек, саналыға сыйға тартылған бұл Тәңір тартуының бағасы өлшеусіз. Өйткені, бүкіл өмір, өркениет осы диалогтық қатынас арқылы әлемдік даму заңдылықтарына ие. Драманың құрылысында әрекет орталық мағынаны меңзегенімен, ондағы тілдесу тәсілі – диалог. Драмалық шығарманың көркем мәтінінің өзі осы диалог пен монологтан тұратыны мәлім. Драмадағы іс-әрекеттен гөрі «сөздің әрекеті» («словесного действие») салмақтырақ. Сахнадан айтылатын кез-келген сөз өзге өнер саласындағы сөздерден әлдеқайда белсенді қызмет атқарады. Драмадағы кейіпкерлердің өзіндік дүниетанымдары мен ой-өріс деңгейін анықтайтын диалогтар олардың бір-біріне деген көзқарасын, іс-әрекетке әкелер тартыс қайшылықтарын да анықтап беретін фактор.

ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті театртанушы, сыншы, өнертану ғылымының докторы, профессор Бағыбек Құндақ-

байұлының «Мұхтар Әуезов және театр» (1997), «Уақыт және театр» (1982), «Заман және театр өнері» (2001) атты еңбектерінде қазақ театр өнерінің тарихында тиісті орын алған драмалық шығармалардың көркемдік әлемі, әсіресе диалог пен монологтың көркемдік қызметі мен философиясы мейлінше мол зерттелді. Оған ғалымның 2006 жылы жарияланған «Театр туралы толғаныстар» (Алматы: «Өнер» баспасы, 2006. – 320 б.) атты монографиялық зерттеу еңбегіндегі «Халық өнеріндегі театрлық элементтер», «Алғашқы қойылымдар, драматургиялық шығармалар», «Уақыт және режиссура», «Спектакль және режиссерлік тұжырым», «Спектакльдің көркемдік тұтастығы», «Репертуар және сахналық шешім» деген мақалалары дәлел. Мәселен, «Халық өнеріндегі театрлық элементтер» атты мақаласында автор «театр өнерінің дүниеге келуін халық өнерінен бөліп қарауға болмайтынын» айта келіп: «Халқымыздың өз іргесінде туған салттық, дәстүрлік ойындар, той-думандар, ел аузындағы күлдіргі әңгіме, аңыздар, сан қилы жиындарда орындалатын театрлық ән-күйлер, күлкілі жайттар – біздің өнеріміздің дүниеге әкелген репертуар мен сахнасы», – дейді /5 б./.

Зерттеуші М.Әуезов «ешқандай қоспасыз театр» деп атап көрсеткен «Жар-жар», «Беташар», «Айтыс» сияқты фольклорлық жанрлардағы өнерпаздық болмысты айқындап, олардағы орындаушылық дәстүрде актерлік өнердің элементтері бар екендігін нақты мысалдар негізінде дәлелдейді. Екі адамның немесе топтың сөз қақтығысына құрылған бұл өнер түрлерінен ғалым драмадағы диалогтың алғашқы нышандарын және оның сөздік қоры да құнарлы, орындаушылық шеберлігі де құнды қасиеттерін байқап, кәсіби маман зерттеуші ретінде зор бағасын береді: «Халқымыздың әдебиетіндегі ақындар айтыстарының сөз ерекшеліктеріне зер салсақ, олардың көркем табиғатында актерлік өнерге етене жақын драмалардағы диалогтар мен сөз қақтығыстарының әр қилы сипатын байқауға болады. Ақындардың тапқырлықпен, өнерпаздықпен бірінен-бірі асып түсуге ұмтылған шығармалар шеберліктері театрдағыдай тыңдаушыларын қызықтырып, еліктіріп неше алуан күйге бөлейді» /7 б./.

Б.Құндақбайұлы сөз құдіретіне бас иген қазақ халқының табиғатынан талантты, өнерлі жұрт екендігін өзі қарастырып отырған халық шығармашылығының жанрлық үлгілерінен танып, олардың

ұлттық драматургияның аяғынан қаз тұрып, қалыптасып кетуіне, дамуына дәнекер болғандығын және театр өнерінің өркендеп өсуіне үлкен үлес қосқандығын арнайы қарастырады. Драмалық шығарманың негізгі тізгінін ұстап, шырайын ендіретін диалогтың көркемдік қызметін көркейтіп, мағына-мәнін арттыруда айтарлықтай рөл атқарған айтысушы ақындардың синкретті өнер ерекшеліктері (әншілік, домбырада ойнау, орындаушылық, дауыс құбылту, оның үн-ырғағы, ішкі психологиялық толғаныстарды тысқа шығаратын іс-әрекет әлемі, әртүрлі дене, бет әлпеттегі ым мен ишараттар, қимыл-қозғалыстар), олардың эпостағы хикаяларды жырлаудағы атқарған міндеті т.б. жөніндегі ғалым жасаған ғылыми ұстанымдары құнды. Ұлт театрында «Еңлік-Кебек», «Арқалық батыр», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесалардың «жылдам жазылып, сахнаға қойылуы драмалық һәм театрлық сипаттардың молдығынан болса керек», – деп дұрыс болжам жасайды /8 б./.

Сондай-ақ, ол осы еңбегінде «Қоштасу», «Естірту», «Жоқтау» сияқты мұң-шер жырларына да тоқталып, драмадағы монологтың алғашқы элементеріне мән береді. Жеке адамның ішкі сезімдері мен психологиялық толғаныстары, өзімен-өзі сөйлесу, ішкі ойды, қайғы-қасіретті сыртқа шығару осы монологтың міндетін айқындайды. Негізі диалог та, монолог та ойланудан, яғни ішкі сөйлесу, ішкі ой қақтығыстарынан туындайтыны белгілі. Өмір сүрудің қажеттілігінен туындаған тілдесудің түрлері – диалог пен монолог – өмір сүрудің ең бір алғышарты, өмірдің философиясы. Табиғаттағы тіршілік атаулының ішінде адамзатқа ғана тіл, яғни сана мен сөйлеу қабілетін дарытудың арқасында адам төңірегінде тілдеседі, яғни диалогқа түседі. Ал, диалогқа түспес бұрын ол ойланады, яғни іштей сөйлеседі. Жабайы түрде айтсақ, өзін қоршаған ортаны тану үшін «бұл не екен деп?» оның дәмін татады, қолмен ұстап көреді. Міне, содан бастап ойланады, яғни монологқа түседі, ал өмірді тану үшін тілдеседі, яғни диалог дүниеге келеді. Осылай өмірдегі диалог философиясы бергін келе драмадағы диалогқа ұласады деген ойларды түзген ғалым дәуірлер диалогы, мәдениеттер диалогы көбіне жасырын жүргізілетін монологтық үлгілерде болатынын қарастырады.

Зерттеуші ұлттық сөз өнеріндегі өзге де жанрлардағы (мысалы, шешендік, бақсылық өнер) театр мен драматургиялық

элементтердің алғашқы үлгілерін зерттей келе былайша ой түйеді: «Шешен сөйлеу, сөздің жүйесін тауып айту, астар беріп сөйлеу, қысқасы, сөз құдіретіне барынша мол мән берген қазақ халқының бұл өнері, актер шеберлігінің дамуына ықпал жасағанында талас жоқ. Актерлардың тіл мәдениетін жетілдіру үшін ежелгі шешендік сөздерді, мақал-мәтел, нақыл сияқты ойды тереңдетіп, тілді байытатын сөз нұсқалары басты актерлік бейнелеу құралы болып табылады» /11 б./.

«40-50 жылдардағы драматургия» атты еңбегінде автор ұлттық драматургияның шарықтап даму кезеңін осы дәуірдегі театр репертуарынан тұрақты орын алған классикалық үлгіде жазылған пьесалармен, көркемдік – идеялық мазмұны да терең дүниелермен байланыстырады. Ұлттық салт дәстүрімізде орын алған халықтық шығармашылығы негізінде қалыптасып, дамыған қазақ драматургиясының көркемдік сапасы өскен сахналық қойылымдар ретінде «Абай», «Ақан сері-Ақтоты», «Ыбырай Алтынсарин», «Амангелді», «Түнгі сарын», «Шоқан Уәлиханов», «Майраны» атайды. Мақала барысында аталған шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне көбірек тоқталып, ғылыми сараптама жасайды. Әсіресе, «Абай» пьесасындағы кейіпкерлердің мінез болмысын ашудағы диалог қызметіне ерекше мән береді: «Абайдың «Ел кім, ел сен бе едің?» сөзіне, Жиреншенің «Ел біз емес, құл-құтан ба еді?» деген жауабынан екі топ арасы ашыла түседі, аяғы бітпес дауға, қанды айқасқа ауысатыны айдан анық. Кескілескен ерегіс, өршіген текетірес үстінде ата жолының жүгісіне келуі-шиеленістің шарықтау шегі», – деп драмадағы диалогтың қаншалықты көркемдік қызмет атқарып отырғанына мән береді /37 б./.

Бұл диалогтың даланың дара дарыны, ұлы ақыны Абайдың сол кезеңдегі қоғамның қайшылықтарында қайнап, шираған тұлға болып қалыптасуына дәнекер болғанын және оның ой жүйріктігі мен сөз тапқырлығының, даналығы мен дархандығын бейнелеуге әсер еткенін әңгімелейді. Зерттеуші «Абай» пьесасының сахналық қойылымда жеткен жетістігі драматургиялық шығарманың шұрайлы тілге, құнарлы ойға, небір тарихи мәні зор философиялық, эстетикалық, көркемдік биік талғамға толы танымына, құбылысына, кәсіби шеберлікке тікелей байланысты екендігін әсте естен шығармайды. Сол тамаша туындыны тарих сахнасына шығарып, ха-

лыққа рухани құндылық сыйлап отырған талантқа тәңтілік танылады. Мәселен, 1940 жылдың 30 қазанында Қазақ драма театрында қойылған М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» трагедиясының шығармашылық табысы жөнінде: «Драматург оның аузынан шығатын әр сөзіне, қимыл-қозғалысына, тыныс-паузасына ерекше көңіл аударған, бәрі де бір нысанада, бір көркемдік желіде тоғысып, оқиганың дамуына қарай ширап, драматургиялық мақсатқа, авторлық тұжырымға бағындырылған».../38 б./ «...Трагедияда әр көрініс оқыс әрекеттен, кездейсоқ құбылыстардан туындап, жан-жақтан қаймалап келіп бір арнада, басты драматургиялық желіде тоғысады», – делінген /39 б./.

Ғалым пьесадағы басты кейіпкерлердің табиғи болмысы мен драматургиялық әрекеттерін театртанушы маман ретінде бағалап, керек кезінде кемшіліктерін де көрсетіп, сыншылық көзқарасын білдіріп отырады. Ұлы Абаймен алысатын замандастары да оңай жаулар емес. Олар «талай аты шулы талас-тартыстарда суырылып билік айтып тіс қаққан, ақыл-ойы мол, сөзге шешен, салған жерден мықтылық танытатын көкжалдың бірі» /41 б./, – Жиренше шешен болса, «мықты, талай тартыстарда қарсыласқандарын зорлық күшімен де, қисапсыз байлығымен де бас көтертпей басып тастайтын адуынды топ» /38 б./ өкілі Оразбай және тағы басқалар. Қазақ даласындағы феодалдық кертартпа дәстүрді Ажар мен Айдар, Әбдірахман мен Мағыш тағдырлары, олардың еркіндікке ұмтылған ғашықтық сезімдері арқылы ажарлай бейнеленген драмадағы әрбір диалог сол дәуірдің еш ымыраға келмейтін әлеуметтік қайшылығын, оның құпия қатпары мол қитұрқы әрекеттерін әшкерелеуге бағытталған. Ұлы Әуезовтің ұлтымыздың аса дарынды да дара тұлғасы Абайдың өзінің құнарлы да көркем сөздерін қисынды пайдаланып, оның аузына афоризмге толы философиялық ойы терең толғаныс-толғауларын салып, сахнаға шығаруы да кәсіби шеберліктің шыңы десе болғандай. Халықтың сөзі осылай тарих тағылымынан, сахна төрінен халықтың жүрегіне жетіп, ойын қозғап, санасына сәуле түсіріп жатса бұл да автордың, яғни ұлтымыздың мақтаншы кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезовтің төл драматургиямыздағы дара қолтаңбасы. Шынайы шығармашылық пен терең білімнің де байқалар тұсы сөз екендігін ескерсек, өмір мен өнер философиясының өзі осы образ, ой, сөз, сөздік қарым-қатынас, диалог философиясы арқылы жүзеге асып жатпай ма?

Осы зерттеуде Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясының көркемдік-идеялық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып, екі ғашықтың трагедиялық тағдырын бейнелейтін жазушы-драматургтың дара шеберлігінің сыры қарастырылады. Бұл ретте Б.Құндақбаев драматургияны зерттеуші ғалымдар – С.Ордалиев, Н.Ғабдуллин, Ә.Тәжібаев, театр сыншысы Қ.Қуандықов пікірлерімен таласқа түсе отырып, өзінің озық ойларын, кәсіби маман ретіндегі теориялық тұжырымдарын ортаға салады.

Ақан бейнесін сомдаған актердің серіге тән табиғатты еркін қимыл-қозғалысынан, ақындық өжеттік өрлігімен, өзіне тән сөйлеу мәнерімен, әдепті де әдемі болмысымен бейнелей білгенін, ал Ақтоқтының қазақ қыздарына тән парасаттылығы мен ерекше көркемдігі, сол биязылығына қоса қайратты да еркін, өз теңдігі, өзінің адал махаббаты жолында қандай да қиындықтан қашпайтын қайсарлығы да ақындық шабытпен жазылғаны жөнінде ұтымды ойлар айтылған. Сондай-ақ, ұлттық драматургиядағы кішкентай адам бейнесін жасаудың үздік үлгісі болған Ақтоқтының әкесі Қоңқай көрерменнің көңілінен шыққан кейіпкердің бірі. Трагедия оқиғасын ойға, ішкі драматизмге құруға себепкер болған кейіпкердің бірі – Мылқау. Оның бейнесі ұлттық театр тарихында ұлы актер Қалыбек Қуанышбаевтың орындауында қайталанбас ойын болғаны белгілі. Осы еңбегінде зерттеуші сол жылдары қазақ драматургиясында тарихи-биографиялық пьесалардың көп жазылғаны, атап айтар болсақ, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин», Қ.Мұқашевтың «Дала дастаны», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», Ш.Хұсайыновтың «Ғани Мұратбаев» сынды халқымыздың талантты ұлдарына арналған дүниелердің өмірге келгенін қуанышпен жеткізеді. Оның ішінде өмірден ерте кеткен дарынды ақын-драматург Құдыш Мұқашевтың «Дала дастанына» (режиссері, ол да ерте кеткен талантты жас Қадыр Жетпісбаев) ерекше тоқталып, атақты ақын Ілияс Жансүгіровтың балалық шағы мен өскен ортасы, ақын болып қалыптасу кезеңін негізгі нысанаға алған пьесаның ең көркемдік құндылығы ақын-драматургтың ішкі психологиялық құбылыстарын, аумалы-төкпелі кезеңде өмір кешкен құбылмалы көңіл-күйлерінің төркінін тап басып, шынайы бере білгенін жоғары бағалайды. Ілияс үшін «дала» ұғымының қаншалықты құдіретті екендігін және оған деген ақынның өлшеусіз махабба-

тын үлкен сезіммен суреттеуі де осы еңбектің ұзақ талданар тұсы. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 8-том. (Кеңес дәуірі (1941-1956)» атты еңбекте де осы шығармаларға шолу жасала келіп, соғыс кезіндегі сахна қойылымдарында көрсетіліп, халықтың отаншылдық сезімдерін оятуға, ұлттық рухын көтеруге көмегін көрсеткен бірқатар пьесалар талданады. Ш.Хұсайыновтың «Кек», Т.Жароковтың «Аттандыру», Қ.Сүлейменовтің «Майдан», С.Бегалиннің «Патриоттар» пьесаларында Ұлы Отан соғысындағы қазақ жауынгерлерінің ерлігі бейнеленді. Соғыс кезінде фольклор мен эпикалық халық шығармаларындағы батырлар бейнесін сахналау, олардың ерлік істері насихатталып, ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі тәрбиелік-танымдық тұрғыдан қарастырылған. Осындай мақсатпен дүниеге келген М.Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» драма-дастанындағы ел азаттығы деп өткен ер азаматтардың Отан алдындағы ой-сана биіктігін бейнелеудегі көркемдік жетістігі мен суреткерлік шеберлігі арнайы зерттеледі. Эпостың рухани дүниені шығармашылық білгірлікпен жанр табиғатына сай игерудің биік көркемдік үлгісін көрсеткенін, жазушының көркемдік мазмұн, идеялық тереңдік, драматургиялық бітім-құрылысы жағынан аса шебер жазылғанын маман ретінде кәсіби білгірлікпен атап көрсеткен. Зерттеуші: «Халықтың ғасырлар бойы аңсаған азаттық пен бостандық жолындағы күресі – драманың идеялық нысанасы. Туған жер, елге деген сүйіспеншілік, оны қорғау, азаматтық, отандық сияқты ұғымдардың астарымен ұласып жатыр. Пьесаның Отан соғысы кезінде жазылып, сахнаға қойылуы да осы әлеуметтік мақсаттан, халықтың патриоттық сезімін оятып, рухын көтеру идеясынан туған. Пьесаның мазмұнына, автордың ойына тереңірек бойласақ, мұнда бейбіт қазақ халқының ішкі-тысқы жауға қарсы күресі, озбырлыққа, қанаушылыққа қарсы, әділет үшін айқасы суреттелген. Бүгінгі күнмен үндестігі-драма-дастанның көркемдік құндылығы», – деп жоғары баға береді /110 б.8-том/.

Ғылыми-теориялық талдаулардан тұратын «Театр туралы толғаныстар» атты монографиялық еңбегіндегі «Театр және режиссура» тарауы «Уақыт және режиссура», «Спектакль және режиссерлік тұжырым», «Спектакльдің көркемдік тұтастығы», «Репертуар және сахналық шешім» атты жеке-жеке мақалалардың тақырыптарынан айқындалып тұрғандай, өмір ағымына қарай сахналық өнердің мазмұны мен сахналық бейненің, оның бейнелеу тәсілдері де, қойылу

жолдары да, өзіне тән театрлық бояуы да, көркемдік шешімінің де өзгеріп отыруы өмір мен өнердің заңдылығы. Және драмалық шығармалардың өзге салалардан өзгешелігінің өзі оларды әр толқын өз мезгілінің қабылдауына қарай қабылдап, оны ойнаған актерлерде сол кезеңнің көркемдік қабылдауынан өткізері хақ. Сондықтан да сахналық өнерде қойылатын драмалық шығармалардың көркем мәтіні бір болғанымен оның қойылып отырған мезгіліне, заманына сай мазмұндық мәні де орындаушылық шеберлігі де, көрерменнің қабылдауы да өзгеше болары хақ. «Бұлардағы суреттелген өмір болмысы белгілі бір кезеңдегі ұрпақ пен көруші қауымға сол өзі өмір сүріп отырған мезгілдің көкейкесті оқиғасындай әсер етсе, енді бір буынға басқа бір кезеңде өз халқының басынан кешкен әлеуметтік құбылысы, тарихи белесі болып көрінуі әбден ықтимал. Қазақ сахна өнерінің дамып, қалыптасуына тікелей ықпал жасаған бұл шығармалардың көрермен қауымға берер эстетикалық рухани азығы мол», – деп өзінің кәсіби маман ретіндегі пікірін білдіреді /«Театр туралы толғау». 83 б./.

Театртанудың білгір маманы Б.Құндақбаев өз саласының әрбір көкейкесті мәселесіне үнемі жанашырлықпен қарап, жылы сөзін де кейде сынын да жасырмай айтып отырған. Әсіресе, режиссура мәселесіндегі соңғы кездері мерзімді баспасөздерде жиі көрініс тауып жататын пікір-таластар, шығармашылық айтыстарға үнемі араласып, жоғары білімді актерлер мен режиссерлердің театрға келуі, жалпы театр мәдениетінің өсуі, бұрынғы сахна майталмандарының даралық шеберліктерін меңгеріп, жетілдірудегі шығармашылық ізденістеріне мықты тірек боларлық режиссерлік мектеп пен дәстүрдің жоқтығы жөнінде өткір сындар айтқаны айғақ. Режиссер мен актердің кейіпкер бейнесін жасаудағы шығармашылық ынтымағының нәтижесінде ғана шығарманың идеялық-көркемдік мазмұны ашылып, жеке рөлдегі актердің шеберлігі шындалып, көркемдік жетістікке қол жеткізілері ақиқат. Осы мәселенің теориялық тұрғыда қаншалықты талданып, тәжірибе жүзінде қалай жүзеге асырылғаны жөніндегі ғылыми ой-пікірлері зерттеушінің барлық еңбектерінде өзіндік орнын тапқан.

Қалай болғанда да ұлттық театртану ғылымындағы соны ізденістер мен тың талпыныстар, республикамыздағы бас театры М.Әуезов драма театрынан бастап бүкіл облыс, аймақтардағы театр репертуарларына дейінгі ұзақ та мол дүниені қопарып, кәсіби маман ретінде құнды пікір білдірген өнертану ғылымының докторы (1996), про-

фессор (1989), ҚР-нің еңбек сіңірген қайраткері (1995), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ресей Табиғаттану академиясы Еуразия өнертану бөлімшесінің академигі (1996), Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (2005) Бағыбек Құндақбайұлының «Театр туралы толғаныстар» атты зерттеуі ұлттық ғылымға қосылған құнды еңбек.

Бүкіл саналы өмірін ұлттық сахна өнері тарихының түгенделуіне, әсіресе, оның ұйымдастырылуы мен қалыптасуына, кәсіби тұрғыдан өсіп-өнуіне өзіндік үлес қосқан туған топырағымыздағы тұңғыш театртанушы ғалымы Бағыбек ағамыздың «Семей қазақ театры: тууы, дамуы, қалыптасуы» атты кандидаттық және «Қазақ театрының негізгі даму кезеңдері» деген докторлық диссертацияларында қазақ кәсіби театр өнерінің өсу жолдары ғылыми-теориялық тұрғыдан талданып, ғылыми айналымға енген еді. Содан өмірінің соңына дейін әр кезеңдердегі сахналық қойылымдар, олардағы режиссерлар мен актерлердің шығармашылық ізденістері, кәсіби шеберліктерінің қыр-сырлары, жалпы ұлт театрының жетістігі мен кемшілігі, оның көркемдік бағыт-бағдары, әрбір жылт еткен жаңалығы оның қырағы ғалымдық назарынан тыс қалмады.

Әсіресе, ақтандақтар ақталмай тұрып-ақ Алаш зиялыларының, атап айтқанда қазақтың тұңғыш драматургиялық шығармаларының тұсауын кескен Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Жұмат Шанинның шығармашылықтарын зерттеп, бір жүйеге түсіруі кезінде үлкен ерлік болатын. Сол үшін партиялық жолмен тиісті жазасын алғанымен кәсіби маман ретінде өз сөзін, ғылыми тұжырымын айтуды азаматтық парызы санаған саңлақ сыншы, көрнекті ғалым ұлттық театр өнерінің бастауларына батыл барып, бірнеше ғылыми монографиялар мен зерделі зерттеулер жазды. Айталық, Мәскеу мұрағаттарынан табылған Ж.Аймауытовтың пьесаларын жинақтап, оның өмірі мен драматургиялық шығармашылықтары жайлы терең теориялық ойлар айтқан. Ол өзінің алғы сөзімен 1990 жылы «Шернияз» деген атпен жарық көрді. Және «Путь театра» (1976), «Уақыт және театр» (1982), «Мұхтар Әуезов және театр» (1997), «Заман және театр өнері» (2001), 3 томдық «Таңдамалы шығармалары» (2010) деген зерттеулері бүгінгі ұлттық театртану ғылымына қосылған құнды еңбектер.

Табиғатынан тынымсыз, ізденімпаз ғалым әр кездері қайталанып жазылған «Қазақ театрының тарихы», «Облыстық қазақ театрла-

ры» атты ұжымдық еңбектерде негізгі тараулардың авторы болды. Сондай-ақ, еліміздің егемендікке ие болып, халқымыздың барлық рухани мұралары қайта қаралып, ұлттық тарихымыз түгенделген тәуелсіздік тұсында жаңаша көзқараспен жазылған «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1994), «40-50-60 жылдардағы қазақ әдебиеті» және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» 7, 8, 9 томдарындағы «Драматургия», «Қалтай Мұхамеджанов», «Нұрпейіс Байғанин» атты тараулары мен «Өнер тарихының» театр өнеріне қатысты бөлімдерін жазып, ұлттық театр, сахна өнері мен драматургия саласына да сүбелі үлес қосты. Бұлардың бәрі, сөз жоқ, бір маман үшін құнын жоғалтпайтын мол мұра.

Бағыбек Құндақбайұлы өмірде де нағыз өнер иесі бола білді. Сахналық өнердің зерттеушісі болғандықтан болар, ол кісінің жайбарақат жүріп, жайдақ сөйлейтін сәтін байқамайтынбыз. Қашан көрсеңіз де жанын жеп, жанындағы кісіге бар ынтысымен сыр шешіп, ақ-адал жүрегімен ақтарыла сөйлеп, жанашырлық танытып жүретін. Ол кісіні толғандырмайтын тақырып болмайтын. Қандай жағдайда да өз ойын бүкпесіз айтатын. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңестерінде сөз алған сәттерінде ол кісінің шабытты да адамды бірден баурап аларлық арқалы, асқақ лепті сөздері кейбір көз шырымын алуға кеткендерді кенеттен оятып жіберетін. Ұшқалы отырған бүркітше иықтарын қомдап, сұқ саусағын шошайтып еркін көсілгенде ой мен сөз байлығы бірден байқалып, бейғам жұртты сергектендіретін-ді. Қатарластары қалжыңдап: «Өнер адамы ғой» деп әзілдеп қоюшы еді. Кейбір кездерде сананы сілкіп, оятып алатын осындай сахна өнерінің шеберлігін меңгерген адамдардың маңайында болғаны да жақсы екен ғой деген ойға қаласыз. Әйтпесе өмір өнерсіз, сұрықсыз тартатындай. Осы ретте Бағыбек ағаға байланысты бір оқиға еске түсіп отыр. Орайы келгенде айта кеткен жөн болар.

2005 жылы болатын. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов кабинетіне Бағыбек ағаны, музыкатанушы ғалым Сара Әділгерейқызы Күзембаеваны, мені және бір-екі жастарды Қазақстан Республикасының гуманитарлық ғылымдар саласындағы ең үздік ғылыми зерттеулер үшін берілетін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа қызметкерлерімізді ұсыну туралы шақырыпты. Сол жыл-

дары менің докторлық диссертация негізінде жазылған «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем)» атты монографиялық зерттеуім жарияланған болатын. «Соны осы сыйлыққа ұсынсақ қалай қарайсыздар?» – деген ұсыныс болды. Қашанда атақ-абыройдан қашқақтап жүретін қазақы мінезіммен: «– Ұсыныстарыңызға рахмет! Алдымызда театр мен музыкатанушы аға-апаларымыз тұрғанда бізге жол қайда? Екеуі де ұлтымыздың маңдайына біткен жалғыз-жалғыз мамандар, сол кісілердің жолы ғой», – деп ат-тонымды ала қаштым. Көпшіліктің қолдауымен сол жылы Бағыбек Құндақбайұлына осы сыйлық бұйырды. Қазақ театр өнерінің тұңғыш әрі бірегей зерттеушісі Бағыбек Құндақбайұлына берілген бұл сыйлық қазақ өнеріне берілген баға еді.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел-дағы қайдан табар кемеңгерді...», – деп атақты ақын Ілияс Жансүгіров жырлағандай, маңдайымызға біткен жалғыз мамандар еңбегінің еленгеніне бір себепкер болғаным үшін бақытты сезінемін. Өйткені, адам болып жаратылған соң азаматтық жасау парыз. «Азаматтық жасай алмаған адам – бұл өмірге келмеген адаммен бірдей», – деп атақты ақын С.Сарайи айтпай ма?

Әйтпесе, бүгінгінің өзімшіл кейбір жастары секілді: «Еңбегіміз бағалануы үшін жағымыз қуарып, тісіміз түсуі керек емес шығар» деп тепсініп тұрсақ, тап сол сәтте басқаша да шешілуі әбден мүмкін еді. Өз өнерімізді, оның еңбек ерлерін өзіміз өсіріп, бағаламасақ, қазақтың ұлт маманы кімге керек?

АКАДЕМИК С.ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГТЫҚ МЕКТЕБІ

ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ф.ғ.д., профессор, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, көрнекті фольклортанушы ғалым Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми мектебі, педагогтық қыры жөнінде әңгіме әзірге қозғала қойған жоқ. Бүгінгі әңгіме ғалымның осы қыры жайында болмақ.

Табиғатынан талапты, ізденімпаз, әрдайым білсем деген құштарлықтың құшағында жүретін Сейіт Асқарұлы студент шағынан бастап ғылыми жұмыстарға белсене атсалысты. Қазақтың тұңғыш білім ордасы саналған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық университеті) тарих-филология факультетінде жүріп, фольклортанушы ғалым Н. С. Смирнова жетекшілік ететін халық арасындағы көне әдеби мұралаларды жинау, зерттеумен айналысатын ғылыми ортаға түскен ізденімпаз жас халық ауыз әдебиетіне мамандана бастайды. Ұстаздарының тәлімгерлік-педагогтік қасиетін жанында жүріп, тоқи білген ол жастарды білімге, ғылымға баулуды да басты мақсаты деп білді. Ұстазы Н.С.Смирновамен бірге бірнеше ғылыми мақалалар жазып, қазақтың халық ауыз әдебиетінің тарихына, теориясына, әсіресе бұрындары зерттелінбей жатқан прозалық ертегі жанрының ерекшеліктері мен көркемдік әлеміне терең мән беріп, осы тақырып төңірегінде тынымсыз ізденеді. Алғашқы мақаласын 5 курста жазып, ғылыми журналда жариялаған жас тынымсыз талпынудың нәтижесінде 1964 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына қабылданады. Оны үздік бітіріп, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін зерттеп, 1969 жылы «Казахская волшебная сказка» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1989 жылы М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде «Жанры казахской народной (несказочной) прозы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

Осыдан соң-ақ, ғалымның фольклортанушы ғана емес бүкіл қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелеріне қатысты құнды ғылыми тұжырымдары мен теориялық еңбектері әдеби-ғылыми ортада жылы қабылданып жатты. Осы ретте оның айтылмай жүрген қыры-қазақ фольклортану ғылымында бүгінгі күнге дейін қалыптастырып үлгерген ғылыми мектебі мен студент жастардан бастап ізденуші магистранттарға, аспиранттарға жүйелі түрде арнайы мақсатпен дәріс оқуы және бірнеше кандидаттық, докторлық диссертацияларға жетекшілік жасауы дер едік. Сондай-ақ, талай талапты жастардың ғылымдағы тұсауын кесіп, ірі ғылыми жолға бағыттап отыруы нағыз ұстазға тән қадірлі қасиет. Көптеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз С.Қасқабасовтың дәрісін ізденушілері – шалқар шабыттың шығармашылық көрінісі, терең теориялық білімнің қайнары, әлемдік

деңгейдегі ғылыми ақпараттың ағыны деп есептейді. Кезінде Ресейдегі М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының студенті әрі тыңдаушысы, үлкен білім ордасының талантты түлегі – бүгінде сол әлемдік деңгейдегі ірі мектептің білгір маманы ретінде әлі күнге дейін түрлі ғылыми – теориялық мәселелерді шешуге белсене атсалысып келеді. Талантты ғалым С.Қасқабасовтың өз білгенін бәсекеге бейім бүгінгі жастарға үйретуге, ол үшін өзінің уақыты мен күш-жігерін аямайтын адал ұстаздық қасиеті қашанда құрметке ие. Оның әмбебаптық білімі, қоғамдық ғылымдар саласындағы жүйелі білімі, өз мамандығы мен шәкірттеріне деген адалдығы кімді де сүйсінтеді. Ғылымға келген күннен бастап республикамыздың бірнеше ЖОО-да ұстаздық еткен профессор С.Қасқабасов фольклортанушы, әдебиеттанушы ретінде шәкірттердің бірнеше буындарын тәрбиелеп шығарды. Оларға қазақ фольклористикасынан арнаулы курс бойынша дәріс оқыды. Оның әрбір сабағы тың ғылыми жаңалықтарға толы, теориялық білімге бай, құнды әдеби-ғылыми мәліметтерге мол болып, шәкірттерін үнемі шабыттандырып, тыңдаушыларының ізденуге деген құштарлықтарын арттырып отырды. Ұстаздың өзіне тән әдістемелік-педагогикалық тәсілдері болды. Ол ең біріншіден, шәкірттерінен тәртіпті, сабаққа уақытысында келуді, кешікпеуді, тапсырманы мүлтіксіз әрі шығармашылықпен орындауды талап етті. Тәртіп бар жерде ғана табыс бар екендігін ескертуді ұмытпайтын ұстаз шәкірттерінен таңдаған мамандығына, ғылымға адал болмай ешқандай жұмыстың жемісі болмайтындығын бірінші күннен талап ететін-ді. Өз пәніне, шәкірттеріне деген адалдық пен тынымсыз іздену, талап қоюшылық ұстазды да талай табыстарға жетелеп, абыройға бөледі.

Шәкірт тәрбиелеуді, ұлтты, оның жас ұрпағын, әсіресе жас ғалымдарды, қазақ ғылымын тәрбиелеу деп ұққан ұстаз мұғалімдік мамандықты мемлекеттік міндет, өз елінің алдындағы перзенттік парызы деп санады. Сондықтан мемлекетіміздің ертеңін, еліміздің болашақ мамандарын, мемлекет қызметкерлерін даярлаудағы міндетін абыроймен атқаруды жөн деп ұқты.

Осы орайда мына бір әңгіме еске оралады. Бір әмірші Әбу Насыр әл-Фарабиден: «Менің мемлекетімнің ертеңі туралы не айтар едің?» – деп сұрапты. Сонда әл-Фараби: «Сен маған өзіңнің жастарыңды көрсет, сонда мемлекетіңнің болашағын барлау қиынға

соқпайды», – деген екен. Ұлы данышпан бабамыз айтқандай қай кезеңде де болашақтың иесі – жастар болған. Не шықса да, солардан шығатынын жақсы ұққан ұстаз С.Қасқабасов, әсіресе ауылдан келген бойларында ұлттық рухтары бар, халықтың ауыз әдебиетін, сөз өнерін ана сүті арқылы еміп, емін-еркін игерген қазақтың қыздары мен балаларын баулуды мұрат тұтты. Сол мақсатта еңбек етті. Еңбек жеміссіз емес екендігін бүгінде ғылымда жүрген шәкірттер шоғының көптігі дәлелдейді.

Шексіз үміт пен үлкен идеялармен қанаттанған қайраты мол, екпіні ересен жас толқын қашанда тоғышарлық пен бойкүйездікке бой алдырмағаны белгілі. Сергек те сезімталдық қасиетті бойларына дарытқан жастар өздеріне жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын, жауапкершілігін ешқашан естерінен шығармаған. Сондықтан да ұлттық мәселелердің өздерінсіз өз шешімін таппайтынына сенімді жастар қай салада болсын көшбасында болуды мұрат тұтады.

Халқымыздың тарихында да, кешегі желтоқсан оқиғасында да көш бастап, ұлттық мұрат жолында өздерін құрбандыққа шалған жас ұрпақ өкілдері С.Қасқабасовтың күнделікті көз алдында өсіп, мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

Сондай ертеңгі өмірге деген інкәр сезімдері мен үкілі үміттері мол, кеше ғана ауылдық мектептерді бітіріп, арман арқалап, Алматыдағы қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің филология факультетіне оқуға түскен жауқазын қыздар төрт жылдың ішінде тым тәуір білім алып, мемлекетіміздің ертеңін елестете алатындай әсерге бөлейді. Ауылдан білім аңсап, бүкіл күш-жігерін соған жұмсаған қыздардың арасында жоғары оқу орны талап ететін бакалаврлық біліммен қатар ғылыми жұмыстарға да белсене атсалысып, мерзімді баспасөздерге зерттеу жұмыстары жарияланып жүргендері де баршылық. Міне, осы арада жастарды ғылыми жұмысқа баули білетін, олардың ізденіске деген құштарлығын оята білу де ілудегі бір ұстаздардың ғана қолынан келетін қасиет екендігін атап өткен абзал. Біз білетін ұстаздардың ішінде осы қасиет дарыған, өзінің табиғатында тәлімгерлік таланты бар кісінің бірі де – Сейіт Асқарұлы Қасқабасов.

Өзінің ғылыми ірі жобалық жұмыстарына қоса педагогикалық қызметті үнемі қоса алып жүретін ҚР ҰҒА-ның академигі, ұлттық фольклортану ғылымының докторы, профессор Сейіт Қасқабасов

қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде бірнеше жылдар бойы магистранттар мен аспиранттарға жүйелі түрде фольклортану ғылымынан дәріс жүргізді.

«Әдебиеттану мен фольклортанудың өзекті мәселелері», «Фольклордың теориясы мен тарихылығы» сынды пәндерді жүргізген ол шәкірттеріне өте қатал, талапшыл болды. Өзіне белгіленген уақыттан тыс та ақыл-кеңестер беріп, үнемі жазған конспектiлерiн ерiнбей қадағалап, тексерiп, қалай жазу керек, ненi назарға алу керек, әдебиеттердi қалай екшеп, талғаммен танып алу керек, кiмдердi оқу керек, ғылымды қалай жүйелеп, қалай жазу керек деген сияқты тау-сылмайтын сауалдарға сағаттап студенттермен бiрге жауап iздейтiн ұстаз өзiнiң де тынымсыз iзденiмпаз зерттеушi екендiгiн аңғартты. Және ғылымға келген адамның адал, адами қасиетiнiң жоғары болуын, да қатаң қадағалап, iзденушiлерден талап ете бiлдi. Бiлiм жолына түскен жастың бiрiншi күннен күнделiктi күйбең тiршiлiктен бiiк болуын, пайданы емес, парасаттылықты пайымдау керектiгiн және оларға «бұл дүние мен ол дүниенiң жақсылығы-ғылымда, бұл дүние мен о дүниенiң жамандығы-надандықта» екендiгiн үнемі ескертiп отырды. Ағаштың өсiп-жетiлгенiн бұтақтағы жемiсiне қарай бағаласақ, жастардың, жалпы адам баласының басына қонған бақыттың тұрақты болуы да жақсы мiнез бен терең бiлiмге байланысты екендiгiн үнемі өзiне мұрат тұтқан ғалым шәкiрттерiне де осы уағызды насихаттап отыруды мiндетi санаған сияқты.

Жапонияда әр ұстаз шәкiртiмен 3-4 сағат бойы үзiлiссiз жұмыс жасайды екен. Тап сол әдiспен жұмыс жүргiзетiн көрнектi ғалым Сейiт Асқарұлының көп шәкiрттерi бүгiнде фольклортану ғылымының кандидаттары. Бiз бұл мазмұндағы әңгiменi көрнектi ғалымның өз iзденушiлерiнен де, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы фольклортану бөлiмiнiң қызметкерлерiнен, сол кiсiнiң жетекшiлiгiмен қорғаған шәкiрттерiнен, бiрге қызметтес болған әрiптестерiнен де жиi естiмiз. Қалай болған да да талап барда, жастардың келешегiне деген жауапкершiлiк бар жерде жұмыстың жемiстi жүргiзiлерi хақ.

Қазiргi қазақ фольклортану ғылымының дамуы мен зерттелуi, ұлттық фольклортанушы ғалымдардың мектебiн қалыптастыру мәселесi де ұлағатты ұстаз С.Қасқабасовтың есiмiмен тығыз байланысты. Өйткенi, төл тарихымыздың әртүрлi кезеңдерiндегi сөз өнерiн

гуманитарлық ғылымдардың басқа салаларымен сабақтастыра зерттеуге зер салған ғалымның ғылыми-теориялық еңбектерін бүгінде барлық жоғары оқу орындарында арнаулы пән оқулықтары ретінде пайдаланады. Ғылыми еңбектің нәтижелілігінің өзі – оны мектеп және ЖОО орындарында арнаулы кәсіби мамандардың күнделікті қажеттілігіне, яғни оқу құралына айналдырып, рухани айналымына ендіру емес пе?

Осы ретте ғалымның ғылыми ізденістерінің тереңдігін танытатын ірі монографиялық зерттеулері мен ұлттық фольклортану ғылымының күрделі теориялық мәселелеріне арналған еңбектері педагогика саласына да сүбелі үлес қосып келеді.

Ортағасырлық әдебиет тарихы бойынша маманданған ғалымның ұлттық сөз өнерінің, оның ішінде халық ауыз әдебиеті мен фольклортану ғылымының теориясы мен тарихы, оның сан алуан ғылыми бағыттары мен көркемдік категорияларын қарастырған 300-ден астам ғылыми зерттеулері жарық көрген. Сондай-ақ, фольклор, әдебиет және өнер мәселелері жөніндегі 10-нан астам монографиялық еңбектің, атап айтар болсақ, 2000 жылы екі томдық «Золотая жила» атты еңбегі, 2002 жылы «Жаназық», 2008 жылы «Елзерде», 2009 жылы «Ой өріс» зерттеулері жарық көріп, әдебиет сүйер қауымның сүйіспеншілігіне бөленді. Әсіресе, республикамыздағы ЖОО-дағы филология факультеттерінің пән оқытушылары мен студенттерінің оқу құралдарына айналғаны анық.

Зерттеушінің ұлттық құндылықтарды зерттеп, насихаттаудағы ұзақ жылғы еңбегі мен халқымыздың мүддесі жолындағы табанды да адал қызметі жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан арнайы сыйлықтарға ие болды. Атап айтар болсақ, «Қазақ халық прозасы» монографиясы үшін 1986 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ҚР ҰҒА сыйлығына, ал 1992 жылы «Казахская сказочная проза» монографиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болса, 1996 жылы Жамбыл атындағы, 2003 жылы Махамбет атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында қазақ халқының бүкіл прозалық фольклорын, оның туу, қалыптасу, даму кезеңдерін айқындап, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикалық әлемін ұзақ жылдар бойы зерттеп, мамандығы мен тақырыбына деген адалдығын таныта білген зерттеуші – ұстаз өз білгендерін үнемі шәкірттеріне үйретуден

жалықпаған. Өзінің ғылыми идеяларын жүзеге асыру мақсатында шәкірттерін жүйелі ғылыми бағыттар бойынша тәрбиелеп, прозалық фольклордың алғашқы қауымдағы мифтерінен бастап, оның барлық көркем жанрларының көркемдік әлемінің қырларын, фольклортанудың бұрындары зерттелмей келген кезеңдерін ізденушілеріне тақырып етіп бере отырып, үлкен ғылыми мектеп қалыптастыра білді. Оның нақты дәлелі ретінде ғалымның ғылыми жетекшілігімен фольклортану, мәтінтану, әдебиеттану және өнертанудың көкейтесті мәселелері бойынша 11 докторлық, 25 кандидаттық диссертация қорғалғандығын атап айтуға болады. Бірнеше жылдар бойы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д.53.34.01 Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде де республикамыздың барлық ЖОО орындарына әдебиеттану, фольклортану, салыстырмалы әдебиет, қазақ әдебиеті мамандықтары бойынша бірнеше жылдар бойы әдебиетші мамандар дайындады.

Академик С.Қасқабасовтың жетекшілігімен тәуелсіз еліміздің әдеби-мәдени мұралары қайта зерттеліп, 10 томдық көлемде «Қазақ әдебиетінің тарихы» жазылып, жарияланды. Осы он томдық тарихтың С.Қасқабасовтың тікелей жетекшілігімен 1 томы жазылды. Онда қазақ фольклорының тарихы мен теориясы жаңаша пайымдалды, жаңаша зерттелді.

Республикамыз ғана емес шет елдерге де белгілі фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасовтың фольклор, әдебиет, өнер, этнография, мәтінтану, аударма және лексикография салаларындағы сүбелі еңбектері студент қауымына да жақсы таныс.

Фольклортанушы ғалым еліміздің жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында да еңбек етіп, бүгінгі мемлекетіміз міндет етіп отырған нарықтық заманның бәсекеге бейім, әлемдік білім деңгейін меңгерген, зиялы ұлт қалыптастыруға да өз үлесін қосып келеді.

Мемлекеттің ертеңі болар жастарға деген қамқорлықты білікті басшы әрі білгір ғалым С.Қасқабасов рухани құндылықтарды насихаттайтын халқымыздың әдеби, мәдени мұралары жөнінде жазылған ғылыми зерттеулерді ЖОО-ның кітапхана қорына сыйға

тарту арқылы да танытып отырады. Оған 2009 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты кітапханасының қорынан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеттің кітапхана қорына 200-ге жуық кітап сыйлағаны дәлел.

Міне, осындай әлемдік, халықаралық ғылыми форумдарда қазақтың сөз өнерінің теориялық және оқу-әдістемелік мәселелерін ғылыми тұрғыдан көтеріп, республикамыздағы ЖОО –на үнемі көмегін көрсетіп, қол ұшын беріп жүретін елгезек, ұлт мүддесі жолында ерінбей еңбек ететін көрнекті ғалым Сейіт Асқарұлының педагогикалық қырын арнайы атап өтуді жөн санадық.

С.МАҚПЫРОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқымысты, оқытушы, ұстаз, әдебиет теориясының табанды тәлімгері, ең бастысы көрген кісіні көрегенділігімен, көргендігімен, ішкі мәдениетімен, таза табиғатымен тамсандырып, бір сыдырғы мінез болмысымен баурап алатын әдебиеттанушы ғалым, ұлағатты ұстаз Серік Мақпыровтың мәдениеттілігі кімге де үлгі-өнеге. Өмір бойына бір ғана Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында әдебиет теориясы пәнінен дәріс берген ұстаз осында жүріп, кәсіби білімін жетілдірді, осында жүріп өзінің шәкірттерімен бірге ойын түзеп, біліктілігін көтерді. Бүкіл саналы өмірі өзгелерді оқыта жүріп, өзі де тынымсыз ізденісте жүретін шын мәніндегі жанкешті маман, ұлағатты ұстаз бола білген Серік Мақпыровтың кісілік келбеті де осы табиғи тазалығымен, ішкі мәдени болмысымен өз әріптестері арасында әуелден-ақ алабөтен ерекше сыйлы болды. Өйткені, «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей өзгелерге үлгі болуы міндетті ұстаздар қауымының атына қара дақ жағып, болмашы сый-сыяпатқа сағын сындырып, неше түрлі дақпырт аттарын шығарып жүретін бірлі-жарым әріптестерінің артынан еретін ерсі сөздер бұл кісінің сыртынан еш естіліп көрмейті. Екіншісі біріне бұйыра бермейтін бұл бедел мен абырой Серік Мақпыровқа шәкірттері мен мамандығына деген асқан сүйіспеншілігі арқылы келген болар?! Қазақтың атақты батыры, ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Ұстаз адал бо-

луы керек, адал емес адам ұстаз бола алмайды», – деген даналық сөзін көңіліне мықтап түйген әдебиеттанушы ғалым өзінің таңдап тағдырына айналдырған мамандығының да әдебиет, оның да ардың ісі, адам жанын, рухани болмысын тәрбиелейтін құрал екендігін де естен шығарып көрмеген сияқты. Табиғатына тән тазалығы, терең білімі, тағылымды тәрбиесі, үздік үлгі-өнегесі арқылы алдына келген бірнеше толқын шәкірттеріне ізгілікті қасиеттер дарыта білген С.Мақыпұров сол «Ұстаз» деген ұлы есімді өмірінің соңына дейін лайықты алып жүргеніне бүгінде әріптестері де күмән келтіре алмасы анық. Қазіргі қаржысыз қадам басылмайтын заманда да адалдықты сақтап өткен арда азаматтың өмірі жазушы Н.Г.Гогольдің «Достармен сырласу» деген еңбегіндегі: «Адамның бойындағы ізгілікті ойы алға жылжымайынша, қоғам ілгері қадам баса алмайды», – деген даналығын еске түсіреді. Шынында ұлттың келешегі көкселген ұрпақ тәрбиесінде ізгілікті ой іргесін салмай ілгері жылжу мүмкін еместігі түсінікті.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Серік Мақыпұровтың тағы бір тәлім аларлық тағылымды қасиеті – Абай атамыз айтқандай: «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға», – деген даналығын дәріптей білгендігі. Өз өмір жолымен өнеге бола білген ұлағатты ұстаз әдебиет теориясы пәнінен тұрақты дәріс оқыды. Мол тәжірибе жинап, өзіндік оқыту әдістемесін жасады. Шәкірті болған әріптестеріміз ол кісі сабақ түсіндіргенде күрделі теориялық терминдерді мына өмірге жақындатып, нақты тәжірибелік қарапайым мысалдармен түсіндіретінін, ал олардың әсте естен шықпайтынын үлкен әсермен әңгімелейтіні бар. Және әрбір әдеби ұғымды оның қолдану тарихымен тереңдетіп, нақты көркем мәтіндермен талдап, пікірталастыра отырып, ойға қозғау салуы да оңды әдістемелік оқыту үлгілері-тін.

Филология факультеттерінің соңғы курсында өтілетін әдебиет теориясы пәні келешек әдебиетші мамандардың «Әдебиеттануға кіріспеден» кейін де әдебиет тарихы, сыны секілді толып жатқан пәндерді меңгеріп барып, кәсіби білімдері толыққан тұста өтілетіндіктен мұнда күрделі ғылыми мәселелерді оқыту, ірі монографиялық зерттеулерге теориялық талдаулар жасау, іргелі категориялар мен көркемдік компоненттер тереңдетіліп оқытылады. Сондықтан да бұл пәнге әдеби ұғымдар мен теориялық тұжырымдарды, түрлі

бағыттағы ғылыми ұстанымдарды терең танып, талдай және олардың ғылыми табиғатын жан-жақты түсіндіре алатын білімді ұстаздар ғана батыл бара алады. Мәселен, әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте академик Зейнолла Қабдолов кеткеннен кейін бұл кафедраның жабылып, пәннің оқу бағдарламасынан түсіп қалуы осының айқын айғағы. Өйткені, әдебиет теориясынан жан-жақты қаруланған, тәжірибесі мол маман ғалымдар сирек.

Серік Мақыров тек өзіндік тәжірибелік әдістемелік ұстанымы бар ұстаз ғана емес, ол зерттеуші де. Оған әдебиеттанушы ғалымның 2004 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Қазына» атты әдеби мақалалар, зерттеулер, әдістеме жайындағы еңбегі дәлел.

320 беттік ірі көлемді монографиялық еңбек «Рухани қажеттілік өтеуі», «Тәуелсіздік әдебиетімізге қандай өзгерістер әкелді?», «Міржақып Дулатұлы шығармашылығы». «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық», «Көркем тартыс мәселесі», «Мұхтар Әуезовтің кейбір әдеби-теориялық байыптаулары» деген әдеби-сын және зерттеу мақалалардан және «Ботагөз» романының жазылу тарихы», «Қазақ поэзиясындағы Махамбет бейнесі» атты зерттеулерден тұрады. Бұлардың әрқайсысы әдебиет пен қазіргі әдеби процестің, әдебиеттану ғылымының көптеген мәселелері жөнінде толғақты ойлар мен теориялық тұжырымдар жасаған зерттеушінің ғылыми пайымдаулары бүгінгі замани талаптар тұрғысынан талданады. Айталық, «Тәуелсіздік әдебиетімізге қандай өзгерістер әкелді?» деген мақаласында автор: «...Тәуелсіздік біздің бәрін өзгеден іздеп, өзгені өнеге тұтып үйренген құлдық санамызға түбірлі өзгеріс әкелді», – деп турасын айтады. Қазақтың да әрбір ұлт секілді өзіндік тарихы, әдет-салты, ерлік, елдік дәстүрі бар екенін, оларды ескермей ел болмайтынымызды ескертеді. Талай айтылып, жауыр болса да тіліміз, дініміз, діліміз туралы ойларды жадымыздан шығармай жиі-жиі санамызда жаңғыртып отырмай құлдық санадан оңай құтыла алмасымызды ұғындырады. Әдебиет арқылы адамзаттың ақыл-ойын, рухани болмысын, ұрпақ пен ұлт санасын тәрбиелеуде ізгілікті істер атқарып жүрген оқытушы-ұстаз қауымының ірі өкілі Серік Мақыров та бұғауда болған құнарлы ойларын осылай ашық ақтарып салып отырады. Тәуелсіздік тарту еткен тағылымның бірі ретінде «... тәуелсіздік әдебиетке тың идеялар мен тақырыптар әкелді, «құпиялардың» кілтін берді», – дейді (25 бет).

Әдебиетші ғалым қазіргі қазақ әдебиетінің интеллектуалдық шығармашылық потенциалы өте жоғары екендігін, оның әлемдік өркениетпен теңестерлік көркемдік қуаты барлығын нақты көркем мәтін мысалдарымен айғақтай отырып, әлі де болса жаңа заман шындығын бар қайшылығымен бейнелеудің осал түсіп отырғанын сынға алады.

Ал, «Мұхтар Әуезовтің кейбір әдеби-теориялық байыптаулары» атты еңбегінде әр саладан әртүрлі деңгейде қарастырылған М.Әуезовтің әдебиеттану ғылымы мен сынының күрделі тақырыптары турасындағы толғақты ойлары, теориялық тұжырымдарының әлі күнге дейін арнайы әрі терең зерттелмеуін сөз етеді. «... Әуезовтің көркемдік әлемі қандай сырлы, нұрлы, ғажайып болса, оның көркемдік-эстетикалық ой әлемі де сондай терең, мағыналы, нәзік. Ұлылық әлемі қашан да көпқырлы әрі шексіз ғой», – дей келе, осы ретте М.Әуезовтің 20-60 жылдар аралығын қамтитын, осы кезеңде жазған баз бір мақалаларында, сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында байыпталған кейбір әдеби-теориялық мәселелерге, ұғымдарға көңіл аударады. Зерттеуші бұл жайттың маңыздылығын көрнекті ғалым, ұлы суреткер М.Әуезовтің 1930 жылғы «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат» деген әдістемелік еңбегіндегі мазмұн мен түр бірлігі жөніндегі ойларымен байланыстырып, қарастырады. Аталған еңбектегі «Әдебиет шығармаларын түр жағынан зерттеу» деген тараушасында жазушының 20-30 жылдардағы әдеби сынға шығарманы мазмұн жағынан талдау, бағалаудың басым екендігін, «шын ғылым жолымен талдау мен танудың бірден-бір дұрыс жолы «мазмұнға қосып әдебиет түрін де» қарастыру керектігін және ол олқылықтарды атап қана қоймай, оны іске асырудың әдістемелерін де ұсынғанын атап көрсетеді. Кеңестік кезеңде кеңінен етек алған мазмұндау мәселесі әлі де көп зерттеушілер еңбектерінде кездесетінін естен шығармаған жөн. Ұлы Әуезовті әуелден сақтандырған құрғақ баяндау мен талдау әдеби сынның өрісін тарылтып, шығарманың көркемдік құндылығын таныта алмайтынын ескертеді. С.Мақыров ол олқылықтарды бүгінгі тәуелсіздік тұсында айқындалған әдебиетке деген таптық, партиялық тұрғыдан қараудың кесірі деген ой түйеді. Екіншіден, Мұхтар Әуезов меңзеп отырған әдебиетті оқитын талапкерлердің көркем талғамын кәсіби

деңгейде тәрбиелеу үшін мазмұн (тақырып, идея, сюжет) пен түрдің (бейнелеу, суреттеу тәсіл-амалдарының) бірлігі мен әдістемелік кеңесті дұрыстау керектігіне көңіл бөледі. Сондай-ақ, зерттеуші 1937, 1938 жылдары жарияланған «Әдебиет хрестоматиясында» (6-сыныпқа арналған оқу құралы) М.Әуезовтің түр мен мазмұн категорияларын шеберлік, жаңашылдық, дәстүрмен байланыстыра қарастырғанын да арнайы нысанаға алып талдайды. Ал, «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері» (1954), «Киргизский эпос – Манас» (1938), деген зерттеулеріндегі әдеби дәстүрді игеру мен жаңашылдық, суреткерлік ізденіс, көркемдік шеберлік мәселелері мен «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» (1953), М.Фетисовпен жазған «Особенности развития литератур социалистических нации» (1959), атты мақалаларында социалистік мазмұн, ұлттық форма, мазмұнның өзгеруі форманың да жаңаруына әкелетіндігі туралы теориялық пайымдауларын бүгінгі әдебиеттану ғылымының кәсіби талабы тұрғысынан талдайды. Абайдың әдеби экспериментке көп барып, белгілі дәрежеде өлең құру шеберлігі мен түр жаңалығына (шумақ, ырғақ, ұйқас құрылыстары) көп назар аударғанын, олардың бәрі көркемдік шеберлік, шығармашылық ізденіс, дәстүр мен жаңашылдық категориялары деңгейінде зерттелгенін атап көрсетеді. С.Мақпыров әдебиет теориясынан дәріс беретіндіктен ғұлама ғалым М.Әуезов зерттеулеріндегі әдеби ұғымдар мен теориялық түсініктер жүйесіне, олардың талдану тәсіліне, оларды оқыту, түсіндіру әдістемелеріне, әрбір ғылыми категорияларды қолданудағы тағылымды тәжірибесіне ерекше мән береді.

Әдебиеттанушы ғалым Серік Мақпыровтың «Ботагөз» романының жазылу тарихы» деген зерттеуінде бүгінде әртүрлі көзқарас тудырып жүрген туынды мен оның авторы туралы жаңа пайымдаулар, бүгінгі әдеби талаптар тұрғысынан талдаулар жасалады. Бір шығарманың тарихына барлай отырып, С.Мұқановтың шығармашылық өмірбаянына және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның қалыптасуы мен даму жолдарына, сол кезеңдегі әдеби процестердегі бағыттарға, жаңа жанрлық, стилдік ізденістерге толыққанды талдау жасап, оларда көрінген түрлік-тәсілдік бейнелеу құралдарының кейіпкер табиғатын ашудағы қызметтеріне тоқталады. Сондай-ақ, «Жұмбақ жалау» романының жазылу тарихы мен онда көтерілген тақырып пен идеясы да

жазушының шығармашылық зертханасымен тығыз байланыста қарастырылады.

«Қазақ поэзиясындағы Махамбет бейнесі» деген зерттеуінде Махамбет Өтемісұлының шығармаларындағы көркемдік әлем, оның поэзиясынан бастау алған патриоттық әуеннің қазіргі қазақ әдебиетіндегі дәстүрі мен жаңашылдығы Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов, Ақұштап Бақтыгереева сынды белгілі ақындар шығармашылығы шеңберінде ғылыми айналымға түседі. Тек отты, ойлы, серпінді сұлу жырларымен ғана емес көркемдік-эстетикалық, философиялық құндылығы да жоғары жырлардың даралығын поэзиялық мәтін мысалдарымен дәлелденіп, дәйектеледі.

Көлемді монографиялық зерттеудің үшінші тарауын құрайтын әдебиетті оқыту мәселелеріне арналған мақалалар мен талдаулар автордың біраз жылдар бұрын филология ғылымдарының докторы, профессор Хасен Әдібаевпен пединституттар мен университеттердің филология факультеттерінде оқитын студенттерге арналған «Қазақ әдебиетінен курстық жұмыс» атты әдістемелік еңбегін толықтырып, қазіргі жоғарғы оқу орындарының талаптары мен міндеттеріне лайықтап, қайта жазып, толықтырылған түрі. Мұнда бүгінгі білім беру жүйесіндегі түбірінен өзгерген іргелі пәндерді, әсіресе әдебиет теориясын жаңа теориялық ұғымдар мен терминдік түсініктермен толықтырып, көркем мәтін поэтикасын қалай түсініп, талдауға болады, осы ретте шығарманы қалай жазу керек, оған қойылатын талаптар, оның сапалық деңгейі, құрылысы сынды өзекті мәселелері белгілі көркем туындыны талдау тәжірибесімен толықтырылып, кәсіби кеңес-бағыттар берілген. Студенттердің білімін жинақтауға, пікір жарыстыруға, ой таластыруға жетелейтін, жеке шығармашылық жұмыспен айналысуға үйрететін үлгілер де мұнда мольнан орын алған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз Серік Мақырұлының ғылыми және педагогикалық қызметі, іргелі әрі күрделі пән – әдебиет теориясын оқыту әдістемесі мен тағылымды тәжірибесі бүгінгі әдебиетші мамандарға үлгі-өнеге екендігі сөзсіз.

Т.ЕСЕМБЕКОВ ЖӘНЕ МӘТІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көп жазбайтын, аз жазса да саз, бірақ ғылымға керекті, сұранысқа ие салмақты да күрделі еңбектер жазатын Темірғали Есембековтің «Көркем мәтінді талдау негіздері» (2009) және оның жалғасы іспетті «Көркем мәтін поэтикасы» (2012) деген оқу құралдары бүгінгі рухани зәрулікке ие толымды дүниелер. Қазіргі әлем әдебиеттануында кеңінен қолданылып, ғылыми айналымдағы жаңа әдеби категорияларды ұлттық ұғымға ұғынықты етіп, қаншама тың теориялық терминдер енгізген ғалым «Көркем мәтінді талдау негіздері» (Алматы: «NUR», 2009.-96 б) атты оқу құралында әдебиеттану ғылымының әр кезеңге сәйкес ғылыми ойлаудың стилін қалыптастыратын іргелі категориялар мен жетекші ұғымдарға, негізгі әдістер мен әмбебап қағидаларға тоқталады. Оның ішінде мәтінді қабылдау, түсіну, тану мен оны филологиялық тұрғыдан талдау, талқылау, бағалаудың қалыптасқан ұстанымдары, ережелері, қағидааттары бар екендігін ескерте отырып, олармен жүйелі түрде таныс болу ізденушілерді кәсіби біліктілікке жетелейтінін автор жан-жақты баяндайды (7 б).

М.М.Бахтиннің: «Мәтін жоқ жерде ойлау мен зерттеуге де негіз жоқ» (М., 1997. 306), – деген пікіріне сүйенген зерттеуші мәтінге мынадай анықтама береді: «... ол-шабыттың құпия еңбегінің нәтижесі, авторлық талдау мен талқылаудың нәтижесі, мәдени феномен, лингвистикалық жүйе, архетиптік әлем, психолингвистикалық нақтылық, автор мен оқырманның кездесу алаңы; автор, актор, нарратор, бенефициарий, скриптор, рецептор арасындағы делдал; семиотикалық құрылым, автордың өмір туралы көзқарастары мен дүниетанымының көрінісі, мәдениеттің ұжымдық жады, тарихи тағдырдың ойыны (Горнфельд), субъектіден тыс структура (Р.Барт)» (16 б.). Одан әрі мәтінтанудың мақсат-міндетін айқындайтын структуралық, семиотикалық, семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, тарихи-мәдени мәтін композициясы секілді көптеген филологиялық бағыттардың ғылыми ұстанымдары мен негізгі нысандарын анықтап береді. Осы аталған әр бағыттағы мәтінтанудың мақсаттары мен ерекшеліктеріне тереңдеп тоқталып, олар туралы теориялық көзқарастардың ғылыми тұжырымдарына сипаттама береді. Көркем мәтін – диалогтық қарым-қатынастың көрінісі (М.Бахтин) болғандықтан, оны соңғы кездері «дис-

курс» ұғымымен алмастыру мәселесі қозғалып жүргені де (бұл ғылыми терминді енгізген Э.Бенвенист) белгілі. Бірнеше ғылыми бағыттардың ұстанымдарына ұғынықты тілмен талдау жасаған ғалым мәтінтанудың – астарлы мәтін (подтекст), үстіңгі мәтін (надтекст), контекст, интермәтін, т.б. сынды ұғымдарына студенттердің қабылдауына жеңіл болатындай етіп қарапайым қағидаларды ұсынады.

Көркем мәтіннің тарихы мен теориясы қарастыратын мәселелеріне: «а) көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан жүйелі талдауды жүзеге асырып алу; ә) тілдік құрылымдарды қолданудағы автордың жеке стилін анықтау үшін стилистикалық әдістерді қолдану; б) көркем мәтінді тарихи-әдеби факт және эстетикалық құбылыс ретінде әдеби тұрғыдан талқылау мен бағалау. Филологиялық талдау-аталған негіздердің құр жиынтығы немесе жай қосындысы емес, қазіргі филологиялық пәндердегі интегративтік ізденістерді біріктіруге және пәнаралық түйткілдерді ортақ мәселе тұрғысынан шешуге бағытталған кешендік талдауды...», т.б. жатқызады (14-15 бб.). Ал, олардың түрлерін-«ақпараттық (ғылыми, ресми стильдердегі мәтіндер), экспрессивтік (көркем мәтіндер), ақпараттық-экспрессивтік (публицистикалық мәтіндер), ...ораторика (соттағы сөз), гомилетика (уағыз, насихат), т.б деп бөледі (15 б.).

Көркем мәтін мен оның авторының арасындағы байланыс секілді күрделі теориялық мәселелерге ерекше мән бере зерттеген ғалым «автор» термині төңірегіндегі әлемдік әдебиеттану ғылымында өріс алған жаңа көзқарастарды жүйелей келіп, олардың мынадай түрлеріне тоқталады: «... а) «биографиялық автор», ә) «автор-баяндаушы», б) «автор-болмысқа деген көзқарас», в) «автор- көркем образ», г) «бейтарап куәгер», д) «нарратор», с) «автор-аноним, белгісіз персонаж», ж) «көркем әлемнің иесі», з) «көркем әлем тудырушы» (46 б.). Және әдеби мәтіндегі автор, образ, сюжет, стильмен тығыз байланыста қарастырылатын «авторлық кеңістік», «сюжеттік уақыт», «уақытқа тән стиль», «образ өмірі мен ортасы», «шығармашылық кеңістік», «авторлық уақыт», т.б. деген ұғымдардың уақыт пен кеңістік категориялармен байланысына, олардың бір-біріне әсеріне, олардың әдебиеттану ғылымында зерттеудің әрқайсысына тән өз бағыттары барлығына тоқтала келіп, кеңістік түрлерін: «а) жоғары, орта және төмен әлемдерден тұратын вертикаль кеңістіктер, ә) дүниенің төрт

бұрышына (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс) оңы мен солына, алды мен артына қатысты бағыттар, олардың шекараларын қамтитын нақты, шартты бейнелер..., б) геометриялық фигуралар пішіндес кеңістіктерден әдеби мәтінде жиі кездесетіндері – шенбер, үшбұрыш, квадрат, шар, т.б. оларды қолданудың астарлы, шартты мәндері көп, в) алыс және жақын кеңістіктер, г) шексіз және тұйықталған кеңістіктер, д) динамикалық (жол, өзен), статикалық (тау, көл, мола) кеңістіктер, е) фантастикалық, көзге көрінбейтін (рухани әлем, сезім кеңістігі) виртуалдық және т.б., д) онейрикалық кеңістіктер (адамның түс көруі, қиял әлемі, жанның әртүрлі күйге енуі)», – деп бөлсе, көркем уақыт түрлерін: «а) тарихи, реалды, уақыттар, олар өткен, осы, келер шақ түрінде көрінеді, ә) қоғамдық әлеуметтік уақыт, олардың қалыптасу, өзгеру, ауысу барысы, б) мифологиялық-фольклорлық уақыт, в) фантастикалық, онейрикалық уақыттар, г) сюжеттік-фабулалық уақыт, персонаждық уақыт, д) жанрлық уақыт (романдық, эпостық), е) уақытсыздық», т.б.», – деп атап өтеді (61-62 бб.). Және бұлардың бәрінің ғылыми сипаттарын беріп, нақты көркем мәтіндерден мысал ала отырып, теориялық талдаулар жүргізеді. Шағын еңбек болса да мәтінтанудың барлық категориялары мен терминдеріне, олардың зерттелу тарихына, ғылыми негіздерінің жүйелену жайынан толық және жан-жақты мәліметтер беріледі.

Осы ретте көрнекті теоретик ғалым З.Ахметовтің: «...ғылым тілін дамыту үшін ғылыми ойлау жүйесін жетілдіру қандай қажет болса, ғылыми терминдерді қалыптастыру, толықтыру, олардың мағыналық дәлдігін арттыру, қазақша ойлау, сөйлеу үлгісіне жанастыра түсу де сондай қажет...», – деген пікірі қазақ әдебиеттануында мәтінтану саласын осындай теориялық деңгейде зерттеп, оның бүкіл әдеби ұғымдарын, терминдерін қазақша қалыптасып, толықтырып жүрген Темірғали Есембековтің еңбегіне берілген баға сынды (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: «Ана тілі», 1998. 22 бет).

Ұлттық ғылымда әдебиеттің, мәтінтанудың өз категорияларын жіктеп, оларды студент жастарға, магистранттарға оқыту, түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келе жатқан ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Т.Есембектің ұланғайыр еңбегі шынында да үлгі тұтарлық табыс. Зерттеушінің көркем мәтіннің басты міндеттерін айқындау, олардың өз даму жолдары мен мақсатын анықтау, ғылыми түсініктерінің негізін нақтылау, солардың нәтижесінде

ұлттық ғылым тілінің деңгейін көтеру, талдау жүйелерін қазақша қалыптастыру жолындағы табанды еңбегін өз кәсібіне, мамандығына деген адалдық деп түсінген абзал.

Т.Есембековтің «Көркем мәтін поэтикасы» (Алматы: «Қазақ университеті», 2012.-228.) деген оқулығында өзінің ғылыми тақырыбын жүйелі әрі табанды түрде зерттеп, іргелі ой қозғаған құнды еңбек деуге әбден болады. Кітап көркем мәтін поэтикасын әдеби-сыни дискурс тұрғысынан қарастыруға арналған. Мұнда мәтін және болмыс, мәтін және автор, оқырман мен мәтін арасындағы поэтикалық байланыстар теориялық және ғылыми практикалық тұрғыдан сөз болады. Қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет арнайы зерттеліп, оның теориялық тұжырымдары мен әдеби ұғым-түсініктерінің анықтамалары анықталып, ғылыми жүйеленген. Оқу құралы 5 тарау, бірнеше тараушалардан тұрады. Олардың тақырыптары мен қаралатын мәселелерін атап айтсақ қана ондағы ғылыми жүйенің алға қойған мақсаты мен атқарылған міндеттері, оларға жүктелген жауапкершілік жүгі айқындала түспек. Еңбекті талдамас бұрын онда қарастырылатын тақырыптардың ауқымына зер салсақ. «1. Мәтін және автор» атты тарауда «1.2. Әдеби шығармашылықты зерттеу жолдары, 1.2. Көркем мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары, 1.3. Суреткер тұлғасы туралы ғылыми-теориялық көзқарастар өрісі, 1.4.» Әдеби мәтіндегі автор» ұғымының мәні, 1.5. Көркем әдебиетте авторлық сыр мен сезімнің бейнеленуі, 1.6. Авторлық баян және көркем әлем» деген мәселелер қарастырылса, «II. Мәтін және оқырман» тарауы «2.1. Көркем мәтінді оқу және тану үдерісі, 2.2. Көркем мәтіндегі ақпарат сипаты мен әлеуеті. 2.3. Көркем мәтін және оқырман назары, 2.4. Мәтіннің психологиялық қуаты мен қызметі, 2.5. Көркем туындыны оқырмандық талдау барысы, 2.6. Көркем мәтінді филологиялық талдау үдерісі» деген тақырыптарға талдау жүргізеді. Ал, «Мәтін және мән мәтін» атты тарауында «3.1. Көркем мәтіндегі дерек пен дәйек, 3.2. Әдеби туындының танымдық табиғаты, 3.3. Әдеби шығарма әлемі, 3.4. Көркем мәтіннің поэтикалық сипаты, 3.5. Әдеби шығарманы интермәтіндік талдау барысы, 3.6. Түпнұсқа және аударма поэтикасы» деген мәселелер талқыланып, «IV. Мәтін және оның тарихы» деген тарауда «4.1. Мәтін тану тарихы мен үдерісі, 4.2. Мәтін тану ұғымдары мен нысандары, 4.3. Мәтін тарихын зерттеу негіздері,

4.4. Мәтіннің шығармашылық тарихын зерттеу жолдары, 4.5. Мәтінді баспаға дайындау үдерісі» деген тақырыптар төңірегінде талдау жүргізіліп, олардың тәжірибелік сипатына кеңінен тоқталады.

Бұл оқу құралының дүниеге келуінің басты себебі – студент қауымның, тіпті әдебиетші мамандардың да әдеби шығармашылық пен көркем мәтінді зерттеудің жолдары мен бағыттарын, оларды теориялық, филологиялық, лингвистикалық тұрғыдан талдау тәсілдерін терең танып, біле бермеуінен болса керек. Және әдебиеттану, лингвистика, өнер семиотикасы, аударматану сияқты 4 ірі ғылыми салаға қатысты ортақ жүйеге жалпы ғылыми мәліметтер бере отырып, соңғы жылдары филология ғылымы аса қызығушылық танытып отырған мәтіннің мазмұндық, прагматикалық, пішіндік мәселелеріне арнайы тоқталған. Көркем мәтінді әдебиеттану тұрғысынан зерттеудің бірнеше бағыттарына, олардың көрнекті өкілдерінің зерттеулерінің жетекші қағидаларын, пікір-тұжырымдарын белгілі бір ізге түсіре отырып, әдебиетші мамандардың көркем мәтін табиғатын тануына қажетті құнды ғылыми ақпараттарды ұсынады. Әр бағыттың әдебиеттануға әкелген жаңалықтары мен өзіндік ұстанымдарын, ерекшеліктерін, олардың ғылыми орындарын бүгінгі ғылымның жетістігі тұрғысынан бағалай келіп, мәтінтану ғылымын қалыптастырудағы рөлін атап көрсетеді. Мәселен, Ресей формалистерінің (Тынянов, Шкловский, Якобсон т.б.) көркем мәтіндегі форманы мазмұннан жоғары қойып, поэтикалық тіл, өлшем, ырғаққа ерекше мән бергенін, ал 1950 жылдары АҚШ ғалымдарының (К.Брукс, А.Тейт, Д.Рэнсом т.б.) көркем мәтінді структуралистік, функционалдық, антропологиялық, герменевтикалық тұрғыдан қарастыруға негіз салғанын, семиотиктер болса «автор-мәтін-оқырман» сияқты үштіктің басы қосылғанда ғана көркем мазмұн ашылады деген ұстанымдарына өз көзқарасын танытады. Мәтінді талдаудың деконструктивтік әдісін ұсынған Мэн, Блом, Хартман, Пол де Ман сияқты ғалымдардың «мәтінді өз ортасына шашып жіберіп, қайта сіңіру, әдеби ортаны тыңайту, сөйтіп оның қайта өнуін қамтамасыз еткен аймақты, оған ерекше қуат берген құнарлы қабаттарды анықтауға» ерекше мән бергенін (23 б.), оның бірде «синтездік мәтін» деп аталатынына ерекше мән бере талдайды. Семиотикалық көзқарастағы зерттеулерде өнімді пайдаланып жүрген «когнитивті бағыттың» максатын,

металингвистикалық (антропологиялық, функционалдық, когнитивтік парадигмалар сұранысына сәйкестігі), этнолингвистикалық (мәтіннен-мағынаға, типтік мәннен-жекеге, табиғи тілдің жалпы қасиеттерінен ұлттың тілдік ерекшеліктерін зерделеу (27 б.), тілтануда – шығарманың лексикалық, логикалық, грамматикалық байланыстары, тұтастығы, бас-аяғы бүтіндігі, жүйелілігі, объективтілігі, ашықтығы, уақыт пен кеңістікте өрістеуі, мазмұндылығы, функционалдығы, мақсаттылығы сынды қасиеттерінің анықталуы секілді көптеген бағыттардың басты міндеттері мұнда ғылыми тұрғыда кеңінен жүйеленген. Сондай-ақ зерттеуде бүгінгі білім беру саласында қолданылып жүрген интегративтік, элективтік пәндердің оқу құралына қойылатын талапқа сай әр тақырып алдында оның мазмұны мен мақсатын айқындайтын «Қарастырылатын мәселелер» жазылып, мәтін соңында сол тақырып бойынша тест тапсырмалары, яғни 4 сұрақ пен оның «А.Ә.Б.В» деген 4 түрлі жауабы беріліп отырады. Бұл студенттердің дәрісті тек тыңдап қана қоймай тақырыпқа тереңдеп енуі, оны егжей-тегжейлі түсінуі және ондағы басты-басты қағидаларды қалай қабылдап, түсінгенін анықтауға, пысықтауға мүмкіндік беретін тиімді әдіснамалар.

Мәселен, «Шығармашылық тұлға туралы ғылыми-теориялық көзқарастар өрісі» деген тараушада «Қарастырылатын мәселелер: әдеби талант табиғаты туралы көзқарастардың ғылыми негіздері, әдеби дәстүр және қаламгер еңбегі, адам психологиясының көркем шығармашылықпен байланысы, автордың адами тұлғасының шығармашылықтағы орны» (32 б.) деген ғылыми-теориялық мәселелер сөз болады. Зерттеуші мұнда қаламгердің тіл құдіретін қалай меңгергені, оған қабілеттің қалай қонғаны, оның қай ғасырдың да уақыт сынынан сүрінбей өтетін суреткерлік қасиетінің құдіреттілігі неден деген сияқты сауалдарға әлемдік және ұлттық әдебиет тарихындағы ұлы қаламгерлердің өмірі мен шығармашылық тәжірибесі тұрғысынан талдаулар жүргізіп, түрлі теориялық көзқарастарға тоқталады. Көне дәуірлерде өнер тұлғасының құпиялары мистикалық тұрғыдан түсіндірілгеніне нақты мысалдар келтіре отырып, сондай көзқарастағы ғалымдардың тұжырымдарына талдау жасайды. АҚШ ғалымы Г.Блум әулиелік, пайғамбарлық, табиғаттан тыс құдіреттердің күшімен қонған қасиеттер деп білсе, ал бұл тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеген И.Тэн, О.Конт,

т.б. «мәтіндегі автордың «өзінікі» мен «өзгенікін» айырып беретін дәйек пен деректерді табуға ұмтылды», – дейді (34 б.). Ол ойларды Л.С.Выготский, қазір И.Женнет, Ю.Кристовалар жалғастырып жүргенін, тіпті Р.Барттың «оқырман талқылауына еркіндік беру үшін авторды мүлдем «өлтіріп» қоюын, ал И.В.Гюббенеттің 1991 жылы шыққан «Көркем мәтінді филологиялық талдаудың негіздері» деген еңбегінде «вертикаль контекст» деген жаңа терминді ұсынғаны, т.б. жөніндегі көзқарастарға кеңінен тоқталып, өзінің тұжырымдарын жасайды. Зерттеуші «модернистердің, фрейдистер мен постмодернистердің, әдеби антропологиялық бағыттың кейбір өкілдерінің суреткер тұлғасының әртүрлі патологиялық кемшіліктері мен ерекшеліктері арқылы әдеби шығармашылық табиғатын тануға болады деген» (40 б) көзқарастары да бұл оқу құралында кеңінен талданады.

«Көркем мәтінді талдау негіздері» деген оқу құралында қарастырған мәселелерін ғалым мұнда да жүйелі түрде жалғастырып, зерттеген. Мәтінтанудың басты қағидалары мен әдеби ұғымдарын осылай бір ізге түсірген ғалым бүгінгі әлемдік әдебиеттану ғылымының кеңістігінде кеңінен қолданылып жүрген теориялық тұжырымдар мен әртүрлі бағыттардағы ғылыми көзқарастарды ғылыми мақсатына орай жүйелей білген. Жаңа бағыттағы ғылым талабына сай жазылған бұл еңбекті ұлттық әдебиеттану ғылымындағы тың табыс деуге әбден болады.

Оның орынды жіктеген мәтінтанудың түрлері мен оған тікелей қатысты категориялары да ғылыми негізде топталғанын атап өткен мақұл. Әрбір әдебиетшінің, студент қауымның қолынан түспейтін құнды еңбекке айналған бұл зерттеуде әлем халықтарының әдебиетіне тиесілі халықаралық терминдердің қазақша балама-түсінігі қоса берілген. Ұлттық ғылыми тілдің қалыптасып, жүйеленуі үшін әдебиеттану ғылымының әр саласына тиесілі әдеби түсінік пен ұғымдарды осылай жіктеп, қазақша қалыптастырудың маңызы зор. Жалпы әдебиет теориясы жайлы оқулық жазу оңай шаруа емес. Өйткені, әлемдің әдебиеттану ғылымында қалыптасқан және қанша уақыт өтсе де көп өзгеріске ұшырай қоймайтын ғылыми талап мен теориялық тұжырымдарды, ғылыми анықтамаларды басқа түсініктермен шатастырмай, ізденушілерді дұрыс бағыттап, теориялық білімдерінің іргесін қалау қашанда қиынның қиыны.

Сондықтан әдебиет теориясының сөздіктері мен оқулықтарын жазу өте жауапты әрі бірнеше жылдарға созылатын жүйелі, тыңғылықты істі, қатаң бақылауды қажет ететін өте жауапты жұмыстар.

Әдебиет теориясының мәтінтану саласына қатысты ғылыми терминдері мен көркем шығарманы әдебиеттану ғылымының өз категорияларымен, ғылыми стильмен талдауды түсіндіріп, оқытатын Т.Есембековтің еңбектері қазіргі филология ғылымына қажетті зерттеулер.

ЖЕТІМ ҚЫРАН

Қазақ прозасына өзіндік өрнектерімен келіп танылған 1960 жылдардағы тегеурінді топтың бірі – жазушы, ақын, сазгер Тұтқабай Иманбекұлының «Жетім қыран» атты жинағына (Шымкент: «Жебе» баспа үйі, 2012. – 576 б.) «Үш айдың үш күні», «Тұт ағашының көлеңкесі», «Жетім қыран» атты повестері мен «Тапсырылмаған гүл», «Ем», «Соғыс деген ойын емес» атты әңгімелері енгізіліпті.

Әдебиеттің әуелгі міндеті-сөздің құдіретімен адамды тәрбиелеу екендігін түсінген жазушы қаламын сөз шүйгініне шомылдыра отырып, шұрайлы сөздерді тап бір өлең шумақтарындай төгілтіп береді. «Жетім қыран» повесінің басталуындағы бірер сөзге көңіл бөлсек: «Қанатыңды қаға алмай, құмарыңды таба алмай, күйкентайша бүрісіп қалдың-ау. Тулаған аң ілмесең, тұяғын тұқылданып қаларың біліппін бе мен сорлы?», – деп келетін Үрила кемпірдің шалы Кәрібай қайтыс болғалы тұз тағысының да табиғи тәкаппарлығынан айрылып, үй құсындай бейшара кейіпке енген жетім қыранына шағынуы шығарманың негізгі идея арқауын ашып бергендей (23 б). Жастайынан жетім қалып Құрман байдың малын бағып күнелткен Кәрібай кедей болғанымен болмыс бітімі бөлек, батыр тұлғалы, кескіні келіскен, мінезі кесек жігіт болған, кезінде. Кедейлігін кемсіткенмен өзін ешкімге басындыра бермейтін Кәрібай Құрман байдың күңі Қазбаланың Үрила деген отыншы қызымен бірі мал бағып, бірі тезек теріп жүріп табысады. Алайда, жалаңаяқ кедейге бақ бірден қайдан қонсын? Үрімдей жас қызды тауда тезек теріп жүрген жерінде қуалап жүрген айуан сезімді бай Құрманды қақ шекеден ұрып, қыз алып қашқан Кәрібайдың ерлігі

нағыз жігіттің мінезін мүсіндейді. Бір өзінің ғана емес қауқарсыз, қамқоршысыз бейкүнә қыздың да еркіндігі жолында қаншама қиямет-қайым қиыншылық көрсе де өзінің табиғатына тән өрлігінен бірде-бір рет төмендемеген Кәрібай акырында сол тап жаулары – Құрман байдың қанды қолынан қапылыста аңшылықта жүріп мерт болады. Жазушы шағын шығарманы шып-шымыр сюжеттік желіге құрған кейіпкерлер тағдырының тайталасында, характерлердің қақтығысында, күрделі іс-әрекеттер барысында нанымды бейнелеп отырады. Кедей Кәрібайдың Үриланы алып, нағашыларын сағалауы, кейін жалғыз ұлы Ертайын ертіп, өзінің атажұртына оралуы, бұрынғы өкпесі жазылмаған Құрман байдың қолынан қаза табуы секілді күрделі тағдырлар шежіресі қаламгердің даралық қолтаңбасын танытады. Повесть кейіпкердің қайтыс болуымен басталып, оқиға сол кейіпкерлердің, біресе Кәрібайдың, енді бірде Үриланың өткен өмірлерін еске алуы арқылы кейінге шегініс жасай отырып, баяндалуының өзі оқырманды қызықтырып, ынтықтырып отырады. Оқиғаны оқтын-оқтын бөліп отыратын шегіністер сюжеттік желіні ширектіріп отырмаса жалықтырмайтындай. Оның үстіне жазушының шұрайлы тілі, афоризмге бергісіз тіл байлығы сүйсініп, шөліккеп кеп көк шүйгінге бас қойған малдай бас алдырмасы да мәлім.

Сөз саптау, тілдік ізденіс жөнінен бұл шығарма өміршең туындылар қатарына жатады. Шығармадағы жақсылық пен жамандық күресі де адамдар арасындағы ой мен мінез қайшылықтарынан, тағдыр мен табиғаттағы түрлі түйткілдерден түсінік беріп, өмір арпалыстарының ащы шындықтарын ашады.

Әлемгетанымал әйгілі әдебиеттанушы М.М.Бахтиннің теориялық тұжырымы бойынша көп стильді, әртүрлі іс-әрекеттер мен сана сайысындағы қайшылықтарды, әр деңгейдегі кейіпкерлердің сөйлеу тәсілін талап ететін көлемді шығармаларға тән көркемдік әлем Т.Иманбекұлының да прозасына тән құбылыстар. Жоғарыда аталған «Жетім қырандағы» Кәрібайдың іштен тынған қайғы-қасіреті мен жапандағы жалғыз үйде бойын үрей билеп, жетім қыранымен, Құрман байдың жаласынан ел білмейтін Сібірге айдалған жалғыз Ертайды күнде ертең келедімен үміт етіп күткен Үриланың тағдырға налыған дауыстары, олар өмір кешкен әлеуметтік орта мен айналадағы адамдардың тағдырлары, бәрі-бәрі автордың әдеби-

көркем баяндауы арқылы жүзеге асырылып отырады. Мұнда ұлт тілінің әлеуметтік диалектіге, топтық мәнерге, кәсіби жаргондарға, әр кейіпкердің жасы мен жеке табиғи жаратылысына, дүниетанымына қарай нанымды бейнеленген. Т.Иманбеков шығармашылығына тән оның драмалық шиеленіске, қарекет пен характер қақтығысына мол мәнері осы «Жетім қыраннан» тағы да айқын таныла түседі. Бай мен кедейдің, жеңге мен қайының, соғыстан жарымжан болып оралған майдангерлердің, Қазбала, Қамқа, Аққаймақ секілді әжелердің, ерте есейген балалардың тек өздеріне, сол уақыт пен кеңістік аумағына ғана тән іс-әрекеттері шығарманың көркемдік әлемін ашып тұр.

«Жетім қыран» – сол жетпісінші жылдардың шағын картинасын, өмір шындығын көрсеткенімен ондағы кейіпкерлер тағдыры мен характерлері, жалпы жақсы мен жаманның қақтығысы қай дәуірдің де өмір ақиқаттары.

Өзі барда әдеби қауымға автор есімі «Үш айдың үш күні» және «Тұт ағашының көлеңкесі» деген повестері арқылы танылған еді. «Үш айдың үш күні» – «1948 жыл. Июньнің соңғы күні», «1948 жыл. Июльдің ортасы еді», «1948 жыл. Августың үші күні» деген тараушалармен берілген. Шығармадағы үш күннің шым-шытырық оқиғасы соғыстан кейінгі ауыл өмірі мен шаруашылықты қайта қалпына келтіру жолындағы еңбек адамдарының тағдырын алға тартады. Ерлері соғыстан қайтпаған жас әйелдердің қиын тағдыры, соларды айттырған балдақты бригадирлер мен қайындардың қақтығысы, өз ошағы мен балаларының болашағын ойлап базарлы шағын бақилық еткен қайран қазақтың қайсар да адал аналарының азапты тірлігі, жастай жетімдік көрген немерелері мен жастығын жаспен жуған жас жесірлерінің қас-қабағына қарайлап бейнет кешкен кейуаналардың қамкөңілдері мен дархан пейілдері арқылы автор нақты өмірдің шындығын бейнелейді. Жазушының өзі куә болып, жүрегінен өткізген өмір өткелдері, ағынан жарыла ақтарылған ой ағындары мен түрлі психологиялық жағдайдағы сезім селдері жалпы адамзат баласының өмір мен өлім аралығындағы мәңгілік арпалыстарын аңғартады.

Экзистенциализм құндылықтары қаламгердің «Тұт ағашының көлеңкесі» атты повесінде де өзіндік өрнекпен өріліп, колхоз шаруашылығын соғыс салдарынан болған қиыншылыққа балап, құлдыратқан есеп шоттың иесі Шақшабай бастаған шағын топ

пен жаңа келген бастық Есентайдың нағыз еңбекқор, қарапайым адамдардан құрған колхозшылар арасындағы қактығыстар арқылы өрбиді. Келген бастықтардың бәрін есепшотындағы шаруашылықтан жырымдалған қаржысымен қадам аштырмай қолында ұстайтын әккі есепші Шақшабайдың бұл әрекетін бұрында бірнеше шаруашылықты әділ басқарып, көзге түскен нағыз еңбекқор, тәжірибелі басшы Есентайдың әшкерелеуін, тұралап қалған колхозды тұт ағашынан өрген жібек құртын өсіру арқылы биік көрсеткішке жеткізгені жолындағы жанкешті күресін жазушы кәсіби шеберлікпен шынайы суреттейді. Басшы адамның жұрттан жырақ кетпей, керісінше олармен етене араласып, еңбек етуінің нәтижесінде шаруашылыққа техникалар, су бүріккіш жаңа жабдықтар, түрлі транспорт түрлері алынып, қырман, гараж секілді еңбек орындарының ашылуы, ауылды көгалдандыру жұмыстары, мәдени (почта, клуб, мектеп, медициналық мекеме) орындарының ашылуын, ол үшін бас кейіпкер қаншама аяқтан шалу мен қактығысқа кездесуін қаламгер психологиялық тұрғыдан нанымды бейнелеген. Ауылдың бірқалыпты өміріне көндіккен жұрттың жаңалықты жатырқай қарсы алуын, Шақшабай бастаған, Әлішер қостаған топтың Есентай еншілеген қарапайым еңбек адамдары арасындағы қактығыстар да шынайылығымен жүрек жылатады. Есентайдың жұбайы Манаттың дәрігер болуы да ауылдық жерге жаңа бір өмірдің жаңалығындай жақсылықты бейнелейді. Алайда, өздерінен биікті көтере алмайтын қарсы топтың күншілдігі дәрігерлік антына адал Манатты да мазаққа айналдырып, шопанның әйелі ауырып, жедел көмек шақырып жатыр деген желеумен жалғыз өзін алдап алып келіп қыс ортасында қараңғы түнде орта жолда қалдырып кетуі сияқты сорақы қылыққа ешқандай ерсі мінез көрсетпей, іштен тынған әрекеті, қысастыққа қайсарлықпен, биік өремен қарап, тойтарыс беруі де сенімді бейнеленген. Осынау санаулы адамдар тағдыры мен олардың арасындағы бітпес тартыстар арқылы белгілі бір кезеңнің, белгілі кеңістіктегі, белгілі бір уақыттың талабымен күн кешкен ауыл адамдарының психологиясы, басшы мен қарапайым адамдардың кескін-келбеті ашылады. Ерлік пен ездiк, адалдық пен арамдық, күдік пен сенім секiлдi мәңгілік өмір қайшылықтары жазушы туындыларының түпқазығы десе де болады. Адамгершілік концепциясы да бұл шығармаларда қарапайым ауыл адамдары мен еңбекшілердің ұғым-түсінігімен, тыныс-тіршілігімен беріледі.

Жазушы ауыл адамдарының психологиясына тән детальдарды да дәл таба білген. Мәселен, «Есентай маяны айналып шықпақ еді. Кенет астындағы аты осқырынып, үрікті. Енді байқады. Қарсы алдында шөмеле шөп қозғалақтайды. Ілгері-кейін теңселіп, ұмтылатын сияқты. ...Есентай енді байқады. ... – Ой...буй, шырағым-ай, – деп кемпір тырмыш астынан сөйлей берді. – Бір көтерсең, еңіске қарай ентелетіп өзі-ақ әкете береді, бұл шіркінің...Тізе тіктеп кетуі ғана азап. Әйтпесе талай жеткізіп жүрміз ғой»...(302-304 бб.). Осындағы кейіпкердің таза болмысы, психологиялық портреті, іс-әрекеті мен бет-жүзіндегі мимикалық құбылыстардың сәйкестігі, өте нақышты әрі нанымды. Ауыл адамына тән аңғалдығы, өз жас шамасына лайық сөйлеу мәнері, «жолаушымын» дегеніне имандай сеніп, жүрек жарды сырын, құпиясын да қалдырмай жайып салуы да образға лайық ойнақы рөл атқарып тұр. Осындай сәтті табылған көркемдік детальдар авторға ауыл тіршілігін ажарлап бейнелеуге көркемдік мүмкіндік туғызғаны кәміл.

«ЕМ» атты әңгімесінде сал сырқатына ұшырап ұзақ уақыт ауруханада жатып қалған Серіктің тағдыры, ертеңнен үмітін үзіп, үнсіз терезеге үнілген жігіттің өмірге деген құштарлығын оятқан құртақандай бейтаныс ауыл қызы Нұржанның аппақ адал ниеті мен періштедей таза табиғаты соншалықты шабыттты тілмен, шуақты әсермен әдемі әңгімеленеді. Күні бойы терезеге телміріп, тіршіліктің тынысын тануға талпынған сырқаттардың назарын еріксіз аударған: «...Алыстан сағымша тербеліп бір қыз келеді. Қолында гүл. ...Ақ құбаның әдемісі. Күлімдеген жанарында өзіне тән жарастық бар сияқты», – деген сөйлемдер сырқат Серікті ғана емес, оқушысын да сиқырлап, сұлулыққа тәнті ететіндей (473 б.). Бүгінгі кітаптардан шырақ алып іздесең де таппайтын табиғаты тап-таза, көшедегі кездейсоқ адамға да кібіртікпей көңілін білдіріп, жақсылық жасауға ұмтылатын ауылдың адалдығы, аңқаулығы әрбір сөзінен, әрбір іс-әрекетінен аңқып тұратын қаршадай қазақ қызының қылығы сүйсіндіреді. Бұл сол 1960-70 жылдардағы жазушылардың шығармаларында жиі кездесетін сол уақыт пен кеңістіктің көркемдік әлемін танытатын кейіпкерлер табиғаты. Нұржан – тән сұлулығымен емес, жан сұлулығымен жігіт жүрегін жаулаған жауқазын қыз. Ол бүгінгі кейіпкердей есеппен жақсылық жасайтын, қайтарымы жоққа қайырымы жоқ, адалдықты аңқау-ақымақтыққа балайтын кейбір ке-

сепаттау жан емес. Бүгіндері бәріміз сағынып жүрген, аңсап жүрген ақ, адал періште, ол.

Табиғат тарту еткен табиғи сұлулығымен тартымды Нұржан қыздың: «Қайрыла кетіңіз, қарындас», – деген бөгде жігіттің сөзіне бөгеліп: «Арудың көңілі жарым болады. Жағдайын сұрасаң, жазылғандай көреді», – дейтінді апасынан көп еститін қыздың имандылығын танытқан: «Қарамай өтсем, жандарын жаралай түсем ғой. Қайырылғанда не тұр?» – деген монологы да нанымды. Бұл сөйлемдер шығарманың сюжеттік желісін, бұдан былайғы оқиғаның осы бойжеткенмен байланыста дамитынынан хабар бергендей. Романтикалық реңмен жазылып, оқушысын сұлулыққа, тазалыққа тәрбиелеген туындыны жеңіл әрі тез оқисыз. Көбіне диалогқа құрылған шағын жанрдың шып-шымыр оқиғасы екі ұдай сезімді бастан кешіртеді. Қолында гүлі бар қызды бір көргеннен жүрегінде ерекше бір сезім туған сырқат жігіт Серіктің құпия сырлары әдемілікке әнтек әуестіктен туғандай көрінгенмен бертін келе үлкен сезімнің туып, оны сыртқа сездіртуге амалы жоқ шарасыз халі шынайы бейнеленеді. Ал, көңілінде ешқандай кінәрат, бөгде ой жоқ періште қыздың жігітке деген көңілі жаралы жанға демеу, ем болудан өзге өрескелдік танытпайды. Бәрі де табиғи, нанымды. Күн сайын даланың жауқазын гүлдерімен жаралы жандардың жанын жазуды, көңілін көтеруді, өмірге деген құштарлығын оятып, ертеңге деген сенімін нығайтуды нақ бір өзінің міндетіндей еншілеген еліктің лағындай кішкене қыздың әдеміліктің символы болған гүлге деген ынтызарлығы жайлы әңгімесі де әсерлі. Бірге оқып көрелік: «... – Күн ашық-ау шамасы. Көрсетші бір сол күнді маған. Сәулеге кеуде тосып, таза ауа жұтайыншы. Сағындым ғой кең дүние келбетін», – деген жаңа қосылған жолдасы соғыстан оралмай, сол қайғыдан сүзек ауруына шалдығын бірнеше жылдар бойы сал болған Айнаш әпкесінің әрекетін әу баста әбестік көргенмен артынан шексіз қуанышқа бөленген Нұржанның әңгімесі тұтас бір әдемілік әлемін айдай әлемге әйгілеп тұрғандай. Кітаптың 480-484 беттер аралығындағы Айнаштың жауқазын өскен алқаптағы өмір үшін айқасы, өмірге деген өлердей ғашықтығы кім-кімнің көңіліне шынайы сезім себезгілейді. Автор небәрі 4-ақ бетке өмір мен өлім арасындағы мәңгілік құндылықты – өмірге деген махаббатты мөлдіретіп бейнелейді. Осы 4 бетте жас жесірлердің қасіретін,

азапты өмірін өзек етеді. Бір періште балапан да сүйе алмай арманда қалған қаралы ару-аналардың сүйгеніне деген сағынышын сұлулықтың символы алқызыл гүлдер арқылы ажарлай суреттейді. Салдырап құр сүйегі қалған Айнаш әпкесін өмірдің қым-қуып тіршілігіне қайта қосқан қыр қызғалдақтарын қаламгер кейіпкерінің көңіл күй, оқыс әрекеттерімен сабақтастырып әдемі әдіптеп, әсерлі бейнелейді: «...Көк шалғын қызыл ала гүлге көміліп, көрінбей тұр екен. Әпкем бәрін жұтып жіберердей тамсанады. Ашыққан адамның тамақ көргендегі тағатсыз кейпі сияқты бұл. Көздері әр гүлге шоқша қадалады. Кенет ол гүрс етіп құлады. Құлпырған қыр гүліне кеуіп қалған кеудесін тосып, сұлық жатыр....сонан соң ол бар күшін жинап алып, аспанға атылған жаралы құстай, дүр сілкінді. Кілемдей көсілген көк шалғынның үстімен гүлді жапырып, аунай берді, аунай берді. Әлсіз қолдары аунаған сайын гүл сабалайды.

«— Ә...әк..пе! — деп қатты айқайлаппын. Аунап бара жатқан апамның соңынан жүгіре бердім. Ол сайға түскен қанбақтай кілт тоқтады. Басын көтеріп алды. Қарсы алдымда ертегінің құбыжық кемпірі отырғандай көрінді. Шашы бұрқырап кетіпті. Шыт көйлегі шұрқ тесік. Етегі алба-жұлба. Бар денесі селкілдейді. Өзі езу тартып күліп отыр. Күштеп күлетін сияқты. Манағы жас жуған бетін енді қан жуып кетіпті...» (483 б.). Кейіпкер — Нұржан атынан баяндалып отырған көрініс қарама-қайшы (контраст) сезімдерді бейнелеуге көрік бергендей. Дәл сол сәттегі кейіпкердің психологиялық жағдайы осындай сыртқы факторлар арқылы айқындалған. Қаншалықты ауыр психологиялық сәт болғанымен адам жанын емдейтін сұлулық, өмірге құштарлық сезімдері Айнашты аяғынан тұрғызып, Нұржанды ақынша сөйлетеді: «...Содан бері гүлді өзім аурудың емі, арманның қайнары, дерттің шипасы деп білемін. Бір ауық гүл көрмесем, көңілім ортаяды да тұрады. Сіз де гүлді сүйеді екенсіз. Гүлді сүйген адамды күн сүйеді. Сіз де жазылыңыз, аға» (484 б.). «Серікке осындай сенім сыйлаған Нұржан оның да қатарға қосылуына дәнекер болады. Жанымен жаралыларға жалау болып, қарлығаштай қуаныш сеуіп жүрген Нұржандай кейіпкер көбейсе өз оқырмандарын әдемілік пен сұлулыққа тәрбиелер ме еді?», — деген ой келеді. Адамдар тағдырына сергек, психологиялық ішкі иірімге сөздік қоры бай тіл бедері қосылып ерекше мінез танытқан Т.Иманбекұлының кітаптары бүгінде оқылатын ойлы дүниелер.

Әдемілікті әспеттеп, сұлулықты сүйіп, жан біткенге жақсылық жасауға құштар жандар жайлы шоқтығы биік шығармалар жазып, өз кезіндегі оқырмандарына жылылық сыйлаған алпысыншы жылғы жазушылардың бірі, ақын, сазгер Тұтқабай Иманбекұлының «Жетім қыран» атты жинағын оқығандағы ойлар осы еді.

С.БЕРДІҚҰЛОВ – СИРЕК ҰСТАЗДЫҢ БІРІ

«Ұстаз – адами тазалық, Замани сындарға бағынбас...», – деген періштедей пәк жас ақынның жүрекжарды жырының тазалығы мен ойлылығы қуантады. Екі жолда қандай қарапайым ой жатыр, ал оның астарындағы зіл батпан жауапкершіліктің салмағы қандай ауыр десеңізші? Ұстаз деген ұлы тұлғаның өзі тұнып тұрған тазалық болса және адами қасиетті қажет етсе, кезеңге немесе жағдайға, уақыт талабына сай, «заманың түлкі болса тазы болып шабатындай» мың құбылар, майысқак емес, оларға бағынбайтын, мәңгілік рухани құндылықтарға ие жан ғана нағыз Ұстаз екен. Оған даңқты ойшыл, халық батыры Бауыржан Момышұлының: «Ұстаз – адал болу керек, адал емес адам ұстаз бола алмайды», – деген «бұйрығын» қосыңыз. Сондықтан да ұстаз деген есімге өз басым үлкен жауапкершілікпен, құрметпен қараймын. Менің бала кезімде, мектепте, студенттік өмірде білім берген, өмірді танытқан жақсы ұстазымдарым болған. Ал, олардың ішінен іріктеліп, менің өмірлік жолымда өзінің өнегелік қасиетімен есімде мәңгі қалған рухани ұстазымның бірі – Сейдахмет Бердіқұлов. Ол кісі жалғыз менің ғана емес, өткен ғасырдың 70-90 жылдары әдебиет әлеміне келген әрбір қазақ қаламгерінің алғашқы тәрбиешісі болды десем қателеспеймін. Өйткені, кейіндері мүйізі қарағайдай болған ақын-жазушы, сыншы, әдебиетші ғалымдардың, белгілі журналист-публицистердің қалам ұштар ұясы – сол кездегі «Лениншіл жас», бүгінгі «Жас Алаш» газеті болғаны белгілі. Бүгінде осы шаңырақтан шеберлігін шыңдап шыққан сөз шеберлерін санасақ саусағымызды сан қайырып, жүз бүгеріміз хақ. Міне, осының өзі мектебін қалыптастырған бір ұстаз, бір тұлға үшін елі мен ұлтты алдындағы азаматтық абыройы мен адал еңбегін ақтар нәтиже.

Ұлттың дамып өркендеуі – оның әрбір өкілінің қаншалықты және қалай тәрбиеленгеніне, олардың ой-пікір деңгейіне тікелей

байланысты екендігін ескерер болсақ, көрнекті қаламгер, ұлтжанды азамат Сейдахмет ағаның қазақтың ар-абыройына айналған рухани көсемдерін тәрбиелеп, қалыптастырудағы еңбегін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Сейдахмет Бердіқұловтың өзі өмірден ерте кетсе де, екінші, мәңгілік ғұмырының өміршең болуы да осы рухани іздеушілерінің, шәкірттер шоғырының көптігінен болса керек.

Расында да ұлттың болмысы мен ақыл-ойының, ой-пікірінің, рухани ілімінің көркем айнасы болған қаламгерлердің тәлімгері болу – ұлттың ұстазы болу деген сөз. Менің жеке өмірімдегі асыл ағамыз, рухани ұстазым – Сейдахмет Бердіқұловтың орны ерекше. Ол кісінің есімі 1983 жылы орыс тілінде жарық көрген «Все беру на себя» атты повесіне «Гүлзия, қарағым! Күні ертең өзіңнен кітап алатыныма сенемін», – деген қолтаңбасымен тікелей байланысты. Мақала жазуды жаңа бастаған, кітап жазу ойы түгілі түсіне енбеген маған бұл сөз, бұл сенім үлкен үміт отын жақты. Ол кісінің сенімі менің өзіме деген сенімді тудырды. Сөйтіп, осы бірауыз жылы сөз менің өмірімнің өзегіне айналды. Маған шығармашылық қанат бітірді. Сенім деген қандай күш екендігін сонда ұқтым. Шынында да адамның бір-біріне деген немесе ертеңіне деген сенімі болмаса өмірдің сәні болар ма? Ал ол кісінің жастарға сенімі деген ешкімге ұқсамайтын ерекше, керемет, нақты сенім еді. Баспасөзде танылып, сенің шамаң мен дәреженді сырттай бақылап жүрген адамға кадр таңдау оңай болар. Бірақ бүгін ғана университет қабырғасынан келген жас қызға осындай үлкен сенім арту жүрегінің түгі болса да екінің бірінің қолынан келе қоймас. Мүмкін, ол біз біле бермейтін ұстаздық қабілеттің құпия сырлары шығар. «Теңіздің дәмі тамшыдан танылады» дегендей, талантты да тәжірибелі тәлімгер біздің аяқ алысымыздан бірденені сезіп, білді ме екен? Білмеймін. Бірақ, Сейдахмет ағада Мағжанның «Мен жастарға сеніміндей » үлкен сенім бар екендігін сезгем-ді. Сейдахмет ағаның жастарға деген үкілі үміті мен үлкен сенімі қазақ әдебиетінің бірнеше толқын қаламгерлерін жастар газетінде бірнеше тасқын қаламгер Сейдахмет ағаның ұстаздық мектебінен өтіп, бой түзеуге бағыттады. Ертеңіне батыл қадам басты, ұлттық сөз өнері өрісіндегі өз орындарын ала білді. Кәсіби шеберліктерін шыңдап, қаламдарын ұштаған жастар «Лениншіл жаста» әдебиет секілді үлкен әлемге танылды. Қазір ойлап отырсақ, Бердіқұлов Сейдахмет қазақтың бүкіл бір қауым қаламгерін қалыптастырып, ұлтына

адал қызмет етіпті. Ол кісі сырт көзге соншалықты сұсты, сесті, сырбаз, өте кірпияз көрінгенмен қара қылды как жарардай өте әділ, турашыл кісі болатын. Летучкаларда сын естіп қаламыз ба деп тура бір иненің үстінде отырғандай лыпыл қағып отырушы едік. Өзіне ұнамаған мақаланы жер – жебіріне жеткізіп, жеке адамның намысына тимесе де санаңды сілкілейтіндей, жігеріңді жанатындай сөз айтатын. Ал, көңілі толса мәртебенді көтеріп, өзіне деген сеніміңді арттырып қоюшы еді. Біле білген жанға соның бәрі керемет сабак, өнеге екен-ау дерсің бүгінде. Кейде жұмыс соңына таяу әр бөлімге кіріп, тең құрдасыңдай жөн сұрасып, тамыр басып, талғамың мен танымыңды таразылар еді. Кімнің неден хабары бар, кім не оқып жүр, не тындап жүр дегендей біліміңе білдірмей бақылау жасайтын. Сонда бір ғана сұрақ сенің тағдырыңды, сенің бүкіл абыройды не аспанға көтереді, не аяқасты етер еді. Қандай қатал сынақтар еді, солар. Сондай сәттерде еріксіз есіңе Бөлтірік шешеннің:

«...Не сөйлейтініңді біл,

Кімге сөйлейтініңді біл,

Қай жерде сөйлейтініңді біл,

Қай кезде сөйлейтініңді біл,

Қалай сөйлейтініңді біл», – деген даналығы түсіп, Сейдахмет ағамен сөйлесудің ауыр сынақ екендігін сезетінбіз. Ол кісі осылай әрбір жасты үнемі ізденіске іңкәр етіп қоятын, санаңды сілкілеп, сергек жүруге үйрететін еді. Әр нәрседен хабардар болуға баулитын бапкер-ұстаз кішкене қолы қалт етсе (көбінде түскі үзілісте) теннис ойнауға шығатын. Бұл бір керемет бәсеке болатын. Тоғыз қабаттағы баспасөз үйіндегі небір талантты қаламгерлер келіп, кезекке тұрушы еді. Үлкендер жолымен, жастар оларға қызыға да қызғана қарап тек жанкүйерлікке жарап қана тұратынбыз. Соның өзін мәртебе, бақыт санаушы едік. Ұлы адамдардың әрбір әңгімесін, құрдастардың қазақы қалжыңын есту, т.б. біз үшін қызық болатын. Бәрі-бәрі үлкен бір мектеп екен. Бірде жұмыстан қайтып бара жатып, Сейдахмет ағамен кездесіп қалдым. Ол кісі бірдене есіне түскендей мені тосыңқырап тұрып, тіл қатты: – Гүлзия, қарағым, сенің «Жалын», «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақалаларың туралы бір жігіттен көңілге жақпайтын сөз естідім. Бірақ, сен көңіліңе алма. Шығармашылық ортада ондай алып-қашпа сөздер бола береді. Керісінше, оларға ерегіскенде, күн-түн демей жаза бер, – деп жі-

гер беріп қойды. «Менмін», – деп жүрген жігіттердің соншалықты ұсақшылдығын мысқылдай отырып, маған да үлкен ой салды. Ақылы мен сөзін ақылсызға қор етпеген асыл аға ол жігіттердің есімі мен сөзін айтпағанымен арқа тұтар ер азаматтардың арасында да аузы жеңілдердің бар екендігін аңғартқандай. Жас адамға бұдан артық қандай қамқорлық, сенім, жағдай керек. Сейдахмет ағаның сол сенімдері шығар, мені осы әдебиет әлеміне алып келген. Қаламға адал болып, журналистика саласында ұзақ жылдар еңбек етуім, «Лениншіл жас» газетінде еңбек еткен үш жыл – менің болашақ жолдарыма жолдама болғаны аян. Отбасын құрып, Алматыдан алыстап Шымкент қаласына қоныс аударғанда, кейін ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының академик Зәки Ахметов жетекшілік ететін әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөліміне қызметке тұрарда да осы республикалық «Лениншіл жас» газетінде қызмет етуім маған сенім білдіруге сеп болғанын жаныма жалау тұтамын.

Сейдахмет ағаның өз ұлтын керемет жақсы көріп, соның болашағы үшін еңбек еткеніннің бір көрінісі де – осы шәкірт тәрбиелеу, әсіресе ұлттың ертеңін қалыптастырар қыз балалардың өскенін, білімді, парасатты болуына өзінің азаматтық үлесін қосуы дер едім. Ертеңін ойлаған ел де, ер де Әйел азаматтарды ардақтап, сауаттылығын бірінші кезекке қойса керек. Әйел сауатты болса да ұлт та сауатты екендігін естен шығаруға болмайды. Оның бірден-бір дәлелі – Мәскеудегі «Комсомольская правда» газетіне үш айлық тәжірибеден өтуге мені жіберген еді. Жігіттерге қашанда жол ашық, «қыздың жолы жіңішке» деген, мүмкіндік болып тұрғанда қыз балаларға да қолдау көрсетейік деген көрегенділігі болса керек. Ол бір ұмытылмас бақ, бақыт болды. Егерде бүгінде пенде ретінде бір дәрежеге жеткен болсам, Сейдахмет ағаның сенімі мен қамқорлығының нәтижесі деп білемін. «Лениншіл жастан» жалғыз мен ғана емес, Мағира Қожахметова, Жұмагүл Солтиева, Нұрлытай Үркімбаев, Алма Мұхамеджанова, Баян Болатханова т.б. сынды қыздар да тәрбиеленіп, бүгінде елімізге нәзік жанды қаламгер қыздар болып танылды.

С.Бердіқұлов үлкен басшы, білгір ұйымдастырушы болумен қатар ұлттық әдебиетке тың тақырып, спорт тақырыбын алып келген көрнекті суреткер де. Өкінішке орай, әлі күнге дейін

оның шығармашылығы жан-жақты талданып, зерттеле қойған жоқ. Тек академик апамыз, тілші маман Рәбиға Сыздықова ғана С.Бердіқұлов шығармашылығының шырайын келтіріп тұрған тың тілдік өрнектерді көркемдік құбылыс ретінде арнайы қарастырып: «...Сейдахмет – жазғандарын көпшілік қауым, оның ішінде сөз қадірін білетін оқырмандар қызыға, сүйсіне қабылдайтын жазушы. Қызықтыратын да, сүйсіндіретін де оның айтпақ ойларының салмақтылығы, тақырыптарының бүгінгі өмірмен, өзіміздің ой-армандарымызбен қабысып жатқандығы, конфликтілер нанымдылығы, шығарманың композициялық құрылымның сәттілігі т.т ғана емес, тілі де. Тілде көрінер өрнектер де. Қысқасы, С.Бердіқұлов – көркем дүние ұсынуда өз мәнерлері, өз айшықтары айқынырақ көрінетін, сол көрініс арқылы мазмұн мен түрдің, (жанр мен тілдің) гармониясы жақсы сезілетін жоғары сауатты әдебиетімізді танытатын қалам иелерінің бірі, бірегейі» (Рәбиға Сыздық. «Сөз құдіреті». – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 бет. 150 б.), – деп әділ бағасын берген.

Көрнекті ғалым, академик Р.Сыздық апамыз айтқандай, қазақ әдебиетіне спорт тақырыбын алғаш әкеліп, соны жол, тың түрлен салған саңлақ суреткер С.Бердіқұлов шын мәніндегі кәсіби шебер болатын. Өзі табиғатында қандай қатал, кірпияз кісі болса әр сөз-сөйлеміне де сондай сергек, жауапкершілікпен қарайтын талғампаз жазушы да. Баз біреулер спортты журналистиканың тақырыбына теңгеріп, тосырқап, тіпті мойындағысы келмегендей кейіп танытқанымен уақыт таразы өзіне керегін екшеп алып жатады. Әрбір сөзге терең ой сыйғызып, өз орнында пайдаланып, образбен сөйлеуге тырысатын талантты қаламгер С.Бердіқұловтың шығармашылығы туралы сөз келешекте болар деген үміттеміз.

Талант – тұтас құбылыс, ол кісінің қаламгерлігі, ұстаздығы, шешендігі, бапкерлігі, сонымен қоса халық әндерін әсем орындайтын қоныр дауысы нағыз дүлділ дарынды танытатын қасиеттер еді. Бірде ұжымдағы қыздарымыздың бірі – Салима Ысқақтың үйлену тойында «Бір бала» әнін шырқағанда таңғалғанымыз бар. Тұлғаларды ет пен сүйектен жаралған, оның да қуанышы мен қайғысы бар қарапайым пендеге қимайтын сары уыз балалар үшін бұл бір үлкен жаңалық болатын. Жұмыстағы ресми кейпіне мүлдем кереғар, көңілді, кіммен де теңдей сөйлесетін кеште ол кісінің адами тұлғасын бір қырынан танып, таңғалғанымыз бар-тын.

Ал, өзімнің ұзатылу тойымда арнайы бір автобусты жалдап, бүкіл ұжымды ұйымдастырып сонау шалғайдағы Түлкібас ауданындағы Ақбиік елді мекеніне жіберуі де кез-келген басшының, азаматтың қолынан келмейтін ерлік еді. Уақытпен санаспайтын шығармашылық жұмыстан бір сәт босап, сергіп қайтсын деді ме, бүкіл ұжымның жастарын жіберуі сол кісіге ғана жарасатын әрекет-тін. Сол сапардың ұжым жастарына ұмытылмастай әсер қалдырғаны бар. Әрбір ісінде ірілік танылып тұратын талантты да парасатты тұлғаның әрбір сөзі бүгінде үлкен тәрбиелік мәні бар тағылымды тағдырды алға тартады. Шынында «Лениншіл жас» газетіндегі әрбір күннің жастыққа тән тіршілігімен танымды еді. Жастар газетінің сол кезеңдердегі игі дәстүрі, әдемі кәсіби шеберлік мектебі жайлы жылдап жазсаң да таусылмасы хақ. Олардың бәрі халықтың алдында, өзінше бір өмір, тарих, тағылым.

Бірде кезекшілікте әдеттегідей ертеңгі шығар газетті бастыру үшін рұхсат алуға ұжымның жүргізушісімен түн ортасына үйіне барған болатынмын. Үй шаруасымен айналысып жүрген ағамыз мені көріп ыңғайсызданып қалғандай болып: «Қатын – ауру, бала – жас, келі түйіп жатырмыз», – деген атанды білесің бе, қарағым? Соның кейпін киіп жүрміз, «кел, үйге кіре ғой», – деп газетті алып бір шолып шықты да қолын қойып берді. Бұрындары ұзынқұлақтан үйдегі жеңгей сырқат дегенді еститінбіз. Осындай қалың қайғысы болса да сездірмей отбасына адалдығын сақтаған Сейдахмет аға үнемі балаларын қасынан тастамайтын еді. Кейбір жігіттер секілді әлгіндей себепті жақсы сылтау ететін серілігін де естімеппіз. Керісінше кәсібі мен отбасына адалдығын сақтамаған жандарды жақтырмайтындығын байқайтынбыз.

Шынына келсек, ол кісінің адами тұлғасы, кісілік келбеті, қаламгерлік қасиеті туралы көп айтуға да, жазуға да болады. Ол келешектің шаруасы. Қалай дегенде де менің өмір жолымда «Лениншіл жас» газетінің, оған жетекшілік жасап, қаншама қазақтың қаламгер ұл-қызын тәрбиелеп, қанаттандырған ұлағатты ұстаз, көрнекті қазақтың қаламгері, ұлтжанды азамат, үлкен парасат иесі Сейдахмет Бердіқұлов ағаның орны өзгеше.

Әр халықтың азаматы дәл С.Бердіқұловтай ұлтына адал қызмет етсе, оның ертеңі үшін алаңдамас едік. Әсіресе, ол кісінің нағыз ұлтжанды азаматтардың арына сын болған 1986 жылы Желтоқсан

оқиғасындағы ерлігін кім естен шығарады дейсіз? Ол да өзінше бөлек әңгіме. Шіркін, еліміздің ар-абыройына айналған сол атпал ағамыздай тұлғаларымыздың азайып бара жатқаны несі екен? Кей-кейде осындай ойға қаласың...

Кешегі еліміздің басына қиян-қыстау кезең туғанда да осы жастарды жақтап, саусағын безегендерге бедірейіп батыл жауап қатқан да, ел келешегі үшін бас тігіп бел шеше күрескен де осы Сейдахмет ағамыз еді. Қайсы бірін айтайық, біздің бар білетініміз; ол кісі ұлтына адал қызмет етті, елдің ертеңіне сеніммен қарап, жастарға қамқорлығын аямаған аяулы аға ұрпақтың бірі бірегейі еді. Шынында да Сейдахмет Бердіқұлов – сирек ұстаздың бірі болатын.

ҚОЖАДАЙ АРМАНШЫЛДАР ҚАЙДА?

Бердібек Сокпақбаев десек, есімізге бірден «Менің атым – Қожа» түсері хақ. Бердібек пен Қожаның бүгінде жоқтығы, сағымға айналған сағыныштай. Жанды жабырқатады. Неге? Себебі, біріншіден, Бердібек ағамыздай елдің ертенін ойлап, балалардың бүгінін бүтіндеп, жадау жүректеріне жылу ұялатқан, ұлтының ұрпағы ұғымтал, мейірімді болуын көксеп, балалар әдебиетінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып, табанды еңбек еткен талантты тұлғалардың тапшылығы, жоқтығы. Екіншіден, Қожадай есті есердің, бар балаға тән аңғалдық пен алғырлықтың символы болған арманшыл ұлдың бүгінде көзден бұлбұл ұшуы. Теледидардың тетігін түртіп қалсаң, жан түршігерлік қылмыскердің орнында оқушы отырады, интернет ақпаратты ашып қалсаң, алдыңнан күндей күлімдеп пәк періште бала емес, өз жасына сай емес салқын қанды суық жүзді жасөспірім шыға келеді. Бірі тапа-тал түсте, тіпті мектеп ауласында сыныптасын атып кетсе, енді болмашыға бола қаламсабымен-ақ парталасын жүректен қадап шімірікпей шейіт етеді. Не деген жауыздық? Қайдан шыққан қатыгездік? Балаларымыз қандай болып барады? Себеп неде? Сан сауал ата-ананың жүректеріне жан-жақтан қанжардай қадалып, жауап күтеді. Себебі; нарық заманы балаларға назар салуды қойды. Балалар әдебиетінің бағы Бердібек ағамызбен бірге тайды. Қожа секілді қиялшыл, жан баласына жақсылықтан басқа қылдай қиянаты жоқ періштелеріміздің саны сұйылды. Балаларымыз бесіктен белі

шықпай жатып компьютермен достасып, кілең «ветмендерді» көретін болды. Көргендері қан жоса болған кейіпкерлер, детектив жанрындағы дене түршіктіреп соғыс, қылмыс, атыс-шабыс, т.б. Бауыржан Момышұлы айтатындай ертегі естіп, кітап оқып, ойын түзеген ұлдан қандай ұлт құралмақ?

Ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезов 1960 жылдары Америка Құрама Штатына барған сапарында тап бүгінгідей қылмыстық хроникалар қаптаған кинофильмдерді көріп қатты шошынған екен.

Суреткерді қатты толғандырған жайт – көрген кинолары мен театр қойылымдарындағы мазмұны сұмдық қатыгездік, қан төгу, бұзықтық жағдайлардың жас буынды аздыратынын және олардың театр, кино, сурет, теледидарларда бақылаусыз есепте берілуі болса керек. Осы бейберекетшіліктің бала санасына әсерін жазушы «Америка сапары» атты жолжазбасында былай әңгімелейді: «... Сахнада бір сұмдық болып жатса, залда отырған балалар мінездері мен қылықтары одан да өткен сұмдық тәрізденді. Бұл балалар толған зал әрбір өлім тұсында шулап, мәз бола күлісіп, қол соғып, аяқтарымен тақтай тепкілеп, өлтірушінің ісіне қызығып, кәдімгі қоянға тазы итін қосып айтақтатқан аңшылардай болысты. Барлық өлім оларға киносуреттің тапқызбас қызығындай қызу әсер етті. Ірку, іркілу, корку-жирену жоқ, қызығу да қызықтау – жас балаларға бүгінгі Американың көп кино суреттерінің беріп жатқан жан жемі осындай болды да, оны қабылдау жаңағыдай. Және балаларға сол кинодағы жаңағы суретке билет арзандаған бағамен сатылады. Бұл көргеніміз, мұндағы еріксіз сезгеніміз бүгінгі Американың бүгінгі бар мәдениетінің сыртқы көркі, техникасы, барлығы, байлығы қатарында, мынадай жас буынды жабайылық, қанқорлық, жыртқыштық бағытта баулығандай сұмдық аңғарылады. Солай болмасқа, ойламасқа шара да жоқ... Оларды жасаушылар арасында үлкен конкуренция-бәсеке де бар. Сондай суреттерді туғызумен үлкен капиталдар құрап жатқан компаниялар да бар. Олар Америкада не жазса да болады, не туғызса да болады, қандай кино жасаса да болады, не туғызса да болады, қандай кино жасаса да бөгет жоқ, цензура жоқ деген сымақтарды сылтау, арқа тіреу етеді. Сөйтіп, жас буынды жаман, сұмдық, бұзықтық, жыртқыштыққа көзін үйретіп, көңілін көндіріп, әдейілеп бастай баулиды. Міне, америка көркемөнері аталатын әлемнің ішінен осындай да өнер болмыстың пішінін көрдік».

М.Әуезовтің осы естелігі қазіргі кинофильмдердегі келеңсіздіктерді, олардың бақылаусыз берілетінін, жастарды әлгіндей жауыздыққа тәрбиелейтінін ескертеді. Осындай олқылықтардың түп-тамыры балаларымыздың әдеби кітапқа деген құштарлығының құлдырауы. Олардың заманауи талабына сай жазылған көркем дүниелердің кемдігі, яғни бүгінгі балалар әдебиетінің кенжелеп қалуы мен насихатталмай жатуы болса керек. Осы ретте қазақ балаларының бірнеше толқынын тәрбиелеген, өзіндік мектеп қалыптастыра білген көрнекті қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылық дәстүрін дәріптеу, оны жаңғырту, насихаттауда қолға алынғаны құп болар еді. Әуесқой режиссер Е.Рақышев «Менің атым – Қожаның» бүгінгі нұсқасын жасап, экрандағанмен Б.Соқпақбаевтың көркем туындысындай кенінен таныла қоймады. Ең өкініштісі, қазіргі қазақ әдебиеттануында балалар әдебиеті де, оның көрнекті өкілдерінің шығармалары да өз дәрежесінде зерттелмей келеді. Әсіресе, әлі күнге дейін балалар әдебиетінің бағы болған Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығы мен оның көркемдік әлемін зерттеген ғылыми еңбектердің жоқтығы, болса да мардымсыздығы қазақ оқырмандарын ойлантса керек. Өйткені, бұл жайт жалпы еліміздің ертеңі болар ұрпағымыздың тағдыры мен тәрбиесіне, келешегіне деген немғұрайдылығымызды танытса керек.

Көзі тірі кезінде де балалар әдебиетінің үнемі шетқакпай болуына көңілі толмаған қаламгер кеңестік кезеңнің құрбаны болған еді. Өзі өмірден өтсе де шығармашылық өнері өлместей мұра болған тұлғаның трагедиялық тағдыры енді оның мәңгілік мұраларын оқып, насихаттауда, зерттеп-зерделеуде де зардап шегіп жатқандай. Балалар әдебиетіне көңіл бөлмеген жағдайда Бердібек Соқпақбаевтың да шығармашылығына жарық түсуі екіталай. Өйткені бұл екі мәселе біртұтас көркемдікке ұласқалы қашан. Әттең, соны қолға алар қазақтың ұлтжанды ғалымдары, әдебиетшілері табылып жатса, біздің келешегіміздің көсегесі көгеріп, балаларымыздың жан дүниелері газарып, Қожадай арманшыл, алғыр, тау суындай таза да мөлдір балалар саны көбейер еді.

Көрнекті суреткеріміз, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожасы» әлі де талай ұрпақты ұлтжандылыққа, ұшқыр қиялшылдыққа, асқан алғырлыққа баулитын тағылымы мол туынды екендігі сөзсіз.

БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ РОМАНЫНДАҒЫ ДИАЛОГ ПОЭТИКАСЫ

(Б. Момышұлының «Преломление света»
атты романы бойынша)

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Добрые мосты» («Жазушы», 1972), «Раскаленные камни» (1974), «Розрачные льдины» (1976), «Тихие голоса», «Я еще ребенок» (1976, 1982), «Когда ты рядом» (1983) роман, «Мен әлі сәбимін» (Жалын, 1984), «Жанымның жарық жұлдызы», «Восхождение к отцу», «Дети-великаны» («Жазушы», 1985, 1986, 1988), «Во имя отца» («Өнер», 2001), «Сыновья Великого Волка» («Өлке», 2004), «В поисках света» («Өнер», 2004), «Сердце волка» Диалогический роман-эссе. («Арыс», 2005), «Преломление света» («Алматы, КазГосЖенПи 2008) т.б. атты кітаптардың авторы, көрнекті қаламгер Бақытжан Момышұлының қай шығармасын оқысаңыз да ең алдымен сізді ойлы оқиға, таза эпикалық және психологиялық баяндауларға құрылған кейіпкерлердің тағдыры мен өзіне ғана тән сөйлеу тәсілі тамсандырары хақ. Талантты жазушының кәсіби шеберлігі мен сөз өнеріне деген адалдығы, әр шығармасында жаңа ой айтуға, жаңаша мазмұндық, пішіндік, көркемдік жүйе жасауға талпынысы танылып отырады. Төменде біз жазушының бір ғана шығармасындағы диалогты құрудың көркемдік әлеміне тоқталмақпыз.

Соңғы жылдары қазақ әдебиетінде рухани дағдарыс, тың тақырып таппай тоқыраушылыққа ұшырау, жазушылардың өз-өздерін жоғалту сияқты кезеңдік рухани бір кесапаттың жүріп өткені өтірік емес. Бұл өткен тарихтардан мәлім болғандай өтпелі кезеңдерде белең алатын белгілі, заңды көркемдік құбылыстар сияқты. Алайда, өзі іштей ізденісте жүретін, жазар кітаптарына шикізат боларлық білімді жүйелі түрде жинап, оларды көргендері мен көкейіне түйген өмірдегі бай тәжірибелерімен толықтырып отыратын ойлы таланттардың тоқырауға бой алдырмасы тағы түсінікті. Соңғы жылдары жазушылардың автобиографиялық, мемуарлық жанрларға көбірек ден қоюы да жалпы қоғамдағы саяси, әлеуметтік, мәдени, әдеби, рухани құбылыстарды тереңнен талдап, кеңінен таразылаудың қажеттілігінен туындап жатса керек.

Соның бірден-бір куәсі – белгілі қоғам қайраткері, көрнекті

жазушы Бақытжан Момышұлының «Преломление света» атты романы. Орыс тілінде жазылған роман отыз тараудан тұрады. Тараулардың аттары болмаса да әрқайсысының айтар ойы, атқарар көркемдік жүгі, тақырыбы бар. Мұнда «автор-кейіпкер» мен оның апасы Шәмшаның 1938 жылы Қарағанды қаласының бірінші секретары болып жүргенде 58-ші статья бойынша халық жауы ретінде тұтқындалып, 18 жыл түрмеде болған Рахматы Байжасаров сынды белгілі қоғам және партия қызметкері жөніндегі естеліктері, екеуара әңгімесі шығармадағы диалог поэтикасын құрайды. Суреткер Рахматы образы арқылы қазақ халқының кеңестік кезеңдегі бастан кешкен ауыр тағдыры, ондағы ашаршылық, саяси репрессия, тоталитарлық режим сияқты саяси оқиғалар астары мен ақиқатын бүгінгі ұрпаққа қажетті тағылымдық ақпарат ретінде ұсынады. Өмір бойы адал еңбек еткен кеңестік кезеңдегі саясатқа қанша қорлық пен қиыншылық көрсе де имандай сеніп кеткен кейіпкердің трагедиялық тағдыры бүгінгі ұрпақ өкілдерінің көзқарастары арқылы беріліп, астары мол тарихи оқиғалардың әділетсіздігі ашылады. Тегінде, ақиқатты ашатын бірден-бір тәсіл диалог. Романның көркемдік-эстетикалық қуатын құрайтын диалог поэтикасын жазушы психологиялық баяндаумен бедерлей отырып, кейіпкерлердің эмоционалды-эстетикалық сезімдерін келісті кестелейді. Өткен мен бүгінгі ұрпақтың тіл, діл, дін мәселесі жөніндегі ой-толғаныстарынан автор бейнесі әрдайым байқалып отырады. Қаламгер екі тарихи кезеңге тән ұлт жайын, ұлт қамын уақыт пен кеңестік категорияларының үйлесімі арқылы тарихи зерде биігінен толғайды.

Суреткер Бақытжан Момышұлы адамзат қоғамына сабақ болар кешегі тарих пен бүгінгі кезеннің мәселелерін интерпретациялады сұрақ-жауап ретіндегі нақты мәліметтерге құрған. Адамзаттың санасын сілкіп, оның ішкі өміріне өзгеріс әкелетін жаңа қоғамдағы психологиялық құбылыстар роман мәтініндегі жаңа мазмұн мен жаңа пішіннің өмірге келуіне себеп болғаны белгілі.

XX ғасыр соңындағы әдебиетті зерттеу төңірегіндегі еңбектерге сүйенсек, көркем прозада кеңінен көрініп жүрген бірден-бір көркемдік категория – диалог екен. Бұл жәйт кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі ой-толғамдарды, тебіреністерді тереңнен толғап, талдаудан гөрі бүгінгі уақыт талап етіп отырған көкейкесті тақырып жөнінде «тірі тілдесу», жанды сөз қозғау әлдеқайда маңызды

екендігін көрсетеді. Осы мақсатты көздеген жазушы Бақытжан Момышұлы «Преломление света» атты романында әр дәуірдің өз диалогы бар екенін, ол сол кезеңнің ойлау мен сөйлеу әдебін әсерлі жеткізетін әдеби тәсіл – диалогқа көркемдік жауапкершілік пен міндет жүктеген. Өйткені, осы шақпен ойлап, сол мезеттің (кезеңнің) мәселесін қозғайтын көркем диалогтың алдыңғы қатарға шығуы – қазіргі қоғам мен сананы бүтіндей өзгертіп жатқан жаңа уақыт сөзін дер кезінде айтып қалу қамы. Мұны заңды құбылыс деп қараған жөн. Қазіргі философиялық-эстетикалық ойдағы сапалы әрі кеңінен көрініп жүрген постмодернизм бағытының өкілдері баса мән беретін диалогтың Б.Момышұлының романындағы атқаратын рөлі зор. Бүгінгі күн ұрпақтарының кешегі тарихты жаңаша түсіндіруге талпыныс жасауы- жазушының жаңаша тәсіл қолдануына мәжбүр етеді. Сондықтан да мұнда автор – тек жазушы ғана емес, ұлт тарихы мен ұшқан ұядағы тәрбиеден тамыр алған, халқының бүкіл бет-бейнесін бала кезінен көңіліне тоқып өскен өрелі өнерпаз (сөз өнері өкілі) болғандықтан өзі оқырманға ұсынып отырған кезең шындығын елден естігені бойынша емес, өзі көріп, сезінген, куә болған кейіпкер ретінде біліп, баяндайды. Роман кейіпкері біреу (Рахмалы) болғанымен баяндаушы – екеу. Бірі – автор, екіншісі – кейіпкер – автордың апасы Шәмша, яғни қазақ қыздарының Ұлттық символына айналған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева. Екі тарихи тұлға арасындағы диалог екеуіне де аға болып келетін қоғам қайраткері Рахмалы Байжасаровтың өнегелі өмірі мен өз ұлтына жасаған қамқорлығы, жаңа кеңестік кезеңді құрудағы азаматтық адалдығы жөніндегі ой-толғаныстан тұрады. Роман өзара сұхбатқа, еске алу әдісіне құрылып, екі кезеңнің оқиғасы алма-кезек ауысып, бір-бірімен іштей рухани байланыста дамытылып отырады. Алайда, шығармадағы өмірлік әсерлер, баяндалып отырған тарихи оқиғалар мен оларға деген бүгінгі көзқарас әдепкіде кәсіби, кітаби білім, тек автордың өз өресі тұрғысынан талданғандай сыңай танытқанымен ондағы ұлттық рухқа құрылған интеллектуалды сұхбат оқушысын жалықтырмай терең ойларға жетелейді. Кешегі кеңестік дәуірдегі көркем шығармаларда баяндалатын бай мен кедей тағдыры, олардың арасындағы таптық тартыс, жаңа өмірге, жаңа қоғамға деген көзқарас романда уақыт сынынан өткен тарихи оқиғаға бүгінгі берілер баға тәуелсіздік кезеңіндегі ер-

кін рух, ой-сананы иеленген бүгінгі ұрпақтың ойы, талдауы ретінде бейнеленеді. Және әр кейіпкердің өзіне тән сөйлеу жүйесі, баяндау тәсілі бар. Мәселен, автор-кейіпкер көбіне тыңдаушы болса, Рахмалы аға туралы естелікті әпкесі Шәмша сөз шұрайын ендіріп, әдемі әсермен әңгімелеп беріп отырады.

Кеңестік кезеңдегі казак ауылына келген жаңа өмір кейіпкер – Рахмалы ағаның өмірімен өзектеліп, өрнектелгенімен сол дәуірдің көркем шындығы бүгінгі тарихи ақиқат арқылы ашылады. Мұнда жазушы тарихи оқиғаны сол қалпында бейнелеуден гөрі бүгінгі тәуелсіз ой-сана, жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеуді он көріпті.

Бүгінгі постмодернизм дәуірінің оқырмандары үшін тарихты қайта жаңғырту – өткенді қайталау емес, шынайы әңгіме, бүгінгі мен кешегінің ақиқаты айтылар диалог арқылы ғана жүзеге асырылған. Өткеннің өкініші мен өнегесі бүгінгі күннің көкейкеңгі мәселесімен рухани сабақтастықта сөз болып, оқырманның ойына келмеген жаңа әдеби үрдіс, көркем тәсілдермен түрленген шығарма шұрайы диалогтың міндетін марқайтып отырғаны мәлім. Бұл роман бүгінгі ұрпақтың тарихи жадыны жаңа тәуелсіз ой-сана тұрғысынан қайта жаңғырту керектігін, оның ұлтқа қажетті тағылымын таразылап, тандауға тәрбиелену керектігін көксейді. Өйткені, әр дәуірдің ұрпағы тарихқа өз бағасын береді, өз кезеңінің талабы тұрғысынан танып, таразылайды. Өйткені, бүгінгі өмір тарихқа деген жаңа көзқарасты талап етеді.

Романдағы оқиға желісі тек Рахмалы аға тағдыры төңірегіне тоқталып қалмай, бүгінгі күннің мәселелері – тіл, діл, дін тақырыбындағы философиялық-эстетикалық ойларға, ғылыми-теориялық тұжырымдарға да өріс береді. Автор әр кейіпкерін биік интеллектуалдық дәрежеге көтере білген.

Автор бүгінгі имандылық, қасиетті Құран кітабындағы тағылымдық тәрбие жөнінде кейіпкердің ой-толғамдарымен үйлестіріп отырады.

Романдағы Рахмалы аға туралы естеліктердің көбі ежелгі аңыз-әңгімелер сюжетіне құрылып, ұлт тарихын ұрпақ санасына саяси астарсыз таза қалпында сіңіру көзделіп, ақиқаттан алшақтамайтын тұнық бітімді этнопсихологиялық мәліметтер әр кезеңнің көркем шежіресі ретінде баяндалады. Сондай-ақ шығармадағы көркемдік-

эстетикалық жүк аткарып тұрған компонент-әдеби түс көру тәсілі. 18 жыл бойы халық жауы ретінде нақақтан-нақақ жазаланып, трагедиялық күй кешкен кейіпкер Рахмалының образын ашу үшін де автор көбіне еске алу, елестету, үрейлі түстер көру, оларды талдау сынды әдеби әдістерге де жиі жүгінген.

Қалай дегенде Б.Момышұлының «Преломление света» (Алматы, 2008 ж. – 360 б.) атты романы кеңестік кезеңінде елімізде орын алған тарихи оқиғалардың, саяси репрессиялардың зардабы мен астарлы құпияларына жана ұрпақтың көзқарасы мен бағасы.

МӘДЕНИЕТТАНУШЫ – МҰРАТ ӘУЕЗОВ

Адамзат тарихындағы ұлы сілкіністердің бәрі қоғамдағы қиянаттарға қарсылық танытқан жастардың жойқын тербелістерінен туындайтынын ескерсек, Мұрат Әуезов құрған ХХ ғасырдың 1960-70-ші жылдардағы «Жас тұлпар» студент жастар қозғалысы соның бірқуәсі еді. Кеңестік кезеңдегі қазақтың басынан кешкен күйзелістер «ұлтым» деген ұлдардың қайраткерлік қабілетін танытуға түрткі болды. «Жас тұлпар» Мұраттың даңқын көтеріп, есімін елге танытты. Сол кезден бастап қазақ жұрты Мұрат Әуезовті ұлт тағдырына қатысты даулы додалардан, биік мінберлерден көретін болды. Ішкі рухани әлеует пен қуат, телегей теңіздей терең білім, қай тақырыпта сөйлесе де жанын салып, шын жүректен жанашырлықпен сөйлейтін адал, биік эрудиция мен үлкен интеллектуалдың иесі Мұрат Әуезовті қазақ халқы әуелден-ақ мақтан тұтты.

Қазақ көркем сөзінің көшбасшысы, ғұлама ғалымы, саңлақ суреткері Мұхтар Әуезов сынды асылдың сынығы, ұлының ұрпағы болған Мұрат Әуезов қазақ әдебиеті мен мәдениетін әлемдік деңгейде танытып жүрген нағыз насихатшы. Тәуелсіз қазақ елінің Қытайдағы тұңғыш елшісі болып, табиғат тарту еткен құдайы көршімен дипломаттық қарым-қатынасты қалыптастыруда, екі елдің арасындағы саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық, әдеби байланыстарымызды нығайтуда орасан зор еңбек сіңіруге оның Мәскеу университетінің шығыстану факультетінде оқып, қытай тілінің маманы болып шығуы көп көмегін көрсеткен-ді. Өзінің бала шақтан бойына біткен білімге деген құштарлық пен жалпы

руханият әлеміндегі үздіксіз ізденіс қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен философиясын, саясаты мен мемлекеттік құрылымдарын, оның халықаралық дипломатиясын дамытуға дәнекер болды. Мұрат Әуезов Бас директоры болған жылдары ұлтымыздың рухани ордасы болған Республикалық ұлттық кітапхана әлемдік деңгейдегі мәдениеттер диалогының орталығына айналды.

Ұлтымыздың ұлы эпопеясы «Абай жолының» қайта аударылуына, «ЖЗЛ» сериясымен Мәскеуде «Трагедия триумфатора» атты кітаппен «Қазақфильмде» осы аттас деректі фильмнің түсірілуіне жетекшілік жасаған ұлтжандылық еңбектері, қазақ көркем сөзінің шебері М.Әуезовтің мұраларын мұрағаттардан табу, жариялау, жүйелеу, насихаттау, шетел тілдеріне қайта аударту, т.б. секілді толып жатқан ұйымдастыру, жетекшілік жасау сынды жүйелі түрде жүргізіліп отырған жұмыстары мен ұлттық рухани әлемге әкелген табыстары мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Тарлан» және «Алтын ғасыр» ассоциациясының «Алтын асық» атты сыйлықтардың иегері атанды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұрат Әуезов «Времен связующая нить», «Иппокрена», «Уйти, чтобы вернуться» деген бірнеше кітаптың авторы.

Бүгінгі Қазақстанның саяси, әдеби, мәдени өмірін ұлтын сүйетін, әдебиеті мен мәдениетінің әлемдік деңгейге көтерілуін көксейтін Мұрат Әуезовсіз әсте елестету мүмкін де емес.

Мұрат Мұхтарұлы – ғалым, әдебиет теориясының кәнігі маманы. Мәскеудегі Ломоносов атындағы Мемлекеттік университеттің шығыстану факультетінің қытай тілі маманы болуымен қатар, 1966 жылы СССР Ғылым Академиясының М.Горький атындағы Әлем Әдебиеті институтының аспирантурасын бітіріп, әдебиет теориясынан кандидаттық диссертация қорғаған. Осы жылдары Мәскеудегі Қазақ ССР-інің Тұрақты Өкілділігінде ол қазақ әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы секілді рухани құндылықтары жайлы әртүрлі тақырыптардағы мәжілістер, ой талқылаулар ұйымдастырып отырды. Оның әрбір жиналысына 500-ден кем емес қазақ жастары жиналып, ұлт тағдырына қатысты құнды ой додаларын өткізу дәстүрі болған. 1967 жылғы жаңа жыл алдындағы мерекелік жиында Мұрат Мұхтарұлы Сталиндік репрессия, 1930-32 жылдардағы ашаршылық жайлы бұрындары естімеген сұмдық цифрлар мен

тарихи мәліметтер айтты. Әрине, Мұхтар Әуезовтің осы қырғанға алғашқылардың бірі болып С.Қожановпен бірге аштықтан қырылып жатқан қыр қазақтарына көмек ұйымдастырып, елден қаржы жинауға қатысқаны, ол алапатты өз көзімен көріп, куә болғаны жөнінде жас Мұратқа айтуы, бұл әңгіменің бала Мұратты талай жылдар бойы мазалап, жүрегін жаралауы әбден мүмкін. Міне, жүректе мерез болған бұл мәліметтердің айтылу мерзімі Жаңа жылдық мерекеге келіп, қазақ жастарының өз тарихын танып, біліп жүруі үшін, жария етілді. Кеңестік кезеңде біздің тарихымыздағы ақтаңдақтарға айналған аштық туралы ақиқатты ашық, көпшілік алдында айту өзінді оққа байлап бергенмен бірдей еді. Алайда, әкесі әрі рухани ұстазының жанкешті ерлігін айтпасқа амалы да жоқ-тын. Кейін бұл ерлік 2-ші рет, 1975 жылы Жазушылар одағының пленумында қайта қайталанды. Сонда: «Өзінің ең үлкен трагедиясы туралы аузын ашпаған әдебиеттің қажеттігі жоқ, мұндай әдебиетті белден бір-ақ сызу керек», – деген («Өзімді Мұхтар Әуезовтің жазылып бітпеген шығармасының кейіпкеріндей сезінемін...»), – деген сұхбатында, Ә.Бөпежанова «Алтын Орда» 9 мамыр, 2003). Қоғамдық өмірге жаңа араласқан жас үшін мұндай батыл пікір айту сөз жоқ, көзсіз ерлік еді. Сөйтіп, ол тұлпардың тұяғы екендігін айдай әлемге тағы бір әйгіледі емес пе? «Айтқан сөз атылған оқ» дегендей, жастық желікпен емес, орныққан оймен, талай жылғы толғаныстың сәулесі болған бұл сөз қалың қазақ қана емес, өз ұлтының ар-ұятына айналған қаламгерлердің де түскен еңсесін көтеріп, толғандырған тақырыптарын жазуға түрткі болғаны аян. Талайдың санасын оятып, жігерін жаныған ойлы сөз көркем сөзге соны серпін, ұлттық ойлау жүйесіне жаңа рухани құбылыс құдіретін танытқан-ды. Мұрат Мұхтарұлының алашшыл идеяларының бәрі халықтың санасын біртіндеп оятып, ақырында 1986 жылғы Желтоқсанға өз әсерін тигізді.

Орайы келгенде айта кетер, тағы бір тосын ерлігі – 1986 жылдың 20 желтоқсанында Мәскеудегі КССРО Жазушылар одағындағы сынға байланысты болған жиынға барғанда Алматыда болып жатқан жастар қозғалысының ешқандай маскүнем, нашақорлар емес, кәдімгі студент жастардың өздеріне тиісті табиғи талап-тілектерін білдірген бейбіт шерулері екендігін, ол ұлтшылдық емес, ұлттық сана-сезімнің оянғандығын ең орыстың ортасында имен-

бей айтуы еді. Алаш деп айғайлап жүрген көп ағайындардың осы оқиға туралы не ғылыми, не әдеби ортада пікір білдірмегендеріне көңілі қалғанын Мұрат Мұхтарұлы сол жолы жасыра алмады. Бұл өкпенің соңы Мұрат Әуезовтің саясаттан гөрі таза шығармашылық жолға бой ұруға себеп болады. «Уйти, чтобы вернуться» деген «Күнделіктегі» адамзатты азғындықтан арылтып, өзінің адами, шығармашылық табиғатын таза қалпында сақтап қалуға себеп болған ішкі сырлар, құпия қатпары қалың құнды ойлар соның нәтижесі. Қазақтың алтын бесігі ауылы қашанда өз перзентін небір парықсыз пәлеқорлықтан, жазықсыз жазадан, нақақ жаладан, жүректегі сызаттары мол жарадан жырақтатар жылы орын, құтты мекен ғой. Қаламдас, рухтас құрдасы Сатымжан Санбаевтың туған ауылы мен ата-анасы Мұрат Мұхтарұлына біраз уақыт қасиетті шаңырақ болып, бүкіл қайғы-қасіретін ұмыттыруға себеп болды. «Күнделік» оның «құтқарушысы» болды. Жанының тазарып, рухының қайта көтерілуіне дәнекер болған бұл «Күнделіктің» өзіне ғана тән катарсистік көркемдік әлемі, өзгеше өрнекті стилі, болмысы бөлек жанрлық сипаты болды. Байқап көрсеніз, жай күнделіктер емес, экзистенция. Басқа күрделі де құнды дүниелер жазудың баспалдағы болды, бұл күнделік.

Кеңестік кезеңдегі саясаттың соңғы репрессиясына ұшыраған қоғам қайраткері Мұрат Әуезовтің рухани тоқыраудан алып шығып, жан дүниесінің Жүсіпбектің Ақбілегіндей, «...сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңадан туғандай...» (Ж.Аймауытов. Шығармалары. Алматы: «Жазушы», 1989 ж. 558 б-339 бет) етіп тазаруына ауылдағы қайырымды қарттардың қалтқысыз сүйіспеншілігі мен камкорлығы себеп болады. Тұлғаның жан дүниесіндегі жасырын қатпарлар, толқу, күйзелу, күйіну, ашыну секілді ішкі психологиялық ахуалдар-катарсис категориясы арқылы күрделеніп, туындының көркемдік-эстетикалық танымын танытады. Оқырмандар осы «Күнделік» арқылы тұлғаның санасында болып жатқан рухани қопарылыстарға қанығады, өзгерістерге мән береді. Өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ қоғамындағы, жалпы рухани өміріндегі тосын құбылыстарды Мұрат Әуезовше интерпретациялаған «Күнделік» шынында да соңғы жылдардағы эпистолярлық жанр бойынша шоқтығы биік шығарма. Кезінде одақтық беделді басылымның бірі «Литературная

газетада» меншікті тілші қызметін атқара жүріп, қаламын ұштап, өз стилін анықтаған айтулы тұлға қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, жалпы ұлттық рухани құндылықтардың қадір-қасиеттері мен қажетті зәру мәселерін одақтық деңгейде көтеріп, оның орыс тілі арқылы әлемге танылуына да талай табысты істер атқарғаны мәлім.

Көрнекті жазушы Мұрат Әуезовтің бұдан өзге «Времен связующая нить» және «Иппокрена» (1997) атты шығармалары бар. Өз оқырмандарынан жоғары баға алған бұл туындылар да қазіргі интеллектуалды прозасының көркемдік сапасын арттырып, оған философиялық терең танымдық қасиет дарытуымен дараланады.

Мәдениеттанушы, өнертанушы тұлға Мұрат Мұхтарұлының ұлттық кино өнерін дамытудағы еңбегі де елеусіз емес. «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы болған 1984-1988 жылдары талай жылдардан бері жабық жатқан кинолардың «көзі» ашылып, көрермендерге жол тартты. Кино өнеріндегі тоқырауға тоқтау салынып, түлеу дәуірін бастан кешті. Кино өнерінде жаңа бағыттар пайда болып, ұлттық кадрлар саны өсті. Жаңа зиялы толқын жастар қатары көбейіп, олар алып келген тың ойларға, жаңа көзқарастарға еркіндік берілді. Соның нәтижесінде қазақ режиссерларының (мәселен, Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі», Абай Қарпықовтың «Влюбленная рыба», Рашид Нұғмановтың «Игла») еңбектері әлемдік кинода таныла бастады. Бұл, сөз жоқ, Мұрат Мұхтарұлының табанды еңбегінің жемісі. Мұрат Әуезов «Сорос-Қазақстан» қорында еңбек еткен 1999-2003 жылдары «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша мәдениеттану саласындағы 10 томдық еңбектің жинақталып, жүйеленіп, жариялануына жетекшілік жасады. Бүкіл қазақ зиялыларының жаңа толқыны топтасқан бұл әдеби, ғылыми, мәдени жобалар сан ғасырлар бойы сарғайып, мұрағаттардың бекем қорларында қол тигізілмей жатқан талай еңбектердің жарияланып, рухани айналымға енуіне себепкер болды.

М.Әуезовтің Семейдегі М.О.Әуезов атындағы Семей гуманитарлық және Орталық азияттық (центральноазиатского) университеттерде оқытушы-профессор болуы, Республикалық Ұлттық кітапханада бас директор (2003-2007) болуы, көп жылдар бойы «Невада-Семей» қоғамдық-саяси қозғалысының ең белсенді мүшесі

болуы, «Сорос-Қазақстан» қорының директоры болуы, «Тамыр» (1995) клубын құрудағы қажырлы қайраткерлігі, Қазақ ССР-інің мәдениеті мен тарихи ескерткіштерін қорғау Қоғамының Орталық кеңесінде бөлім меңгерушісі қызметін атқаруы, өзге де көптеген мемлекеттік қызметтері мен қоғамдық жұмыстарын ескерсек, елі үшін еткен еңбегінің ұшы-қиырына жете алмайтындаймыз. Қайда жүрсе де қандай қызмет атқарса да бойына біткен бекзаттығынан айнымайтын, тумысындағы тектілікті таланттарды танып бағалауға бағыттайтын білгірлігі, мүлгіген тыныштық емес, мазасыз қозғалысты қалайтын қайраткерлігі, кімге болса да үлгі-өнеге болса керек. Ұлтым деп туған тұлғаның еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы, яғни 1960-80 жылдардағы әртүрлі деңгейдегі табанды еңбегін әсте естен шығаруға болмайды. Сондай-ақ оның Қазақстан парламентінің қабырғасында жүріп атқарған ұланғайыр еңбегі де еш кетпеді. Қайда жүрсе де ұлтының өзекті мәселелерін өткір көтеріп, оттың ортасында жүретін ұлтжанды тұлға әрдайым жанында жүрген әріптестерінің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайларына болысып, ұлт кадрларының жұмыспен, шығармашылықпен толыққанды айналысуына мүмкіндік жасап келеді. Көбінде өзі құрған Қорлар арқылы жастарды қолдап, олардың таланты мен қабілеті танылуына да көп көмегін тигізіп келеді. Бұл бағыттағы жеткен жетістіктерге көпшілік куә.

Ұлттың өзін-өзі тану үшін алдымен төл тарихын терең білуі қажет деген өмірлік ұстанымды ұстанған биік интеллект иесі күні бүгінге дейін тыным таппай осы салада ізденіп, білгенін барша қазаққа насихаттап, түрлі қорлар, ұйымдар атынан жиі-жиі ғылыми сапарлар да ұйымдастырып, кезінде бүкіл әлемді билеген түркі бабаларымыздың ізімен жүріп, қаншама құнды деректер, мол мәдени мұраларды тауып, ғылыми айналымдарға ендіруге ерінбей еңбек етіп келеді. Көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Мұхтарұлының жетекшілігімен қай бір жылдары (2003 ж.) «Сорос-Қазақстан» қорынан 10 мың доллар қаржы (ал 14 мың доллар қаржыны Сорос-Моңғолия қоры) бөліп, «Алатаудан-Алтайға» деп аталатын кітап-керуенін жібергенін, Баянөлгейге қазақша тарихи, көркем шығармалары көп кітапхана жасақтап бергенін, онда кітап жәрмеңкесін ұйымдастырғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ.

Көрнектіқоғамқайраткері, философ, мәдениеттанушы, әдебиетші, сыншы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Тарлан» және

«Алтын ғасыр» ассоциациясының «Алтын асық» сыйлықтарының иегері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов мұхтартанушы ретінде табанды еңбек етіп келе жатқан тұлға. Атап айтар болсақ, бүгінде өз қаржысына «Мұхтар Әуезов қорын» басқарып отырған ол ұлы жазушының мол мұрасының әлі күнге дейін жарық көрмеген, тіпті зерттелмеген, не әдеби, не ғылыми айналымға енбеген қолжазбаларын ескі араб жазуларынан, латын жазуларынан бүгінгі криллицаға көшіртіп, жинақтап, жүйелеуге ерекше көңіл бөліп келеді. Қазақтың көркем прозасын әлемдік деңгейге көтерген көрнекті суреткер Мұхтар Әуезовтің 50 томдық академиялық толық шығармалар жинағын жариялау барысында Мұрат Мұхтарұлы басқарып отырған қор ұжымы көптеген жаңа қолжазбалар тауып, жарыққа шығарды. Өзінің тікелей жетекшілігімен және бақылауымен қор және «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қызметкерлеріне арнайы тапсырма беру арқылы республикалық мұрағаттардан бұрындары белгісіз болып келген көптеген құнды қолжазбаларды тауып, жариялады. Тұңғыш рет Әуезовтер әулетінің ата тегінің шежіресін арнайы зерттеп, көлемді еңбек етіп, оқырмандарға ұсынды (Сейітомар Саттаров. «Мұхтар Әуезовтің ататегі. Тарихи-құжаттық, танымдық кітап. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 340 б. Кітап жазушы ұрпақтары Мұхтар Әуезов қорының ұйымдастырушылық және қаржылай көмек көрсетуі арқылы шығарылды).

«Мұхтар Әуезов қорының» арнайы қаржысымен бұрындары асығыстау аударылған «Абай жолы» роман-эпопеясының бүгінгі рухани еркіндіктегі саясаттан тыс тек көркемдік талапқа негізделген орысша нұсқасына Жоба жарияланып, оны жеңіп алған әйгілі қазақстандық жазушы Анатолий Ким орындап шықты. Қазақтың арасында өсіп, қазақ тілінің құнарына қанып өскен жазушы, аудармашы, драматург Анатолий Ким әдеби тілдің заңдылықтары мен көркемдік қуатын, ұлы жазушының өзіне тән эпикалық стилін сақтай отырып, «Абай жолы» эпопеясының орыс тіліне жаңа аудармасын жасады (2007-2009).

2006 жылы Мұхтар Әуезов қорының ұйымдастырушылық және қаржылай көмек көрсетуі арқылы көрнекті суреткер Мұхтар Әуезовтің туғанына 110 толуына орай орыс жазушысы, сыншы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Николай Аркадьевич Анастасьевтің «Жизнь замечательных лю-

дей» сериясы бойынша «Молодая гвардия» баспасынан «Трагедия триумфатора» деп аталатын өмірбаяндық романы жарыққа шықты. Бұрында бұл сериямен талай туындылар, атап айтқанда «Феномен Набокова», «Творчество Эрнеста Хемингуэя», «Фолкнер», «Владелец Йокналотофы», «Небо в чашечке цветка: Абдижамил Нурписов и его книги в мировом литературном пейзаже» деген белгілі кітаптар жазған Н.А.Анастасьев М.Әуезовтің шығармашылығын әлемдік әдебиеттің көркем құбылысы ретінде танытады. Және осы аттас «Қазақфильмде» деректі фильм Мұрат Әуезовтің жетекшілігімен көрермендер көзайымына айналды. Бұл да ұлттымыздың рухани өміріндегі үлкен көркемдік құбылыс болғаны белгілі. Сондай-ақ үнемі ізденісте жүретін биік эрудиция мен үлкен интеллектуал иесі Мұрат Мұхтарұлы осы қордың шығармашылық жұмыстарын жетілдіріп, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығының да шетел тілдеріне жоғары сапалы деңгейде насихатталуын үнемі назарда ұстап отырады. Оған Н.А.Анастасьевтің ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы «Абай – тяжесть полета» (Москва, «Молодая гвардия», 2008) деген орыс тілінде жазылған зерттеу еңбегі дәлел. Әлемдік әдебиет кеңістігіне еркін енетін бүгінгі тәуелсіз елімізде көптеген шетел тілдерін жақсы меңгерген аудармашы қазақ жастарының көбеюі бұл саладағы жұмыстардың сапасын келешекте арттырып, өрісін кеңейтер деген сенім мол.

Мұрат Әуезовтің мұхтартанудағы тағы бір табысы – Әуезов Қорының ірі жобасы бойынша «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова. Архивные документы» (Алматы: Издательский дом «Библиотека Олжаса», 2013. – 400 с.) деген монографиялық зерттеудің жарық көруі. Және жастарға үнемі сенім артып, үлкен үміт күтетін ұлтжанды тұлға бүгінде өзі жетекшілік жасап отырған «Мұхтар Әуезов Қоры» арқылы да әрдайым тың, ірі Жобалар жасап, оған шығармашылық топ құра отырып, жемісті жұмыстар жүргізіп келеді.

Сондай-ақ, ЮНЕСКО аясында өткен «М.Әуезов және ХХ ғасырдағы әлемдік әдебиет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында жарияланған Мұрат Әуезовтің «Мир кочевья и Мухтар Ауэзов» атты баяндамасында кешегі көшпелі дәуірдің соңғы тұяғы Мұхтар Әуезовтің Шығыс пен Батыс өркениетінің байланысы мен қайшылықтарын зерттеудегі ин-

теллектуалды ізденістерін Абайдың дүниетанымымен деңгейлес қарастырады. Мұхтар Әуезовтің әдеби ортасы, Алаш зиялыларының әмбебаптық білімдарлығы, саяси белсенділіктері, халқы үшін жанын қиятын ұлтжандылықтары жөнінде жан-жақты айта келіп, оның көпқырлы шығармашылығын түсінудің кілті де осында жатқандығын баяндайды. XX ғасыр басындағы сорақы саяси репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының аманатын арқалап, аман қалған Мұхтар Әуезовтің әдеби, ғылыми, қоғамдық, қайраткерлік қызметтерінің мазмұндық мәні тап осы тапсырмаларды орындауымен бірлікте болғаны белгілі. Мұрат Әуезов әкесі Мұхтардың өмір көшіндегі мұраты – Абай арқылы қазақты таныту еді деген ойын осы баяндамасында тағы да тұжырымдай түседі.

Мәдениеттанушы, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов қазақ әдебиетіне Абай мен Мұхтар салған сара жолында табанды еңбек етіп, өзін кемелдендіру арқылы халықтың рухани өміріне құрметпен қараудың үлгісін көрсетіп келе жатқан дара тұлға.

АЛТЫНБЕК СӘРСЕНБАЕВ – НАҒЫЗ ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ ЕДІ

Қой үстінде бозторғай жорғалаған бейбіт күнде де еліміздің егемендігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде, яғни өз тілімізді, өз салт-дәстүрімізді, өз тарихымызды, өз мәдениетімізді өркендетуге үлесін қосамын деген талай ұлдардан көз алдымызда айрылып жатқанымыз қандай өкінішті?! Соның бірі – белгілі журналист, қоғам қайраткері, ұлтжанды азамат Алтынбек Сәрсенбаев. Тәуелсіздігіміздің түпқазығын түбегейлі бекітуге бар білімі мен қыршын жанын қиған ұлтжанды жан 50-ге енді келсе, мен танысқан тұс – оның орда бұзар отыздың арғы-бергі жағы екен-ау! Жап-жас жігіттің сол кездері ұлттық руханиятта дүркіреп бір көрініп, қазақ жастарының ең бір сүйікті газетіне айналған «Өркен» («Горизонт») апталығының бас редакторы болып еліміздің тарихы мен ұлт тағдырына қатысты небір құнды, мұрағаттардан алынып, енді ашылып жатқан ақиқаттарға батыл барып, мәселелер көтеріп жатқанын сол кездегі көзі ашық, басылым оқитын жұрт жақсы білсе керек. Мен де көп оқырманның

бірі ретінде республикалық студент-жастар басылымы – «Өркеннің» ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық білім беру жүйесі, ұлттық кадр, ұлттық әдебиет пен мәдениет, ұлттық өнер сынды қазақ үшін аса қажетті тақырыптарда жарияланып жататын сұхбат, дөңгелек үстел, түрлі жанрдағы мақалаларымен таныс болатынмын.

«Кісі болар баланын кісімен ісі бар, кісі болмас баланын, кісіменен несі бар», – дегендей, кеше ғана С.М.Киров (бүгінгі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, оның соңғы курстарын Мәскеу университетінің журналистика факультетін бітіріп, енді ғана ел ісіне араласқан жастың бұл аяқ алысы сөз жоқ батылдық болатын. Басылымда бет-бет болып, айқара беттерді алып жататын кешегі мен бүгінгі, кеңістік пен уақытты керек етпейтін мәңгілік құндылықтар- ұлт мүддесі, ұлттық қасиет, ұлттық ой-сана, төл тарихымыз бен ана тіліміздің тағдыры сияқты сүйекті-сүйекті мақалалар Алтынбектің беделін арттырып, абыройын асқақтатып жататын.

Тегінде, қазыналы ой қай жерде болса атақ та, абырой да, рұх орталығы да сонда емес пе? «Өркен» шағын ұжымды, басыбайлы баспанасы да жоқ, республикалық студент-жастар басылымы бола тұра онда жастардың «мені» біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар...» (Мұхтар Әуезов «Шығармалар». 12 томдық. 12-том. – Алматы, 1969. – 532 бет. – «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз». 503 б.), шынайы сезім бар болатын.

1989 жылы Шымкент қаласынан отбасыммен көшіп келуіме байланысты өзімнің мамандығым – журналист болғандықтан бүкіл газет редакцияларына ат басын бұрып, қызмет іздедім. Өзім еңбек жолым республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») басталған болатын. Бірақ, мен қайтып келеді екен деп кім орын даярлап отырсын және ол кездегі талап бойынша еңбек кітапшада жұмыстан босаған күнің мен орналасқан күннің арасында 10-18 күннен ұзауға болмайды. Және бүгінгідей қаптаған басылымдар тағы жоқ. Санаулы ғана. Сонымен ірі басылымдардан орын таппай «Өркен» газетінің бас редакторы Алтынбекке келдім. Басылымдардағы мақалаларымды ала келгенмін, таныссын деп. Алайда, жылы шыраймен қарсы алған ол: «Лениншіл жастағы» мақалаларыңызбен жақсы таныспын. Бір бос орын бар, бүгіннен бастап шығам десеңіз, қазір бұйрық берейін», – дегені. Қуанышымда

шек жоқ. Бірден келістім. Алтынбектің әлгі айтқан сөзі мен артқан сенімі маған көп күш-қайрат берді. Әрі Алматы секілді үлкен қаладағы жанталас өмірді, әріптестер арасындағы әдемі, таза кәсіби бақталастықты аңсап келген басым, газеттің әр саны сайын көлемді мақалаларым, Алтынбектің жетекші ретіндегі тапсырмаларымен талай тұлғалармен тілдескен сұхбаттарым жарияланып жатты. Соның нәтижесінде белгілі сыншы, ғалым Зейнолла Серікқалиевпен, Қазақстанның азаттығы үшін күрескен философ ғалым, тарихшы, әдебиетші, этнограф және саясаткер Сәбетқазы Ақатаймен, белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімөвпен, көрнекті жазушы-драматург Дулат Исабековпен ұлт тағдыры мен ұрпақ келешегі жөнінде көптеген өзекті тақырыпқа арқау болған мақалалар, сұхбаттар жарияланды. Олардың дені болмаса да көпшілігі оқырмандар арасында пікірлер тудырып, тағылымды талқылауларға ұласып жатты. Осы сұхбаттар негізінде 2001 жылы «Ізденіс іздері» атты әдеби сын және сұхбаттардан тұратын жинағым жарияланды.

Ұлтжанды азамат Алтынбек Сәрсенбаев тек қана қазақ тіліндегі «Өркенде» ғана емес, орыс тілді таралымды сол кездегі ең зәрулі «Караванға» жетіп жығылатын «Горизонтта» да ұлт тағдыры мен тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына, қазақ халқының рухани өсіп-өркендеуіне қосқан өзіндік үлестері туралы тақырыптарға аса мән беріп, жиі-жиі дөңгелек үстелдер ұйымдастырып отыратын-ды. Соның бірі – «Место и роль Абая в общечеловеческой духовной культуре» деген дөңгелек үстел. Қазақ халқының рухани өркеніеті Абайдан басталады деген идеяны көтерген бұл сұхбатқа М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бір топ ғалымдары – ҚР ҰҒА-ның академигі, көрнекті теоретик ғалым Зәки Ахметов, Қазақ Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы (бүгінгі академик) Сейіт Қасқабасов, филология ғылымдарының докторы, профессор Шериаздан Елеуке-нов, филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев, филология ғылымдарының кандидаты (бүгінде ғылым докторы, профессор) Айгүл Ісімақова сынды жас ғалымдар қатысты. (Сұхбатты М.Ақшолақов жүргізген (Горизонт. 1995. 7-13 янв. С. 6-7).

Мұндай мысалдарды айта берсек, таусылмасы анық. Ең бастысы, осы шаралардың, идеялардың бәрі сол кездегі небәрі 33 жастағы Алтынбектің жетекшілігімен, кеңесімен жүзеге асырылып жатты.

Тегінде адамның өзін тануы, өз «Менін» іздеуі, тұлғаға айналу жолы осындай ұлттық рухта өсуіне, ұлттық ой-сананы дәріптеу арқылы жүзеге асса керек. Сол Алтынбектің кейін жазуды тастап, саясатқа кетуі осы «Өркен» мен «Горизонтта» өзі көтерген ұлттық идеяның жемісі деп ойлаймын.

Алтынбектің кісілік қасиетіне тоқталар болсам, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, елім деген ұлдарды ұлықтау сияқты ұлттық дәстүрімізді дәріптеп соны өзіне қасиет тұта да білген жан еді. Жас шамамыз соншалық алшақ болмаса да «Сізден» асып көрмеген-ді. Тапсырма берерде де әлдебір әпербақандар сияқты әкірендемей, кеңескендей, ойласып отырып, ұсыныс жасайтын. Ұлттық дәстүріміз қалыптасқан ауылда өсіп, қазақы қалжыңның қазанында қайнаған қазақы мінездері де баршылық болатын. Оның курстастарымен, құрдастарымен қатты қалжыңдасатынына да талай куә болып едік. Ресейде жүргенінде жапон әдебиетін жете меңгергені, әлем және орыс философтарының ақтандақтар елінен оралған З.Фрейд, Ф. Ницше, А.Шопенгауэр, К.Юнг, М.Бахтин, Н. Бердяев еңбектері туралы талқылауларда тағылымды әңгімелер айтып, олардың еңбектерін халыққа жеткізу, түсіндіру керек екендігін де еміс-еміс еске салып отыратын.

Ең бастысы, «аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді», – дегендей жұмыс таппай қиналып жүргенде қол ұшын беріп, менің үлкен ғылыми ортаға жол тартуыма себепкер болғаны үшін Алтынбектің аруағының алдында мын да бір алғысымды айтып, оның ұлтжандылығына, азаматтығына тағзым етемін!

«Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсең, онан зор ұлтқа бар ма, ырыс деген», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай ұлтжанды азамат, қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбаевты өз елі осы қасиеттері үшін мақтаныш тұтады, бүгінде.

КАРТОГРАФ

Қ. Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтында (1972-1991 жж.), геология министрлігінің қазақ геология қорында (1991-1993) жетекші маман болып қызмет атқарған көрнекті қайраткер, танымал ғалым, геолог-картограф, ұлтжанды азамат Молдияр Серікбаевты танымайтын зиялы қауым жоқ десек артық айтқандық емес.

Көзіқарақты әрбір қазақ пен зиялы қауым өкілдері Молдияр Серікбаевты еліміздегі жер-су, елді мекен, қала, кент атауларын қалпына келтіру, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің абырой-беделін көтеру жөніндегі жанкешті ерлік істері мен мерзімді басылымдарда жарияланып жүрген өткір мақалалары арқылы жақсы таниды.

Молдияр Серікбаев 1951 жылы С. М. Киров атындағы Университеттің геология-география факультетінің геология бөлімін (1956) бітірісімен Екатеринбург қаласында орналасқан КСРО-ның құрылыс министрінің жанындағы Орал геологиялық экспедициясында, 1958 жылдан 1972 жылға дейін жерді картаға түсіру экспедициясында геолог болып қызмет атқарады. Бұл экспедицияның құрамында Ленинградтан, Мәскеуден, Воронежден, Самарқанттан, Киевтен, Львовтан жоғары оқу орындарын бітірген одақтық деңгейде танымал кәсіби маман-геологтар жұмыс істеген-ді. Бұл кезең жас маман М.Серікбаев үшін үйренері мол, үздіксіз ізденіс үстінде болған қазақ ғылымы үшін таңсық әрі тың саланы терең және түбегейлі зерттеудің сәті түскен сапалы әрі жемісті жылдары болғаны белгілі. Сол сәттен бастап еліміздегі жер-су, елді мекен, қала, кент атауларын қалпына келтіріп, тарихи әділеттілікті орнықтыру жөнінде табанды әрі жүйелі жұмысты саналы түрде жүргізген Молдияр Серікбаев 1964 жылы Қазақ КСР Геология министрлігі Қазақстан геология ғылымдары институтына тапсырған республиканың геологиялық картасын дайындау жұмысын ұстазы Вениамин Федорович Беспаловпен бірге атқарады. Еліміздің геологиялық картасын жасаған тұңғыш топтың жанкешті еңбегінің нәтижесі өз жемісін беріп, 1968 жылы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Оңтүстік Орал, Оңтүстік Сібір, Таулы Алтай, Батыс Сібір, Түркменстан өлкелері енген іргелі еңбекті ғылыми айналымға түседі.

Жастайынан білімге құштар ізденгіш ғалым М.Серікбаев Қазақстанда бұрындары қолға алынбаған тектоникалық картаның тұңғыш туындысы – Оңтүстік Қазақстан тарауын зерттеп, онда Қазақстанның, Оралдың тектоникалық геологиялық байланысы алғаш рет ғылыми негізде дәйектеледі. Атақ-даңқ, мансап-мәртебе іздемеген ол тек туған елінің шекарасы мен ен байлығын еншілеп, өзіне тиесілі табиғи жер-аумағын заңдастыруда зор рөл атқаратын алуан түрлі, атап айтсақ, (1972) «Қазақ КСР-нің және оған таяу одақтас республикалардың тектоникалық картасы» (1983) «Қазба байлық» (1995), «Қазақстанның әкімшілік-аумақтық картасы», Қазақстанның 14 облысын қамтыған «Әкімшілік-аумақтық картасын» және «Қазақстанның топографиялық картасын» құрастырып, пайдалануға ұсынады. Айтуға оңай болғанмен, шеті шексіз кең байтақ қазақ елінің жерін жаяу шарлап, картаға түсіру оңай шаруа емес, әрине. Оған тек табиғатты, елін-жерін сүйетін, мамандығы мен Отанына адал, шын мәніндегі ұлтжанды азамат қана бара алары ақиқат. Жылдың төрт мезгілінде отбасынан алыста, ешқандай күтімді керек етпейтін жанкешті тіршіліктің түрлі қиын-қыстауын бастан кешетін мамандық иелері картаға түсірілетін жер бедерін, аумақтарды, тауларды, төбелерді, өзен-көлдерді және басқа да табиғи нысандарды өз көздерімен көріп, көңілдері сенбей ешқандай қорытынды шығара алмасы тағы айғақ. Осы ретте 60 жылға жуық уақыт картограф қызметімен табанды әрі шынайы адалдықпен айналысқан көрнекті ғалым М.Серікбаевтың Қазақстан, Ресей, Орта Азия, Қытай елді мекендерінде ат басын бұрып, табан тіремеген жері жоқ десек, сірә жаңылыспаспыз. Өзі зейнеткерлікке шықса да елінің келешегі жолында іркіліссіз ізденісте жүретін кәсіби маман иесі М.Серікбаев Картография-геодезия қорының шақыруы бойынша 1994-1995 жылдары қазақ тілінде әкімшілік-аумақтық, ал 1995-2003 жылдары 14 облыстың аумақтық- әкімшілік, 2003-2006 жылдары Қорғаныс министрлігінің картография саласымен айналысатын орталығында болып, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен, Қытаймен және Орта Азия елдерімен шектесетін аймақтарын қамтыған 26 парақтан тұратын аумақтық-әкімшілік картасын қағазға түсірді. Бұл ғылыми деректер М.Серікбаевтың нағыз ұлтжанды ғалым екендігінің тағы бір дәлелі. «Судың да сұрауы бар» деген халық даналығын дәріптейтін данагөй ақсақал

М.Серікбаев та Қазақстанның геологиялық қорындағы барлық қазба байлықтарды бүгіннен бастап үнемдеп ұстамаса ертең тақыр жерге тұсалып қалатынымызды әрдайым әңгіме арасында еске салып, баспасөздерде сол сала басшыларына құлаққағыс етіп отырады. Әттең, естір құлақ болса, жанашыр жан болса жазылып, айтылып жатыр емес пе?

Және ол кісіні толғандыратын тағы бір жайт – геология саласындағы ұлт кадрларының кемшін түсуі, олардың жүйелі түрде даярланбауы. Тіпті, геологиядан арнайы білімі бар мамандар даярлайтын факультет (1961 жылы жабылған) пен картография, геодезия кадрларын қалыптастыратын координациялық және ғылыми зерттеу әдістемелік орталықтардың жоқтығы тәжірибелі маманның жүрегін жаралайды. Кейде «шаш ал десе бас алатын» әпербақан басшылардың қателігінен аталған маман даярлайтын факультетте, ғылыми орталықтар да көршілес өзге елдерде сақталуы біздің сағымызды сындырады дейді, ол. Соңғы жылдары ғылымның бірнеше саласында, атап айтсақ, геологиялық, топырақтану, геоботаникалық, зоологиялық, гидрогеологиялық, сейсмологиялық, археологиялық, тарихи картография мәселелері дамымай, оларда ұлттық кадр даярлауда мешеулік күй кешуде.

Ономастикамен де тұрақты түрде айналысып келе жатқан ғалым Қазақстанның елді мекендерінің тарихи атауларын жетік білетіндіктен ауыл-аймақтың атауларының табиғаттық-тарихи ерекшелігіне қарай қойылған ескі есімдерінің заңды әрі орнықты екендігін, оларға жасанды түрде жалған ат қою лайықсыз екендігін ескертеді. Жағымпаздықтың үздік үлгісін танытатын кейбір басшылардың тарихи-археологиялық деректерге мән бермей, орынсыз олқылықтарға жол беруін сынға алады. Мәселен, «Түркісіб» шипажайының Нұртөбе делінгеніндей көптеген нысандардың Елбасының атына көленке түсіріп, «Нұр» журнағынсыз тау да төбе де, қырат та, өзен де қалмағанына қынжылыс білдіреді.

Айталық, ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтар өскен топырағы құнарлы мекен Семейдегі Үржар ұры бұлақ, ұрысай деген тарихи атаулармен төркіндес. Мұны жазушы Қабдеш Жұмаділов те қолдайды. Ал, Мақаншы ауылының аты – Мақаншы емес, Мұқаншы. 1864 жылғы Потанин мен Струвенің дерегінде көрсетілген. Кейінгі жылдары баспасөз беттерінде дау-дамай тудырып жүрген Пет-

ропавл қаласының Қызылжар деген тарихи әрі табиғи атауы бар. Ол Есіл өзені Қызылжарды тіліп ағып жатуына орай қойылған ат. 9-11 ғасырларда Қимақ, Иемек деп аталатын түркі тайпалары мекендеген Павлодардың тарихи атауы – Қимақ. Сондай-ақ, Жамбыл облысындағы Жуалы ауданы мен Түлкібас өңіріндегі бірнеше елді мекеннің, атап айтсақ, Самсоновка, Петровка, Алексеевка, Некрасовка, Ванновка, Высокое, Бурное, Антоновка, және солай болып орысша аталатын ауылдық округтердің атауларын қалпына келтіруге көп күш-жігер қосып, ерекше қайраткерлік танытқаны жергілікті халыққа жақсы таныс.

Бұлай жіпке тізіп айта берсек, бірнеше томдарға ұласатын елді мекендердің ескі, тарихи атауларын өзіне қайтару жайы бүгінгі ономастика саласының басты міндеттері болып табылады. Сондай-ақ, М.Серікбаев елімізге кеңінен танымал тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметі, қайраткерлік істері жөніндегі деректерге де мән беріп, үнемі көңіл аударып отырады. Бастапқыда республика ғана емес, одастас республикалар мен шетел мұрағаттарында жиі әрі тұрақты түрде болып, өз кәсібі бойынша іздену жұмыстарын жүргізе жүріп, қазақтың тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне, қатысты қандай да бір құнды құжаттар мен ғылыми деректер көрсе міндетті түрде көшірмесін жасап, елдегі сол сала мамандарына таратып, нақты ғылыми жұмыстар нәтижесін күтетін, соны әдетке айналдырған көрнекті ғалым Молдияр Серікбаевтың талпыныс пен табандылығы табиғи тұтасқан тұлғалық табиғаты, қайраткерлік қасиеті еді.

Америка Құрама Штатынан бастап сәті түскен барлық, әсіресе қазақтың тарихи, мәдени, әдеби, жалпы рухани жәдігерлері мол Ресей мен Қытай мұрағаттарын армансыз ақтарған ғалым елімізге көптеген деректерді тауып әкелген-ді. Осы ретте қазақтың ұлы қайраткері, тарихи тұлға, ірі мемлекет басшысы Тұрар Рысқұловқа қатысты құнды құжаттардың қайта тірілуіне тікелей атсалысқаны мәлім. Әсіресе, еліміздің егемендікке ие болып, рухани тәуелсіздік алған жылдары Алаш арыстарына қатысты бұрындары белгісіз болып келген архив материалдарының ашылуына, зерттелуіне септігін тигізді. Бірде тарихшы, бірде әдебиетші, бірде саясаттанушы, енді бірде геолог, өлкетанушы болып кететін маман өзінің шын мәніндегі таза ғылыми табиғатын, ұлтжанды қасиетін осылай танытып келеді.

Айтқан пікірін нақты тарихи деректермен дәлелдей отырып, орнықтыойайтатынғалымМ.СерікбаевТ.Рысқұловтыңқайраткерлік қызметіне қатысты бірнеше құнды құжаттар тауып, соның негізінде оның тұлғалық образын ашады. Айталық, 1920 жылы 1-8 қыркүйекте Бәкі (Баку) қаласында болған Шығыс халықтарының I съезіндегі сөзінде батыс пен шығысты біріктіру керек деп ұран тастағанын, 1924 жылы Лениннің қайтыс болуына байланысты «Правда» газетінде жарияланған мақаласында: «Еуропалық, Азиялық халықтарды бірін-біріне қарама-қарсы қоймай, біріктіру керек», – деген Еуразиялық және 1920 жылы Ленинге жолдаған ұсынысында Түрік Республикасы мен Түрік компартиясын, Түркі тілдес халықтардың конфедерациясын құру идеясын, яғни Түрік идеясын ұсынғанын, 1925-26 жылы коминтерннің Моңғолиядағы өкілі болғанда Моңғолияның орталығын Уланбатор (Қызыл батыр) деп атап, Моңғолия компартиясының программасы мен тұжырымдамасын жазуын, оның ұлттық валютасын ендіруге және сол кездердегі Қытай мен Моңғолия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды қалпына келтіруге үлкен үлес қосқанын 1 млн. 200 мың адамды ашаршылықтан аман алып қалғанын, ал 1926 – 1935 жылдары «Ақсу-Жабағылы», «Науырызым», «Илмен» қорықтарын құрғанын, Ұлттық Республикаларды индустрияландыруды (1926) ұсынып, «Болашак» бағдарламасының негізін (1928) қалағанын, Орта Азия және Қазақстан студенттерін Германияға оқу жібергенін, Түркістан мен Иран Республикасы арасында 1923 жылы кедендік одақты құру идеясын ұсынғанын, Қазақ университетін (1928), ветеринария институтын (1929), ауылшаруашылық институтын (1930) ашқанын айтады. Алайда, әлемдік, одақтық Орталық Азиялық, Ресейлік реформатор тұлға Т.Рысқұловтың 25 том болатын еңбектері Ташкент, Бішкек, Мәскеу, Уланбатор, Уфа, Батыс еуропа, Солтүстік Америка университеттерінің қорында жиналмай жатуын, оларды жинап, ғылыми негізде жүйелеу үшін тұрартану орталығы құрылып, шығармашылық топтар жасалуы, тарихи кешенді мұражай салынуы керектігі жөніндегі пікірлері ойланарлық оңды шаралар. Қолдаушысы табылса ол орталықта зерттелер ғылыми, тарихи материалдар, құнды мұралар Молдияр Серікбаев та мол екендігі тағы мәлім. Өйткені, И.В.Сталиннің 1922 жылы 14 мамырда Г.К.Орджоникидзеге жолдаған хатында: «Түркістандық ком-

мунистерді еркелете берудің қажеті жоқ, олар ондай құрметке лайық емес, соңғы екі жыл олардың барлығы жиылып жалғыз Рысқұловқа татымайтындығын айқын көрсетті, мен оның (Түркістанға) қайта оралуына қарсы емеспін», – деп мойындауының өзі талай мәселеден сыр тартады емес пе? («Аңыз адам» журналы, №10, мамыр 2011 жыл. 1 бет). Осы басылымдағы «Түріктік идея Тұрардың ойынан ешуақытта шықпаған» деген сұхбатында М.Серікбаев: «...Тұрар өресінің биіктігі – Гималай тауының Эверест шыңындай, тереңдігі – Мариан ойысының тереңдігіндей», – деп жоғары баға беруі де тегін емес. М.Әуезовтің Абайы секілді, М.Серікбаевтың өмірлік тақырыбына айналған ұлы тұлға Т.Рысқұлов туралы жинаған мәліметтері талай томды туындыларға арқау болары да ақиқат.

Мұнан өзге де бүгінгі оқырманға қызықты қаншама құнды деректерді айтқанда таң қалмасқа шараң болмайды. Ұлы тұлғалардың ұлтқа еткен еңбегін ұлықтап, ұрпағына ұлағаттылық таңытып жүрген таланттың өз өмірі де өнеге. Ол кісінің еске сақтау қабілетінің күштілігі мен осыншама мол мағлұматты жатқа айта тыны кім-кімді де тамсандырады хак. «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болады» дегендей ол кісінің көрмеген жері, білмеген елді мекені, естімеген ескі жыр-дастаны, аңыз-әнгімелері, жер, су, тау, тағы басқа да табиғат туындыларының тарихына, атауына қатысты шежірелерді шерткенде ол кісінің шын мәніндегі әмбебап ғалымдығын еріксіз мойындайсыз. Қай жерде ұлт тағдырына, оның рухани құндылықтарына қатысты маңызды мәжілістер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер болады сол жерден сіз міндетті түрде Молдияр Серікбаевты көресіз. Және ол өзін өзгеге таныту үшін емес немесе көпшілікке көрініп қап, жалған ұлтжандылықпен ұрандатып, жалаң сөздің жолында жүрмейді. Керісінше сол жиында отырғандардан әлдеқайда көп елді аралап, білімнің кені болған мыңдаған мұрағаттарды араласа да білуге деген құштарлығы еш азаймаған қарапайым ғана қарт кісіні көресіз. Өтірік пен шындықтың арасы қаншалықты жақын болса, ұлылық пен кішіпейілдіктің де ауылы соншалықты іргелес пе деп те ойлайсыз, осындайда.

М.Серікбаевтың пайымдауынша бақыт деген – атақ та, мансап та, байлық та емес, өз ұлтыңның ұлы құндылықтары жолындағы жанкешті күрес. әл-Фараби атамыз айтқандай: «Бақыттың мәні

– парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез – құлқын іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруы».

Ұлт үшін атқарар істің ұлысы мен ұсағы болмайтынын жақсы сезінетін көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Молдияр Серікбаев бүкіл саналы ғұмырын халыққа адал қызмет етуге арнаған нағыз ұлтжанды азамат.

ӨЗІ КІШКЕНТАЙ БОЛҒАНЫМЕН ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ ЖАН ЕДІ

Мен Бейсекенді бірінші рет абитуриент болып, құжат тапсырып жүрген кезінде көрдім. Өзі кішкентай болса да қасында топ болып жүретін жолдастары болатын. Нәзік келген ақсары жігіттің езуінен күлкі кетпей, қашан көрсең де күлімдеп, сұқ саусағын шошайтып әңгіме соғып тұратын. 1975 жылы қазіргі әл-Фараби (бұрынғы С.М.Киров) атындағы Қазақ мемлекеттік университеттің журналистика факультетінде алғаш рет шығармашылық байқау болды. Екі сатыдан тұратын сынақтың бірі шығарма жазу болса, екіншісі ұстаздармен әңгіме түрде өтті. Мектеп бітірген жастар, әскер қатарынан келгендер, еңбек етіп есейіп келгендер бәрі осы екі сынақтан өтсе ғана емтиханға жіберілетін. Алматыға алғаш келіп, жан-жағымызға алақтап, не нәрсеге аңырап, ауыз ашып қараған бізге бәрі таңсық. Әсіресе, жүрегіміз аузымызға тығылып, аттарынан адам шошитын кілең оқымысты, профессорлар қабылдайтын емтиханға ену естен тандырардай үрей болатын. Алайда абыржулы абитуриенттердің ішінен ала бөтен көзге түскен өзгені білмеймін, өзіме осы Бейсебай Кірісбаев болды. Көп кісінің ортасында күлкісіз жия алмай өзі де еркін, елді де елітіп әңгіме соғып тұрғаны. «Не деген сенімді адам. Ештеңеден саспайды. Біз болсақ, есіміз шығып тұрғаны...», – деп таңырқай қарайтынмын. Бір-бірімізді жүзбе-жүз танымасак та сырттай білеміз. Өйткені, Құдай берген «Қазақстан пионері» бар. «Анау Бейсебай Кірісбаев ...мынау Мұхтар Наушабаев...» деп, бір-бірін нұсқаған жұрт. Біз үшін «тірі классиктерді» көру арман. Біз үшін, әсіресе «Қазақстан пионерінде» кім көп жазса, сол «классик» болып көрінетін, сырттай табынып, таңданып талай хат-

тар да жолдаған болармыз. Әйтеуір Бейсебай мен Мұхтарды мектеп қабырғасынан жақсы білетін едік, бәріміз.

Кейін білдік, бізден үш жас үлкен Бейсекең Талдықорған облысы, Ақсу аудандық «Өмір нұры» атты газетте 1974-1975 жылдары еңбек етіп, қаламы төселіп, әдеби қызметкер дәрежесіне жеткен жан екен. Жазатын жанры-сатира, юмор, шарж, пародия, эпиграмма болатын. Әзілдің де әзілі бар. Кейбіреулер кісіні күлдіремін деп кекесінге кетіп қалып жатса, Бейсекеңнің әзілі өте мәдениетті, зілсіз, керісінше көңіліңді көтеретін, ешқандай кекесін де, кек те, көңілді кілкітетін ашу-ыза да болмайтын. Жеңіл, жайдары, жарасымды болатын. Сондықтан да болар жұрт біткен соның қасынан қалмайтын. Шіркін, сөз де әзіл де мына кіп-кішкентай кісіден қайдан ғана шыға береді деп ойлайсың, еріксіз.

Оның сыры мен себебін кейін ұлы ұстазымыз, қазақтың көрнекті ғалымы, сатира жанрын зерттеген және осы пәннен бізге дәріс оқыған Темірбек Қожакеевтен естіп, білдік. Оның түсіндіруінше, әзіл-қалжың -өмірде кездесетін жай әпербақан әңгіме емес, ол үлкен өнер. Ол да көп оқып, ізденуді, талмай талпынуды, жоғары эстетикалық талғамды, ұтқырлықты, тапқырлықты талап ететін табанды еңбектің жемісі екен. Міне, осынау жоғары көркемдік-эстетикалық таным мен талғаммен жазылатын сатиралық жанрда кәсіби шеберлікпен жазатын Бейсекеңді біздің факультеттің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев те шәкірті ретінде ғана емес, әріптесіндей көріп, жарасымды қалжындасып, шығармаларын бағалап отыратын. Бұл Бейсекең үшін үлкен жетістік, жоғары баға болса, бізге ұстаз бен шәкірт, «қарға қарғаны алыстан таниды» дегендей, талантты талант танитынның үздік үлгісі болып көрінетін. Біріміз Бейсекеңе қызығып қарасак, біріміз ақ пейілді қызғанышпен қарайтынбыз. Тек зерттеулері ғана емес, қасында жүріп күнделікті іс-әрекетінен де үлкен кісілік қасиетінен де, уытты тілі мен ұстаздық ұлағатымен де ұлан-асыр өсиет пен өнеге берген Қожакеевтің қоржынынан шыққан шәкірт Бейсебай Кірісбаев әдемі әзіл-қалжыңымен адамдарға рухани ләззат, сүйіспеншілік сыйлап, қазақ әдебиетіндегі қаламгерлердің сирек қалам тартатын сатиралық жанрды жан-жақты дамытуға, оның түрлі саласындағы түрлік, тәсілдік, көркемдік ізденістердің сапалық тұрғыдан дамуына өзіндік үлес қосқаны белгілі. Бала жасынан бейімделген балалар

әдебиеті мен поэзиясын, оның ішінде сатиралық шығармалардың шоқтығын биіктетуге бойындағы бар таланты мен қабілет дарынын бағыштаған Бейсекең осы азғана өмірінде өнімді әрі өнегелі өмір сүргенін оның 7-ден астам шығармалар жинағы дәлелдейді.

Студенттік кезде әркімнің мінезіне, іс-әрекетіне қарай зілі жоқ әзілмен ат қойып, әжуалап жүретін әдет бар-тын. Соның бәрінің авторы осы – Бейсекең еді. Адамның мінезі мен психологиялық портретін айнытпай беретін «есімдерді» естігенде естен тана күлуші едік.

Студенттік өмір тек ойын-күлкінің ғана емес, білімді, кәсіби мамандықты меңгеруге де арналған алтын уақыт еді. «Өзіне-өзі сенімді болу – ұлы бастаманың 1-ші қажетті шарты» (С.Джонсон) дегендей, өзінің табиғат тарту еткен талантына сенімді Бейсекең сол студенттік кездің өзінде 1979 жылы «Жалын» баспасынан «Тамшы» деген атпен алғашқы жинағын шығарып, атын аспанға шығарған жанның бірі болатын. Әрі десе ол кезде республикадағы ең ірі екі баспаның бірі «Жалыннан» жинақ шығару екінің біріне бұйыра бермейтін бақ болатын. Содан кейін де Бейсекең өзінің денсаулығының дімкәстігіне қарамай бірнеше кітаптар шығарды. Көпшілік бара бермейтін балалар әдебиетін көркейтіп, өзінің табиғатына тән әзілімен, әдемі ойларымен, қысқа да нұсқа төрт жолдарымен жас таңдамайтын оқырмандарының жүрегіне жол тауып жатты. Жеңіл юмормен өмірде кездесетін кемшіліктерді сынап, жетістіктерді мадақтап, балаларға базарлық әзірлейтін сатирик ақын Бейсебай Кірісбаев әрбір шығармасы арқылы әрбір отбасының мүшелерін де мінсіз мінезге, ұлт пен ұрпақ алдындағы мәртебелі міндетке тәрбиелейтін. Оның «Алты әзілкеш» топтама жинақ («Жалын» 1982), «Аппақ бақ-бақ» («Жалын» 1984), «Адамша кел» топтама («Жалын» 1991), «Кілтүпан» («Жалын» 1992), «Ықылық» («Жазушы» 1998), «Жаңылтпаштар» («Балауса» 1998) атты көптеген шығармалары көпшілік сүйіп оқитын шығармалар шоғырынан табылды.

Алайда, табиғатынан талантты, жаратылысының өзі тұнған әзіл мен қалжың Бейсебай Кірісбаев нағыз шығармашылық жағынан толып, тәжірибесі байып, бергенінен берері мол дер шағында дүниеден қайтты. Ең өкініштісі жас кетті. Жер бетінде жарты ғасыр өмір сүруіне тағдыр жазбады. Аллаға асылық жасамайық, бір адам-

дай адам бақытын татты, жар сүйді, ұрпақ таратты, кітап шығарды, артына өлмес мұра қалдырды. Алайда, пенде жасқа тойған ба? Әлі де болса арамызда болса, сол ұл-қыздарымыздың қызығында бірге болып, баяғы университеттегі таусылмайтын бас қосулар да жиі айтатын «Жа-са-сын, журналистиканы» шырқап, біріміздің 50 жылдық, біріміздің 60 жылдық мерей тойларымызда көсіле сөйлеп шығармашылық табыстарымызға масайрап жүрер ме едік? Әлде, тіршіліктің таусылмайтын түйткілдерімен телефон шалуға да уақыт таппай, тек баспасөз беттерінен ғана «е, анау анда, мынау мұнда қызмет етіп жүр екен ғой», – деумен шектеліп, шіркін, дәуреніміз, бүгінгідей өтер ме екен? Мүмкін, уақыт та емес, сол бір атым насыйбадан қалатын көңіл шіркіннің жетіспей жатқандығы ма екен, әлде... «Алтынның қолда бар да қадірі жоқ» дегендей, осындай оқыстан болған оқиғалар ғана кейде ес жидырып, шіркін, жастық шағымызды бірге өткізген жақсы жайсандарымыз қайда, кеше неге іздемедім екен, деген өкініш өзегінді өртері хақ.

Міне, кеше ғана курстасым Ұлбосын Айтөленнен сол Бейсекеңнің өмірден өткеніне де аттай 10 жыл болып қалғанын естіп, қайран қалып отырмын. Уақыт деген зымырап өтіп жатыр. Ес жинап, алдыартына қарайлатар да емес. Аға толқын ағалардың зейнеткерлікке шығысымен өмірден өткені бар, өтпегені бар замандастары жайлы әдемі естеліктер жазуы заңды екен ғой. Ал, бізге сол зейнеткерлікке жетпей ерте естелік жазуға жазмыш бұйырыпты. Адам өміріндегі ең бір естен кетпес сағынышты студенттік өмірді бірге өткізген Бейсебай Кірісбаев, Мұхтар Наушабаев, Елгезек Әзбергенов, Махамбет Мәшекенов, Таңатқан Дәркенов, Марат Жүрсінбаевтардан қапыда айрылып қалыппыз.

Бүгінде Бейсебай Кірісбаевтың поэзиясы, сын-сықағы – біздің мақтанышымызға айналды. Ақын шеберлігінің, суреткерлік тұғырнамасының биіктен көрінуі жалпы қазақ әдебиеті, оның ішінде балалар поэзиясынан ойып тұрып лайықты орнын алды. Бұл курстастарымыз үшін ғана емес, қазақ оқырмандары үшін де үлкен олжа еді. Жүзі жылы, езуінен күлкі кетпейтін Бейсекеңнің жаратылысының өзі жанды шуаққа бөлейтін жылы юмордан тұратын. Оны тұла бойы тұнған күлкі десе болады. Тіпті өміріндегі ең көңілсіз күйді де күлкіге көмкеріп, түсі суық әзірейілдей ажалды да әдемі әзілмен қарсы алғандай, елестейді, ол маған. Кісі баласына

кіжініп көрмеген, 5 жыл бойына бір жабырқау жүрген сәтін көрмеген бізге ол қазір де: «Ей, қашан сендердің бастарын қосылады», – деп көктен күлімсіреп қарап тұрғандай болады.

Сонсын, Бейсекеннің бізден тағы бір ерекшелігі – курстастардың ішінен алғашқылардың бірі болып Алматыда республикалық «Білім» қоғамдық баспа бөлімінде кіші редактор болып орналасуы еді. Алматыда қалу қазақ мамандары үшін ол кезде қол жетпес арман болатын. Қалада қалып, республикалық деңгейдегі мекемеде университет бітіре салысымен кіші редактор болып бәрімізді таңғалдырған Бейсекең қай жерде қызмет атқарса да өзінің ұқыптылығымен, адалдығымен, еңбекқорлығымен танылды. Өзі де бала мінезді, балалар әдебиетінің өкілі Бейсебай Кірісбаев 1982-85 жылдары «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінің әдебиет және өнер бөлімінде, 1985-92 жылдары «Балдырған» журналының бөлім редакторы, ал 1992-2003 жылдары осы журналдың бас редакторының орынбасары қызметтерін үлкен абыроймен атқарып, беделге ие болған жан еді.

Әрбір күнін ұлан ғайыр еңбекпен өткізген кіп-кішкентай Кірісбаевтың табандылығының тікелей жетістігі жоғарыда аталған жеті кітап. Және күнделікті баспасөздің өндіріс секілді таусылмайтын ұйымдастырушылық, шығармашылық, кезекшілік, сапарнамалық жұмыстарын қоссаңыз, оның шын мәнінде жанкешті еңбек еткеніне куә боларыңыз хақ. Оған көлемді прозалық мәтіндер емес, бар-жоғы 3-4 топтама өлеңдерден тұратын сатиралық жанрдағы әзіл жырлардың 7 жинақтағы көлемін қосыңыз. Шынында да Бейсекең денсаулығын да алтын уақытын да аямай қызмет етіп, зор шығармашылық табысқа сол азғана өмірінде-ақ қол жеткізіп кетіпті. Бүгінгі оқырман балалардың да сүйікті кітаптарына айналған бұл жинақтардан біз Бейсекеннің өзі кішкентай болса да жүрегі алып бейнесін, езуінен кетпейтін күлкісін көріп, жүрек демдейміз. Алдың жарық, артың пейіш болсын, асыл досымыз. Өмірден өткеніне 10 жыл өтсе де ортамызды толтырып жүрген отбасын, адал жарын, ұлағатты ұрпағын, өлмес туындыларың барына шүкіршілік етейік.

СОҢҒЫ РЕПРЕССИЯ

Белгілі журналист Көлбай Адырбековтің «XX ғасыр: Соңғы репрессия» атты деректі мақалалар жинағы өткен XX ғасырдағы халқымыз бастан өткерген соңғы саяси репрессия 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі, оның тарихи маңызы мен көрнекті қоғам қайраткері, мемлекет басшысы болған Дінмұхамед Қонаевтың кадрлары ретінде жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының тағдырлары жөнінде ой толғайды. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар, Халық қаһармандары Қ.Рысқұлбеков, Ж.Сәбитова, Н.Сабильянов, М.Әбдіғұлов және сол көтеріліс жөнінде Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің арнайы құрылған комиссияның және мұрағат деректеріне сүйеніп жазылған тарихи оқиғалар қай оқырманды да ойға қалдырары хақ. Біз осы еңбекте баяндалған қазақ қыздарының ерлігіне ғана тоқталмақпыз.

«Сағат Әшімбаев» атты мақалада көрнекті әдебиетші, сыншы, қоғам қайраткері, телегей теңіз білімді менгерген Сағат Әшімбаевтың Желтоқсан көтерілісі кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тағдыры жайлы ой толғаған автор: «...Біз таланттан кенде емеспіз. Бірақ, солардың бәрінде азаматтық белсенділер бірдей болды ма? Бар ғәп сонда. Күнделікті күйбең тіршілікте бұл жай байқала бермейді. Ілуде бір рет болатын тарихи сында, халықтық сында анық көрінеді. 1986 жылғы Алматыдағы жастардың Желтоқсан көтерілісі таланттарға, интеллигенцияға, жалпы зиялы қауымға үлкен сын болды», – дейді (217 б). Шынында да сол жылдары Телерадио жөніндегі Мемлекеттік Комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болған Сағат Әшімбаев алаңға шыққан жастардың әрбір әрекетіне, оларға жасалынып жатқан зорлық-зомбылыққа тірідей куә болған, сонын нәтижесі 44 жастағы зиялының жүрегіне салмақ болып, бұл дүниеден озуына себеп болды емес пе? Өзі де өмірде нәзік әрі ұлтжанды кісі өзгенің қорлығына шыдай алмай өзегі өртенген күйі өмірден өтті. «Биік лауазымын да, ерекше талантын да, адамгершілік-азаматтығын да тең ұстады. Тар жол, тайғақ кешулерде аянып қалған жері жоқ. Бойындағы барын халқына берді. Енді, міне, есімі ел жүрегінде» дейді автор. /217 б./

Сол кездері Орталық Комитетке шақырған жиналыста Орталық Комитеттің екінші хатшысы Олег Мирошхинге: «Олег Семенович,

солдаттарға өрімдей қыздардың шашынан сүйретіп, тепкілеткеннен өткен қатыгездік болмас. Бұл неткен сұмдық жазалау! – деген Сағатқа сол сәттен бастап «Ұлтшыл» деген айдар тағылып, қуғынға түсті.

Ең сорақысы, осы мақалада мынадай дерек бар: «Өз ішімізден жау шықты. Тіптен кейбір мансаптың құлдары Колбинге қалайда жағынып қалу жағын ойластырғаны соншалық, Қыздар педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті институтына айналдыруды ұсынғанын қайтерсің. Бүкіл өмірін тіл ғылымына арнаған, ардақ тұтқан ақсакалымыз жеме-жемге келгенде, Ана тілімізге қарсы шықса, мүйізі қарағайдай ғалым ағамыз ұлттық музыка аспабы домбыраны жоққа шығарып жатса, қалай күйінбейсің. Мұндай сатқындықтар Әшімбаевтай ұлтжандылардың қабырғаларына баптады дейсіз бе? Шовинистік саясатпен ебін тауып күреспесе, есі шыққан ұлттың барынан айрылып, тарихи тамырларынан кесіліп қалуы неғайбыл еді. Сағат Әшімбаевтың «Қарыз бен парызы» осыдан туды. Жариялылық пен демократияны желеулетіп, қоғамдағы әр саланың білікті, білімді, атақты мамандарды бір үстелдің басына жинап, ұлттық мәселелерден сөз қозғап, ой тастады. Мамандардың құнды пікірлері ұлттың өзін-өзі тануына, ата салт-дәстүрлерін қастерлеуіне зор ықпалын тигізді. Сондай-ақ, Сағат Әшімбаев көрермендердің қоғамдық пікірін ұйымдастырып, жабылып қалған «Айтыс», «Терме» және «Тамашаны» қайта өмірге алып келді /227 б./.

Алайда, сол сын сағаттарда өзгелерді былай қойғанда өз тарапымыздан «іштен шыққан жау жаман» дегендей, ол кісіге кіжінушілер болды. Колбиннің «Басшылар аттестациядан өткізілсін» деген саясатты ұстанып, ұлтжанды зиялылар сынақтан өтіп жатты. Орталық комитеттегі Үгіт және насихат бөлімінің радио секторын басқарған Марат Жанғожин бастаған өкілдер С.Әшімбаевтың мінездемесін ұжым талқысына салғанда ер-азамат дегендердің арасынан жұлқынып шығып, еңсені басқан үнсіздікті бұзған кім дейсіздер ғой? Қазақтың қызы, белгілі тележурналист Роза Темірғалиева болды. Ол: «Бұл мінездеме шындықтан мүлдем алыс. Турасы – жала. Сағат Әшімбаев ешқандай да ұлтшыл емес. Сіздер, мына комиссия мүшелеріңіз арқылы оның беделін түсіріп, моральдық тұрғыдан жанын күйреткісі келіп отырғанын түсінесіздер ме? Біз мұндай

әділетсіздікке қалай жол береміз? Біздің қастерлеген ар-ожданымыз, бір-бірімізге деген адалдығымыз қайда? Түбі бәле іздеген мұндай жала мінездемені қолдап, дауыс берсек ертең бір-біріміздің көздерімізге қалай қараймыз? – деп төрдегілерге мойнын бұрды: – Құрметті, Орталық Комитеттің комиссия мүшелері! Біздің Сағат Әшімбаев жөнінде айтып жатқан пікіріміздің өңін теріс айналдырып, жазатындарыңыз бар алдын ала несіне сұрап едіңіздер! Мен өз басым коммунист ретінде мұндай мінездемеге қол қоюға қарсымын. Және бізден бір адам да мұны қолдайды деп ойламаймын, дегенде зал ішін ду қол шапалағы кернеп кетті», – деп жазады автор қазақ қызының қайсарлығына қатты сүйсініп /234 б./.

Міне, ертеңгі жұмыссыздықтан да, тіпті түрмеден де тайсалмай, небір «Мен азаматпын» деген жігіттердің жүрегі дауаламаған жерде жүрексіңбей жүрек жарды шындықты айта білген қазақтың қыздарының осындай ерлігін естігенде, Біздің қайсар ел, ұлт болуымыз осындай ержүрек қыздардың алтын құрсағында өнген ұрпағымыздан екен ғой деген ой келеді.

1986 жылы алаңдағы жағдайды камераға түсіріп, оны С.Әшімбаев екеуі жанын шүбірекке түйіп, үш әріпке көрсетпей тығып, тарихи деректердің расталуына көп көмегін көрсеткен тележурналист Рубикжан Яхин Харисұлының ерлігі де бұл еңбекте ерекше құрметпен баяндалады. Кейін ол түсірген алаңдағы көріністі тележурналист, ұлтжанды азаматша Ұлбосын Айтөлен Сағат Әшімбаевтың өмірден өткеніне он жыл толуына орай экранға шығарады. Бұл Желтоқсан оқиғасының тарихи мәні ашылмай тұрған әлі де сақтана сөйлейтін кезеңі еді. Алайда, Ұлбосын Айтөлен ешкімнен қорықпай С.Әшімбаевтың 1986 жылғы ерлігі жайлы жақсы хабар бергені кезінде талайларды таңғалдырса, ол фильм бүгінде теледидардың алтын қорында сақтаулы. Бұл да Ұлбосын Айтөлен секілді ұлтжанды қазақ қыздарының қайсарлығының, ерлігінің арқасында дүниеге келген тарихи дүниелер.

Енді «Көпжасар Нәрібаев» атты мақаладағы мына бір үзіндіге көңіл аударалық: Кезінде Жоғары және арнаулы орта білім министрі болған академик Көпжасар Нәрікбаев өз естелігінде мынадай жайды еске алады: «Қаңтар айының ішінде мені және Алматы обкомының хатшысы Ш.К.Беркімбаеваны ОК-тің бөлім басшысы Асанбаев шақырды. Өз қызметінің мәртебесін көрсеткісі келді ме, әлде

уақыты тығыз, үлкен мемлекеттік істермен айналысып жүргенін көрсеткісі келді ме, екеуімізді жарты күндей қабылдау бөлмесіне отырғызып қойды. Өзі кабинетіне бір кіріп, бір шығып жүріп, бізді сынағандай көз қырын қадап қояды. Тығыз шаруаларды тастап келіп, әрең төзіп біз отырмыз. Бір кезде «қолы босады-ау» азаматтың. Бізді кабинетіне шақырып, қатулы үнмен: – Өміров Р.С. (Шетел тілдері институтының ректоры), Байболов С.М. (Құрылыс және архитектура институтының ректоры), Мамыров Н.К. (Халықшаруашылық институтының ректоры) бүгіннен бастап орнынан босатылды, – деді маған қарап. Сосын Шәмша Көпбайқызына бұрылды да: – Обком бізді қолдайды, – деді.

– Жок, олай емес, мен қолдамаймын. Олардың не кінәсі бар? Қандай айып тағып отырсыздар? – деп Шәкең бөлім бастығының сөзін қағып тастады. Асанбаевтың өңі бозарып, тұтыға сөйледі. Бірінші хатшымен (М.Меңдібаев) келісілген, сіздің сөзіңіз шешуші бола қоймас.

– Менің сөзімді тындамасаның, онда мені неге шақырдыңыз? – деп Шәмша Көпбайқызы орнынан атып тұрып кабинеттен шыға берді. Шәкеңнің батырлығына, әділеттікті ту етіп ұстаған бағытына шексіз ризашылығымды білдіріп, мен де орнымнан тұрдым. Осы жерде Шәмша Көпбайқызы жөнінде тағы да айта кетейін. Арада аз уақыт өткеннен кейін болып жатқан жаппай жазалау саясатымен келіспейтінін және Меңдібаев сияқты жаналғышпен бірге қызмет ете алмайтынын айтып, Шәкең арыз жазып орнынан өз еркімен босап тағы бір ерлік көрсеткені бар. «Жанбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» деген бар емес пе? Сол қалың елдің берген батасы дарыған болуы керек, Шәкең кейінірек Білім министрінің орынбасары, депутат, Білім министрі сияқты биік лауазымдарға ие болды. Әзір де еліміздегі ерекше оқу орны – Қыздар педагогикалық университетін абыроймен басқарып, халқының құрметіне бөленіп отыр» /181-82 беттер/.

Міне, бұл да небір атпал азаматтардың аузына түсе бермейтін алғырлық, айта білмейтін батылдық. Әр сөзі мірдің оғындай болған Шәмша Көпбайқызының сөздерін атакты ұлы композитор Фредерик Шопеннің әр нотасын Ресей отаршылдығына қарсы гүлге оранып атылған зеңбірекке теңеген орыс композиторы А.Рубинштейннің сөзімен бағалауға болады. Әсте, біз әйел затын нәзік деп жатамыз,

бірақ ел басына күн туып, ұлт тағдыры, ұлт жайы шешілерде бірінші отқа түсетін осы қыз балалар екендігін жоғарыда біз келтірген естеліктер айғақтайды.

Кешегі «соңғы репрессия» атанған Желтоқсан оқиғасына бірінші болып барғандар да алған беттерінен қайтпай қайсарлық танытқандар да қыздар қауымы десек артық айтқандық емес.

Енді осы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қыздар педагогикалық институттын (қазіргі университеттің) сол кездері студент болған қыздардың естеліктеріне жүгініп көрелік: Осы орайда Армиял Тасымбековтің («Азат» желтоқсан. 1991 ж.) естелігіне назар салсақ: «Қыздар педагогикалық институтында оқудан шығарылған қыздардан түсінік алып отырғанбыз. Кезегі бойынша келген ақ құба өнді талдырмаш қыз бірер жыл түрмеде болып келген екен. Мұхтар Шахановтың араласуымен түрмеден шығып, оқуын Алматыда жалғастырған қыздың аты-жөнін толық жазуды қажет етпедік. Оның көкейінде небір айғақ боларлық сырлар бар екендігін түсініп, ол қызды Әмина Нұғыманова апаймен жеке қалдырдық. Біраз уақыттан соң қайта оралсақ бода-бода болып жылаған Әмина апамыз ес-түссіз отыр. Біз сол қыздың көрген қасіретін толық баяндамай-ақ қоялық. Оны тек Әмина апай ғана білсін. Біз солай деп шештік», – дейді. Бұл бір ғана мысал. Ал, сол кездері осындай қорлық пен қатыгездікке ұшыраған, ұрпақсыз қалған қазақ қыздары қаншама?

Мәселен, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тікелей куәгері, осы университеттің түлегі Ырысқұл Бектемірқызы Шақаман (қазір Инновациялық Еуразиялық университетінің (бұрынғы Павлодар университеті) «Тіл білімі» кафедрасында профессор өз естелігінде былай жазады: «Қонаевты алуымен қоймай, ең болмаса мінбеге шығып, бір ауыз сөз айтқызбағаны бізді ызаландырды. Жастар алға ұмтылды. Кенет бір орыс офицері қазақ қызының басынан ұрғанын көзім шалып қалды. Қыздың басынан қан ағып, жерге құлап түсті. Осындай сұмдықты көрген жастар: «Қазақ қызының қаны – қазақтың қаны, олай болса қанға – қан, жанға – жан», – деп тұра ұмтылды. Бұдан кейінгісі көрген түстей. Өрт сөндіретін машиналар келіп, су шашып, қазақтың өрімдей жігіттері мен қыздары таяққа жығыла бастады. Әлі есімде, бізді «№13 автобуска тиеп, қаланың сыртына апарып тастаңдар», – деген бұйрық берілді. Сол күні біздің

топта оқитын 25 қыздың 15-і Желтоқсан көтерілісіне қатысыпты» // («Намыс оты алаулаған» Желтоқсан 86» -2-кітап) Мұндай мұнды естеліктер 1986 жылы қыздар педагогикалық институтының соңғы курсында оқыған Ибрагимова Мархаба Данабекқызының, (кұрбысы Зәуреш екеуі оқудан қуылған), Бибіқадиша Сансызбайқызы Жорабекова (физматта 2 курста болған), Қалдықыз Болысбекқызы Атемова 1989 жылы физматты бітірген. 10 күн түрмеде отырған, ұзақ тергеуде болған (қазір Алматыдағы №13 мектепте мұғалім), кезінде институт ректоры мен кураторы «бұл біздің жақсы оқитын студентіміз» деп араша түсіп, «денсаулығына байланысты» деп академиялық демалысқа жіберіткен және тағы басқа қыздардың естеліктерінен білуге болады. Олар Роза Байшықова (бұрынғы аты-жөні) Шынтөмірова музыка факультетінің 2 курсына оқыған, Жұмадулаева Жанат сынды қыздар еді. Бұлардың бәрі қазақ халқының егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен, өздерінің өрлігімен үлес қосқан қайсар қыздар.

Сол кездегі естеліктің бәрінде: жастарды жазықсыз жәбірлеп, желтоқсанның суық күнінде суық су шашып, жығылғанын тұрмайтындай етіп сапер күректермен ұрып, қолға түскендерді ұл-қызына, кәрі-жасына қарамай ұрып-соққандары аз болғандай қарға жатқызып масқаралап, фашистердің жасамаған озбырлығын жасады.

Бұл қылықтарынан «Тірі қалса, ұрпақ келтіре алмайтындай қылайық» деген арам пиғыл айдан анық көрініп тұрды. Өз халқына өзі осындай озбырлық жасау, тарихта ешбір мемлекетте болмаған пығар» деген сөздерді әрбір естеліктен оқып, өзегіңді өрт шалады. Айтылып бітпеген ақиқаттар қаншама? Міне, 1986 жылдары ауылдардан келіп қазақ қыздарының қара шаңырағы қыздар педагогикалық институттың студенті атанған қазақтың қарапайым қыздары сол ерліктері мен еліміздің тәуелсіздігі үшін күресе білген қайсарлығының арқасында бүгінде ел құрметіне бөленіп отыр. Ал, мұндай елі үшін қасқалдақ жанын пида еткен қазақтың қаһарман әрі қайраткер қыздары, бізде аз ба? Әрине, жетерлік, олардың әрқайсысына тоқталып жатпай-ақ тізіп шыққанның өзі біраз жайттен хабар берері хақ.

Желтоқсан оқиғасы кезінде жастарға жасалынып жатқан әділетсіздікке шыдамай шындықты бетке айтқан қазақ зиялылары болды. Олардың мірдің оғындай отты ойлары мен сөздері әлі ел есінде.

«Бұл сұмдықты көргенше, қан майданда қаза тапқаным жақсы еді», – деп Кольбинге алғаш наразылық көрсеткен ақын, «Мен – қазақпын» поэмасының авторы Жұбан Молдағалиевті осы сөзінен соң-ақ халық көкке көтеріп, табынып келеді. Ал, «Бұл үшін жауап бересің, әлі», – деп қаймықпай сөйлеген Сафуан Шаймерденовтің, «Желтоқсан құрбандарының қаны босқа кетпейді. Бұл қазақ халқының болашақ күрескерлеріне асқан ерліктің үлгісі боп танылады», – деп сөйлеген Мұрат Әуезовтің әулие сөздері әлі халық жанында. Оны ұлт та, ұрпақ та ұмытпақ емес.

Ал, бүкілодақтық съезд мінбесінде тұрып, үш минутте ұлтының тағдырын шешкен көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың ерлік істері де ерекше бағалауға лайық. «Жазушылар одағының есігін күзетіп, ақын Олжас ағасын іздеген жастардың жан-айқайын қалай ұмытарсың?» деген Жұмағали Ысмағұловтың Сәндібек Жұбаниязовқа берген сұхбатындағы сөзі Желтоқсан оқиғасындағы жастардың ерлігін, ұлттық рухын қайта жаңғыртып, талай ұрпақты тәрбиелері хақ.

Түйіндеп айтар болсақ, ұлттық құндылығымыз – Тәуелсіздігіміздің туы тігіліп, тұрақтануы 1986-шы жылғы жастардың, әсіресе қазақтың қаһарман қыздарының еңбегі мен ерлігінің жемісі дер едік.

«Не тағдырға көну бар, Не ерлікпен өлу бар», – деп жарықтық жүзге келген абыз ақынымыз Жамбыл жырлағандай тәуелсіздік үшін жанын беріп, өлуге барған талай бабаларымыз мен боздақтарымыздың құрбандығының арқасында Азаттыққа ие болдық.

Қазақ елінің Азаттығы – бабалардың қанымен, аруақтардың рухымен асқақталып, ұлт, мемлекет ретінде әлемге мойындалып отыр.

Тәуелсіздік – кез-келген халықтың, ұлттың сарыла күткен ұзақ арманының ақиқатқа айналуы. Бұл – ел болуды аңсаған, елдің тұтастығын көкसेген ел кемеңгерлігінің көрінісі.

Танымал журналист, ұлтжанды азамат Көлбай Адырбековтің «Соңғы репрессия» атты жинағындағы әрбір мақала, ондағы кейіпкерлердің тағдыры – бүгінгі тәуелсіздігіміздің тағдыры мен тарихы.

Гүлзия ПІРӘЛІ

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ**

Редакторы Дәулет Махранов
Суретшісі Ринат Құрмашев
Беттеген Оңдасын Әшім

ИБ №1540
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік қағаз.
Б.т 15. Шарт. б.т. 13,9. Таралымы 100 дана.

“Елтаным баспасы”-ның баспаханасында басылды.
050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1.
E-mail: eltanym@mail.ru.
Тел.: +7 701 698 25 49
+7 777 246 91 21



Гүлзия Жайлауқызы ПІРӘЛІ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген (1980).

Әдебиеттанушы. Филология ғылымдарының докторы (2005), профессор (2008). Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының иегері (2009).

«Ішкі монолог» (1994), «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем)» (2005), «Қазіргі мұхтартану» (2 томдық) (2014) атты монографиялық зерттеулер мен ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің ұсынуымен «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы» (2007), «Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары» (2007) жарық көрген. Сондай-ақ «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттанушылары» (2010), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005 жж.)» (2010) деген жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралдары, «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы мен сыны (1951-2001 жж.)» (2010) атты библиографиялық көрсеткіші, «Ізденіс іздері» (1994), «Қазақтың ғалым қыздары» (2012) атты ғылыми және әдеби сын мақалалар жинақтарының авторы.

Ғалымның 300-ден аса зерттеу мақалалары мен бүгінгі заман талабына сай төрт электронды оқу құралдары бар.